

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

№ 2 (32), 2010г.



Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№2 (32), 2010ж.

Шығару жиілігі - жылына 4 номер.
2000 ж. Бастап шығады.

Бас редактор -
филол.ғыл.д.проф. Б. Әбдігазиұлы

Бас ред. орынбасарлары:
пед.ғыл.д.,проф. Ф.Ш.Оразбаева,
филол.ғыл. д., проф. С.Д.Әбішева

Ғылыми редакторлар:
филол.ғыл.д.,проф. Т.С.Тебегенов,
филол.ғыл.д.,проф.
А.Қ.Жұмабекова,
филол.ғыл.д.,проф. Т.В.Шевякова,
филол.ғыл.д.,проф.
М.Ш.Мұсатаева

Редакциялық алқа мүшелері:
пед.ғыл.д.,проф.
Г.А.Қажығалиева,
филол.ғыл.д.,проф. К.И.Мирзоев,
пед. ғыл. д., проф.
Т.Қ.Жұмажанова,
филол.ғыл.к.,доц. Н.Ж.Нұртаева,
профессор Н.М.Исмаил

Жауапты хатшысы:
филол.ғыл.д.,проф. Б.Қасым,
филол.ғыл.д.,проф. Л.Т.Килевая,
оқытушы Г.Б.Нүптекеева

©Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,2010

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 10.06.2010 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8.Көлемі 14,1 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 186.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы

М А З М Ұ Н Ы

ЛИНГВИСТИКА.

ПСИХОЛИНГВИСТИ КА. СОЦИОЛИНГВИСТИ КА

Айтқұлова Қ. Қазақ поэзиясындағы элегия.....	3
Кадеева М.И. Способы репрезентации концепта«Норма» в современной лингвокультурологии	5
Қдсым Б. Сөз мағынасы, метафораның қызметі.....	9
Қарымбаева С.М. «Еңбек» атауының когнитивті-семантикалық құрылымы.....	12
Тәттібаева А.Е. Мединица аталымдарындағы номинативтік бірліктер.....	15
Мүрсәлімов Т.К. Адам мен жан-жануарлардың жас мөлшері мен жынысын білдіретін қабыса байланысқан «Зат есім - зат есім» үлгісіндегі сөз тіркестерінің мағыналық құрылымы	18
Мырзашова А.К. Культурно-образная специфика фразеологизмов, репрезентирующих когнитивную деятельность	20
Насыритдинова Ә.Н. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған техникалық терминдер.....	23
Оразалиева Э.Н. Тіл және әлеуметтік таным сабақтастығы	27
Шадрин Н.С., Нурсейтова Х.Х. Проблема уровней этически ориентированного и мифологизированного дискурса в современной лингвистике и теории коммуникации.	31

ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

Ақажанова А.А. Әдет-ғұрып ойындарының атаулары..	36
Болатова Г. Психологическая функция перевода в контексте воссоздания взаимоотношений героев (на материале романа-эпопеи М.О. Ауэзова «Путь Абая»)	40
Ибраева Ж.Қ. Қазақстанның саяси дискурсындағы саясаткердің тілдік тұлғасы	43
Искакова Ш.Қ. Говорлардағы күрделі сөздердің лексика-грамматикалық сипаты.....	47
Құсайынова Ж.А. Модальділік және модаль сөздер.....	50
Нәсіпқазы Е. Қытай тіліндегі жаңа сөздер және олардың жасалуы туралы.....	54
Садықова Р.К. Түр мен түс атаулары - күрделі құбылыс	56

Тухметов Н.О. Султанкулова Ш.О. Антонимдік аударманың ерекшеліктері.....	58
Тұрабаева Л.Қ. Электронды окулык және оны қолдану.....	61
Сулейменова Г.Е. Литературное наследие Жусипбека Аймауытова.....	63

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия

«Филологические науки»
№2 (32), 2010 г.

Периодичность - 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. Б.Абдигазиев

Зам.гл.редактора
д.п.н., проф. Ф.Ш.Оразбаева,
д.филол.н., проф. С.Д.Абишева

Научные редакторы:

д.филол.н., проф.
М.Ш.Мусатаева,
д.филол.н., проф.
Т.С.Тебегенов,
д.филол.н., проф.
А.К.Жумабекова,
д.филол.н., проф.
Т.Б.Шевякова

Члены редколлегии:

д.п.н., проф. Г.А.Кажигалиева,
д.филол.н., проф. К.И.Мирзоев,
к.филол.н., доц. Н.Ж.Нуртаева,
д.п.н., проф. Т.К.Жумажанова,
профессор Н.М.Исмаил

Ответственные секретари:

д.филол.н., проф. Б.Касым,
д.филол.н., проф. Л.Т.Килея,
преподаватель Г.Б.Нуптекеева

©Казахский национальный педагогический университет им.Абая, 2010

Зарегистрировано в
Министерстве культуры и
информации РК
8 мая 2009г. Ш0109-Ж

Подписано в печать 10.06.2010.
Формат 60x84 1/8. Объем 14,1 уч-
изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 186.

050010, г.Алматы, пр.Достык, 13.
КазНПУ им.Абая
Типография производственно-
рекламного отдела Казахского
национального педагогического

университета имени Абая

ӘДЕБИЕТТАНУ

Ақтанова А.С. Шәкәрімнің «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасындағы драматизм.....	67
Ахмет К.С. Сәбит Мұқанов Шоқан ізімен.....	70
Әділханова Ж.С. А.С.Пушкин шығармашылығы-С.Сейітов еңбегінде.....	73
Батаканова С.Т. Көркем адабиятты оқуу арқылуу, оқуучулардың илимий түшүнүктөрүн қалыптандыруу.....	76
Жүндібаева А.Қ. Шәкәрім шығармашылығындағы лирика әлемі және оның өзіндік ерекшеліктері.....	79
Ізтілеуова С.Д. Абай және Шәкәрім шығармаларындағы рухани үндестік.....	83
Исина Н.У. Лирическое отступление как форма выражения авторской субъективности.....	86
Кенжеғараев Н. Әдеби дискурс және көркем мәтін.....

89

Кенжалин Қ. Түркияда ертегілердің зерттелуі мен классификациясы.....	92
Ментебаева А.Е. 30-жылдар поэзиясындағы өнер тақырыбы (Қ.Бекхожиннің «Ақсақ құлан» поэмасы туралы).....	95
Мүтиев З. Өлең - сөздің өрімінен сыр тартқан (Ғалым С.Сейітов зерттеушілігі хақында).....	97
Нөкен А.А. Зейнолла Серікқалиұлының балалар әдебиетіне катысты сындары.....	101
Нурманова Ж.К. Статус киносценария в призме компаративистики.....	.. 106
Токсамбаева А.О. Түркі фольклоры және Мәшһүр Жүсіп.....	110
Шабан Айдоғду Түркі халықтарының эпикалық жырларындағы той сарыны мен оның баяндалу ерекшеліктері.....	114
Шаңбаева Г.Ә. А.П.Чеховтың «Құндақтаулы адам» шығармасындағы Беликовтың қоғамдық-саяси сипаттарын талдау.....	117
Рамазанова Ш.Ә. Ақын өлеңдерінің поэтикасы.....	119

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Baisultanova S. The components of communicative competence of senior students at school.....	123
Шыныбекова А.С. Драматургиялық шығарманың сөйлеу формалары.....	126

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы журналының «Филология ғылымдары» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылым нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

**На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки
Вестник КазНПУ им.Абая. серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий
для публикации основных научных результатов диссертаций
*Печатается методом прямого репродуцирования***

ЛИНГВИСТИКА.

ПСИХОЛИНГВИСТИКА.

СОЦИОЛИНГВИСТИКА.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ

ЭЛЕГИЯ Қ. Айтқұлова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының ізденушісі

Әдебиет, яғни сөз өнері эпос, лирика, драма дейтін негізі үш салаға жіктеледі. Әлемдік әдебиетте ертеден өріс алған лирикалық элегия (мұңды өлең), сонет, ода (мадақ өлең), эпиграмма (әжуа өлең), эпитафия (жоқтау) жанрлары қазақ поэзиясында XIX ғасырдан бастап толық орын алған.

Элегия (грек, *elegeia* - мұңды ән, жыр)-лирикалық поэзияның жанры. [1,502-бет] Медитативтік немесе эмоционалдық мағынада (әдетте мұңды боп келеді) жалпы айқындауыш композициясы бірінші жақта айтылатын көлемі орташа жыр. Элегия Грекияда б.э.д. VII ғасырда дами бастады. Элегияның бастапқыда моральдық- саяси маңыздылығы мен мағынасы басым болды, кейіннен эллинистік және Рим поэзияларында (Тибулл, Овидий) махаббат тақырыбына көп көңіл бөліне бастады. Ескі элегияның негізгі формасы-элегиялық дистих жаңа еуропалық үлгі болып есептеледі.

Еуропалық әдеби дамудағы романтизм мен оның алдыңғы кезеңі элегияның кең өріс алған кезі болды. (А. Ламартин, Э. Парни). Кейіннен элегия бірте-бірте жанрлық айқындылығын жоғалта бастады.

Орыс поэзиясында К.Н. Батюшковтың, А.С. Пушкиннің «Күндізгі шырақ сөнгенде», «Ойсыз жылдардың сауық-сайраны басылды», т.б. шығармашылығында айқын көрініс тапты. XIX және XX ғасырдың екінші жартысында элегия деген сөз топтамаларының тақырыбы ретінде ғана қолданылды. (А.Фет, А. Ахматова).

Қазақ поэзиясының даму жолында элегия жанрының поэтикалық табиғатына сай көркемдік дәстүрі қалыптасқан. Элегиялық мазмұны жағынан қазақ әдебиетінде Абай Құнанбаевтың кейбір шығармаларын айтамыз. Қасым Аманжоловтың "Балалық шақ туралы", "Өтеді күндер" Әбділдә Тәжібаевтың "Мұң туралы" "Көңіл күйі" "Арман" атты өлеңдерінде элегиялық сарын бар. Лирикалық кейіпкердің ішкі жан әлеміндегі мұңды - шерлі тебіреністер арқылы адамдарға ортақ сыршылдық танылады.

Қазақ поэзиясында елеулі орын алатын, ақын Қасым Аманжоловтың "Балалық шақ туралы" өлеңіндегі элегиялық сарын адам жан әлеміндегі романтикалық және реалистік болмыс тұтастығын аңғартады:

Түседі еске жалаңаяқ күндерім,
Ақсүйекті ала қашқан түндерім;
Сол қашқаннан мол қашыпты балалық,
Қайда екенін көптен бері-ақ білмедім.

Қуар едім осы күні етікшең,
Бірақ маған, жалаңаяқ жеткізсең,
Мен мұндамын, сен қайдасың білмеймін,
Жеңіл аяқты жетім болып кеттің сен.

Өткен екен талай жылдар, талай күн,
Өмір жолын, өлең жолын санаймын,
Сонау қарттың жөтелгенін есітіп,
Есік жаққа қайта-қайта қараймын [2,32-бет]

деп, ақын балалық шақтың көзді ашып-жұмғанша өте шығатынын, уақытты кері қайтаруға болмайтынын, өмірдің жалған, өмір заңдылығына адамзаттың бағынышты екенін көркем шындықпен суреттеген.

Қазақ поэзиясындағы элегия жабырқаулы, мұңды сезім күйлерін білдіретін лирикалық өлеңдер қатарындағы поэтикалық сипатымен ерекшеленеді.

Лирикалық шығармада негізінен алғанда жеке адамның көңіл-күйі, сезімі суреттелетіні белгілі. Жеке адам-бүкіл адамзат ұрпақтарына ортақ көңіл-күй тебіреністерін

аңғартатын әлеуметтік тұлға.

Ақындар жеке тұлғаларға тән көңіл-күй толғаныстарын (қуануды, мұңаюды т.б.) жырлау арқылы саналы тіршілік иелеріне тән психологиялық-философиялық ой әлемін байқатады.

Ал көрнекті ақын, поэзия атасы Әбділдә Тәжібаевтың «Мұң туралы» өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің психологиялық егіздеумен жырлаған сырлары адам жан дүниесінің күрделі әлемін аңғартады:

Мұңдымын деп шағынбаймын қашанда,
Қорқам бірақ тіпті мұңсыз жасауға.

Мүмкін бе екен шексіз сүйіп өмірді,
Сол өмірдің мұңдарынан босауға.

Сүйем жаздың - көбелегің, гүлдерін,
Сүйем жаздың - жылы, жібек түндерін.
Сүйем жазда-періштедей сәбидің
Көбелекпен ойнап бірге
жүргенін.

Күз келеді, көбелектер өледі,
Күз келеді, гүл солады, семеді,
Жоқтап гүлін, жоқтап
көбелектерін Күрсінеді ақынның
да өлеңі.

Әнмен айтып, әнмен жырлап
кетерлік От мінездер, отты
көздер жетерлік.
«От мінездер, отты көздер
үшін!»-деп Толтырып біз
бокалдар да көтердік.

Кейде қасірет күзгі бұлттай төнеді,
Мұң басады, отты көздер сөнеді.
Сонда баяу домбыраға қосылып,
Күрсінеді ақынның да өлеңі,[3,23-бет] дей келіп, өмірде қуаныш пен

қайғының, жақсылық пен жаманның, табиғаттың жыл мезгілдері жаз бен күздей кезектесіп, адамдарға бірде қуаныш, ал бірде өкінішті жеткізеді.

В.Г. Белинскийдің "Ұлы ақын өзі жайлы, өзінің жеке басы жайлы айтса да, көптің тағдырын, адамзат жайын сөз етеді" деуі тегін айтылмаған.

Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір қоғамды, заманды сипаттайды.

Мұхтар Әуезов XIX ғасырдың 90-жылдарында Абай басында ауыр қасірет болғанын, тұрмыстың қайшылықтары, қасіретті оқиғалар ақын өлеңдеріне өмірден түңілу сарынын әкелгенін айтқан.

Олай болса, көңіл құбылыстарының сөз жанарына тебуі дарынның сипатын танытады. Абайдың элегиялық сипатты өлеңдері адам мен жаратылыс, табиғат құбылыстарының үндес, біртұтас болмысының поэтикалық ерекшелігін даралайды:

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар...,- деген өлеңінен сөз нұсқасын,

ойлау жүйесін, көңіл күйді бейнелеудің символдық тәсілін тану қиын емес.

Ақындық өнер психологиясын зерделеу-қазақ әдебиеттану ғылымында ертеден-ақ сөз болып келе жатқан күрделі мәселесі. Адамдардың жан әлеміндегі мұңды-шерлі сезім тебіреністерін өлең өрнектерімен жырлаған ақындар шығармалары көңіл-күй әлемінің күрделі сипатын таныту қызметін атқарады.

Поэзияның эстетикалық-психологиялық сырын "Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп

шығар сөз" деп түйген Абай шымырлық пен сұлулық тұтасқан адам жан дүниесінің болмысын окырманың көңіліне ұялатады. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, МБ2 (і2).2010ж.

Әдебиет, ең алдымен сөздің тарихи төркінінен, өсу өзгеру катпынан, килы ұғымынан құралады. Қазақ поэзиясындағы элегиялық өлеңдер де адам көңілінде туындаған көрікті ойлардың көркем шындықпен өрнектелген сипатын танытады. Элегиялық өлеңдердегі тілдік қолданыстар да сөз өнері шығармаларының эстетикалық - поэтикалық мол мүмкіндігін байқатады.

Қазақ және әлем поэзиясындағы элегиялық өлеңдер адамзат ұрпақтарына ортақ жан дүние әлемінің сезім тебіреністерінің болмысын дәлелдей түсті. Адамдардың арман мен үмітке, сезім мен сәтсіздікке, т.б. жағдайларға толы тағдыры элегиялық өлеңдердің поэтикалық арқауында тұрақты жырланып келеді.

Тіл де, сөз де - халықтікі.

Әдебиет-халықтың көркем ойлауының көрсеткіші. Көркем шындық автордың шығармашылық болмысына тәуелді. Рас, пенде бір қалыпта тұрмайды. Құлпырады, қуарады; шалқиды, сазарады; күледі, күрсінеді.

Ақын сондай құбылыстарды өлең арқылы өрнектейді.

Элегия-лириканың классикалық түрі. Қазақ әдебиетінде Абай шығармаларында халықтың әлеуметтік тағдырын бейнелеген, адам сезімінің нәзік түйсінулерін көрсететін лирикалық шығармалар элегиялық өлеңдердің классикалық негізін қалыптастырды. Қазіргі қазақ лирикасында бұл үрдіс жалғасуда.

Лирика - алдымен сезімнің гүлі, гүлдің хош иісі, көз жауын алған көркі.

Қазақтың қазіргі поэзиясындағы элегиялық өлеңдер әлем өркениетіндегі классикалық дәстүрді жалғастыра дамытын, ұлттық сипатта жаңа өрнектерді туындатып келеді. Шығыстың және Батыстың классикалық поэзиясында көркемдік негізі қалыптасқан элегиялық өлеңдер дәстүрі қазіргі заманғы әдеби үрдістегі сабақтастық жолын дамыта жалғастыруда.

Бұл - әдеби ықпалдастық, үндестік заңдылықтары сақталғандығының көрсеткіші.

Қорыта айтқанда, қазақ поэзиясындағы элегиялық өлеңдер ұлттық және жалпы адамзаттық рухани құндылықтар тұтастығын дәлелдейді. Әдеби үдерістегі поэзиялық шығармалардың адамдар тағдырын, көңіл-күй тебіреністерін бейнелеуі арқылы ұрпақтар жалғастығының сезіммен өрілген жолы мәңгілік жалғаса береді.

1. Қазақ әдебиеті (энциклопедиялық анықтамалық) - Алматы: Аруна LTD, 2005. - 576 б.

2. Қасым Аманжолов. «Өлеңдер жинағы» - Алматы. Жалын, 1977.-572б.

3. Әбділда Тәжібаев. Шығармалар жинағы бес томдық. - Алматы: Жазушы, 1978.- 744бет.

Резюме

В статье рассматриваются актуальные вопросы по поэтике жанра элегии, которое имеются в творчестве казахских и мировых литератур.

Summary

In this article was looked urgent questions to poetics genre of elegy which are taken in work Kazakh and world literature.

СПОСОБЫ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ КОНЦЕПТА «НОРМА» В СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИИ

**М.И.Кадеева -
ШИ МКТУ им. А.Ясави, г. Шымкент**

Взгляд на язык и культуру как на два неразрывных полюса объединенной культурно-языковой среды, консолидирующей этнос, имеет ряд важных теоретических и практических последствий. Во-первых, появляется реальная возможность соотносить единицы языка по признаку языковой/культурной информации в их содержании; во-вторых, оценивать их на основании разного объема и характера закрепленной за ними языковой и культурной информации; в-третьих, осмысливать соотносимые единицы в культурном пространстве в свете антиномии «свой»/«чужой». Указанные параметры в равной степени могут быть использованы в исследовании этнокультурной специфики концепта «нормы», являющегося одним из основных структурообразующих для культуры народа и языковой картины мира.

С термином **норма**, обладающим универсальным характером (при всем многообразии его толкования), связан стержневой концепт языкознания, который присутствует, очевидно, в любой этнической лингвокультуре. Концепт «норма», объединяя все виды и формы порядка - от естественных норм природы до созданных человеком правил и законов, может быть применен практически ко всем объектам и сферам жизни: «явлениям природы, естественным родам, выведенным культурам, артефактам, организациям и механизмам, погоде, социальным явлениям, поведению людей и их действиям (деонтические нормы), экономике, искусству, науке, языку и мышлению, профессиональным действиям, играм, спорту и т.п.» [3, 8]. На протяжении многих поколений людей норма, детерминируя национальные особенности индивидуального и социального поведения человека, его мироощущения, закрепляет и отражает этические, нравственные и ценностные приоритеты, которые, собственно говоря, и выступают основополагающими элементами этнокультурной модели мира. Таким образом, выявление специфики языковой картины мира сквозь призму оппозиции «норма/ антинорма (аномалия)» теснейшим образом связано с проблемой реконструкции «обыденного сознания» его носителей [12, 3].

Целью настоящей статьи является семантический анализ одного из фрагментов языковой картины мира, репрезентирующего концепт «нормы». Исследование его метафорической сочетаемости позволит выявить национально-культурную специфику наивной картины мира не только при фиксации данного абстрактного понятия в языке, но и при выявлении соответствий/ нарушений нормы, а также отношения социума к соблюдению/ нарушению норм.

В лингвистических исследованиях норма, отраженная в семантике языковых единиц, обычно рассматривается в качестве оценочной категории, или как частная разновидность рациональной оценки [4, 198], противопоставленной оценке эмоциональной. Основной функцией нормы является **оценка** тех или иных явлений, т.е. их сопоставление с основанием. Эта общая функция осуществляется как ряд последовательных более частных функций или этапов нормативной оценки. Наиболее полная, с нашей точки зрения, характеристика нормы в аспекте выполняемых ею функций представлена в определении Ю.Д.Апресяна. Согласно этому определению, **норма** представляет собой «оценочное понятие, описывающее либо обычное, не отклоняющееся от среднего положение вещей, либо то положение вещей, которое является естественным для данной ситуации и воспринимается как должное, так что его отсутствие идет вразрез с ожиданиями потенциальных участников ситуации» [2, XXXIII]. По мнению Н.Д.Арутюновой, концепт «норма» варьируется по следующим основным признакам, демонстрирующим возможность применения нормативного критерия «ко всему, что служит интересам человека»: 1) возможность/ невозможность отклонений (абсолютность/ относительность нормы); 2) социальность/ естественность («рукотворные»/ «нерукотворные» нормы); 3) позитивность/ негативность (рекомендательные/ запрещающие правила); 4) растяжимость (вариативность)/ стандартность (среднестатистические/ точные нормы); 5) диахроничность/ синхронность (закономерность развития/ правила функционирования); 6) престижность/ непрестижность (для социальных норм) [4, 69]. В концептуальное поле ненормативности входят имена действия и результата действия. Так, для концепта «антинорма» характерны следующие противопоставления: 1) возможность/ невозможность превращения отклонения в норму; 2) градуированность/ неградуированность отклонений; 3) позитивность/ негативность отклонений; 4) престижность/ непрестижность отклонений; 5) сознательность/ нечаянность отклонений (в сфере человеческих действий); 6) наказуемость/ ненаказуемость отклонений (в сфере поступков); 7) опасность/ безопасность нарушений нормы [4, 75]. Такая зависимость от объекта нормативной деятельности и характера ситуации, обуславливающая изменчивость содержания концепта «норма», позволяет выделить, вслед за Э.Лайзи, следующие разновидности норм: видовая норма (*Speziesnorm*), норма пропорции (*Proportionsnorm*), норма ожидания (*Erwartungsnorm*), ситуативная норма, или норма пригодности (*Tauglichkeitsnorm*) [4, 69].

Взаимодействие объективной действительности и человека в нормативно-оценочном аспекте отражается в языке, и прежде всего в его семантике, весьма сложно и многообразно. Для обозначения объекта нормативной оценки используются специальные лексические средства языка, входящие в число семантических примитивов и представленных в лексикографических толкованиях целым рядом существительных. Базой при составлении списка синонимов послужил словарь синонимов З.Е.Александровой [1], включающий лексему **норма** в ряд с заголовочным словом **правило**, а также дефиниции толковых словарей [5; 7; 8; И]. Так, словарь С.И.Ожегова трактует слово **правило** (применительно к рассматриваемому социальному феномену) как «образ мыслей, норма поведения, обыкновение, привычка»; в словаре Д.Н.Ушакова значение слова **норма** раскрывается как «обычный, признанный обязательным порядок, состояние». С учетом предложенных в лексикографических источниках толкований ряд синонимических лексем, соотносимых с

понятием нормы на языковом уровне, составили следующие единицы: *норма, порядок, правило, образец, пример, обычай, обыкновение, привычка, граница, грань, предел, мера, рубеж, черта, линия, трафарет, стандарт, штамп, клише, шаблон, эталон, идеал, кодекс, закон, заповедь, режим, канон, рамки, стереотип* и др. Содержащееся в них указание на ценностный характер нормы ассоциируется в первую очередь с каким-либо действием (*войти в норму, держать себя в рамках*), гранью (*чувство меры, в пределах приличия*), т.е. с такими когнитивными признаками, которые характеризуют специфические черты обыденного сознания этноса.

Общепризнанно, что доминанта анализируемого синонимического ряда восходит к латинскому слову *norma*, которое переводится как 'мерило, руководство, правило, закон, образец' [6, 416]. Первоначально его значение трактовалось применительно к русскому языку, а двух смыслах: 1) 'правило, образец' (13); 2) 'линейка-наугольник, норма, правило, образец' [15]. В дальнейшем его содержание определенным образом меняется, обогащаясь целым рядом новых смысловых оттенков, и в современном русском языке лексема *норма* уже означает не только 'правило, образец, руководящее начало', но и приобретает значение 'узаконенное установление, сложившийся порядок', а также 'мера, размер чего-либо, определенная величина' и т.д. Вызывает споры и вопрос о языке-источнике появления латинского слова в русском языке. По мнению М.Фасмера, посредником мог выступать как немецкий, так и французский языки. Согласно П.Я.Черных, единицы с корнем *-норм-* обнаруживаются в следующей последовательности; *нормальный* (со второй половины XVIII в.), *норма* (с 1804 г.), *нормировать* (с 1933 г.), *нормализовать* и *нормализировать* (с 1938 г.). Слово *норма* представлено в словаре В.И.Даля значением 'общее правило, коему должно следовать во всех подобных случаях, образец или пример'; семантика прилагательного *нормальное* описана как 'обычное, законное, правильное, не выходящее из порядка, не впадающее ни в какую крайность'.

Состав исследуемой группы синонимов неоднороден также и с точки зрения происхождения: синонимический ряд включает как исконно русские (*мера, грань, рубеж*), так и заимствования (*клише, трафарет, шаблон*). Далеко не все единицы, вошедшие в синонимический ряд, обнаружены в этимологических словарях (в частности, не дается информации о происхождении русских слов *предел, пример*). На базе сходства этимологии в группе исконно русских слов выделяются существительные *черта, рубеж, образец, грань, граница*, репрезентирующие указание на допустимую меру, предел, границу чего-либо. Они соотносятся с глаголами, которые обозначают действия, направленные на объект с целью его преобразования и дальнейшего использования не только для номинации исключительно поведенческой сферы, но и как особого знака пространственных пределов. Так, в словаре В.И.Даля слово *рубеж* входит в словарную статью с заголовочным словом *рубить* и имеет значение 'зарубка, насечка, рубец, знак от тятка или нарезки'. Древнерусское *грань*, согласно П.Я.Черных, представлено с XIV в. в исходном значении 'знак (две перекрещивающиеся черты, вроде знака умножения) на деревьях на границе земельных или бортовых участков'. М.Фасмер указывает, что первоначально семантика слова *грань* - 'острие'. В.И.Даль приводит для слова *грань* следующие синонимы: *рубеж, предел, межа, кон, край, кромки, конец и начало, стык, черта раздела* - и отмечает, что «*рубеж* (рубить) и *грань* (гранить) встарь означали межу и межевые знаки, которые нередко нарубались на деревьях». Аналогичные данные обнаруживаются о происхождении и исходной семантике лексемы *черта*, появление которой в древнерусском языке датируется XI в.; ее значение раскрывается в словаре В.И.Даля как 'всякий линейный знак, прямой или кривой, сделанный в один почерк или непрерывно; пометы, зарубки'; в словаре П.Я.Черных - это 'узкая полоса, линия; след, оставленный на плоскости чем-либо острым'. Наиболее употребительными из этих синонимов являются слова *граница* и *предел*, лексема *грань*, характерная для литературной речи, уже несколько устарела. В толковых словарях эти номинанты трактуются один через другой, ср.: *граница* - «обычно мн., *перен.* предел, допустимая норма»; *рамки* - «пределы, границы чего-нибудь»; *в пределах* - «не выходя за какие-нибудь границы, рамки»; *за пределы* чего-л. - «из границ, из рамок чего-нибудь» [8].

Такое активное вхождение существительных в словарный состав языка и их сохранение подчеркивает необходимость для языкового сознания актуализации связи нормы с концептом «пространство», выступающим основным рубрикатом организации и членения концептосферы.

В.Д.Плахов пишет в этой связи: «Слово "норма" употребляется в русском языке в двух значениях: меры и правила. Однако, если вдуматься в смысл того и другого, то станет очевидным, что, по существу, речь идет в обоих случаях об одном - границе, пределе. Норма - при всех условиях граница; и точно так же, как мера, означает помимо прочего предел» [9, 55]. Непосредственная связь нормы с концептом «пространство» подтверждается и следующими дефинициями толковых словарей, ср.: *Предел* - «начало или конец, кон, меж,

грань, раздел, край, рубеж или граница; конец одного и начало другого, в смысле вещественном и духовном. Предел власти, мера, степень, которую не должно нарушать. *Предел ума, выше чего он не стаёт. Всему должен быть предел»* [5]; **Грань** - «рубеж, предел, межа, кон, край, кромка, конец и начало, стык, черта раздела. *Выходить за рамки приличия. Честнолюбию его нет грани, ни меры. Межи да грани, ссоры да брани»* [5]; **Граница** - «2. обычно мн., перен. Предел, допустимая норма. *Его самолюбие не знает грани. Выходить из границ приличия»* [7]; **Рубеж** - «2. // перен., чего. Предел, грань (книжн.). *Знай всяк свои рубежи; Всяк держи свои рубежи»* [11].

Н.К.Рябцева вслед за многими исследователями высказывает мысль о том, что язык предметного пространства становится пригодным для представления непредметных, неявных сущностей, что становится универсальным механизмом, названным исследовательницей «принципом наглядности в языке» [10, 125]. Этот принцип обуславливает неоднозначность взаимоотношений оппозитивов «норма/ антинорма», кодированных в терминах пространства. С одной стороны, необычное, неправильное мы осознаем на фоне обычного (нормы), когда незаметность, немаркированность нормы делает ее фоном для различного рода отступлений. С другой стороны, регулярно появляющиеся указания на границы (ограниченность) нормы переворачивают картину, локализуя норму внутри охватывающего ее пространства антинормы.

Пространственное членение как физического, так и по аналогии с ним ментального пространства представляет собой частный случай действия оппозиции «свой/чужой». Кроме того, на пространственное членение в этой связи неизбежно накладывается оценочная оппозиция «хороший/ плохой», «через которую “прогоняется” вообще весь набор оппозиций в любой модели мира» [14, 77]. Положительным при этом оказывается внутреннее, близкое, «свое», а отрицательным - внешнее, далекое, «чужое». Пространство, таким образом переходит в разряд аксиологических категорий, выражая разную степень возможного отклонения от нормативного положения.

Значение дифференциации «нормы/антинормы», апелляция к факту непосредственной близости/возможности нарушения нормативности приближает нас к оппозиции «внутреннее/внешнее», также неоднозначной с точки зрения оценки по шкале «хорошо/плохо». С одной стороны, «внешнее», будучи экспликацией нарушения нормы, должно быть оценено негативно; с другой стороны, в идее открытого пространства (которое в данном случае соотносится с областью антинормы) содержится идея положительной оценки. Подобное оценочное совмещение возможно в силу того, что одним из компонентов семантики нормы является значение ограничения свободы человека, навязывания ему «сверху» каких-либо императивных предписаний, которым он вынужден подчиняться. Идея открытости/закрытости пространства соотносится с разными членами оппозиции «свобода/несвобода», где с несвободой отождествляется норма, понимаемая как запрет на проявление самостоятельности, индивидуальности. Таким образом, установленные в физическом и ментальном пространстве границы имеют очень неоднозначную оценку. С одной стороны, их существование (и установление) воспринимается как, безусловно положительный фактор - это способ защиты «своего» пространства, в то время как отсутствие каких бы то ни было границ оценивается отрицательно (ср.: *беспредел*). С другой стороны, границы сковывают свободу действия, изолируют одного человека от другого (*отгородиться от мира, стена отчуждения, возвести стену непонимания*), осознание их контролируемости приводит к негативной оценке самого факта их существования. Ограниченность сферы нормы создает уверенность в безопасности, что, безусловно, оценивается положительно, но в то же время продуцирует значение скованности, ограничивает свободу выбора. Лексические единицы, обозначающие пространственные ограничения и знаки, определяющие принадлежность индивида к конкретной территории, постепенно используются для номинации социальных действий, этической квалификации поступков членов социума

Итак, этимологический анализ лексем *предел, рамки, границы* обнаруживает связь с концептом «пространство», лежащего в основе противопоставления «свой - чужой». Эволюцию семантики русских существительных со значением 'норма' можно представить таким образом: физическое восприятие пространства и выделение границ, знаковый характер установленных границ, перенос качественной квалификации в сферу социальных отношений, подкрепление со стороны власти, негативное отношение, если правилам поведения следуют, не испытывая внутренней потребности.

1. Александрова З.Е. *Словарь синонимов русского языка*. - М.: Русский язык, 1989. - 495 с.

2. Апресян Ю.Д. *Лингвистическая терминология словаря // Новый объяснительный*

словарь синонимов русского языка. 2-е изд., испр. и доп. /Под руководством Ю.Д.Апресяна. - М.: Школа «Языки славянской культуры», 2003. - С.ХХII-СII.

3. Арутюнова Н.Д. Аномалии и язык (К проблеме языковой «картины мира») // Вопросы языкознания. - 1987. - №3. - С. 3-19.
4. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. —М.: Языки русской культуры, 1999. - 896 с.
5. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка; В 4 т. -М.: Русский язык, 1999. - Т.1. - 699 с., Т.2. - 779 с., Т.3. - 555 с., Т.4. - 688 с.
6. Латино-русский словарь / Сост. АМ. Малинин. - М.: Изд-во иностранных и национальных словарей, 1952. - 764 с.
7. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под ред. Н.Ю.Шведовой. 18-е изд., стереотип. - М.: Русский язык, 1986. - 797 с.
8. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. - М.: Азъ, 1995. - 928 с.
9. Плохое В.Д. Традиции и общество. Опыт философско-социологического исследования. - М.: Мысль, 1982. - 220 с.
10. Рябцева Н.К. Язык и естественный интеллект /РАН. Институт языкознания. - М.: Academia, 2005.-640 с.
11. Толковый словарь русского языка: В 4 т. / Под ред. Д.Н. Ушакова-М.: ТЕРРА, 1996.
12. Урысон Е. В. Языковая картина мира vs обиходные представления (модель восприятия в русском языке) // Вопросы языкознания. - 1998. - №2. - С. 3-21.
13. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка: В 4 т. - СПб.: Тера-Азбука, 1996. - Т. 1. - 576 с., Т.2. - 672 с., Т.3.- 832 с.. -Т.4.- 864 с.
14. Цивьян Т.В. Модель мира и ее лингвистические основы. - М.: УРСС, 2005. — 280 с.
15. Черных П.Я. Историко-этимологический словарь современного русского языка: В 2 т. - М.: Русский язык, 1999 - Т.1. — 624 с., Т.2. - 560 с.

Түйін

Норма концептуалдық өріс жаратылыстың табиғи нормасы және адам жасаған заң мен ереже тәртіптерінің барлық түрлері мен формаларын қамтиды. Сондықтан «норма/аномалия» оппозиция тұрғысынан әлемдік ұлттық картинаға өзіндік көзқарасын анықтау қазіргі лингвомәдениеттануда барынша актуалды.

Summary

“Norm/abnorm” conceptual field covers all order types and forms both the natural norms and the rules and laws created by human beings. So, revealing of the world national (ethnic) image peculiarities through the opposition prism “norm /abnorm” is the most actual in the modern lingua culture science.

СӨЗ МАҒЫНАСЫ, МЕТАФОРАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Б.Қасым -

*ф.ғ.д., профессор, мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі,
Абай атындағы Қаз ҰПУ*

Сөз - өте күрделі құбылыс. Сөздің лексикалық мағынасы тіл жүйесіндегі (парадигмалық, синтагмалық) қатынастарды қамтиды. Сөз өзінің сыртқы тұлғасы дыбыстық тіркесіміне де тәуелді. Тілдегі сөздер бір-бірімен дыбыстық ерекшелігі мен құрылым-құрылысы жағынан ғана емес, білдіретін мағынасы жағынан да қилы-қилы. Сөз - дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұрады. Әрбір сөз - белгілі бір құбылыстың атауы. Сол себептен, олардың әрқайсына тән белгі, мағынасы бар. Бірақ бұл мағыналар өзі білдіретін зат пен құбылысты табиғи жолмен емес, сол ұғымды білдіретін белгі ретінде жұмсалады да, тілдегі сөздер зат пен құбылыстың атауын білдіреді. Заттың атауына негізделген лексикалық мағынаны білдіруі. Белгі бір ұғым тілдегі сөздердің негізінде туады және сол арқылы тілде өмір сүреді. Құбылыстар мен заттардың бәрі де белгілі бір сөздермен аталады. Атаусыз сөз жоқ, сөз болмаған жерде атау да жоқ. Сондықтан сөз тарихы тіл тарихымен, тіл тарихы халық тарихымен байланысты.

Сөз - заттың таңбасы дегенде аталатын сөз сол заттың я құбылыстың бір белгісіне негізделеді. Осыдан байырғы сөз ауыспалы мағынада қолданылып, жаңа ұғым туады.

Сөз мағынасының өзгеру себептері мен ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдері.

Сөздің - әр түрлі мағынаға ие болуы оның мағынасының өзгеруі ауыспалы мағынада қолданылу нәтижесінде жүзеге асады. Сөз мағынасының өзгеруінің, оның жаңа мағынаға ие болуының екі түрлі себебі бар:

- сөз мағынасының өзгеруінің тілден тыс немесе сыртқы себептері.
- тілдік немесе лингвистикалық себептер. Бұл себептердің біріншісі екіншісіне қарағанда көбірек зерттелген.

Сөздің қолдану аясының өзгеруі, мысалы бір тілдік деңгейден екінші бір тілдік деңгейге ауысуы оның мағынасының өзгеруіне әсер етеді. Егер сөз кең қолданыстан екінші тар немесе арнаулы бір қолданысқа, жалпыхалықтық лексикадан арнаулы лексикаға ауысса, оның мағынасы нақтылана түседі де, белгілі бір ұғымды білдіреді детерминдік мағынаға ие болады. Мысалы: «*түбір*» - деген сөз жалпыхалықтық лексикада «күллі өсімдік атауларының жерде қалған *тамыры* мен *түбі*» дегенді білдірсе, лингвистикалық терминалогияда *түбірлес сөздердің* ары қарай бөлшектеуге келмейтін бөлшегін *морфема* деген терминдік мағынаны білдіреді.

Сөз - мағыналарының ауысуы, келтірінді мағынада жұмсауы әр түрлі тәсілдер арқылы іске асады. Сөздің ауыспалы, келтірінді мағынада, қолданылуы бірде метафора мен метонимия тәсілі арқылы болады, бірде қызмет бірлігімен синекдоха тәсілдері арқылы болады.

Метафора тәсілі арқылы атауға ауысуы белгіленетін заттардың тұлға, түс, қимыл ерекшелігінің ұқсастығына негізделеді.

Метафора - грек тілінің *metaphora* «ауысу» деген сөзі бойынша жасалған термин. Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың немесе құбылыстың атауы мен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады мысалы: Орыстың ғылымы, өнері - дүниенің *кілті*, оны білгенге дүние арзанырақ түседі (Абай) деген сөйлемдегі *кілт* сөзі «ашатын құрал» дегенді емес (бұл - оның негізгі мағынасы), «шешуші» деген мағынаны білдіреді. Бұл мағына *кілт* сөзінің номинативті мағынасында да (ашатын құрал) негізінде жасалған туынды мағына *Мәселенің кілті* деген сөз тіркесіндегі *кілт* сөзінің мағынасы да осы аталған мағына мен барабар. («Шешуші»-деген мағынаны білдіреді).

Метафора - әр түрлі тілдердің бәрінде де бар құбылыс. Тіл-тілде сөз мағыналарының ауысу тәсілдерінің ішінде өте жиі кездесетіні және ең бастысы - метафора тәсілі. Метафора - құбылысының сөздің мағынасынан орын алуы соншалық, метафораның негізінде туған туынды мағынаның көп жағдайда туынды, келтірінді мағына екені бірден аңғарыла бермейді.

Метафораның негізінде туған келтірінді мағына, әдетте сөздің туынды мағынасы ретінде қарастырылып орнығып кетеді. Мұндайда метафораның негізінде туған мағына сөздің сөздіктегі мағыналық мазмұнына еніп, оның туынды мағыналарының бірі ретінде қаралады, Мысалы: *істің төркіні, мәселенің төркіні, сөздің төркіні, қыздың төркіні* дегендегі «төркін» сөзінің синтагмалық қатарын қарастырсақ, соңғы мысалда бұл сөз «қыздың ата-анасы, туған - туыстары дегенді білдіреді де, алдыңғы мысалдарда «түп негіздегі, мәнісі, сыры» дегенді білдіреді, сонда бұл мағына («түп негізі, мәнісі, сыры») *төркін* сөзінің негізгі мағынасымен іштей байланысты туған қосымша туынды мағына болып саналады да, осы сөздің қалыптасқан, орнықты лексикалық мағыналарының бірі ретінде ұғынылады. Осы туынды мағынасында оны бүкіл халық қолданады. Сондықтан бұл туынды мағына «төркін» сөзінің негізгі мағынасымен -қатар сөздікте көрсетіледі.

Метафора - көркем шығарма стилінде *бейнеленуші, мәнерлеуші, көркемдеуші, әсерлеуші* тәсілі ретінде айрықша қызмет атқарады. Бірақ жеке ақын-жазушылардың тіліндегі метафоралардың барлығы бірдей жалпы халықтық сипатқа ие бола бермейді. Жазушылар кейде сөздерді айрықша мәнерлеп, көркемдеп айту мақсатымен дағдылы қалпынан басқаша етіп тіркестіреді де соның нәтижесінде сөз әртүрлі реңкке ие болады. Ондай реңк жалпы халықтық сипатқа ие болғанда ғана мағына ретінде ұғынылады, Сөздің сөздіктегі тілдік мағыналық мазмұнына енеді. Ал егер ол жалпы халықтық сипат ала алмаса, онда жазушының сөз қолдану ерекшелігінің бірі ретінде ғана ұғынылады. Ондай реңкті дербес мағына деп есептеуге болмайды, ол сол мәтіндегі тек қолданыстық функционалдық қызметте жұмсалған мағына.

Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев еңбектерінде метафораны тілдегі қолдану сипатына қарай:

- *тілдік (сөздік) метафора,*
- *поэтикалық (контекстік) метафора',*
- *жеке қолданыстағы* (индивидуальная) *метафора* деп бөліп қарастырады [1,90 б.].

Тілдік метафора - сөзге жаңа мағына қосып оның семантикалық өрісін кеңейтіп үнемі үздіксіз дамытып отырады. **Тұрақты метафора** тіліміздегі көпмағыналы тілдік

бірліктердің саны мен қатарының өсуі осы тәсіл арқылы жүзеге асады [2]. Тіліміздегі көпмағыналы тілдік метафораның жалпы халықтық сипатына қарай дәстүрлі метафора деп те жұмсалады. Дәстүрлі метафораның тәсілі бойынша ұқсату заңына сүйеніп қазақ тілінде мынадай көпмағыналы шыққан.

Мысалы: **Тау бұлағы** да ағады, **Ой бұлағы** да ағады. Әрқайсысы өзінше тепкілейді жағаны. Бірі жылжып барады, бірі мөңкіп барады, Бәрісі де, не шара, аға алмайды жоғары [М.Мақатаев]. Осындағы **тау бұлағы** мен **ой бұлағы** немесе **бұлақ, аяқ** деген сөздердің ең алғашқы заттық мағынасы: кішігірім ағатын су, адам мен жануардың жүріп-тұру қызметін атқаратын мүшесі. Мұнан кейінгі мағынасы жансыз заттардың төрттағаны, тіреуіші де **аяқ** деп ұқсастырып айтқан. Кез келген сөз метафора тәсілімен ауыспалы мағынада аталым жасай алмайды. Тілдегі заттар мен құбылыстар атын іс-әрекетін, сапа мен белгілерін білдіретін сөздер ғана жасайды.

Бір затқа, құбылысқа, сапаға қанша қасиет, неше ерекше белгі болса соларды ұқсастырып айтудан бір сөз арқылы бірнеше ұғымды танып білуге болады. Мысалы: «қалың» деген сапалық ұғымды білдіретін сын есімнен мынадай ерекше белгілер аңғарылады. **Қалың** нәрсе «**жуан**» болады, оның үстіне ол тығыз, әрі жиі, әрі көп болады. Бұл сөздің бойына сыйған осыншалық ерекшеліктердің әрқайсысы сөйлемде жеке-жеке дербес мағына тудырып бас-басына сараланып көрінеді. Мысалы: 1. **қалың** деген сөздің **жуан, толық** деген мағынаны білдіреді. Қалың денелі әйелде тұрақты сезім сирек болады. (М.Әуезов). 2. **қалың** деген сөздің **көп, мол** деген мағынада жұмсалуы. Қалың жұрттың алдында сөйлеп көрген пенде емес едім. (М.Шаханов) 3. **қалың** деген сөздің **жиі, тығыз, бітім** деген мағынада қолданылуы. Екеуі бір таса жерге, қалың шөптің арасына барып жатты. (Ы.Алтынсарин).

Сөзге қосылған үстеме (туында) мағына заттың құбылыстың бойында бар сан алуан ерекше белгілерінің негізінде ауыстырып қолдану арқылы жасалады. Сондықтан бір сөзден тұратын қосымшалар бір сөз табына да, кейде әр сөз табына қатынасты болып келеді. Шыны зат есімнің (әйнек ұғымында) де метафора тәсілі арқылы жасалған ауыспалы мағынасы сындық ұғымды білдіреді. Мысалы: **шыны май, шыны қар, шыны көз** т.б. Сол тәрізді сын есімге қатысты сөздердің метафоралық ауыспалы мағыналарын да кейде заттық ұғым тудыра береді. Мысалы: **суық, шала, сынық** тәрізді сын есімдер белгілі бір контексте заттық мағынада қолданылады. Мысалы: құрт езген, я сүзбе, қатқан ыстық сорпа **суыққа** тоңдырмайды. Жанып таусылуға айналған **шалалардың** басы күлге көмілді. (С.Мұқанов). Аталған сөздердің метафоралық ауыспалы мағыналары белгілі бір мәтінде бірде зат атауы (шыны) сындық мағынада, бірде сындық атау (**суық, шала, сынық**) заттық мағынада жұмсалып тұрғанмен, бұларды әр сөз табына жатқызып, омоним ретінде қарауға болмайды. Бұл тәрізді сөздердің ең алғашқы лексикалық тура мағынасы қай сөз табына қатысты болса, сонда өрбіген туынды мағыналарды да сол сөз табына жатқызуға болады. Бұл пікір олардың мағыналарының шығу тегі бір екені, бір негізгі мағынадан таралғандығын айқындап көрсетеді. Метафораның негізінде келтірілген мағына сөздің сөздіктегі мағынасына еніп, оның туынды мағыналарының қатарында қаралды. М: астар-киімнің астары, сөздің астары. Сөздікте астар сөзінің тұрақтанылған үйреншікті, лексикалық мағыналарының бірі екені көрсетіледі.

Тұрақты метафора - ойды естен кетпестей түсінікте етіп тыңдаушыға жеткізу үшін қажет. Ой неғұрлым көркем құралса, соғұрлым тыңдаушыға түсінікті, әрі әсерлі болады. Ойдың көркемдігі жалпы халыққа таныс суретке құрылуымен тығыз байланысты. Адамның күнделікті өмірден көріп, біліп, әбден таныс болған дүниелерімен жазушылардың ойы қабысып, үйлесіп тұрса шығарманың тілі де соншалықты тартымды болмақ. Тұрақты метафоралар көбіне ақындардың, айтыс ақындарының шығармаларында жиі ұшырасады. Мысалы: «ақындық өткір тілім **сын семсерін** тауып, дәл төбесінен танып, түйреп» («Айтыс»). Баладай екі өркеші **шөл кемесі** - түйем де басқа малдан кем түспейді. («Айтыс»). Ақындар айтыс өнерінде өткір **тілді - сын семсерге, түйені - шөл кемеге** теңеу, балау арқылы өз ойын тыңдаушыға әрі, соншама әсерлі етіп жеткізіп берудің жолы. Бұл қолданыстар жалпы халықтыққа көшіп, тілге әбден сіңісіп, халықтың тілдік қазынасына айналады. Сөйтіп, тілдегі сөздің бейнелі құралдары ретінде тілдік қолданыста қызмет атқарады, тілдік қорда сақталады.

Мәселен, **бидайды - ақ маржан, мақтаны - ақ алтынға, көмірді, мұнайды - қара алтынға** теңеп, жай қолданған болсақ, бүгінгі таңда осы метафоралық теңеулер әдеби нормаға айналып, тілдік қолданыста қызмет атқарады. Жеке авторлық қолданыстан, қазір жалпы халықтық қолданысқа белсенді түрде енді. Тілдік бірліктер өз семантикалық өрісін кеңейтіп, жұртшылықтың қажетін, сұранысын атқаратын метафораларды: тұрақты метафораға жатады. **Тұрақты метафора** барлық жерде жалпылама кездесе бермейді, көбінесе белгілі бір жанрға тиісті. Әсіресе поэзияда жиі кездеседі. Сондықтан тұрақты метафораны кейде **поэтикалық метафора** деп атайды. Мысалы: ақындар поэзияда: **ағаш-**

адам, гүл- адам, темір-адам, жүрегі – оттай ақсұңқар болат , алмас сияқты сөздерге балау дегендерді жиі пайдаланады. Мысалы:

Ағаш-адам, гүл-адам, темір-адам

Жолықтырды өмірде бәрін маған [Е. Шаймерденұлы].

...Қайың-адам, тал-адам, терек-адам,

Жапырақ жүрек жайқалған **желек-адам**.

Жүрегі - от, жаны – пәк, ойы - зерек,

Бәрінен де сол болар керек адам [Е.Шаймерденұлы], Сөйтіп, тұрақты метафора сөздің келтірінді мағынасы ретінде мәтіннің мазмұнына енеді.

Жеке қолданыстық метафора мен **тұрақты метафора** өзара тығыз байланысты. Алғашқы соңғысының үлгісімен жасалады да белгілі бір ақынның я жазушының белгілі бір туындысында өмір сүреді. Бұлар сөздікте тілдік аталым ретінде еңбеседе, мәтіннің мазмұнын ашуға, автордың ойын берудің құралы. Белгі мәтінде ғана жұмсалатын сөздің келтірінді мағынасы қашан да әр ақынның тілдік сөз қолданыс ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан келтірінді мағына өзгеріп, құбылмалы болады.

Сусыны жоқ жолаушыдай кезерген,

Сусыным бір қанбай қойды ежелден.

Ол - жүректің шөлдегені сезем мен;

Төрт аяғын тағалатып буырылдың

Бұрқыратып, кең өлкемді кезер ме ем? [М.Мақатаев].

Жазғырма мені жан аға,

Жаманға мүлде балама

Бұлаққа барсаң, жалғыз түп,

Талшыбық тұрар жағада.

Шыбық деп мені бағала [М.Мақатаев].

Осындағы **жүректің шөлдегені, шыбық** деген метафоралық қолданыстар әр ақынның өзіндік қолтаңбасын танытады. Сондықтан бұл тәрізді метафоралар жалпы халықтық емес, **жеке қолданыстық метафораларға** жатады.

1. **Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. -Алматы: Сөздік-словарь, 2006. -264 б.**

2. **Қасым Б. Сөзжасам: Семантика. Уәждеме, -Алматы, 2007. -167 б.**

Резюме

В этой статье рассматривается функций метафоры о значение слов.

Summary

The article is considered the meaning of the word and the function of the metaphor. The names of Kazakh national domestic games are considered in this article.

ОӘК 801

«ЕҢБЕК» АТАУЫНЫҢ КОГНИТИВТІ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

С.М.Қарымбаева -

*Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті,
Тараз қаласы*

Қазақ мақалдарында қолданылатын іс-әрекет атауларының когнитивті-семантикалық құрылымын модельдеуге кіріспес бұрын «іс-әрекет атаулары» түсінігін едәуір толығырақ ашайық және оларды меңгерудің негізгі аспектілерін талдайық.

Кей жағдайларда еңбек әрекеті жалпылама айтылатын атаулар (еңбек, іс, жұмыс) іс-әрекеттің бірнеше түрін немесе шұғылдану шеңберіне (дене еңбегі, әскери қызмет, егістік жұмысы) жалпылама белгіленеді, сондай-ақ еңбек процесінің, өнімі мен нәтижесінің конкретті мәнін береді. Іс атауы еңбек әрекетін білдіре отырып, сонымен қатар екі мағынаға да ие екендігіне мән берейік, олар: «ойлау мен сөзге қарама-қарсы практикалық іс-әрекет, қимыл: істің адамы, сөзбен емес іспен көрсет» Сөзге шешен, іске мешел. Зерттеліп отыраған материалдарды, мақал-мәтелдік айтылымдарды талдауда этнографиялық, фольклорлық және тарихи зерттеулерге жүгінсек «еңбек» (еңбек әрекеті) концептісінің бір жағынан «демалу» -

«қол бостық», «дырду» - «жалқаулық» концептілерімен арадағы қатынасын, ал екінші жағынан халқымыздың қалыптасқан әдет-ғұрып, тәртіп мен дүниетанулық көзқарастары арқылы көпжүзді жүйе жасалғанын көрсетті.

Бір жағынан алғанда әр түрлі мәдениеттерде жан-жақты болып табылатын, ал басқа жағынан - бірегей, ұлтқа ғана тән, немесе белгілі бір графикалық, тарихи және мәдени ерекшеліктермен байланысты болып келетін дәстүрлі түрде айтылатын «еңбек» және «жұмыссыздық» - «жалқаулық» концептілерін меңгеруге көңіл бөлдік. «Еңбек» концептілерінің негізінде «еңбек әрекеті» ментальды көрінісі жатыр. Зерттеушілер бұл концептінің «адам» және «адам әрекеті» суперконцептілерінен шығатынына еш күмән келтірмейді./1/

Бір атаулы концептінің негізіне жататын «әрекет» түсінігінің теңестірілуінің күрделілігі оның шамалық абстракцияға жататындығына байланысты болып отыр.

Бұл түсінікті меңгеру ежелден келе жатқан тарихы бола тұрып іс-әрекеттің сипаты жөніндегі қазірге дейін басылған жоқ. Бұл таластың нәтижесі әрекеттің маңызды сипаттары бөлінуі болды. Оған жататындар: іс-әрекеттің заттануы; оның әлеуметтік, қоғамдық-тарихи табиғаты; жанамалық сипаты; мақсаткерлікті оны құрайтын қимылдың жүйелілігі; өнімділігі; сыртқы (материалдық) және ішкі (психикалық) әрекеттің құрылымның бірлігі; ішкі әрекеттің интериозациялау арқылы сыртқы әрекетінен қалыптасуы; ішкі психикалық әрекеттің қарулық сипаты; әрекеттің үшмүшелік құрылымы (операция - қимыл - өзіндік әрекеті); әрекеттің процессуалды сипаты және оның уақыттағы өрістеуі; әрекет уақытындағы өрістейтін орнын басушылық/сабақтастық, бірлікті және тұтастықты қамтамасыз ететін бейнелердің ерекше рөлі. Заттық әрекет бейнелер мен таңбалармен қатар әлемді репрезенттеу және модельдеудің толыққанды формасы ретінде қарастырылады./2/

Концептуалды ерекшеліктерге сәйкес іс, еңбек, жұмыс атаулары және белгілі бір деңгейде жұмыссыздық айрықша процессуалды семантикаға ие, ал демалу, жалқаулық және кей жағдайларда жұмыссыздық атаулары семантикасына активті әрекеттің ішкі қарама-қарсы әрекеті, күйі, белгілі бір белгілердің кешені сияқты психикалық әрекеттің ерекше түрі күрделі семантикалық комплекспен сипатталады.

Біз реттеп отырған іс, жұмыс, еңбек атауларының жасалуының негізінде транспозиция процестері жатыр. Бұл атаулар етістіктің «гибридті (буданды, дубара)» табиғаты мен субстанционалды бастауларын ажыратады.

Отандық лингвистикада деривационды (туынды) процестердің ерекшеліктері, біршама девербативтердің, етістіктен жасалған атаулардың семантикалық және синтаксистік ерекшеліктері, сондай-ақ номинализациялық көзқарас бойынша да толығымен айтылған./2/

Орыс ғалымы В.П.Казаков «іс-әрекет атаулары» терминін қолданады. Астарында «атаулық сипаттағы зат есімнің гибриді классы ғана емес, семантикалық, морфологиялық белгілері мен синтаксистік қасиеттердің әрекеттестігін анықтаған біртұтас жасалым» деген мән бар. Бұл процессуалды семантикасы бар атау классы етістіктен және басқа да атаулардан да жасалады.

Қазақ мақалдарында қолданылатын генерализді еңбек әрекетінің жалпы мазмұны бар өлшеулі атаулар тобын қарастырамыз: іс, еңбек, жұмыс. Аталған атауларды біз «іс-әрекет атаулары» деп атаймыз./3/

«Еңбек» атауының негізінде жатқан инвариантты идеяны немесе инвариантты біз «күшпен (ыждаһатпен) қиылысқан жай-күй мен қимыл-әрекет» ретінде қалыптастырамыз. В.И.Даль «еңбекті» «дене және сана күшінің тартылысы», «ал, күшті (ыждаһатты) талпыныс пен қамқорлықтың бәрі» деп түсіндіреді.

Бұл инварианттың мақалдық айтылымдарда дамуы бірнеше бағыттар бойынша жүреді. Біз провербиальды мағыналардың екі басты қалыптасу бағытын ажыратамыз./4/

Бірінші бағыт маңызды немесе мақсатты әрекет мазмұнды кешенмен байланысты: **Еңбек етсең емерсің. Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар.** Мұнда бұл мағына амал мен сипаттау-бағалау предикатының семантикалық рөлдерімен байланыстырылады.

М.Фасмер мен П.Я.Черныхтың этимологиялық сөздіктерінде еңбек атауы «ауыр жүк», «өкініш», «қасірет» мәні бар ұғымдармен байланыстырылғандығын айта кету керек. Бұл мағыналардың негізінде Дальдың сөздіктерінде белгіленген «мұн», «қасірет», «ауру» сияқты мағыналар дамиды. Бұл мағынаның бөлшектері мына қазақ мақалдарында да жүзеге асқан: **Еңбегі ештің, күні кеш. Әлім келсе, арыс суын байлар ем.** Осылайша акциональды мәнді еш еңбек, әлім келсе етістіктерімен берілетін провербиальды мағынаға «қайғы-мұңмен» қиылысатын күш (ыждаһат) мазмұнды компонент жатады.

Инвариант дамуының екінші бағытын «ыждаһатпен қиюласқан мақсатты бағытталған іс-әрекет» мазмұнды компонентпен біріккен провербиальды мағынаның екі блогын құрайды.

Бірінші блок «адал, игі еңбек» туралы көрініске жауап беретін, ал екіншісі адамның жеке жетістіктері үшін еңбек туралы провербиальды мағыналарды біріктіреді./4/

Еңбек бастапқыда құдайдың өсиеттерінің орындалуын болжайтын әрекет ретінде ұғынылады, нәтижені алу амалдарының «дұрыстығы» айтылады: **Басты «құдай» береді, Малды қайрат береді. Ерінбегеннің еңбегі оңады, еңбегі оңанның үйіне қыдыр қонады.** Біріншісінде бағалау предикаты беріледі, ал екіншісінде беру және физиологиялық қимыл предикатымен қосымша - бағалау белгілері жүзеге асқан. Бұл «дұрыстық» кей жағдайларда «нәтижесімен» үйлеседі. Адал, игі еңбек «дәулет пен несібе» ретінде бағаланады: **Адал еңбек аздырмас, Арамдық бойды жаздырмас.** «Еңбек ет» синтаксемасы каузативті компонентті жасайды: **Еңбексіз тапқан мал, есепсіз кетер.** Ұлы Абайдың әлеуметтік-экономикалық көзқарастарында келтірген сөзін салыстырайық: **«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар»** (С.Ақатаев. Абайдың әлеуметтік позициясы)./5/

Енді адамның жеке игілігіне бағытталған еңбек әрекетімен байланысты провербиальды мағыналарға мән берейік.

Іс-әрекеттің бұл түрі «дене және ой күштерінің шығынын талап ететін адамның мақсатты жасампаз әрекеті» ретінде сипатталады. Салыстырайық: **Қарманған қарап қалмас. Келген дәулет, кеткен бейнет.** Бұл мақалдарда еңбек атауы әрекет түрі мәніндегі акциативтің семантикалық рөлін көрсетеді. Еңбек жағымды демалыстың шарты болып табылады: **Еңбек ет те мақтан, Ойнап күл де, шаттан,** мұнда әрекеттің бір түрінің екіншісінің шарты болуы.

Нәтижеге бағытталуы бұл әрекет түрінің сипатын анықтаушы болып табылады. Еңбектің нәтижелілігі жоғары бағаланады: **Еңбек ет те міндет ет.** Мақалдарда ынталы әрекеттің нәтижеге қатыстылығы баса айтылады: **Еңбегі аздың, өнбегі аз. Бейнетсіз рахат жоқ. Еңбексіз өмір, сөнген көмір. Еңбекшіге әр күн сәт, еңбексізге бір күн сәт.** Мұнда «Еңбексіз»-дің синтаксемасы кондитив мәнін береді.

Жоғарыда аталғандар концептуальды мазмұн бейнелі кешенмен жасалған провербиальды мағынаның көмегімен жүзеге асады.

Шаруалардың еңбек әрекеттері тіршілік көзі - азық пен киім өнімдерімен қамтамасыз етуге бағытталған болып табылады. Еңбек азықты алудың шарты болып табылады. **Еңбек етсең, емерсің. Кім еңбек етсе - сол тоқ -** мақалдарында шартты-салдарлы қатынас жасалған, мұнда бірінші предикат кәсіби- еңбек әрекет предикаты, ал екінші - өз иелігіне алу және мақсатқа жету сияқты біртұтас предикат болып табылады.

Еңбегің сайлы болса, ішің майлы болар мақалында физиологиялық қимыл мен еңбек әрекеті процестерінің салыстырылуы кәсіптік-еңбек әрекеті предикаттарымен және қимылдың жүзеге асырылуы физиологиялық қимылдың біртұтас предикатының көмегімен жасалған.

Еңбек туралы мақалдарда еңбек әрекеті үшін сыйақы жоғары бағаланады: **Еңбектің наны тәтті...**

Нәтиже алуға бағытталмаған еңбек әрекеті қарама-қарсы бағаланады: **Еңбегі аздың өнбегі аз. Еңбегі ештің - күні кеш.** Мұнда эксплицитті берілген бағалау предикаты қолданылған.

Атап айту керек, еңбек атауымен тығыз байланысты мақалдар халық арасында қалыптасқан азық табудың жолы ретінде мифтік күш туралы көріністі білдіреді: **Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей. Кім еңбек етсе - сол тоқ. Еңбек — адамның екінші анасы.** Осылайша, еңбек және жалқаулық туралы мақалды талдаудың негізінде, жасалған еңбек атауының когнитивті-семантикалық құрылымы «ыждаһатпен қиюластырылған әрекет пен жай-күй» инвариантына негізделген. Бұл инвариантқа провербиальды мағынаның екі басты бағыттары бағынады: біріншісі - «мақсатты әрекет, мәні жоқ ыждаһат» мазмұнды компонентімен, екіншісі - ыждаһатпен қиюласқан мақсатты әрекет компонентімен. Екінші бағыт жіктеледі және провербиальды мағыналардың екі блогы жасалады. Олардың біріншісі «адал еңбек» мазмұнды компонентімен, екіншісі - «адамның жеке басының игілігіне бағытталған» компонентімен байланысты./4/

Айта кететін маңызды жайт, провербиальды мағынаның әрқайсысы барлық жүйенің өкілі ретінде тұрады. Бұдан еңбек атауының барлық мақалдық айтылымдарда ішкі «локализациясы» бар - ішінара бағытталған субъект ыждаһаты бар субъектілік әрекеттің сипаттамасы туралы көріністі жасайтындығын түсінуге болады.

1. Гумбольдт В. *Избранные труды по языкознанию.* — Москва: Прогресс, 1984. - 400 с.
2. Маслова В.А. *Когнитивная лингвистика.* Минск: ТетраСист, 2004.-55с.
3. Қасым Б. *Когнитивті лингвистиканың теориялық негіздері // Қазақ тілі мен әдебиеті және инновация мәселелері.* - Алматы, 2008. - 5-9 бб.

4. **Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. (ҚҰЭ). 2 том. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. - 720 б.** Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, МБ2 (і2), 2010ж.

5. **Абайдың тілдік тұлғасындағы этномәдени аппарат // Шоқан тағлымы - 13. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - 2008. - Б.110-113.**

Резюме

В статье рассматриваются вопросы когнитивной лингвистики как комплексной модели структурной языковой системы исследования в области познания человека и языка.

Summary

Some problems of cognitive linguistics as the complex model of structural language cognition system of investigation in a sphere of man and language are.

МЕДИЦИНА АТАЛЫМДАРЫНДАҒЫ НОМИНАТИВТІК БІРЛІКТЕР

А.Е. Тәттібаева -

С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

Қазіргі уақытта лингвистикада, соның ішінде терминтануда ғылымның түрлі салаларына қатысты қалыптасқан: медицина, лингвистика, заң, экономика әлеуметтану, тау-кен т.б. сапаларындағы арнайы ұғымның атаулары немесе атаулы тіркестерді жатқызуға болады. Термин ұғымды атап қана қоймай, оған жан-жақты нақты анықтама береді. Ғылыми терминнің негізгі қасиеттерінің бірі - түрлі бағыттар өкілдерінің қолданысындағы, еңбектеріндегі, сондай-ақ терминологиялық жүйедегі бір мағыналылығы.

Бір ғылым саласында қолданылатын терминдерді тар мағыналы (мысалы, фонема - **тіл білімінде**) және кең мағынадағы жалпы (мысалы, **құрылым, жүйе**) терминдер деп ажыратылады. Құрылымы бойынша терминдер бірде жалқы сөз болса (**тіл білімінде, медициналық аталымдар яғни анатомиялық атауларда, ауру түрлерінде**), бірде атаулы тіркестер болып келеді (**сөз түбірі, сөз тіркесі**).

Терминжасам жүйесінде елеулі орын алатын құбылыстардың бірі екіншілік атау. Екіншілік атау - тілде өзіндік орны бар номинативтік құралдардың жаңа атау қызметінде қолданылуы. Метафора екіншілік атау құралдарының бірі болып саналады. Метафораның негізін түсініп, ұғыну үшін жалпы екіншілік атаудың механизмін, түрлерін айқындап, анықтап алғанның маңызы зор. Метафоралану құбылысының өзіндік ерекшелігін анықтау терминология сапасымен қатар жалпы тілдегі терминдерді салыстыра қарастыру болып табылады. Терминология саласының теориялық принциптері мен негіздері Н.А.Баскаков, Е.А.Земская, И.С.Улукханов, М.Н.Володина, С.Е.Никитина және т.б., қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Айдарбек және т.б. көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Термин мен метафора мәселесін арнайы бір ғылым саласында қарастыру көптеген ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақ тіл білімінде номинативтік бірліктер жайында проф.Б.Қасым туынды сөздерде (күрделі сөздерде) **туа негіздер** мен **құрылымына**, сонымен қатар **мағынасына** әркез тәуелді екендігін және лексикалық бірліктер бір бүтін мағынаны білдіріп, біртұтас лексема ретінде ұғынылатындығын айта келе: «Қазақ тіліндегі сөз жасауға қатысатын негізгі тұлғалар - түбір сөздер. Туа түбірдің сөзжасам жүйесінде өзіндік белгісі бар. Олар - біріншіден, құрастырушы сыңар болса, екіншіден, жаңа сөздің мағынасын белгілеуде негізгі қызметті атқарады. Сондықтан, номинативтік бірліктерді жасауға қатысатын лексикалық мағыналы сөздер, құрастырушы сыңарлардағы дербес сөздердің мағыналық арақатынасымен тығыз байланыста жіктеліп айқындалуы тиіс. Олар - жаңа номинативтік бірліктердің лексикалық мағынасының мазмұнын қарайтын бірліктер. Мысалы; **асқазан** <- **ас+қазан, көкқұтан** <- **көк+құтан** т.б. сияқты номинативтік бірліктердің лексикалық мағынасы құрамындағы сыңарлардың мағынасымен ұштасып жатыр» деп көрсетеді [1, 156 б.]. Ғалымның осы қағидасын негізге ала отырып, медициналық аталымдардағы номинативтік бірліктерді қарастырып көрелік.

Медицина аталымдарындағы номинативтік бірліктердің ең бірінші айырмашылығы - аталымдардың лексикамен, жалпы әдеби тілмен тығыз қарым-қатынаста болуы және әр түрлі жолдармен осы салаға өтуі. Осы саланы талдау барысында үш түрге бөлуге болады. Біріншіден, терминдер мағынасының кеңеюі, калька әдісі арқылы беріледі. Калька әдісі арқылы жасалуында термин тек бір салада шектеліп қалмай, қолданыс аймағы кеңейе түседі. Жалпы негізгі мағынасы сақталып қалады да, осы мағынада басқа да білім салаларында

немесе жалпы әдеби тілде қолданылады. Медициналық аталымдардың қазақ тіліндегі ортақ ерекшеліктері мен белгілеріне талдау жасап көрейік. Мысалы: *Дененің басы* болғаны жақсы, Тонның жағалы болғаны жақсы (“Алтын шежіре”. “Моңғолдың құпия шежіресі”), Ізгі ердің *сүйегі шіріп кетсе* де, аты өшпейді (М.Қашқари). Құрғақ қасық *ауыз жыртады*, Құрғақ сөз *құлақты құртады* (М.Қашқари). Ақыл көркі - *тіл*, Тілдің көркі - сөз. *Адам көркі* - жүз, Жүздің көркі - *көз* (Ю.Баласағұни). *Жомарт қол* қуатты қолдан жақсы (С.Сарайи) деген сөздерде анатомиялық терминдер *дененің басы, сүйек, ауыз, тіл, көз, қол* қолданылып, лингвистикалық *дененің басы, сүйегі шіру, ауыз жырту, құлақты құрту, адам көркі* секілді фразалық тіркестер ретінде қолданылып тұр.

Номинативтік бірліктердің екінші түрі - бастапқы мағынаны сақтап, терминнің басқа түрге ауысуы. Бұл жерде көптеген медициналық аталымдарды атап өтуге болады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде анатомиялық *бас* сөзінің бірнеше түрі берілген. I. Адам мен жан-жануарлардың дене мүшесі, кісі, адам, жан, малдың саны, тұяқ, өсімдіктердің ұшы, таудың шыңы, төбесі, өзеннің, бұлақтың басталған жері, таяқтың, сойылдың бір жақ шеті, ұшы, аяқ киімнің қоныштан төмен жағы, құрал-саймандардың жүзі бар жағы, бір оқиғаның басталған мерзімі, мамандық атауына тіркесіп лауазымды білдіреді. Мысалы: *бас әріп, бас арық, бас бармақ, бас киім, бас асау, баз бұзар, бас көтере алмады, бас қатырды, бас салды, басына тас тиді, басын қатырды, басын ала қапшты, бас жарып, көз шығарып барады т.б.* II. муз. Ер адамның төменгі даусы, төмен тембрлі үрмелі аспап. III. Жүру, адымдау, бір нәрсені таптау, мыжу, жаншу, кітап, газет, журналды баспадан шығару, басып қалу, жабу, бір нәрсені қарқындата түсу, үдету, азайтыңқырау, бәсеңдету, киізді білектену, бірнәрсенің уытын қайтару, бәсеңдету, тоқтату, күшпен жеңу, бағындыру, *ауысп.* тоқтату тежеу. Мысалы: *бас салды, басып кірді, басып озды, басып өтті, басып салды, басып тастады т.б.* Сонымен бірге, *көз* сөзі түсіндірме сөздікте I. Адамның, жан- жануарлардың көру мүшесі. 2. Заттың жіп өткізетін жері. 3. Бір нәрсенің шығатын жері, қойнауы. 4. Бір нәрсенің нақты өз басы. 5. Өткеннен қалған нәрсе: біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ. 6. *ауысп.* Ақыл, ес, сана. Мысалы: *көз айырмады, көз алмады, көзтаныс, көз жұмды, көз жүгіртті, көзкөрім, көзі ашық, көзі қарақты, көз ілмеді, көзін ала алмады, көзін малмен ашты, көзі шарасынан шықты, көзі шүңірейді, көзін жоғалтты, көзі шырадай жанды т.б.* деп берілген [2, 110; 404 б.]. Осындай көптеген мысалдарды атап өтуге болады.

Номинативтік бірліктер бірнеше тәсілмен жасала береді, солардың ішінде жетекші қызметті синтетикалық тәсіл алады. Бұл жерде сөзжасамдық форманттардың қызметі ерекше. Мысалы, дәрігер, жұтқыншақ, шеміршек, бөртпе, сіресне, қоздыру, өлім-жітім, талма, ісік, шарбы, құсық, жарақат, күбіртки, кекірік, кемістік, іріңдеу т.б.

Номинативтік бірліктердің үшінші түрі - медициналық аталымдардың жалпы әдеби тілге метафора тәсілі арқылы өту. Бұл тәсілде ауызекі сөйлеу тілінде терминдер ауыспалы мағынада қолданылып, негізгі тура мағынасы сақталмай, тек ішкі мағыналық құрылым ретінде қалыптасады. Сөздің сыртқы тұлғасы қалғанымен, мағыналық құрылысы өзгеріске ұшырап кетеді. Медициналық аталым әдеби тілге өту кезеңінде коннотативтік, модальдық мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы: Бойда қайрат, *ойда көз*, Болмаған соң айтпа сөз (Абай). • *Басында ми* жоқ, өзінде ой жок (Абай). Арыстандай *жүректі*, Жолбарыстай білекті (Батырлар жыры). Тербетілген үстінде сағым көлдер, *Сары аурудай* сарғайған сары белдер (М.Әлімбаев). Осы жердегі *көз, ми, жүрек, сары ауру* дегендерде тура мағынада емес, әдеби тілдегі ауыспалы мағынасы түрінде айтылып тұр. Осы талдаулардан кейін метафора барлық кезеңдерде ұштасып жатқанын байқаймыз. Номинативтік бірліктер туралы пікірлердің өзі қайшылыққа толы пікірталастарды тудырады. Бір жағынан, термин бір ұғымды білдіреді, сондықтан номинативтік бірліктер жокқа шығарылса, екінші жағынан нақты дәлелдерге сүйене отырып, номинативтік бірліктерді анықтауға болады. Сондықтан номинативтік бірліктерде метафораның орны ерекше болатынына көз жеткіземіз.

Медициналық аталымдарда метафора үрдісін, сонымен бірге ішкі номинативтік бірліктерді қарастыра келе, тағы бір ерекшелікті байқауға болады: ол - бір ғылыми саланың термині бірнеше терминологиялық жүйелерге метафора арқылы өтеді. Мысалы: анатомиялық *тіс түбірі, иықтық (мойындырық) өрім, қанат тәрізді өзек, жұлындық түйін, қызыл ядро, кеуделік ядро, алақандық байлам (ладонная связка), буындық, айнама, шынтақтақ өсінді т.б.* деген сөз тіркестеріндегі *түбір, өрім, өзек, түйін, буын, байлам, ядро, өсінді* секілді сөздерді лингвистикада *сөз түбірі, қамшы өрім, өзегі тану, сөз түйін, байлам жасау, буынға бөлу (буыны босау)* түрінде, математикалық *түбірін табу*, биологиялық, *түбір* және *өсінді* түрінде де кездестіруге болады. Осы секілді мысалды Б.Х.Хасановтың еңбегінен де кездестіруге болады. Онда терминнің тасымалдануы күрделі ассоциациялық параллель жүргізіліп, орыс тіліндегі сөздердің баламасын салыстырмалы түрде қарастырады [3].

Медициналық аталымдардың адамға, басқа заттарға, құбылысқа, эмоциялық көңіл-

күйіне байланысты метафора номинативтік бірлік ретінде берілуіне **көңіл бөлсек, көңілі құлазыды, сары уайымға салтынды, қабағы кіржиді, сүйегін қорлады** т.б. секілді тіркестерді атап өтуге болады. Сонымен бірге, терминнің ауыспалы мағынаға ие болуында елестету құбылысы рөл атқарады. Номинативтік бірліктердің елестету арқылы жасалуын қосымша образдылыққа айналуынан көруімізге болады. Анатомиялық **көк жұлын, жүрек** термині лингвистикалық тұрғыда **көк жұлын болды - әбден қалжырады, шаршап-шалдықты** мағынасында болса ал, Жас баланың **жүрегіндей** жапырақтың дірілдері (С.Мәуленов). Жас баланың **жүрегіндей** сары дала (Қ.Жұмаділов) дегенде номинативтік бірлік әдеби тілде қолданылады.

Метафора арқылы жалпы тілдік қорға өткен номинативтік бірліктер әр түрлі функционалды стильде қолданылады. Терминдер ғылыми және көпшілікке арналған ғылыми басылымдарда қолданылса, метафоралы мағынаға ие болған номинативтік бірліктер медицина аталымдарында, ауызекі тілде және лингвистика саласында қолданылады. Сөздің тура мағынасында мағлұматтық, танымдық аспектісі басты назарда болса, ауыспалы мағынадағы номинативтік бірліктердің қосымша образдылық, эмоционалды- экспрессивтік аспектісі артып отырады.

Номинативтік бірліктердің мағыналары бір-біріне жақын келіп, синонимдік қатар құрайтын жағдайды кездестіруге болады. Мысалы, **анатомия, қаңқа** терминдері **бір нәрсенің құрылысы** деген мағынаға ие болады. Бұл сөздердің терминдік мағыналары әртүрлі болғанымен ортақ **құрылысы болу** семасы аталымш терминдерді байланыстырушы ретінде қолданылып, бір қатарға жатқызуға мүмкіндік береді.

Жалпы медициналық аталымдар мен ауызекі тілдегі номинативтік бірліктердің орнын анықтауда келесі тұжырымдарды негізге алуға болады:

- медициналық аталымдардың номинативтік бірліктер арқылы тілдік бірліктерді құруы - жалпы тілдің аясында өтетін құбылыстардың бірі;
- номинативтік бірліктер көптеген терминдерге тән құбылыс, бірақ терминдердің жаппай номинативтік бірлік болып таралуы мүмкін емес;
- медициналық аталымдардың метафора тәсілі арқылы әдеби тілге өтуі - жалпы тілдік қордың байытудың, толықтырудың көздері;
- кейбір номинативтік бірліктер қосымша елестету мағынаға ие болып жатады;
- номинативтік бірліктер жалпы әдеби тілмен қоса поэзия тілінде де кездеседі;
- медициналық аталымдардың номинативтік бірліктері бірнеше ауыспалы мағынаға ие болған номинативтік бірліктердің туындауы - тілдік жүйедегі кездесетін құбылыстардың бірі.

1. Қасым Б.Қ. *Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым.* - Алматы, 2001. -183 б.

2. *Қазақ тілінің сөздігі.* - Алматы: Дайк-Пресс, 1999. -968 б.

3. Хасанов Б.Х. *Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолдануы.* —Алматы: Мектеп, 1966.

Резюме

В статье рассматривается словообразование номинативных единиц медицинской термины.

Summary

In the article it is said about nominative names of medical units.

АДАМ МЕН ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ЖАС МӨЛШЕРІ МЕН ЖЫНЫСЫН БІЛДІРЕТІН ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН «ЗАТ ЕСІМ -ЗАТ ЕСІМ» ҮЛГІСІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ

ҚҰРЫЛЫМЫ

Т.К.Мүрсәлімов-
Семей мемлекеттік
педагогикалық
институтының аға
оқытушысы

1. Адам мен жан-жануарлардың жас мөлшеріне байланысты ерекшелігін білдіретін сөз тіркестері. Сөз тіркесінің грамматикалық мағынасы тіркеске түскен сөздердің лексикалық мағыналарындағы «Жас» семасынан өрбиді. Мысалы, *қарт әже, бала бүркіт, құнан қой, балапан құс, шөже тауық, тоқты қошқар, т.б.*

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің семантикалық құрылымдары: басыңқы - тура атауыштық (Д1) лексикалық мағынадағы «Адам», «Ан», «Құс», «Мал», «Жәндік», т.б. лексика-семантикалық топтарға жататын сөздерден болады. Өйткені бұл қатардағы сөздер арқылы аталатын объективті өмірдің заттарына жас ерекшелігі сияқты құбылыс тән. Сөз тіркесін және оның грамматикалық мағынасын қалыптастыруға қатысты «Жас» семасы басыңқыдағы сөздің лексикалық мағынасындағы көбіне потенциалды семада, сирек болса да дифференциалды семада да кездеседі.

Бағыныңқы - көбіне тура атауыштық (Д1) лексикалық мағынада, сирек ауыспалы (К1) екінші дәрежелі атауыштық мағынада жұмсалады. Мұнда «Жас ерекшелігіне» қатысты семалар дифференциалды семалар қатарында болады.

Мысалдар: *қарт әже*

Қарт. А - «Адам»

Д: а) жасы ұлғайған

в) еңбекке жарамсыз

с) ақылгөй

Әже. А - «Адам»

Д: а) әйел

в) әкенің (шешенің) шешесі

с) тікелей қан

с) екінші буын туыс

Р1 - «Жас»

Р2 - «Еңбекке қабілеттілік»

Р3 - «Өмірлік тәжірибесі»

Қарт сөзінің лексикалық мағынасы - «жасы ұлғайған, еңбекке жарамсыз, ақылгөй адам», *әже* - «әкенің (шешенің) шешесі болып табылатын, тікелей қаны берілген, екінші буындағы туыс, әйел адам». Екі сөз де тура атауыштық мағынада жұмсалған, яғни, сөздер (лексемалар) Д1 Д1 семемамен берілген. Сөздердің байланысы мен сөз тіркесіндегі мағыналық қарым-қатынасты қалыптастыруға алдыңғы сөздің дифференциалды «жасы ұлғайған», «еңбекке жарамсыз», «ақылгөй» семалары, басыңқының потенциалды «Жас», «Еңбекке қабілеттілігі», «Өмірлік тәжірибесі» семалары негіз болған. Сондықтан бұл сөз тіркесінің атауыштық мазмұны төмендегідей: *қарт әже* - «жасы ұлғайған, еңбекке жарамсыз, ақылгөй әкенің (шешенің) шешесі...». Бұл сөз тіркесін үш түрлі мағыналық қатынаста да тануға болар еді: 1) бағыныңқы басыңқының жас ерекшелігін білдіреді - «жасы ұлғайған әкенің (шешенің) шешесі»; 2) бағыныңқы басыңқының еңбекке қабілетін білдіреді - «еңбекке жарамсыз әкенің (шешенің) шешесі»; 3) бағыныңқы басыңқының өмірлік тәжірибесінен хабар береді - «ақылгөй әкенің (шешенің) шешесі». Алайда терілген мысалдарда бағыныңқының Д а) семасы мен басыңқының Р1 семасы байланысқа негіз болған басқа семаларға қарағанда алға оза ерекшеленіп көрінген.

Бала, бүркіт

Бала. А - «Адам»

Д: а) «ұрпақ»

в) «тікелей қан»

с) «бірінші буын»

д) «көп ғұмыр жасамаған»

е) «өмірлік тәжірибесі аз»

к) «күш-қуаты толыспаған»

Бүркіт. А - «Құс»

Д: а) «жыртқыш»

ә) «имек тұмсықты»

Р1 - «Жас ерекшелігі»

Р2 - «Өмірлік тәжірибесі»

Р3 - «Физиологиялық ерекшелік»

Бала сөзінің (Д1) тура мағынасы - «көп ғұмыр жасамаған балаң жастағы, өмір тәжірибесі аз, күш- қуаты толыспаған адамның тікелей қанынан тараған, бірінші буындағы ұрпағы».

Мысалда ол «адам», «ұрпақ» мағынасында емес, ауыс мағынада (К 1) жас ерекшелігіне қатысты ұғымды атау қызметінде жұмсалан. **Бала** сөзінің ауыспалы мағынасына оның тура мағынасындағы д) «көп ғұмыр жасамаған», е) «өмірлік тәжірибесі аз», к) «күш-қуаты толыспаған» семалары негіз болып, К1 жаңа атауыштық мағынадағы «Жас ерекшелігі», «Өмірлік тәжірибесі», «Физиологиялық ерекшелік» архисемалар алған.

Вала. А «Жас ерекшелігі»

Д: а) «балаң, көп ғұмыр жасамаған»

Бүркіт. А -«Кұс»

Д: а) «жыртқыш»

в) «имек тұмсықты»

Р - «Жас ерекшелігі»

Мұндағы Д а) сема басыңқының Р - «Жас ерекшелігі» семасына сәйкес келіп, екі сөздің арасында лексика-семантикалық байланыс орнатумен қатар, сөздердің арасындағы мағыналық қатынастың да мазмұнын қалыптастыруға негіз болған. Сөйтіп, **бала бүркіт** тіркесінің атауыштық мазмұны - «*көп ғұмыр жасамаған, (өмір тәжірибесі аз, күш-қуаты толыспаған) имек тұмсықты жыртқыш құс*» болып шығады.

Көркем әдебиеттен мысалдар: - *Сөйтсе де, қияға қанат қаққан бала бүркіт от жігері әр тұстан бір жарқ еткендей. (І.Е.) Асулы туұрған қыр мұрынды, сопақ бет, қара қасты бала жігіт екен (І.Е.). Өзін сүзгелі келген дөнежін бұқаны сыңар қолымен мүйізінен ұстап, жұлқып тартқанда етпетінен шөке түсіріп, тұрғызбай қойған бір ісін жұрт аңыз етіп кеткен. (М.Ә.). Қаражан бала жігітті былай шығарып алып: «Сен менің қалыңдығыммен билеуіңді қой», - деп қалш-қалш етті (І.Е.).*

2. Бағыныңқы басыңқыдағы заттың (тіршілік иесінің: адам немесе жан-жануарлардың) жынысын білдіретін сөз тіркестері. Сөз тіркесінің грамматикалық мағынасы тіркеске түскен сөздердің лексикалық мағыналарындағы «Жыныс» семасынан өрбиді. Мысалы, **ұл бала, ер адам, әйел дәрігер, ата қаз, арлан қасқыр, шыбыш ешкі, атан түйе, мекиен тауық, мегежін шошқа, қанишық ит, т.б.**

Сөз тіркесіндегі сөздердің семантикалық құрылымы: басыңқы - «Адам», «Аң», «Кұс», «Мал», «Жәндік», т.б. лексика-семантикалық топқа жататын (Д1 семемалы) тура атауыш сөздер. Сөз тіркесін және оның грамматикалық мағынасын қалыптастыруға қатысты «Жыныс» семасы көбіне потенциалды семада болады. Бағыныңқы - көбіне (Д1 семемада) тура атауыштық мағынада жұмсалады. Ауыспалы-бейнелі мағынада (**ата қаз** тіркесіндегі сияқты) жұмсалуды сирек құбылыс.

Мысалы, **атан түйе** тіркесіне талдау жасап көрелік.

Атан. А - «Түйе»

Д: а) «еркек»

в) «тарттырылған»

Түйе, А - «Мал»

Д: а) «өркешті»

в) «шөлге шыдамды»

с) «жалпақ, май табанды»

Р-«Жыныс»

Сөз тіркесінің атауыштық мазмұны - «**тарттырылған еркек өркетті шөлге шыдамды жалпақ, май табанды мал**». Сөздердің лексикалық байланысына және сөз тіркесінің мағынасына бағыныңқының Д а), в) семалары мен басыңқының Р семалары негіз болған.

Дөнен жылқы, ісек қой, туша ешкі, құнажын сиыр сияқты тіркестерде бағыныңқы сөздер басыңқыдағы малдардың жасын да, жынысын да білдірген. Бұл олардағы бір емес, екі семаның активтенуіне байланысты, яғни сөздердің синтагмалық байланысына лексикалық мағынадағы екі түрлі мазмұндағы семалар негіз болған.

Мысалы, дөнен жылқы.

Дөнен. Д1. А - «Жылқы»

Д: а) «үш-төрт жасар»

в) «еркек»

Жылқы. Д1. А - «Жануар»

а) «қыл құйрықты»

в) «бітеу тұяқты»

с) «ірі-қара»

Р1 - «Жас»

Р2 - «Жыныс»

Сөз тіркесінің атауыштық мазмұны - «**үш-төрт жасар, еркек қыл құйрықты, бітеу тұяқты ірі- қара мал**». Сондықтан бұл қатардағы сөз тіркестерін бағыныңқының Д а) семасы мен басыңқының Р1 семалары арқылы бағыныңқы басыңқыдағы заттың жас ерекшелігін білдіретін сөз тіркестерінің қатарына да, бағыныңқының Д в) семасы мен басыңқының Р2 семалары арқылы бағыныңқысы басыңқының жынысын білдіретін сөз тіркестерінің қатарына да жатқызуға болады.

Көркем әдебиеттен мысалдар; **Қыз бала** да сол курд жігіттен туыпты (І.Е.). Бұ да қуыршақтай сүйкімді, кішкентай **қыз баланы** өзінікі санап, жақсы көре бастаған-ды (Ә.Н.). Тайдай **арлан бөрімен** шаппа-шап ұстасып өлердей жағаласқаны, тапжылтпай ұстап өлтірткені - бәрі де бұл өңірде, бұл заманда болған балғын азамат қасиеті боп тарады (М.Ә.).

Резюме

Статья предназначена для анализа семантическую структуру сочетания показывающие отношение "Пол и возраст человека и живых существ" относящихся к словосочетаниям модели "Существительное- существительное" связанные примыканием.

Summary

This article deals with the problem of analyzing the structure which combines the showing attitude of humans age and sex concerning the phrases and models "Noun-noun".

КУЛЬТУРНО-ОБРАЗНАЯ СПЕЦИФИКА ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ, РЕПРЕЗЕНТИРУЮЩИХ КОГНИТИВНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

А.К. Мырзашова -

Казахско-русский международный университет, г. Актобе

*Образ языка приобретает черты образа
пространства во всех смыслах - пространства
реального, видимого, духовного, ментального; это
одна из самых характерных примет
лингвофилософских размышлений над языком в
наши дни.
Ю. С. Степанов*

Современные лингвоантропологические исследования проливают свет на методологию изучения сущности *внутреннего человека* во всем его многообразии, который является уникальным объектом познания. Внутренний мир человека репрезентируется, прежде всего, через его духовную деятельность - чувственную и когнитивную сферы. С этой точки зрения следует признать, что фразеология как самый яркий культурноносный слой языковых единиц [1, С. 782] наиболее образно отражает антропологический характер человека - творца и носителя особых знаковых систем - культуры и языка.

Образное содержание фразеологизма и его особая знаковая природа рассматриваются в контексте культуры, ибо не представляется возможным изучить глубинную структуру его семантики без соотнесения компонентов фразеологизма с отдельными концептами культуры. Культурологическое описание фразеологического значения выявляет и формирует знания об образной мотивации значения фразеологизма которая моделируется на основе этнических представлений о мире. Сегодня представляется актуальным обращение к лингвокультурологическому толкованию образа человека которое сводится к тому, что человек как субъект коммуникации, языка и культуры, не может быть изучен и осознан вне его принадлежности к определенной культуре. Еще В. Гумбольдт, говоря о взаимоотношении языка и культуры, утверждал, что «по языку легче узнать характер нации, чем по ее нравам, обычаям и деяниям» [3, С. 167]. Так, изучение языковых единиц и явлений в соотношении язык- сознание-культура-этнос позволяет описать и глубже понять когнитивные процессы, имеющиеся в естественном языке.

Общеизвестно, что Человек как субъект, занимающий центральное место в окружающем его мире, изначально призван созидать и познавать. Данные качества человека находят свое отражение во всех сферах языка, и, несмотря на универсальность познавательных процессов, они воплощаются и репрезентируются особыми знаками «языка» этнической культуры. В этом смысле, вслед за В.Н. Телия, мы определяем фразеологизмы как знаковые средства естественного языка, которые обретают функцию означающих для концептов культуры и тем самым проникают в культуру как знаки ее «языка» в единстве своей формы и содержания [1, С. 777].

Наше исследование фразеологии, фрагмент которого представлен в данной статье, представляет собой опыт сопоставительного анализа отражения интеллекта соматическими знаками казахского и русского языков. Анализ осуществляется на материале фразеологии, образующей семантическое поле «интеллект, интеллектуальные способности». Отметим, что данная группа фразеологизмов рассматривается нами в структуре обширного семантического

поля «познавательная деятельность», т.е. фразеологического поля, единицы которого, номинируют интеллектуальную концептосферу или когнитивную деятельность человека.

Интеллект понимается нами умственной способностью человека, характеризующейся как когнитивная деятельность или результат таковой деятельности. Если обратиться к русскому семантическому словарю, можно найти следующее толкование «интеллекта»: ум, мыслительная способность, умственное начало индивида. В семантической классификации данного словаря *интеллект* находится в одной группе с *сознанием, умом, разумом* [7, С. 215].

В ходе анализа фразеологического пласта мы выявили достаточное количество устойчивых единиц, отражающих интеллект, интеллектуальные способности человека через соотнесение образа данных способностей с *соматическим кодом культуры*. Заметим, что в сопоставляемых фразеологических моделях наблюдаются характерные черты различия, которые можно объяснить этническими особенностями мышления и мировидения носителей языка.

До настоящего времени соматические наименования во фразеологии были предметом лишь структурно-семантического, лексического и морфологического анализа. Так, соматическая фразеология рассматривалась на материале родственных и неродственных языков (интенсивное изучение соматических компонентов фразеологизмов наблюдается в последние пятнадцать лет: Е.В.Николина, Р.М.Вайнтрауб, М.Г.Букулова, З.К.Ахметжанова и др.).

Для данного исследования важно и положение Д.Б. Гудкова о том, что «названия частей человеческого тела, помимо наименования, являются носителями значимых для культуры смыслов, выступая в роли знаков «языка» культуры и образа ее соматический код» [2, С. 50]. Также нельзя не согласиться с мнением о значимости человеческого тела и его отдельных частей как первичной основы в концептуализации мира [2, С. 50].

Интеллект как фрагмент когнитивной сферы человека входит в понятие «внутренний мир» человека. Следовательно, познавательную деятельность человека мы также относим к внутреннему миру человека как его духовное начало. Тело человека, его физиология, и физические действия, совершаемые соответствующими частями тела, характеризуют его внешнее проявление (наружный портрет), т.е. образуют его внешний мир. По меткому выражению В.В. Красных, «внутренний мир человека располагается внутри телесной оболочки, представляет собой вместилице (локус) мыслей, чувств, эмоций и т.д.» [4, С. 236].

Интеллект, интеллектуальные способности, сам субъект - обладатель интеллекта или наоборот, не имеющий интеллектуальных способностей, в обоих языках моделируются как некий образ, передающийся через характеристику, свойства, внешнюю форму тех или иных частей тела, действия или функции частей тела. Например, сравните народные толкования: *чем выше (шире) лоб, тем умнее (сообразительнее) человек*, или, *чем больше голова, тем больше ума*; и, наоборот: *чем ниже (уже) лоб, тем глупее человек (несообразительный)*, *большие развесистые уши (лопоухий) - признак глупости, недалекого, несообразительного человека*. Такие контексты выявляют связь внешнего и внутреннего миров человека. Данное утверждение, как правило, более развернуто рассматривают психологи и специалисты нейролингвистического программирования.

В семантическом поле русской фразеологии, отражающей интеллект, центральное место занимают такие устойчивые единицы, которые имеют в своем составе соматический компонент «голова». В отличие от казахской фразеологии соматизм *голова* употребляется чаще для передачи образа недалекого, несообразительного, глупого человека. В русском языковом сознании *голова* не просто часть тела, которая «необходима» человеку только с анатомической точки зрения, а особый орган, служащий для осуществления когнитивной деятельности, которая определяет его когнитивную способность, следовательно, человеческую суть, его интеллектуальное и духовное начало.

Обратимся к анализу некоторых фразеологизмов. Образ умного, сообразительного человека в русской языковой картине мира моделируется фразеологизмами типа: *с головой, с царем в голове, иметь голову на плечах, золотая голова, голова варит, голова на месте, дойти своей головой, на голову выше* и т.д. Как видим из примеров, русское сознание склонно к соотнесению умной, соображающей *головы* с пространственным кодом культуры: *дойти своей головой*; с гастрономическим: *голова (мозги, котелок) варит*; с социально-иерархическим: *с царем в голове*; с природно-вещным: *золотая голова*; с телесным (соматическим) кодом культуры: *с головой, иметь голову на плечах*.

Показательно, что фразеологическая модель образа человека с интеллектом в казахском языке почти не включает в свою структуру соматический компонент *голова*. Возможно, это связано с традиционными верованиями и ритуалом: казахи всегда используют голову животного в пищу и только для приготовления национального блюда *бешбармак* (мясо по-казахски). Голова животного подается в начале трапезы самому почетному аксакалу (старцу) и передается из рук в руки на блюде обычно по иерархическому статусу: от старших к младшим, от мужчин к женщинам. Голову не берут в руки мужчины, которые имеют живого отца. Голова

подается по особому случаю: на *той* (пиршество по поводу большой радости) и *садака* (обычно поминки или мероприятие, проводимое как дань Аллаху, духам предков и т.п.).

Однако для описания данного фрагмента используются в основном соматические номинации: глаза (көз), уши (кұлаң), төбе (мақушка головы), омыртқа (позвонок), маңдай (лоб), иық (плечи). Приведем примеры: көзі ашық (букв.: открытые глаза), кәрі құлақ (букв.: старые глаза), құйма құлақ (букв.: вбирающее ухо), төбесі тесік (букв.: дырявая макушка), маңдайы кере қарыс (букв.: широкий лоб, лоб на целую пядь), омыртқасы түзу жігіт (букв.: джигит с ровным позвоночником; употребляется только по отношению к мужскому лицу) и т.д.

В данных контекстах выявляется интегративное значение *умный, сообразительный, понятливый,мышленный, сведущий, много знающий*. В языковом сознании казахов *ум* передается через стереотипный образ человека, который все замечает, все видит, все слышит, много слышал, все хватает, вбирает в себя (через органы слуха и зрения), имеет широкий лоб. Широкий лоб присутствует также и в сознании русских - *семи пядей во лбу* 'необыкновенно умный, талантливый, выдающийся умственных способностей'.

Интересно обратить внимание на функционирование в речи казахов и русских следующих параллельных фразеологизмов: *төбесі тесік адам* (букв.: дырявая макушка, т.е. дырявая голова) в значении 'очень умный, мысленный, сообразительный' и *дырявая голова* в значении *человек с плохой памятью, рассеянный, забывчивый*'. Отметим, что фразеологизм русского языка не входит в зону семантического поля «интеллект», однако находится в структуре поля «познавательная деятельность» как компонент фразеологического фрагмента, отражающего один из когнитивных процессов человека «память, процессы памяти». Также встречается фразеологизм *піскен бас* (букв.: вареная голова) в значении 'недалекий человек' и *голова варит* в значении 'сообразительный, понятливый, догадливый'. Следует заметить, что в обоих языках компонент *голова* выступает как часть вместо целого (явление синекдохи как разновидности метонимического переноса наименования), а компоненты *вареная и варит* отождествляются с гастрономическим кодом культуры. Однако значение данных фразеологизмов отражают противоположные понятия.

Таким образом, в языковом сознании казахов образ человека имеющий интеллект, соотносится в целом со всеми частями тела (кроме отмеченных выше примеров, связанных с компонентом *голова*). При фразеологическом описании интеллекта носители казахского языка сформирован и следующие представления: знания могут приобретаться слуховой и зрительной системой; интеллектуально развитый человек, имеет правильно сформированное тело. Более того, у казахов сложилось особое отношение к телу (*тән, дене*), скелету (*сүйек*), которое отразилось в ритуалах, обычаях, быте и языке. Приведем только некоторые из них: после прикосновения к святыне (могиле, надгробию, порогу, притолоке мазара и т.д.) казахи проводят той же рукой по лицу, глазам; обходя вокруг надгробия святых, прикасаются к нему руками, лбами, подбородками; встречая или провожая молодую невестку, целуют ее в лоб; совершая молитвенный обряд, касаются лбом земли и мн.др. Казахи «ухаживая» за телом покойника при обмывании тела, не касаются его голыми руками, для этого шьют специальные варежки из бязи; у русских этот обряд не принят.

Придавая особое значение кости (сүйек), казахи называли «белой костью» тех, кто принадлежал клану Шынгыс хана людей султанского благородного происхождения. Казахская элита принадлежала «белой кости». В научных трудах, посвященных традициям и менталитету казахов, можно найти много интересного о глубоких анатомических знаниях, связанных с ведением животноводческого хозяйства с особенностями казахской гастрономией (в пищу используются все части животного, вплоть до внутренностей); способностями народного лечения (например, среди казахов встречается много костоправов, т.н. *сынықшы*) [5, 6].

Проведенный анализ фразеологизмов показал, что русская фразеология отражает следующее представление интеллекта: а) голова как главный орган (часть вместо целого); б) голова какместилище ума мозгов; в) голову, а именно, светлую, золотую, большую (*семи пядей во лбу*) «имеет» только умный, сообразительный человек (ср.: *без головы, чурка с глазами, голова два уха в значении* 'недалекий, несообразительный, глупый человек'). Интересно отметить, что образ глупого человека передается также через характеристику соматизма *голова*, но которая набита *соломой, мякиной*; может быть *чугунной, еловой, садовой, дубовой, пустой, дырявой* и т.д.

В представлении казахов интеллект человека характеризуется через образы: а) почти всех частей тела, особенно уши и глаза; б) уподобляется процессу совершения действий (ср.: *құйма құлақ* (букв.: вбирающее ухо); в) соотносится с продуктом таких видов деятельности человека: видеть, слышать, хватать, вбирать. Для фразеологического описания образа человека, не имеющего интеллектуальных способностей, носители казахского языка употребляют устойчивые единицы типа: *бос кеуде* (букв.: пустая грудь (грудная полость), *ақна құлақ* (букв.: ухо, из которого все вытекает), *ақ көз* (букв.: вбирающее ухо), *піскен бас* (букв.: вареная

голова), **ойсыз құлақ** (букв.: ухо без мыслей), салпаң құлақ (букв.: отвисшее ухо) и т.д.

1. *Большой фразеологический словарь русского языка. -М.: Аст-Пресс Книга, -784 с.*
2. *Гудков Д.Б. Нос в телесном коде культуры // Лакуны в языке и речи. Сборник научных трудов. -Благовещенск: Изд-во БГПУ, 2003. -50-61с.*
3. *Гумбольдт В. Избранные /труды по языкознанию /В. фон Гумбольдт. М.: Прогресс, 1984. -397 с.*
4. *Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология как конституенты новой научной парадигмы // Сфера языка и прагматика речевого общения. Междун. Сб. науч. Трудов. - Краснодар: Кубанский государственный университет, 2002. -С. 236.*
5. *Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең, —Алматы: Ғылым, 1999. - 200 б.*
6. *Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. -Алматы: Қазақ университет/,1992. -176 с.*
7. *Русский семантический словарь. Толковый словарь, систематизированный по классам слов и значений/РАН. Ин-т рус. яз.; Под общей ред. Н. Ю. Шведовой-"М.: Азбуковник, 1998. -С, 215.*

Түйін

Мақалада адамның когнитивтік болмысын бейнелейтін фразеологизмдердің мәдени-бейнелік негізінің ерекшелігі қарастырылады. Адамның ақыл-ой әрекетінің соматикалық құралдар арқылы сипатталуы салыстырыла талданады.

Summary

The article states cultural and figurative specification of the phraseology showing the cognitive activity of a person. Somatic means of description of the person's intellect are subjected to the comparative analysis.

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Ә.Н.Насыритдинова -

*С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ ассистенті,
Астана қаласы*

Жалғамалы тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде де, морфологиялық, яғни қосымшалар арқылы сөз тудыру тәсілі маңызды орын алады. Сондықтан да болар сөзжасамның бұл тәсілі қазақ тіл білімінде кеңінен зерттелген. Сөз тудырушы жұрнақтардың мағыналық және тұлғалық бейнесі А.Ысқақов,

Н.Оралбаева, А.Салқынбай, С.Мырзабеков т.б. еңбектерінде анықталған.

Мәселен, А.Ысқақов «Сөз тудыратын жұрнақтар сөзге жаңа лексикалық мағына үстейтіндіктен, өзі жалғанған сөзді басқа бір жаңа лексикалық тұлғаға айналдырады» деп, жұрнақтарды мағынасы мен қызметіне қарай сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар деп екі салаға бөледі [1,30].

Сондай-ақ автор еңбегінде жұрнақтарды тілдің өз төл материалынан я басқа тілден енген материалдан шыққандығына қарай төл және кірме; ерте я кеш шығып қалыптасуларына қарай көне және жаңа жұрнақтар; қазіргі кездегі сөз тудыру қабілеттерінің бар я жоқтығына байланысты тірі және өлі; құрамындағы морфемалардың дара не күрделі болуларына байланысты жалаң және құранды; мағыналық жағынан бір не бірнеше мағынаны білдіретініне қарай дара және көп мағыналы; мағыналарының алшақ я жақындығына байланысты синоним және омоним жұрнақтар; қазіргі кезде сөз тудыру жағынан өнімді не өнімсіз болуына байланысты құнарлы және құнарсыз жұрнақтар деп жіктейді.

Зерттеу нысанымыз термин жасаудағы жұрнақтардың рөлі болса, ғалым жіктемесін осы тұрғыдан талдап, мысалдармен нақтыласақ, алдымен жоғарыда аталған жұрнақ түрлерінің барлығы да термин қалыптастыруда белгілі бір дәрежеде қолданылатындығына көз жеткіздік.

Жұрнақтардың өздеріне тән грамматикалық толық, лексикалық солғын мағынасы, формасы мен қызметі болады. Және бір түрлі жұрнақ бірнеше сөзге жалғанып, сөз не форма тудырғанымен, олардың әрқайсысына әр түрлі мағына үстемейді. Олардың барлығына үстейтін мағынасы бірдей болады.

Терминжасамның басқа тәсілдерінде атауға жаңа мағына үстеуде толықтай бір не бірнеше сөз қатысса синтетикалық тәсілде жаңа ұғымға атау беруде сөз бен жұрнақ қолданылады. Бұл жерде жаңа атау жасауға қатысушы сөз тұлғалық жағынан аздаған өзгеріске

ұшырайды, Алайда атау қалыптастыруда түбір сөз де, қосымша да мағыналық жағынан бірдей ат салысып, екі тұлғаның байланысы арқылы екінші бір мағына туындайды. Яғни, сөз тудыруда жұрнақ мағынасы да өзіндік мәнге ие болады.

Тіл білімінде жалпы сөз тудырушы жұрнақтарды былай топтайды:

1. себепші мәнге қимыл-қозғалыстық мағына қосатын жұрнақтар;
2. себепші негізге заттық мағына қосатын жұрнақтар;
3. себепші негізге сындық мағына қосатын жұрнақтар;
4. себепші негізге үстеулік мағына қосатын жұрнақтар [2,430].

Жұрнақтардың терминжасамдағы белсенділік деңгейі әр түрлі. Себебі термин жасау кезінде жаңа атаудың қандай да бір белгісінің тілімізде бұрыннан бар морфологиялық тәсілмен жасалған сөздерге ұқсастығына байланысты қолданылған бір жұрнақ осындай белгілері ортақ, мәндес ұғымдарға атау бергенде де қолданылады. Сондықтан да кейбір жұрнақтардың белсенділігі белгілі бір сала терминін жасауда артса, мұнда өнімсіз болатын жұрнақтардың белсенділігі басқа салада байқалады.

Бұл туралы Ә.Әміров былай дейді: «Сөзжасамдық жұрнақтардың тілдегі қызметі әр кезеңде түрліше дәрежеде болуы жиі кездесетін құбылыс. Бір кездері белсенді қызмет атқарған жұрнақтар келесі бір кезеңде енжарлық танытуы мүмкін. Кейде өлі, өнімсіз жұрнақтардың қызметі күшейіп, өнімділігі артуы да кездеседі. Мәселен, бұрын мейлінше тар мағынада қолданылып келген «нама» сөзінің қазіргі кезде өрісі артып, қазақ тіліндегі қолдану аясы едәуір ұлғайған. Ендігі жерге бұл сөз бұрынғыдай «хат», «кітап», «шығарма» деген тар көлемде ғана жұмсалмай, оның сөзжасамдық қызметі бүгінде біршама кеңейіп және соған байланысты ол арқылы жасалған туынды зат есімдердің семантикасы түрлене түскендігімен ерекшеленеді» [3, 79].

Қазақ тіліндегі техникалық сала терминдерін жасауда аталған жіктемедегі бастапқы екі топқа жататын жұрнақтар белсенді қолданылады.

Жеке-жеке қарастырар болсақ:

-шы, -ші жұрнағы арқылы техника саласында бағдарламашы (программист), матаушы (стропальщик), өндіруші (генерировать) т.б. терминдер жасалған. Аталған терминдерден байқайтынымыз, техника саласында бұл жұрнақ арқылы белгілі бір қызмет иесі мағынасын білдіріп, негізгі қызметін сақтаған.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағы арқылы түгіндік (выхлопная труба), тұтқырлық (вязкость), өлшемсіздік (несоизмеримость), орнықсыздық (неустойчивость), енжарлық (пассивность), аралық (промежуток), оттық (топка), орнықтылық (устойчивость), арқалық (балка), беріктік (прочность), морттық (хрупкость) т.б. терминдер туындаған. Аталмыш жұрнақ зат есім, сын есім тұлғалы сөздерге жалғану арқылы жаңа атаулық мағына жасап тұр.

-ыс, -іс, -с жұрнағы арқылы кідіріс (выстой), тербеліс (колебание), үйкеліс (трение) т.б. терминдер бекітілген. Мысалдардан жұрнақтың етістік тұлғалы сөздерге жалғанып, өзінің зат есім тудырғыш қызметін атқарып тұрғанын көреміз.

-ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағы арқылы күйғы (воронка), сөндіргі (гаситель), өшіргі (глушитель), сорғы (насос), ажыратқы, ағытқы (разъединитель), сүзгі (фильтр), жырғы (культиватор), соққы (удар) т.б. терминдер қалыптасқан. Етістікке жалғанып, зат есім тудыратын бұл жұрнақтың техника саласында, негізінен, құрал атауы мағынасына жұмсалатын терминдерді қалыптастырғанын байқаймыз. Яғни, техника саласында да, жалпы басқа ғылым саласында да терминдерді біріздендіру мақсатында аталған жұрнақты осы құрал атауын беру бағытында бұдан әрі де қолдануға болады деп ойлаймыз.

-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш жұрнағы арқылы дірілдеткіш (вибратор), тегістегіш (гладилка), қозғалтқыш (движитель), тұтандырғыш (запал), өндіргіш (генератор), теңгергіш (балансир), қысқыш (зажим), қосқыш (спарник) т.б. терминдер жасалған. Бұл жұрнақ та түбірге тікелей не өзгелік етіс жұрнағынан соң жалғанып, -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағы сияқты құрал атауын қазақшалауда кеңінен қолданады.

-ыш, -іш, -ш жұрнағы арқылы керілеуіш (инвертор), бұрауыш (отвертка), тежеуіш (тормоз), дәнекерлеуіш (паяльник), т.б. терминдер қалыптасқан. Аталған жұрнақтың бұған дейін құрал атын жасауда пайдаланылады делінген екі жұрнақтан басты айырмашылығы етістіктің тұйық етістік тұлғасынан кейін жалғануында.

-ша -ше жұрнағы арқылы үрімше (груша), науаша (желоб), таңбаша (пиктограмма), тақташа (плитка), пластинка (табақша) т.б. терминдер туындаған. Ғылыми әдебиеттерде сөзге жалғану арқылы сөз мағынасына өзгеріс енгізетіндіктен, «форма тудырушы жұрнақ» деп аталып жүрген бұл жұрнақ техника саласында сөз тудыру қабілетін иеленеді. Оған, әрине, терминнің өзге тілдегі аталымының түрткі болатындығы анық. Мәселен, орыс тіліндегі «плита», «плитка» және «пластина», «пластинка» терминдері қазақ тіліне аударылғанда, сәйкесінше «тақта», «тақташа» және «табақ», «табақша» болып алынып, формалық өзгерісті анықтап тұрса, «таңбаша» сөзінде аталған жұрнақтың сөз тудырушылық қасиетін байқаймыз.

-ым, -ім, -м жұрнағы арқылы өлшем (мера), оралым (оборот), тіркесім (агрегат) т.б.

қалыптасқан. Негізінен өзі жалғанған түбір сөзге абстрактілі, мекендік, нақты зат атауы, бүтіннің бөлшегі, қимылдың атауы мәнін үстейтін бұл жұрнақ арқылы техника саласында ұғым, зат атауын білдіретін терминдер жасалады.

- шық, -шік жұрнағы арқылы күбішік (бачок), ершік (седло), кемершік (запечник), айқаршық (крестик) т.б. терминдер жасалған. Қазақ тіл білімінде «форма тудыратын жұрнақ» деп есептелетін бұл жұрнақ туралы тіпті кейбір сөзжасамға арналған еңбектерде айтылмаған да. Мәселен, А.Салқынбайдың «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулығында сөз тудырушы тұлға мағынасы туралы тараушасында зат есім жасайтын жұрнақтар қатарында мұндай жұрнақ көрсетілмеген [2,440]. Дегенмен бұл жұрнақтың қазіргі кезде техникалық терминдер қалыптастыруда өзіндік үлесі бар екендігі байқалады.

-қ, -ық, -ік, -ақ, -ек жұрнағы арқылы піспек (поршень), елек (решето), шытырлауық (трещотка), жетек (привод) т.б. терминдер туындаған. Бұл жұрнақ туралы зерттеу еңбектерінде «тілдің тарихи бастауында қимыл есім қызметін атқарып, қызметтік-семантикалық құрылымы дамуы нәтижесінде сөзжасамдық тұлғаға өзгерген» деген пікір айтылады [2,439]. Аталған жұрнақ арқылы техника саласында атау тұлғалы терминдер қалыптасқанын аңғаруға болады.

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнағы арқылы тойтарма (заклепка), қолданба (приложение), ағытпа (разъем), қапсырма (скоба), серіппе (пружина), түйіспе (стык), қорытпа (сплавы) т.б. терминдер жасалған. Аталған жұрнақтың техникалық терминдерді жасауда құралдық және іс-әрекет, процесс нәтижесінде туындайтын атаулық мағына үстейтінін байқаймыз. Жоғарыдағы мысалдарда «қорытпа» термині әрекеттің нәтижесінде туындайтын атау болса, қалғандары құралдық атауды білдіріп тұр.

-у жұрнағы арқылы қалкалау (маскирование), модельдеу (моделирование), керілу (натяжение), аудару (опрокидывание), тасымалдау (перенос), ағыту (разъединение), телеграфтау (телеграфирование), тұйықтау (шунтирование) т.б. терминдер туындаған. -У жұрнағы туралы ғалымдар «қимыл есім ретінде

XIX ғасырдан бастап белсенді қолданылады да, кейін заттану үдерісінің нәтижесінде көптеген заттық атаулардың жасалуына себеп болады» деген пікір айтады [2, 440]. Техника саласында бұл жұрнақ арқылы қимыл атаулы терминдер көптеп жасалған.

Келтірілген жұрнақтардың барлығы да төл тіліміздің жұрнақтары болып табылады. Ал шет тілдік материалдан алынған кірме жұрнақтарға араб-парсы тілінен еніп, тілімізде сөз тудыру қызметіне ие болған жұрнақтар жатады.

Сондай-ақ техника саласында морфологиялық жолмен жасалған терминдердің басым бөлігі көп компонентті терминдер құрамында кездеседі. Мәселен, бойлық-оралым муфтасы (продольно-свертная муфта), жерқазушы-фрезерлі машина (землеройно-фрезерная машина) т.б. Ол туралы техникалық терминдерді жасаудың синтаксистік тәсілі туралы сөз етілген тарауда айтылды.

Техника саласындағы терминдерді жасау ісіне қатысушы жұрнақтардың белсенділік деңгейі әр түрлі болады. Белгілі бір салада қолданысы жағынан өнімсіз жұрнақтар техникалық терминдерді қалыптастыруға барынша белсенді қатысуы мүмкін. Ал сөз тудырушы жұрнақтардың техникалық терминдер жасауға қатысу деңгейін анықтау міндетін бұдан әрі термин қалыптастыру мәселесін біріздендіруге ықпал ететін тірек ретінде санасақ, ол міндетті шешу - терминтанушылар атқаратын жұмыс. Осы мақсатта біз Қазақстан Ресубликасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен 31 томдық сөздіктің 7- машина жасау саласына арналған томына талдау жасадық.

	Жұрнақ	Сөздіктегі сөз саны	Мысалдар
1	-у жұрнағы. Қимыл атаулы терминдер жасайды	93 термин	Айналу (вращение), бедерлеу (насекание), бүрку (опрыскивание), жоңғылау (фрезерование), майлау (смазывание), сұйықталу
2	-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш жұрнағы.	65 термин	Тиегіш (загрузчик), шоғырлағыш (концентратор), тартқыш (тяга), теңгергіш (балансир), сақтандырғыш (предохранитель), коректендіргіш (питатель) т.б.
3	-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнағы	35 термин	Айқастырма (крестовина), аспа (подвеска), бекітпе (закреп), белдеме (буртик), қаптама (кожух), құрсама (обойма) т.б.
4	-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағы	33 термин	Жалғастық (штуцер), толастатқыш (демпфер), тозғандық (изношенность), сынғыштық (ломкость) т.б.
5	-ша, -ше жұрнағы	19 термин	Арқанша (тросик), ауызша (дульцо), аралықша (мостик), қалқанша (щиток), қайрақша (брусок), қамытша (хомуток) т.б.
6	-уыш, -уіш жұрнағы	13 термин	Гежеуіш (тормоз), санауыш (счетчик), тіркеуіш (сцепка), тіреуіш (стойка), тиеуіш (погрузчик), бұрауыш (отвертка)
7	-ыс, -іс, -с жұрнағы	8 термин	Бүгіс (сгиб), кептеліс (затор); кідіріс (выстой), құйылыс (сток), үйкеліс (трение) т.б.
8	*шық, -шік жұрнағы	6 термин	Науашық (желобок), ершік (седло), кемершік (запечник), айқаршық (крестик), соташық (шток), тегершік (маховик)
9	-ық, -ік, -к, -к жұрнағы	6 термин	Сызық (линия), қыспақ (прижим), қарнақ (штанга), қырылдақ (храповик), тұғырық (подставка), тістеуік (кусачки)
10	-ым, -ім, -м жұрнағы	5 термин	Қосым (присадка), ойым (впадина), пішім (формат), қысым (давление), төсем
11	-ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағы	4 термин	Сүзгі (фильтр), жулыңғы (выдра), бұрғы (сверло), бағдарғы
12	-шы, -ші, -хана, -шек, -қақ, *кек, -ын, -ін, -н жұрнақтары	Бұл жұрнақтар арқылы бірді-екілі терминдер	Пішін (форма), іскек (пинцет), күпшек (ступица), қайрақшы (заточник), ұстахана (кузница)

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша аталған сөздіктегі терминдерді жасауға қатысқан жұрнақтар арасында -у, -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнақтары өте белсенді қызмет атқаратындығы, -ша, -ше, -уыш, -уіш, -ыс, -іс, -с, -шық, -шік, -ық, -ік, -қ, -к, -ым, -ім, -м, -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтарының белсенділігі орташа екендігі, ал -шы, -ші, -хана, -шек, -қақ, -кек, -ын, -ін, -н жұрнақтарымен бірді-екілі термин ғана жасалғанын көреміз. Бұл көрсеткіш бір ғана сала сөздігін талдауда анықталып отырғандықтан, техниканың барлық саласындағы жұрнақтардың термин жасауға қатысу деңгейі осындай деуден аулақпыз. Дегенмен де, осы мысалдардың өзінен-ақ техникалық терминдерді қалыптастыруға белсенді қатысып жүрген жұрнақтарды анықтауға және олардың түбір сөзге жалғану арқылы оған үстейтін мағыналарына сай қандай ұғымға атау болатындықтарын анықтауға болады.

Сонымен бірге біз жоғарыдағы кестеде тек төл сөздерге жұрнақ жалғану арқылы жасалған терминдерге тоқталдық. Ал техника саласында кірме терминдер құрамындағы түбір

тұлғасы өзгеріссіз қалып, қосымшасы қазақ тіліндегі баламасымен алмастырылуы арқылы жасалған терминдер жеткілікті.

Қорыта айтсақ, техникалық терминдерді жасауда морфологиялық тәсілдің өзіндік орны бар. Әлемдік тілдер арасында жалғамалы тіл тобына жататын қазақ тілінде жаңа атау жасауда сөз тудырушы жұрнақтардың термин жасауда да үлесі мол екендігі нақты мысалдар негізінде жүйеленді.

1. *Ысқақова, Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі, 1991-384б.*
2. *Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы ОӘК. - Алматы: Қазақ университет, 2007-192 б.*
3. *Ә.Әміров. Термин жасауда белсенділік танытатын кейбір жұрнақтар туралы// ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. № 43.*
4. *Ш. Құрманбайұлы. Терминдер сөздігі (Бекітілген терминдер)/ Словарь Терминов (Утвержденные термины). - Алматы: Зият-Пресс, 2007. -232 б.*
5. *Қазақша-арысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Машина жасау.- Алматы: Рауан, 2000. - 328 б.*

Резюме

В статье рассматривается роль морфологического способа словообразования в появлении технических терминов казахского языка. Морфологический способ словообразования встречается в языкознании всех народов мира. Это один из древних и активных способов словообразования. Автор, изучая различные способы терминообразования морфологическим способом, определяет важную роль этого процесса в формировании технических терминов казахского языка. Для этой цели использует труды известных ученых, а также словари технических терминов.

Summary

Role of morphological method of word formation in appearance of technical terms of the Kazakh language is considered in the article. Morphological method of word formation meets in linguistics of all people in the world. It is one of the most ancient and active methods of word formation. Author, studying different methods of terms formation by morphological method, defines important role of this process in formation of technical terms of the Kazakh language. For this purpose author uses works of famous scientists and dictionaries of technical terms also.

ТІЛ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАНЫМ САБАҚТАСТЫҒЫ.

Э.Н. Оразалиева -
филол. ғыл. д.,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы мемлекеттік саясат ұлттық мектебі «Үштілділік» бағдарламасының жетекшісі

Әлеуметтік танымның қажеттілігі тілдің шығу тегін зерттеу, оның табиғатын сұрыптау, өзге тілді меңгеру, базис пен қондырма мәселелерін анықтау, яғни адамның бар болмыс-табиғатын түсіну-түсіндіру процестерінің шешілу мүмкіндігімен сараланады. «...таласы көп сөздер әлеумет мәселелері турасындағы пікірлерде болады. Тұрмыс мәселесі - тоқсан түйіннің тоғысып шиеленісетін жері. Оны дұрыс шешуге көпті көрген көсем болуға керек. Адамның, халықтың, я бір таптың мінезін, құлқын, салт-санасын, жан жүйесін, ой жүйесін, тарихын, мұң-мұқтажын жақсы білетін дана болу, ғалым болу керек. Тұрмыс мәселелері деп қандай мәселелер айтылады? Тұрмыс мәселесі деп айтатын, айтылатын шын адамшылық мәселесі, өмір мақсатының мәселесі, яғни өмір бақытты болу мәселесі, ошақ басының, жұрт қамының, мемлекет жайлылығының, дүние тыныштығының мәселесі»[1; 221-б.] деп қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі А.Байтұрсынұлы ұсынған мәселелер жіктемесіне назар аударсақ, адам атаулының қоғамдағы, күнделікті тіршіліктегі жүзеге асырар қызмет-қасиеттері оның әлеуметтік танымын айқындауға, когнитивтік бірліктерді қоғамдық ұғымдармен сабақтастыруға мүмкіндік береді. Қоғам мен адам арақатынасы, ең алдымен, тілдік құралдар арқылы көрініс табатындықтан, жеке тұлғалардың қатысымдық әрекеті, топпен араласу қабілеті, қоғамда атқарар қызметі, соған орай анықталар әлеуметтік жағдайы - барлығы дерлік тіл арқылы, тілдік қатынас негізінде дәйектелетін экстратанымдық факторларды құрайды. «Тілдік жағдай» ұғымының астарында да осы аталған фактілер жинақталып, жүйеленетіні сондықтан болар. Адамдар тіл арқылы құрылымдық не болмаса формалық өзгешеліктерді ғана емес, ең бастысы, сол тілді пайдаланушылардың ұлттық психологиясын, мәдени даму үлгісін,

әлеуметтік негіздерін танып білу қасиетіне ие болады, сол себепті тілдің шынайы болмыспен, қоршаған әлеммен, өркениетпен, адам жаратушысымен байланысы ғалымдар назарын ғылыми қалыптасудың алғашқы кезеңдерінен бастап өзіне аударды. Ежелгі үнді, грек, қытай ойшылдары да тіл табиғатын зерделеуде адам мен қоршаған орта ұғымдарының байланысын негізге ала пайымдады. Айталық, Платон өзектеген мәселелер қатарында «Сөздер танымның құралы бола ала ма? Олар тілден сырт жатқан болмыспен байланысты ма?» деген сауалдар қарастырылып келді.

Қоғам мүшесі туралы толыққанды мәлімет жинау үшін, оның өмір сүру ерекшелігін, әлеуметтік ойлау жүйесін, бойында тұнып жатқан сан алуан қабілеттер желісін айқындап алу қажет. Адам мәңгі қозғалыста жүретін жаратылыс иесі ретінде ұғынылатындықтан, әлеуметтік танымның ұстанымдары да сол қозғалыстың динамикалы сипатына, латентті мінездемесіне қатысты, яғни жеке субъектілердің өмірі де, мәдени қалыптасуы да өзара байланыссыз тізбектер жиынтығы емес, олар бүтіннің бөлшектері, әлеуметтік дамудың құрамды бөліктері деп танылады. Шынайы болмыс, қоршаған орта өзгерген жерде танымның өзі де, оның дереккөздері де өзінің қалыпты жағдайынан ауытқып, нәтижесінде әлеуметтік заңдылықтардың жаңа теориясы қалыптасады, өзгеше бағыт-бағдары анықталады. Осындай өзгерістер қатарында әлеуметтік танымның тілдік құралдарын атауға болады. Ғалым А.Байтұрсынұлы дәйектеп өткендей, олар «Адамның, елдің, жұрттың басындағы келіссіз ғамалдарын, мінездерін айтып көрсету, халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы тиетін нәрсе» [1; 227-6.] болғандықтан, тіл қоғам мен оның даму ерекшелігін сипаттайтын әрі оның адамзат жадында сақталар нормаларын белгілейтін құндылықтардың бірі болып табылады, сондықтан тілдік деректерді жинақтау, олардың экстратанымдық ұстанымдарын саралау, ең бастысы, қоғамдық маңыздылығын уәждеу қазіргі лингвистикалық зерттеулердің қажет дінгегін құрайды. «Әрбір халықтың тарихында үлкен әлеуметтік, қоғамдық, мәдени өзгерістер дәуірі болатыны хақ. Халық тарихындағы осындай өзгерістер сол халық тілінің сөздік қорына әсерін тигізбей қоймайды. Өмірге қанша жаңалық, қанша жаңа зат пен жаңа ұғым қосылса, тілге де соншама жаңа сөздер мен сөз тіркестері қосылып отырады» [2; 103-6.], - деп ғалым Ш.Сарыбаев ескерткендей, тіл дамуын айғақтайтын бұл өзгерістер халықтың тілдік қорынан ғана емес, өмірлік тәжірибесінен де, мұрагерлік қазынасынан да орын алары анық.

Когнитивтік әлеуметтану мен әлеуметтік тіл білімі мәселелерін сабақтастырудан туындаған бұл бағыттың да бүгінгі күні өзіндік ұстанымдары да, тұжырым-қағидалары да өзекті тақырыптарға ұласып, маңызды тілдік зерттеулерге арқау болып отыр. «Халықтың әдеби тілінің қалыптасып, дамуы сол халықтың әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты... Әдетте қоғамның азаматтық тарихының тіл дамуына әсері едәуір кідіріспен, кешеуілдеп жүреді. Әлеуметтік-саяси, идеологиялық өзгерістер болған күннің ертеңіне тіл өзгеріп шыға келмейді. XIX ғасырдың II жартысынан бермен қарай қазақ халқының әлеуметтік-саяси өмірінде не бір өзгерістер, жаңалықтар болып өтті, бірақ тіл өзінің негізгі сипатын түбегейлі өзгерткен жоқ, рас, сөздік қазына молықты, грамматикалық нормалар тұрақтала түсті, функционалдық стильдердің жеке белгілері айқындала түсті т.т. ...», - деп атап көрсетеді тілші Р.Сыздықова [3; 23-6.]. Шын мәнінде, тіл мен қоғамның байланысы, бір-біріне әсер ету ерекшеліктері бір күнде не бір мезетте байқала қоятын қатынастар құрамына енбейді. Ол үшін қоғамдық-саяси жағдайлардың деңгейін, әсер ету күшін әрі танылу сипатын сұрыптайтын арнайы уақыт керек, өйткені тіл адамзат жаратылысының негізі ғана емес әрі сол адамдар өмір сүретін қоғамның, қарым-қатынас нормаларының сарапшысы да бола алады. «Заман қозғалысы тілді де қозғайды» деп тұжырымдаған Р.Сыздықтың ғылыми-танымдық талдаулары әлеуметтік тақырыппен, қоғамдық фактормен тығыз байланысты. Тіл табиғатын анықтау, оның таныммен байланысу нормаларын сұраптау мәселелерінің бүгінгі күні әлеуметтік және саяси ықпалмен түсіндіріле зерттелуі тілдік танымның уақыт пен заман сұрыптаған заңдылықтармен ұштасуы деп түсіндіруге болады. Оның айқын айғағы ретінде осы кезге дейін тілшілер лексикалық қабаттың өзгеру, толығу жолдарын талдап, сөздік құрамға енген бірліктердің кірігу уәжін айғақтауды мақсат етсе, қазіргі тілдік ізденістердің дені экстратанымдық себептердің тарихи тұрғыдан дәйектелген, пәлсапалық болмыс тұрғысынан айқындалған әрі әлеуметтік сана тарапынан қабылданған қорытындыларына негізделіп келеді. Бір жағынан, «сөздік құрамның дамуына әсер ететін факторлар - қоғамның әлеуметтік құрылысының өзгеруі, өндірістің, мәдениеттің, ғылымның дамуы» деп талданса [4; 62-6.], екінші жағынан, қазақ әдеби тілдің қалыптасуы мен даму тарихы «қоғамдық сананың», «патриоттық танымның», «халықтардың өзін-өзі тану санасының оянуының» жемісі деп танылды.

Сондықтан автор «Қоғам өмірімен етене қабысқан тіл - сөйлеу тәжірибесі, оның лексикасы сол қоғамның тыныс-тіршілігіне орай әр алуан тематикалық серияларға бөлініп, бірқатарының мағыналары өзгеріп, енді бірсыпырасы тұрақталып, терминденіп жатады. Қысқасы, лексиканың белгілі бір топтары сол қоғамның сол дәуірдегі мазмұн-мәнін көрсететіндей дәрежеде қызмет етеді...» [4; 141-6.] деп тұжырымдайды. Демек, әлеуметтік таным - тілдік қордың молаюына, сөйлеу тәжірибесінің қалыптасуына тікелей әсер ететін экстралингвистикалық фактор. Ол

«әлеуметтік диссонансты (кереғарлықты)» [5; 72-6.] көрсететін, қоғамдық сананы қалыптастыратын қозғаушы күш бола тұра, тілдік бірліктердің қоғамдағы орны мен қызметін, әлеуметтану саласына қосар өзіндік үлесін сұрыптауға мүмкіндік беретін когнитивтік ұғымдардың бірі болып табылады, сол себепті «әлеуметтік танымды ішкі сәйкестіктері бар көп деңгейлі үрдіс» [6; 7-6.] ретінде қарастыру қажет.

Адам белгілі бір қоғамның мүшесі, ұлттық-мәдени дамудың жемісі болғандықтан, оның танымдық әрекеті де, бойындағы психологиялық өзгешеліктері де алуан түрлі әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпалымен түсіндіріледі. «Бүгінгі күні эмоцияны білдіру кезінде байқалатын ерекшеліктер тек биологиялық дамудың нәтижесі ретінде ғана емес, әртүрлі әлеуметтік топтардың, ұлттар мен кәсіпкерлердің байқатар өзіндік көрсеткіштері деп те танылуда. Әр жастағы балалар өз сезімдерін әртүрлі білдіреді, ол үшін әр басқа қимылдар мен сөздерді пайдаланады. Сол сияқты әркелкі тарихи кезеңдерде адамдар өз сезімдерін өзара ұқсамайтын дәрежелерде көрсетіп отырады... Сонымен қатар әр халықтың да өзіндік ұлттық ерекшеліктері қалыптасқан әдет-ғұрыптарында, дәстүрлі салттарында көрініс табады...» [7; 26-28-66.], - деп көрсетілгендей, физиологиялық жағынан біртекті болып келетін адам атаулының өзі алуан түрлі факторлардың ықпалымен әр келкі дамып, әр келкі қарым-қатынас жасайды, өзінің ішкі сезімдерін де әр басқа танытады. Сондай әсер етуші күштердің бірі - адам өмір сүретін қоғам мен сол қауымдыстық орнататын заңдылықтар. Таным да осы аталған фактілердің ара-салмағымен өлшенеді, сондықтан жалпы танымдық тұжырымдамалардың қатарында когнитивтік әлеуметтану мәселелері де өз алдына оқшауланып тұрады. Когнитивтік әлеуметтану дегеніміз - жеке адамдар мен топтардың ойлау әрекетінде қалыптасатын, орын алатын әлеуметтік ерекшеліктерді зерттейтін ғылым саласы. Бұл бағыттағы алғашқы еңбек 1973 ж. А.Сикурелдің дайындауымен жарық көрген. 1997 ж. саясаттанушы Е.Зерубавел «Когнитивтік әлеуметтануға шақыру» атты жұмысында когнитивтік әлеуметтанудың синхронды негіздерін анықтау мақсатында төмендегідей мәселелердің зерттелуі қажеттігін атады:

- жеке тұлғалардың ойлау әрекетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіру;
- әлеуметтік конвенцияларға талдау жасау;
- хабарды қабылдау барысында байқалатын әлеуметтік шарттарға назар аудару;
- жеке субъективті мәселелерге қатысты анықталатын талғам ұғымының анықтамасы, ерекшелігі;
- мағына мен мазмұн ұғымдарының типологиялық және құрылымдық негіздерін құрайтын жіктеменің әлеуметтік негіздерін оқып үйрену;
- аса құнды және қажет оқиғаларды, құбылыстарды не болмаса процестерді жадына сақтаудың әлеуметтік ұстанымдарын зерттеу;
- уақыт, заман, қоғам мәселелерінің әлеуметтік даму шарттарын саралау [8; 1-6.].

Дәстүрлі әлеуметтану мәселелеріне қарағанда, оның таныммен сабақтасқан саласы жаңа ғылыми ұстанымдар мен ұғымдардың пәнаралық негізде қалыптасып дамуына әсер етті. «Әлеуметтік таным» астарында қоғам, тұлға, сана секілді үштік одақтың байланысы жатқандықтан, зерттеушілер жаңа танымдық әдістер мен бағыттарды қолдана отырып, когнитивтік ғылымның тағы бір маңызды да құнды деректанымдық жүйесін сұрыптады. Соның негізінде әлеуметтану когнитивтік психология, когнитивтік лингвистика, когнитивтік антропология, жасанды интеллект теориясы сияқты ғылым салаларымен бірлесе дами бастады. Оған Ч.Лумис, Р.Аксельрод, С.Московичи, Р.Будон сынды әлеуметтанушылардың еңбектері дәлел бола алады. Жүйелі ізденістердің нәтижесінде жаңа терминдер дүниеге келіп, әлеуметтану ғылымында кең қолданыс тапты, айталық: «когнитивизм», «социо-когнитивтік үрдіс», «когнитивтік талдау» және т.б. Танымдық бағыттың өзектелуі арқылы қоғамтанудың адам санасының қалыптасуымен, жады қызметінің қажеттілігімен, қоршаған орта, әлемнің тілдік бейнесі, қабылдау мен пайымдау сияқты ұғымдармен үйлесімді ұштасқан тұжырымдары айқындалды. Ғалымдар антропология негіздерін әлеуметтік қалыптасумен, экстратанымдық дамумен байланыстыра келе, адам санасында жүзеге асып отыратын процестерді бүтіннің бөлшектері, динамикалы өсудің нәтижесі деп қарастыру қажеттігін дәлелдеді. «Ұжымдық жады - әділдікке негізделген шарттардың қайнар көзі. Соның арқасында жеке тұлғаларға тән жадының құрылымдық, ұстанымдық өзгешеліктері негізделіп, өзіндік құндылықтары сұрыпталады» [9; 61-6.], - деп зерттеуші О.Т.Лойко айқындағандай, адамды қоршаған дүние, орта - барлығы оның жеке тұлғалық болмысын, аксиологиялық танымын, рухани өрісін қалыптастырады. Әлеуметтік жадының функционалды-прагматикалық, ұлттық-мәдени, табиғи мінездемесін зерттеген автор жадыда сақтау мен ұмытудың өзін өмір мен қоғам қажеттілігінен туындайтын фактор деп қарастырды. Мәселен, ұмыту сөзінің орыс тіліндегі баламасына талдау жасағанда, О.Т.Лойко, ең алдымен, сол сөздің дыбысталу ерекшелігіне мән берді: «забыть» және «за-бытия» деген мағыналардың негізінде жатқан «болмыс» сөзі бұл құбылыстың тек

уақыттық немесе мезгілдік көрсеткішін ғана емес, сонымен қатар сыртқа көрінбейтіндей, жасырын күйде сақталып отыратын ерекшелігін дәлелдейді деп тұжырымдады. Оны ғалым «жады мен естен шығарудың арасындағы дихотомиялы, яғни екі жақты әрекеттің көрінісі», «адам санасында сақталар ішкі қордың латентті не болмаса құпия дамуы» деп түсіндірді [9; 19-6.]. Автор генетикалық және әлеуметтік жадыларды өзара салыстыра отырып, екіншісін танымдық және тәжірибелік әрекеттер қоры деп қараған дұрыс деген қорытындыға келді. Адам жадында сақталар мәліметтер қазіргі, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің негізінде ғана емес, әртүрлі тарихи дәуірлер мен кезеңдердің үлгісінде көрініс тауып жинақталатындықтан, әлеуметтік жадының құрылымдық сипаттамасына ғалымдар қабылдауды, жасыруды, сақтауды, қолдану қажеттігіне орай сыртқа шығаруды жатқызып келді, сол себепті зерттеушілер жадының қоғамдық өзгешелігі деген мәселе шеңберінде символ мен метафора ұғымдарына да зер салды, оларды әлеуметтік жадының мазмұндық хабаршысы, танымдық сабақтастырушысы ретінде бағалады. Олар «Метафора салыстыруға негізделген құрал бола тұра, бұрыннан орныққан, бірақ әр кез қалыпты жағдайда қабылдана бермейтін қоршаған орта байланыстарын танудың көзі болып табылады, өйткені метафораланудың өзі адам болмысымен өлшенеді» [9; 156-6.], - деп тұжырымдады.

Тану мен қабылдау бір жағынан қоғамдық, екінші жағынан ұлттық-мәдени көрсеткіш болғандықтан, әлеуметтік танымның көкейтесті мәселелері қатарында ғалымдар «этнос» ұғымына назар аударды. А.К.Бондарев «Этнос» маңызды ғылыми және іскерлік тәжірибеде» атты мақаласында аталмыш терминнің қолданылу аясын салыстыра келе, оның қоғамдық, ұжымдық сана тұрғысынан зерттелу ерекшелігіне тоқталды. «Этнос» - көне грек пәлсапасында танылған терминдердің бірі. Кезінде А.Лосев те бұл сөздің «мінез-құлық» деп аударылу өзгешелігіне назар аударған, ал ангика эстетикасында әрі өнертану саласында ол «стиль», «ерекшелік», «индивидуалдылық» секілді мағыналарда қолданған... «Этнос» ұғымының аясы кеңейе келе, ол адамның ішкі қадір-қасиетіне негізделген ұжымдық сананың құнды бөліктерін құрайтын құбылыс ретінде таныла басталды...» [10; 33-б.]. Сонда әлеуметтік тұрғыдан этнос «белгілі бір мәдениеттің құндылықтары мен идеалдары» болып табылатынын ескерсек, қоғамдық сана мен танымды да сол мәдени-этникалық дамудың бір бөлігі ретінде қараған дұрыс. Демек, танымның әлеуметтік негіздері қоршаған әлемнің адамға әсер етуінен әрі жеке тұлғалардың сол дүниемен және бір-бірімен қарым-қатынас жасау өзгешеліктерінен туындайды. «Идеология дегеніміз - белгілі бір топтың яки саяси партияның өзі өмір сүрген қоғамның мүдделерін білдіретін саяси, праволық, моральдік, діни, көркемдік, философиялық көзқарастар жиынтығы» [11; 42-б.], - деп аталып көрсетілгендей, қоғам, әлеумет, халық, саясат, идеология секілді ұғымдар адамзат дамуына қажет шарттардың бірі болып табылады.

Олай болса, әлеуметтану мен пәлсапа, психология мен лингвистика т.б. ғылымдардың нысанын құрайтын қарым-қатынас қоғамдық дамудың да ажырамас бөлшегін құрайды. Қазіргі танымдық теорияның негізінде жеке тұлғалық сананың субъектаралық және қатысымдық әрекеттері жататындықтан, кез келген адамды қоғамдық арақатынастар жемісі деп зерттеген дұрыс. Тіл адам қоғамында өмір сүріп, оның «қажетін» жүзеге асыратын құрал болғандықтан, тіл білімінің әлеуметтік лингвистика деп аталатын саласының атқарар қызметі де, ғылыми маңызы да ерекше. XIX - XX ғғ. бастап, лингвистикалық бағыттар мен мектептердің бірі ретінде негізі қаланған бұл саланың бүгінде өз нысаны, мақсат-міндеті, заңдылықтары қалыптасып орныққан. Әлеуметтік лингвистика тілдің қоғамдық сипатын, стильдік саралануын, әлеуметтік ерекшелігін, қоғамдағы қостілділік, көптілділік мәселелерін, тілдік жағдай, тілдік саясат ұғымдарын және т.б. айқындауға мүмкіндік береді, анығырақ айтқанда, тілші Э.Д.Сүлейменова «Әлеуметтік лингвистика - тілдің қоғамдық қызметтерін, әлеуметтік шартталған белгілері мен заңдылықтарын кешенді түрде зерттейтін қазіргі тіл ғылымының маңызды бағыттарының бірі. Ол тіларалық байланыс жағдайындағы кез келген тілдің өмір сүру формасына, қоғамдық қызметінің ауқымы мен сипатына қатысты айқындалатын тілдердің қызмет ету ерекшеліктерін қарастырады» [12; 42-б.], - деп анықтама береді. Тілдің қоғамдағы орны, әлеуметтік таныммен байланысы оның қатысымдық деңгейімен, нормалану дәрежесімен, құқықтық мәртебесімен, конфессиялық ерекшелігімен, оқытылу, меңгерілу сипаттарымен өлшенетіні сөзсіз.

1. *Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1989,- 320 б.*
2. *Сарыбаев Ш. Қазақ, тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. - Алматы: Арыс, 2000. - 624 б.*
3. *Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1993. -319 б.*
4. *Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. - Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.*
5. *Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы: Арыс, 2004. - 208 б.*
6. *Поляков И.В. Знаковые системы в социальном взаимодействии и познании. - Новосибирск: Наука, 1983. - 192 с.*

7. *Рогов Е.И. Эмоции и воля. - М.: Владос, 2001.-240 с.*
8. *Zerubavel E. Social mindscape. An Invitation to cognitive sociology. - L.: Harvard University Press, 1997.*
9. *Лойко О. Т. Феномен социальной памяти. - Томск: Изд. Томского университета, 2002. - 256 с.*
10. *Бондарев. «Ethos» в глобальной, научной и деловой практике. - http://anthropology.ru/ru/texts/bondarev/ethics_10.html.*
11. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4 том. - Алма-Ата: Ғылым, 1979. - 671 б.*
12. *Аканова Д. [США], Сулейменова Э.[Қазақстан]. Русский язык и новая языковая политика в Казахстане [1991-2001]. // Studia Slavica. Kazakhstan. Доклады казахстанской делегации на XIII Международном съезде славистов. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 64 с.*

Резюме

В статье рассматриваются и анализируются проблемы языка и социальные познание в научном аспекте.

Summary

In article problems of language and social knowledge of scientific aspect are considered and analyzed.

ПРОБЛЕМА УРОВНЕЙ ЭТИЧЕСКИ ОРИЕНТИРОВАННОГО И МИФОЛОГИЗИРОВАННОГО ДИСКУРСА В СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКЕ И ТЕОРИИ КОММУНИКАЦИИ

Н.С. Шадрин - к.филол.н., доктор психологических наук, профессор кафедры психологии и педагогики Павлодарского государственного университета им. С.Торайгырова.

Х.Х. Нурсеитова- к.филол.н., доцент кафедры иностранной филологии Павлодарского государственного университета им. С.Торайгырова

«Дискурсивный поворот», начавшийся, по всеобщему признанию, в современной лингвистике, может быть окончательно осуществлен и завершен лишь тогда, когда мы не ограничимся описанием многообразия подходов к феномену дискурса в разных концепциях и в разных научных дисциплинах, но постараемся свести содержание научных представлений о нем к какому-то единому «общему знаменателю». На наш взгляд, довольно удачный синтез различных концептуальных представлений о дискурсе был осуществлен Н.Н. Мироновой в монографии «Дискурс-анализ оценочной семантики» [1], а также в работах В.З. Демьянкова [2] и других.

С этих позиций дискурс - это вид речевой коммуникации, выступающий как текст, актуализированный для определенных социальных условий, а также особая коммуникативная практика («коммуникативное действие», по Хабермасу), характеризующаяся определенной «стратегией» (по другой терминологии, «макро-стратегией», «интенцией») и выражающая и созидающая некий общий для автора дискурса и его интерпретатора «мир» как основу их взаимодействия.

Из наличия в дискурсе некой *стратегии* (в иной терминологии, реализуемой в долгосрочном плане *интенции*) вытекает то понимание, что в составе дискурса должны присутствовать по крайней мере -----

несколько реализующих эту стратегию высказываний (предложений). Большое значение в дискурсе имеет момент его *аргументированности*, а также связи с определенными *социокультурными условиями* жизни. Из определения дискурса следует, что его нельзя представлять исключительно только как текст; с этой точки зрения термин «дискурс-анализ» не вполне тождествен (хотя и близок по значению) понятию «лингвистика текста» (Textlinguistik).

Таким образом, в целом мы могли бы охарактеризовать общее понятие дискурса наличием у него следующих основных признаков:

1. Наличие *агентов* дискурса;
2. Наличие *макстратегии* развертывания речевых высказываний (или реализуемой в долгосрочном плане *интенции*);
3. Наличие *подъязыка* в данной сфере речевых коммуникаций (то есть определенной семантики конкретного дискурса);
4. Актуализированный для определенных социальных условий *текст*;
5. *Интерактивность*, выражающаяся также и во взаимной дополняемости внутренних миров участников дискурса;
6. Культурный контекст.

Как известно, *прагматика* изучает отношение субъектов-пользователей языка к самой языковой системе и различным формам ее проявления. Почти все дискурсы (политический, научный, критический, этический, юридический и т.д.) характеризуются Хабермасом как прагматические дискурсы, поскольку они реализуют определенные коммуникативные стратегии в более широком поле жизненных задач и потребностей субъектов (*метапрагматика* дискурса).

Дискурс в метапрагматических условиях представлен не только как непосредственно воспринимаемый контекст коммуникации: разговора, интервью, консультации, допроса, дискуссии и т.д., но он охватывает также и более широкие экстралингвистические условия, которые управляют данными ситуациями языкового использования. *Метапрагматика* дискурса выходит, таким образом, за рамки теории коммуникации, ибо акты языкового общения рассматриваются в условиях более широкого контекста, не сводимого к набору экстралингвистических условий отдельного акта коммуникации, в этом смысле они по своей сущности являются прагматическими (или *метапрагматическими*) актами.

Актуализация общего, исходного представления о дискурсе не отменяет факт многоплановости, а также *многоуровневости* этого феномена. С этой точки зрения для нас имеет большое методологическое значение следующее высказывание И.А. Мальковской, подчеркивающее возможность реализации дискурсивных практик *на разных уровнях*: «В пространстве коммуникации пересекаются и формируются интересубъективности *различного уровня* (курсив наш - Авт.) и природы» [3, с. 12].

Постановка вопроса о разных уровнях дискурса правомерна не только исходя из положений системного анализа (наличие иерархии уровней организации любых систем), но и исходя из анализа современных работ. Так, П. Серию в свое время ввел представление о «советском дискурсе» как «новоязе», для которого характерны такие черты, как «номинация» и «сочинительство»; на особенности такого «дискурса», тесно связанного с политической демагогией, указал и Ю.С. Степанов [4].

Н.Н. Миронова, выделяющая «аксиологический» (оценочный) аспект почти во всех видах дискурса (политический, критический, реклама, в том числе книжная реклама и т.д.), выделяет особую форму «отрицательных критических дискурсов», когда в качестве приема воздействия на сознание реципиента признается «не убеждение, а манипулирование» [1, с.38]. В то же время Н.Н. Миронина, заострившая основное внимание на издержках политического и литературно-критического дискурса советского периода, не отрицает, что и в «демократическом обществе» оценочный дискурс (в ее понимании это любой «критический» дискурс) может также исходить из предвзятых оценок, которые «связаны скорее с корпоративными, материальными (по сути дела клановыми - Авт.) интересами» [1, с.63].

Поэтому мы считаем возможным условно выделить два основных уровня дискурса (с точки зрения меры его развитости, этичности, ответственности, «цивилизованности»): его высший уровень - это *этически ориентированный дискурс*, нацеленный на честную и открытую дискуссию и достижение максимального консенсуса, и дискурс низшего уровня, *мифологизированный дискурс* (неискренний, склонный к «сочинительству» и манипулированию сознанием реципиентов, к формированию у них представлений, не соответствующих никакой предметной реальности, но выгодных с точки зрения определенных материально-групповых интересов).

Что касается формы *этически ориентированного дискурса*, то здесь следует учесть высокие оценки идеи «этики дискурса» Ю. Хабермаса со стороны уже упомянутой И.А. Мальковской, которая в целом приемлет многие его подходы к пониманию проблемы дискурса.

Хабермас не только сформулировал принципы «этики дискурса», но выделил и описал особый «этический дискурс», а также «юридический дискурс», который, по его мнению, может проявляться при организации судебных заседаний (речь прокурора, защитника, выступление экспертов и т.д.) и является ярким примером «институализации» дискурса.

Институализация дискурса, по Хабермасу, может принимать и негативные формы, что связано с властью корпоративных, бюрократических группировок, которые способны, к примеру, «похоронить» любую плодотворную дискуссию в политике и свести ее результаты на «нет». Дискурс, как это общепризнанно, должен существовать *всегда* в форме как институционального, так и неинституционального дискурса.

В полной мере мы относим это и к **гендерному дискурсу**, институциональность которого в какой-то мере реализуется через другие социальные институты; это, в частности, институты социализации личности, одним из **направлений** деятельности которых является воспроизводство половой (гендерной) идентичности (институт семьи, институт образования, всегда занимавшийся проблемами полового воспитания и т.д.); в какой-то мере это и институт искусства, религии, СМИ, рекламы и т.д. И хотя трудно назвать социальный институт, который **особым образом** занимался бы проблемой воспроизводства пола (генедера), однако циркулирующие в обществе гендерные нормы поведения опосредованно обеспечивают определенную меру **институализации** гендерного дискурса, которая в целом является скорее **интердискурсивный**. Кризис норм поведения (аномия, по Р. Мертону), характерный сейчас для гендерной сферы, несколько затрудняет институализацию гендерного дискурса.

Основной идеей Хабермаса была, конечно, не идея институализации, а идея «свободной», гуманитарно ориентированной «общественности», способной организовывать свободные публичные дискуссии на основе упомянутой «этики дискурса». Суть этой этики выражается Хабермасом в форме «принципа универсализации»: «Та или иная норма (установление, вокруг которого идет дискуссия - Авт.) лишь тогда считается оправданной, когда она «в равной мере хороша» для каждого из тех, кого она затрагивает. А так ли это, должны в реальном дискурсе установить сами затрагиваемые ею лица» [5, с. 108]. При этом при организации дискуссий исключительно значимы не только развернутые «аргументации» субъектов дискурса, но и учет различий между «миром» (объект дискуссии, находящийся «перед лицом» ее участников) и «жизненным миром» (Lebenswelt), который остается за их спиной как некий бессознательно принимаемый **общий** контекст. В этот контекст входят и «культурные ценности», которые «пронизывают ткань повседневной коммуникативной практики» и от которых субъекты дискурса не могут вполне абстрагироваться [5, с.268].

В работах И.А. Матьковской мы встречаем также «дискурсивные матрицы», пригодные и для анализа дискурса **низшего уровня**, или **«мифологизированного дискурса»**, в который входят уже упомянутые «дискурс-сочинительство», «негативный оценочный дискрс» и т.д. При этом эвристически продуктивна увязка дискурса этого уровня со стороны И.А. Мальковской с особыми формами «мифологического сознания» в современную эпоху, а также с концепцией «симулякра» Ж. Бодрийера.

Действительно, различные симуляции, распространенные сейчас в повседневном общении индивидов и в их дискурсивных практиках, в том числе в сфере СМИ, рекламы, способны придавать отчужденно-фальшивый, лживый и **мифологизированный характер** любым сообщениям, идущим от коммуникатора к реципиенту и соответствующим формам дискурса. Обычно они **опосредствованы** особого рода ложными представлениями, образами, словесными формулировками, речевыми конструкциями и т.д., которые Ж. Бодрийер удачно назвал **«симулякрами»**.

Само слово «симулякр» происходит от латинского слова *simulo* («делать вид, притворяться») и означает «копию, не имеющую аналога в реальности». С психологической точки зрения **симулякры** можно трактовать как формы «опосредствования высших психических функций» человека наряду со **знаком, словом** и пока мало изученными психологами **символами**, на что правильно указал В.П. Зинченко. Проблема же **симулякра** в психологии пока может быть **только поставлена**.

Распространенность симулякров связана с понижением меры ответственности основных агентов дискурса (например, журналистов, создателей рекламных текстов и т.д.). В практике СМИ нередко наблюдается известная обобщенность и размытость (для журналиста) **образа реципиента** (читателя, телезрителя и т.д.) и одновременно **обезличенность образа самого коммуникатора**, интерпретируемого получателем информации. «Почему «КТО говорит», - справедливо вопрошает И.А. Мальковская, - всегда не очевидно и склонно к бесконечной редукции, к превращению в множество безликих «кто», скрытых за «ЧТО»? ...В конечном счете, коммуницирует коммуникация... Личное исчезает за кулисы, уходит в тень, не ведая, что творит, или же растворяется в корпоративном» [3, с.201].

Анализируя формы мифа И.А. Мальковская приходит к выводу, что мифотворчество в современных СМИ, рекламе имеет особый характер: с одной стороны, используется наглядно-

образный,

Абай атынаскы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, Л(32), 2Ш0ж

как бы «очевидный» характер репрезентации информации, характерный для мифа, но в отличие от древних, сакральных мифов формирование «мифологических» представлений о чем-либо или ком-либо тут идет на рациональной основе, более соответствующей стилю современного научного мышления. (К примеру, ставится задача подать образ такого-то человека, например, конкурента по бизнесу в таком-то и таком-то свете, независимо от фактической стороны дела, которая тут же полностью или частично «придумывается»). По удачному выражению А.В. Смирнова, симулякр можно представить как наглядную «конструкцию, формально представляющую собой некую бессмыслицу», хотя она «выступает в несвойственной ей роли означающего» [7, с.121]. Так, бессмысленным является приписывание определенных поступков конкретному человеку, совершенно не соответствующих природе его характера и его жизненным обстоятельствам, но тем не менее это происходит путем создания соответствующего симулякра (сплетня, «заказная» статья в прессе и т.д.).

Одна из причин «мифологизированное™» дискурса состоит в уже упомянутой ориентации индивидов на узко-материальные, кланово-корпоративные «потребностные смыслы», от реализации которых зависит их элементарное *существование* и выживание (но отнюдь не их «бытие-в-мире», связанное с ценностно-ориентированными смыслами и проектами!).

Культура, по Д.А. Леонтьеву, вообще выступает формой *трансляции личностных смыслов* [8, с.412-415], однако, на наш взгляд, если *искусство* «транслирует» *в первую очередь* различные *ценностные* смыслы личности, что проявляется в *художественном дискурсе*, то такая сфера культуры, как реклама, транслирует (нередко «раздувает») лишь элементарные *потребностные* смыслы. (Различие между теми и другими нами было уже показано [9, с.85-86]). «Образ человека желающего..., сделавшего свой выбор в пользу сексуальности, а не духовности, - отмечает И.А. Мальковская, - скитается в клипах коммуникации. Содержательная сторона (коммуникации - Авт.) обращена к человеческому фрагменту ... к телу, чувственности, успеху. «Личностные смыслы» становятся всеобщими, все более универсальными и поверхностными. И задача ... коммуникации сводится к тому, чтобы охватить как можно больше «личностных смыслов», унифицировав их в один тотальный потребительский (потребностный - Авт.) смысл» [3, с.20]. Такие «раздутые», чрезмерно генерализованные потребностные смыслы в качестве «темы» дискурса обычно опосредствованы именно *симулякрами*.

Сейчас можно встретить немало рекламных текстов, обнаруживающих черты упомянутого «мифологизированного дискурса» и, соответственно, опоры на симулякры. Приведем лишь несколько примеров, взятых из книги специалиста по рекламе Кеворкова В.В. «Слоган».

1. ЦЕНТР СЕКСУАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ (рекламируется магазин «Интим» в Санкт-Петербурге) [10, с. 142].

Соглашаясь с ироническими замечаниями Кеворкова В. В по поводу этого слогана, добавим лишь, что здесь мы имеем явное использование симулякра, то есть, конструкции, имеющей характер бессмыслицы, которая выступает в несвойственной ей роли означающего (В.В. Смирнов). Действительно, магазины (например, продуктовые) никогда не выступали и не выступают в роли трансляторов культуры, они лишь реализуют какой-то товар; к тому же выражение «сексуальная культура» в современном жизненном контексте вызывает явно иронические ассоциации.

2. ВОЗЬМИ ЕЕ ... в кредит ПО ФРАНЦУЗСКИ! (Реклама автомобиля Peugeot) [10, с. 154].

В этом тексте, явно рассчитанном на уровень понимания «крутых», начицо раздувание «потребностных смыслов»; клиенту как бы предлагается распространить свои сексуальные вожделения на ту область жизни, которая к сексу никакого отношения не имеет (покупка средства передвижения). Момент неестественности усиливается и тем, что само слово «автомобиль» в русском языке мужского рода, в силу чего нелепо само словосочетание ВОЗЬМИ ЕЕ... Наконец, автомобиль явно предлагается не «взять», а купить за немалые суммы.

В этих примерах мы имеем дело также и с формой символического насилия, связанного со «способностью одного символического кода (в данном случае кода социальной группы «крутых» — Авт.) вытеснить из индивидуального сознания другой — отличный символический код» [3, с.113] (в данном случае это символический код обычного потребителя, который привык считать магазин магазином, центром культуры - театр, а покупку чего-то за немалые суммы никогда не связывает со словом «взять»)

3. ПОВЯЖЕМ! (Реклама кабельных сетей).

Природа этого симулякра вполне раскрыта в ироническом замечании В. Кеворкова: «Прекрасный девиз для любой фискальной службы, по только причем здесь создание

Что касается **ценностных** смыслов и значений, то их передача опосредствована конечно, уже не симулякрами, а различными **символами**, в первую очередь, **символами художественных произведений**. (В качестве примера образов-символов в литературе А.Ф. Лосев называет образ Прометея, образ «косых лучей заходящего солнца» у Достоевского; более сложный характер имеет образ-символ Сизифа у А. Камю, образ-символ Мефистофеля у Гете и т.д.). Свободное владение **ценностно-смысловой** (символически выраженной) стороной содержания «жизненного мира», стоящего «за спиной» участников различных дискуссий, характерно с этой точки зрения в первую очередь для деятелей искусства (писатели, литературные критики и т.д.). Неслучайно, что именно они и являются, по мысли Хабермаса, основой упомянутой гуманитарно ориентированной «общественности» и могут выступить в качестве субъектов дискурсов высшего (этического) плана, ориентированных на учет долгосрочных интересов и ценностей конкретного человеческого сообщества.

Историческим аналогом всего этого может служить примеры участия казахских жырау (создателей и исполнителей жыров, то есть лирико-эпических произведений, посвященные наиболее значимым событиям и деяниям в жизни народа) в заседаниях ханских советов, выступление которых под обозначенным нами углом зрения можно было охарактеризовать именно как целенаправленный, ценностно-ориентированный дискурс.

1. **Мировна Н.Н. Дискурс-анализ оценочной семантики. -М.: НВИ- ТЕЗАУРУС, 1997. - 158 С.**

2. **Демьянков В.З. Доминирующие лингвистические теории в конце XX века //Язык и наука конца XX века /Под ред. Ю.С. Степанова. — М.: Институт языкознания; Российский гос. гуманитарный университет, 1995. - С.239-320.**

3. **Мальковская И.А. Знак коммуникации: Дискриптивные матрицы. - 2-е изд., испр. - М.: КомКнига, 2005. - 240 с.**

4. **Степанов Ю.С. Альтернативный мир. Дискурс, Факт и принцип Причинности //Язык и наука конца XX века /Под ред. Ю. С. Степанова. - М.; Институт языкознания; Российский гос. гуманитарный университет, 1995.-С.35-73.**

5. **Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие.-СПб.: Наука, 2000.-378 с.**

6. **Смирнов А.В. «Le tale» или Перверсивное тело в рекламном общении //Мужское и мужественное в современной культуре: Научные доклады и сообщения /Отв. ред. Н.Х. Орлова. — СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского гос. университета, 2009. - 200 с.**

7. **Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. - М.: Смысл, 1999. -487с.**

8. **Шадрин Н С. Ценностная регуляция деятельности: социогенез, феноменология, механизмы. - Павлодар: Изд-во ПГУ им. С. Торашырова, 2009. - 360 с.**

9. **Кеворков В.В. Слоган. — М.: Изд-во «РИП холдинг», 2005. — 156 с.**

Түйін,

Мақапада тіл білімі мен психология коммуникациясының дискурс деңгейінің мәселері талқыланады.

Summary

In this article the issue of the discourse level in linguistics and the psychology of communication is analyzed.

ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

ӘДЕТ-ҒҰРЫП ОЙЫНДАРЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

**А.А. Ақажанова -
С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық
университеті**

Қазақтың ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырлары деген жанрдың әдет-ғұрып ойындарына тікелей қатысы бар. Қалыптасқан дәстүр бойынша қыз ұзату, келін түсіру, үйлену,

шілдехана т.б. үлкенді-кішілі той жиын-мерекелерден тұрмыс салт-жырларының орындалу үрдісі, өмірдегі нақты көрінісі ойын түрінде іске асырылып отырған. Ойынның бұл түрін Б.Төтенай әдет-ғұрып ойындары деп атап, оған қыз ұзатқанда және үйлену тойында өткізілетін ойын-сауықтарды жатқызған. Мысалы, үйлену тойында өтетін ойын-сауықтар: «тоғыз аяқ», «тоғыз табак», «жар-жар», «беташар», «құда тарту», «қолұстатар», «шашсипатар», «некеқияр», «кемпірелді», «шымылдықбайлар», «сақинасапар», «есікашар», «атбайлар», «түндіқашар», «итырылдатар», «тоқымқағар», «қынаменде», «қызкәде», т.б. жол-жоралар аталады [121, 17-18 бб.]. Бұған қоса «қызойнақ», «кіндік кесу», «бесікке салу», «шашу», «ас беру», т.б. салттармен байланысты ойын түрлерін атауға болады.

Бұл ойын-сауықтардың «жар-жар», «беташар», «сақинасалы», «күйрық-бауыр асату», «шілдехана», «тұсаукесу» сияқты кейбір түрлері бұрынғыдай болмағанымен, ел арасында қазір де ойналады. Ал көпшілігі ұмыт болып бара жатыр. Сол себепті біз ұмыт болып бара жатқан әдет-ғұрып ойындарының кейбіреулеріне ғана тоқталамыз.

Солардың бірі - **ұрын бару**. Жігіт жағы мен қыз жағы құдаласып келіскеннен кейін, қыздың қалыңмалы төленіп бітісімен не төленуге жақын қалған кезде күйеудің алғаш рет қалыңдығын көру мақсатында қайын жұртына баруын «ұрын бару», «ұрын келу» деп аталады.

Тарихшы-этнограф ғалым Х.Арғынбаевтың пікірінше, «ұрын барудың» негізгі мақсаты жастардың өзара тілдесіп, бет-жүздерін көрісіп, құшақ айқастырып жақындасуы нәтижесінде олардың арасында махаббат сезімін ояту екені даусыз. Көптеген авторлар ұрын баруды күйеудің қалыңдығына ұрланып баруына байланысты деп жаңсақ пікірлер айтады. Біздің ойымызша, бұл атау көне түркілердің *урун* сөзінен шыққан: **бағңырсақны болса бағырқа урун**. «Егер мейірімділік тапсаң оның бауырына кір» (ДТС, с.615) [125, 189-190 бб.]. В.Радлов **ұрун** етістігінің екі мағынасын келтіреді: 1) сағай, қойбал тілдерінде, ұйғыр-шағатай жазбаларында бір нәрсеге тиісу, бір нәрсемен кездесу: **сабук йус урунды пажінжы сабит** (ұйғ.). «С веселым лицом встречает нас пята (планета) Венера»; 2) ұрун (қаз.) жасырын. **Ұрун келеді** - ол қалыңдығына жасырын барды [Рсл., 1т., с.1660-1661]. **Ұрын** сөзінің мағынасы В.Радлов келтірген алғашқы мағынаға жақындайды.

К.К. Юдахиннің пікірінше, қырғыз тіліндегі *урун* лексемасы «ұру, соғу» мағынасында. Етістік түбір ұр-дан шыққан, ср. **бас ұру**. **құлдық ұру**. Бұл тұрғыда **ұрын** моңғолдың *ураг/ураг бололцох* «қыз алысып туысу», *ураг болох* «құда түсу» сөздерімен, осы мағынада саха тіліндегі *урула* сөзімен *урууз* «үйлену тойы» сөздерімен тектес [47, 87 б.]. М.Рясянен, Г.Вамбери, В.Банг, Э.В. Севоргян, Ә.Қайдар **ұрун** сөзінің негізгі жалпытүркілік *ур ұр* «дән, ұрық» сөзінен шығарады. Оның қатысуымен түркі тілдерінде **ұрғашы**, **ұру** (ру), **ұрәм-бұтақ**, **өрән**, **өркен** (жаю), **үрім/ұрым** («Ұлым өссе - үрімге, қызым өссе - қырымға») т.б. сөздер туған [47, 89-90 бб.]. Соңғы екі пікірде (К.К.Юдахин мен Э.В.Севоргян, т.б.) семантикалық байланыс бар деп қарауға болады: етістік түбір *ұр* сөзінде «жақындасу, құда түсу» ұғымдары, ал зат есім *ұр/ұр* сөзінде етістік түбір *ұр*-дың нәтижесі іспеттес «ұрық, ұрпақ» ұғымы қатысып тұр. Ал бұл екеуін (етістік түбір *ұр* мен зат есім *ұр/ұр*) ұрлану мағынасын тудырған *ұр* түбірімен омонимдес тұлғалар деп қарауға болады. Шынында, күйеудің әкесі, күйеу жолдас және 5-6 жігіт атқосшы қосып, қаншама сыйлықпен аттандырса, оны құдалар жағы біліп, алдын ала жеке отау тігіп, қошаметпен қарсы алса, ұрын келуді жасырын, ұрланып келу ұғымына байланыстыру қисынға келмейді.

Үйленуге байланысты көне заманнан белгілі салт атауының бірі - **ілу**. Ілу құдандалы адамдардың бір-біріне сыйға тартатын, құрмет үшін беретін заттарды, тарту [ҚТТС, 10т., 435 б.]. М.Әуезовтің қолданылуында қалыңның бас сыйлығы. Мысалы, **қалыңмал басы Алышбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл ілу деп аталады** (М.Әуезов). Е.Жанпейісовтің түсіндіруінше, **ілу** моңғолдың 1) бесік, 2) сом күміс, алтын мағынасындағы **өлгий** сөзінің қысқартылып, ықшамдалған түрі. Және ол қазақ тілінде ежелгі дәуірдегі күміс ақша, теңге, жамбы мағынасында қолданылған **елгей** сөзімен байланысты. Мысалы, **Екеуің шүйіншімен келдің дейді, Құдай-ай, бір қуаныш көрдім дейді. Мұнымен қоймаймын екеуіңді, Үйден барып берермін жүз елгейді** (Қозы Көрпеш жыры) [47, 80 б.]. Ал **киім** туралы әртүрлі пікір бар. Е.Жанпейісов М.Әуезовтің қолдануына қарап, қалыңдық жағынан құдаларға берілетін сыйлық дейді. Мысалы, **Құнанбай кеп, құда түсіп, Ділдені Абайға айттырған уақытта бас құда Құнанбаға киім деп Алышбай ауылы күміс тартқан. Ол күмістің аты тайтұяқ** (М.Әуезов). Л.З.Будаговтың пікірінше, киім қалыңдық әкесінің құдағиларға сыйлығы [Будсл., II т., с. 183]. В.Радловтың пікірінше, киім: 1) киім; 2) қалыңдық әкесіне берілетін сыйлық [Рсл., II т., с. 1374], «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» бойынша, «құда - құдағиларға киім-кешек түрінде берілетін сыйлық» деп қана көрсетілген [ҚТТС, 5т., 47 б.]. Зерттеушілердің көпшілігі **киім** сөзінің түбірін *ки*, *кю* сөзінен шығарады [47, XI б.]. Ал **-ім** қосымшасын етістік түбірден есім тудырушы жұрнақ деуге болады, ср. *минім* *мину* (*ат* *мину* мағынасында) *мін+ім*.

Үйлену тойында ойналатын ойындардың бірі - **қынаменде**. Қынаменде - күйеуді алғаш рет кездестіру кеші, сондағы ойын-сауық [Абай тс., 419 б.]. **Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. Қыз таныстыр, қызыққа жұрт ыржаңшыл. Қынаменде, жар-жар мен беташар бар.**

Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл [Абай, I кітап, 69 б.]. Қынаменде - қалыңмалы төленген соң, күйеудің атастырған қалыңдығын алғаш рет көруге келген тойы, қалыңдығының аман-саулығының, тазалығының белгісі ретіндегі салтанатты кеш. Осы тұрғыда қынаменде тойының махаббат мұратына тез жету мағынасында символдық мәні бар. А.Тұрышевтың түсіндіруінше, қынаменде сексуалды тәрбиенің бір түрі. Бұл ойын қызойнақ ойынымен мағыналас [126,28 б.]. **Қызойнақ** - бозбала, бойжеткендердің бас қосып өткізетін ойын-сауық кеші [ҚТТС, бт., 556 б.]. *Күйеу келген ауылда қыз-келіншек, бозбала жиналып, қызық тамаша қызойнақ қытақ еді* (Ғ. Мұстафин).

Ұмыт болып бара жатқан әдет-ғұрыптың бір түрі - **қызкәде** ойыны. Қызкәде қызды алуға келген жігіттер тобына және күйеу жігіттің өзіне қайын жұрты тарапынан қойылатын талап-тілекке, дәстүрлі ырымдарға байланысты туған. Мысалы, беташар ойынында қызға қандай талап қойылса, қызкәдеде күйеуге сондай талап қойып, қайын жұрттың алдында басын игізеді, Осыған қарағанда беташар мен қызкәде ойындарының түпкі мақсаты қыз бен жігіттің отбасын құруын екі жақтың ру елі болып жұрт алдында мойындаттырып алу болып табылады. Қызкәде ойынында қыздың жеңгелері мен елінің жігіттері ортасында сәукеле киіп, ұзатылатын қыз тұрады. Осы арада неше түрлі әзіл-қалжың, айтыс басталады. Күйеу жігіт жағы осы сөз таласында жеңсе, қызды алып жүре береді, жеңе алмаса кәдесін береді. Кәдеге разы болмаған қыз жағының жігіттері күйеудің жолдасын (қосшысын) тарта жөнеледі. Суырыла сөйлейтін шешен жігіт, тілмар келіншек тағы да тартысқа түсіп, үлкендердің араласып, басалқы айтуымен әрең дегенде тоқтап, қызды шығарып салады. Қазақта «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген мақал осыдан қалса керек. Қыз ұзатылғаннан кейін «тоқымқағу» дәстүрі бойынша жиналған жұртқа мал сойылып, қонақасы беріледі. Жиналған жұрт таң атқанша отырып, өлең айтысып, ұзатылған қызға деген ізгі тілектерін білдіріп, ата-анасының көңілін көтеретін болған [121, 18-19 бб.].

Ертеде жастардың сүйіп ойнайтын ойындарының бірі - **бастаңғы//бастан**. Бастаңғы - үлкендер жолаушылап кеткенде қалған қыз-келіншектердің бас қосып, тамақ әзірлеп, ойын-сауық құруы [ҚӘТС, 3 т., 69-70 бб.]. *Тогжан үйінің үлкендері жүріп кеткен соң, құрбылары жиналып келіп, бастаңғы істетіп жатыр* (М.Әуезов). Бастаңғы кейбір жергілікті аудандарда (Талдықорған, Семейдің оңтүстік аудандарында) **бастан** болып та айтылады. *Мал сойып жастар ойнап бір жиылар, Қалқаман бастан қыл деп қызға келді, Азар болса бір тоқты шығын шығар* (Ш.Кұдайбердиев). Бұл лексема әртүрлі дыбыстық нұсқада түркі тілдерінің бірқатарында кездеседі: татар диалектісінде - **бастаңғыр** «жаздыгүні жастар кеші», құмық тілінде «бастанғыр». ноғай тілінде - **бастанув** - «қыздар бас қосқан кеш». Орта Еділ бойындағы халықтардың рухани мәдениетін зерттеген Р.Г.Ахметьянов бастаңғы сөзін **бастан кур** «баштандағы (бақтағы) жастар ойыны» сөзінен шығарады. Бастан сөзі парсының бустан «бақ» сөзінен ауысқан деп түсіндіреді [47, 106 б.]. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігінде бастаңғы сөзінің шығу тегін «тамақ жасау, тамақ пісіру» мағынасында шығыс түркі тілдерінің сөзінен шығарады. Алтай, гува тілдерінде *паиштанчы*, «аспазшы», *паиштаныр* «тамақ жасау» [ҚТҚЭС, 57 б.]. В.Радлов телеут тілінен келтірген *чын иолга паишанды* «сәтті жолға аттанды» деген мысалға Қарағанда, **бастан** сөзі жолаушы адаммен байланысты сияқты, ср. телеут тілінде *паишандыр* «жіберді, орналастырды» [Рсл., IVт., с. 1204, 1205]. Бұл пікірлер бастаңғы сөзінің тегі түркілік екенін байқатады. Бастаңғы өте көне сөз, халық этимологиясы бойынша, ол «басты танудан» шыққан, Ауылда қалған адамдарды тағаммен сыйлап, жолаушының «басын таңып» жібермесе, оның басы ауырады-мыс [ҚТҚЭС, 57 б.]. Қазіргі кезде қалалы жерде қыздар, әйелдер бас қосыл кеш жасау әдеті бар, бірақ оны көбінесе орысша *девичник* деп атайды.

Ертеде үлкен ас беру кезінде ойналған ойынның бірі - **түйе шешу**. Бұл ойын мүлде ұмыт болып кеткен. Оның себебі, Б.Төтенайдың пікірінше, кейбір жағдайларда заман этикасына лайықсыз болғандықтан, ойынның өткізілмегендігінде [121, 14 б.]. Түйе шешу ойыны А.Мұрғабаяновтың пікірінше, қазақ, қырғыз арасында ХХ ғ. басына дейін сақталып келген және ас беру дәстүрінің бір элементі болған эротикалық ойын рәсімдерінің бір түрі. Онда өмірдің жалғасымдылығы, жасампаздық магиясының рәміздік бейнесі сақталған. Сол себепті оны әсіресе сексуалдық тұрғыдан табиғи ұятсыздық, әдепсіздік деп бағалаған дұрыс емес. Түйе шешу рәсімінен анайылықты емес, керісінше, ас кезінде тіршілікті жалғастыру қажеттілігі идеясын көрген дұрыс. Басқаша айтқанда, түйе шешу ойыны оргия емес, өмір тойының бір сәті, көшпелілердің дионисшілік мәдениетінің көрінісі [62, 46 б.]. Ойынның қысқаша суреттемесі мынадай. Түйе шешу ойыны әдетте үлкен ас кезінде жүргізілген. Атан түйеге бағалы зат, сый артылып, оны арқанмен қазыққа әбден матап, байлап қояды. Кейбір деректерде тыр жалаңаш, кейбір деректерде жартылай жалаңаш екі қолы байлаулы әйел ереже бойынша тістерімен түйені шешуге тырысады. Пиғылы жүзеге асса, ол түйені де, оған артылған жүкті де өзіне алады. Бұл рәсім-ойынды біршама қашықтықта отырған көрермен жұрт күлкі астында тамашалап отырады [127, 356 б.]. Г.Симаковтың деректерінде қырғыздарда бұл ойынға айғыр рөлін ойнайтын еркекпен, бие рөлін ойнайтын әйел бірден қатысады екен [83, с.120]. Бұл ойын туралы деректерді белгілі суретші Н.Г. Хлудовтың «Бәс тігілген той» атты

Мемлекеттік музейде сақтаулы туындысынан, А.Вайтұрсынұовтың «*Филология ғылымдарының сессиясы*» № 2 (32) 2010ж. сурет туралы рецензиясынан, Ә.Марғұлан, М.Тәнекеев, Р.Кукашов, т.б. еңбектерінен кездестіруге болады. **Түйе шешу** ойыны рәміздік мағынаға толы: түйе - түркі халықтарында тотемдік жануар деп есептеледі және тернарлық әлем құрылымын білдіреді. Қазылған шұңқыр мен оған қағылған қазық, шым-шытырық байланған арқан-жіп, ер-әйел дихотомиясын көрсетеді, жалаңаш әйел - жаңа туылған нәрестемен теңестіріледі. Ойын Орталық Азияда пуритандық ислам талаптарымен біртіндеп, ас рәсімдерінен ығыстырылып, шығарылған. Түйе шешу ойыны қазіргі бұқаралық мәдениеттегі пайдакүнемдік пен нәпсіқұмарлыққа негізделген эротикамен, порнография және жезөкшелікпен үш қайнаса да сорпасы қосылмайды. Бұл жерде исламның әдептік-мәдени функциясының маңыздылығын атап өткен жөн. Арабтардағы қыз баланы өлтіруге қарсы бағытталған ислам шаралары сияқты, мұсылмандық сананың нығаюы көшпелілер үшін де өркениеттілік мағынаға ие болды» [62,46 б.].

Қазақтың бұрынғы ойын-сауықтарынан қазіргі заманға жеткен ойындардың бірі - **алтыбақан**. Алтыбақан - той-томалақ, сауық кезінің бәрінде ойналатын, өте кең тараған, қазақ жастары үшін өнер, сауық орны болған. Әнші, күйші, өнерпаздардың атын жұртқа таратып, талантын бағалайтын жер болған. Алтыбақан ойыны жаздыгүні түнде ауыл сыртында ойналады. Алтыбақан құру үшін ұзындығы 3-4 метр 6 салма ағаш пен жуандау бір белағаш және ұзын арқан керек. Мосы құсатып салма ағаштарды үш-үштен бастарын біріктіріп, белағашқа байлайды. Белағашқа байланған екі арқанға қыз бен жігіт қарама-қарсы отырып, төменірек жіберілген арқанға аяқтарын тіреп, тербетіліп әткеншектейді. Әткеншек теуіп тұрған қыз бен жігіт ән бастайды. Оларды алтыбақан айналасына жиналған жастар қостап, хор айтады. Шалқайта тепкен алтыбақан мен шырқата салған ән ырғағы жиналған жастарға бейне бір махаббат қайығындағы ғажап тербелісті елестетеді. Алтыбақан атауы қарапайым **алты** және **бақан** сөздері тіркесінің шектестік, қатыстық заңдылығы бойынша ауыс мағынада қолданылып, қазақтың этномәдени менталдық ұғымын білдіретін сөзге айналған. **Алтыбақан** атауы халықтың түсінігінде тек алты бақаннан жасалған құрылғы емес, сол арқылы жастардың бір-біріне махаббат сезімін күшейтіп, ынтықтығын арттырып, көңіл көтеретін сауық орнының символын білдіреді. Мысалы, **Мынау ауылда алтыбақан теуіп жатыр! - деп тоқтай қалды да, — ойбай, жақсы болды!** (М.Әуезов). **Салтанат құрған секілді, Жастықтың салты жапанда. Шалқыған ән, жыр төгілді, Тербеліп алтыбақанда** (Н. Шәкенов).

Тараушада айтылғандарды **қорыта** келе, ойын үрдісінің орындалу рәсіміне тоқтауды жөн көрдік. Жиын-тойларда ойналатын спорт не ойын түрлері қалай болса солай емес, ғасырлар бойы қалыптасып орныққан тәртіппен өткізілген. Б.Төтенай қазақтың әдеп-ғұрып ойындарының бастамасы - наурыз айының 22-інде өткізілетін «Наурыз мерекесі» дейді. Қазақша жаңа жыл туған күннің атын «Ұлыс» деп атағандықтан, бұл мерекені «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Бұл мерекеде спорттық мәні жоғары ойындардың барлығы дерлік ойналған. Наурыз мерекесіне жиналған ауыл адамдары келісім бойынша, екі топқа бөлінеді. Бірінші топтағылар - «Ақ боран», екінші топтағылар - «Қалтырауық қара кемпір» деп аталады. Әр топ өз іштерінен бір-бір ақын, жыршы, балуан, садақшы, шабандоз, мерген, найзагер, бүркітші, т.б. ойыншыларын сайлап алады. Үш күнге созылатын мереке алдымен **ақындар айтысынан** басталады. Ақындар айтысынан соң, **балуандар күресі** басталады. Ортаға шыққан балуандар салмақ ерекшеліктеріне қарамай, тек өздерінің білек күштеріне ғана сенген. «Күш атасын танымас» деген мақал содан қалған. Балуандар күресінен кейін **жаяу жарыс** басталады. Оның қашықтығы дәл өлшенбеген. Мөлшермен бірден бес шақырымға дейінгі қашықтық алынған. Осыдан соң ат үстінде ойналатын ойындарға кезек берілген. Ат ойыны ат үстіндегі күрес - **аударыспақтан** басталған. Одан кейін **атжарыс-бәйге** басталады. Аттар бәйгеден келгенше, жұрт **жамбы ату** ойынын қызықтаған. Мергендер ұзын сырықтың басына шүберекке орап, 'аттың қылынан ескен жіппен байлаған жамбыны емес, жамбы байланған жіпті ат үстінде шауып келе жатып атуға тиіс болған. Одан соң ат үстінде шауып келе жатып, **күміс ілу** ойыны, одан кейін ұлт ойындарының ең қызықтысы **қызқуу** ойыны өткізілген. Осылайша жалғасып жатқан мереке-тойдың тағы бір қызықты ойыны **көкпар тарту** не **көк бөрі тарту** болған. Оған атқа шаба алатын, білегі қарымды, астында жаратқан аты бар, ауыл адамдарының бәрі қатысқан. Бұл ойынды **жорға жарысы** жалғастырған. Одан кейін түйе жарысы, түйе шешу сияқты ойындар ойналған [121, 10-14 бб.]. Жергілікті аудандарда әртүрлі жағдайға байланысты бұл айтылғандардан кейбір ауытқулар болуы мүмкін. Негізінен жиын-той, мерекелердегі ойындарды өткізуде осы жүйе сақталған. Ал әдеп-ғұрып ойындары халықтың әдет-ғұрпы негізінде туған және тұрмыс-салт жырлары деп аталатын жанрмен тікелей байланысты. Әдет-ғұрып ойындары тұрмыс-салт жырларының нақты өмірдегі орындалу үрдісін білдіреді.

Қазіргі кезде республиканың тәуелсіздік алуына байланысты денешынықтыру ойындарына ерекше мән беріліп, жыл сайын көңіл көтеретін ұлттық ойын-сауықтар өткізілуде. 2009 жылы мамыр айына дейін телеканалдарда «Ұлы дала ойындары» деген атпен ұлттық ойыннан тұратын отандық жаңа телешоу ұйымдастырылады. Оған «Түйе балуан», «Бәйге», «Жамбы ату», «Қызқуу», «Аударыспақ», «Теңге ілу», «Көкпар», «Ақындар айтысы», «Жыршы-

- 38 б.
1. Төтенай Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Докт. дисс. автореф., -Алматы, 1999, -
 2. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке,- Алматы: Ғылым, 1973. -327 б.
 3. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материале произведений М.Ауэзова). -Алма-Ата: Наука, 1989. - 283 с.
 4. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: докт. дисс. автореф.,-~~Алматы-Ататы~~, 2005. — 57 б.
 5. Мұрғабаетова А.С. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшелігі мен рәсімдік негіздері. Канд. дисс. қолжазбасы.- Алматы, 2006. - 119 б.
 6. Симаков Г.Н. Общественные функции киргизских народных развлечений в конце XIX – начале XX века,- Ленинград: Наука, 1984. - 229 с.

Түйін

Бұл мақалада қазақ халқының әдет-ғұрып ойындарының атаулары қарастырылады.

Резюме

В данной статье рассматриваются наименования казахских национальных бытовых игр.

Summary

The names of Kazakh national domestic games are considered in this article.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ ПЕРЕВОДА В КОНТЕКСТЕ ВОССОЗДАНИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ГЕРОЕВ (на материале романа-эпопеи М.О. Ауэзова "Путь Абая")

**Г. Болатова -
докторант КазНУ им. аль-Фараби**

В последнее время обострилось внимание ученых к различным функциям текста как особого средства реализации автором творческого замысла. Например, эстетические функции текста глубоко исследованы в работах М.М. Бахтина, Ю.Б. Борева, Ю.М. Лотмана, А.М. Волкова, МП. Арнаудова и других известных теоретиков литературоведения.

Психологическая функция перевода всецело восходит к традициям современной психологической школы, к психоанализу К. Юнга и его последователей, а применительно к казахской художественной прозе развита не достаточно сильно, хотя ее основы заложены в трудах А. Байтурсынова, М.О. Ауэзова, М. Жумабаева и получили свое диалектическое развитие в трудах Т.К. Какишева, Б.К. Майтанова, С. Негимова, А.Ж. Жаксылыкова, Т.О. Есембекова, Ж. Тлепова, которые обращают свое внимание изображению художником творческой личности, психологической мотивировке, анализу портретных и речевых закономерностей художественного текста.

Классик казахской художественной словесности М.О. Ауэзов, как известно, выступает и как теоретик и как практик собственных идей. Глубоко познавший народные истоки психологизма в казахском фольклоре и в устной литературе, сопоставив ее с лучшими достижениями русской классической и мировой литературы, мастерски воссоздает он психологические миры своих героев, среди которых Бахтыгул, Серый Лютый и т.д. Особое внимание следует уделить изображению творческой личности замечательного казахского поэта в романе-эпопее "Путь Абая".

Сравним для примера два варианта перевода.

Оригинал: "Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

- Шүкірлік, әке, - деп біраз тұрды да: - ат барған соң дәріс тамам болмаса да, хазреттің рұқсатын, фатикасын алып қайттым, - деді.

Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте әзірлеген жауабы еді".

А.Никольская: "С самых ранних лет мальчик привык следить за движениями бровей отца, - так опытный пастух следит за облаками в год джута, - и за эту наблюдательность отец ценил его больше остальных детей. Сейчас было понятно, что Кунанбай думает совсем не о сыне, а о приближающихся всадниках. Но Абай знал и то, что отец не выносит, когда не отвечают на его вопрос, и поэтому сказал сдержанно, но с достоинством:

- Слава богу, отец, - и, помолчав, добавил: - Занятия еще не кончились, но вы прислали за мной, хазрет благословил, и я вернулся домой".

А. Ким: "С тех пор, как Абай помнит себя, он рос, постоянно, с тайным вниманием наблюдая за выражением лица своего сурового родителя. И словно опытный чабан, разбирающий приметы погоды в ненастный зимний день, мальчик мог точно предугадать настроение отца и повести себя соответственно этому. И сам отец, заметивший столь чуткую наблюдательность сына, выделял Абая среди других своих детей. Также знал Абай, что Кунанбаю не нравятся натуры робкие, стеснительные, не умеющие дать быстрый ответ на любой вопрос. Чуть помолчав, мальчик своим еще детским голосом вятно, спокойно произнес:

- Благодарение Аллаху, все у меня хорошо, отец. - Выдержав еще паузу, он продолжил: - Как только прислали за мной лошадь, хазрет благословил. Занятия в медресе еще не кончились, но фатику он прочел, я прибыл с благословением, отец.

Отвечал он с достоинством, как взрослый человек. Ответ был им заранее подготовлен".

"Бала ес білгеннен Эта информация важна тем, что отмечается психологическая грамотность Абая, с самого детства научившегося наблюдать за людьми и делать выводы. Эта черта особенно ярко проявляется в «Словах назидания», когда Абай говорит о характерах людей, и опыт знания человеческой психологии в данном его труде особенно ценен. /1, с. 141-142/. В связи с этим важно отметить соответствие оригиналу перевода А. Кима. За небольшим отклонением от основного содержания оригинала, где М. Ауэзов сравнивает умение Абая наблюдать выражение лица отца с профессионально выработанной чертой опытного чабана в год джута, у Кима этот образ смягчен до состояния ненастного зимнего дня. В целом перевод адекватен оригиналу и передает в данном случае тонкости стилистического мастерства казахского писателя.

Взаимоотношения отца и сына тонко выстроены М. Ауэзовым как двух равных партнеров. Отец уважал сына за умение предугадывать его настроение, а мальчик точно знал, как нужно себя вести с отцом.

Оригинал: «Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім». **А. Ким:** «И сам отец, заметивший столь чуткую наблюдательность сына, выделял Абая среди других своих детей. Также знал Абай, что Кунанбаю не нравятся натуры робкие, стеснительные, не умеющие дать быстрый ответ на любой вопрос».

Именно это взаимопонимание становится основой будущих взаимоотношений отца и сына. И оно же станет причиной разрыва и отдаления их друг от друга в будущем.

Оригинал: Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:

- Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! - деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі - Ызғұттың қатыны Тобжан да сүйді. Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр. Абайды шын балаға айналдырып жіберген осы сүйістер еді. Ол қысылып қызарғанмен қашып та құтыла алатын емес. Наразы боларын да, құптарын да білмеді. Бірнеше үлкен қатындардың көзінен жас та көрінді.

А. Никольская: "С детской торопливостью Абай бросился к матери, но кто-то схватил его, обнял, и тотчас на него посыпались поцелуи множества пожилых женщин и мужчин. Значит, он для них все еще ребенок?.. Мальчик даже покраснел от смущения, не зная, как быть: то ли сердиться, то ли радостно отвечать на ласку? У некоторых старух на глазах были слезы".

А. Ким: "Мальчик в спешке даже не оглянулся, он был уже недалеко от родной матери! Но тут его перехватила одна из теток, жена Жумана по имени Калика.

- Ойбой-ой, Телькара! Голубчик, душечка Телькара! Да какой ты стал большой!

Прямо настоящий джигит! - востороженно запричитала женге Калика, обняла его и стала смачно целовать в лицо.

Набежала другая тетушка, жена Изгутты, названного брата Кунанбая, Тобжан-апа, и тоже стала осыпать мальчика поцелуями. Ну и мужчины последовали их пирмеру и начали целовать его. Он в толпе встречающих увидел много радостных лиц и других дядюшек-тетушек. Все вместе они снова превратили школяра в ребенка, замусолили поцелуями, заласкали его, и Абай уже не понимал, радоваться ему или досадовать этим ласкам".

К сожалению, А.Ким не выдерживает верно найденную тональность в дальнейшем повествовании. Он возвращается к прежнему методу перевода, усложняя его до многословности, дополняя, добавляя свои интонации. Когда Абай после разрешения отца идет к матери, толпа родственников, осыпая поцелуями, задерживает, выражая свое отношение к нему. А.Ким вновь называет его «школяром», добавляет «Ойбо- ай», «душечка». Женщины в переводе А.Кима «причитают», «смачно целуют» Абая - все эти добавления основательно искажают истинную картину оригинала.

Такой подход А.Кима к переводу эпопеи становится несколько тенденциозным.

В следующем абзаце он не преминул добавить «бабы-неряхи», «старческие всхлипывания», «детское чело».

Оригинал: Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

- Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау,— деп пандана күлді де, Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бері мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ, баурына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

А.Никольская: "Айғыз сказала:

- Ну вот, всякие грязнули заслюнявили все лицо нашему мальчику, и поцеловать некуда! - И она с высокомерной усмешкой поцеловала Абая в глаза. Когда наконец он прильнул к родной матери, та не поцеловала его: она только крепко обняла и прижала сына к груди, жадно вдыхая запах его волос. Невозмутимая сдержанность и хладнокровие отца уже давно передались матери, мальчик знал это и не ждал большего. Но в этом молчаливом объятии он почувствовал такую теплоту и любовь, что сердце сильно-сильно забилося в груди...

Улжан не стала долго задерживать его.

А. Ким: "Когда он, выскочив из толпы, приблизился к ним, Айғыз пошутила, улыбаясь:

- Ох, эти бабы-неряхи обслюнявили всего тебя, поцеловать даже некуда! Засмеявшись звонко, она нагнулась и чинно поцеловала мальчика в глаза.

Когда, наконец, он подошел к своей матери, Улжан не стала его целовать. Она лишь молча, крепко обняла его, прижав к груди, и долго, прикинув лицом к голове сына, вдыхала запах его теплого детского чела. Приученная мужем быть сдержанной со своими детьми, обходиться с ними без лишней ласки, она и на этот раз не позволила себе большего. Но в безмолвном ее объятии, у родной материнской груди, мальчик ощутил такую нежную близость, что сердце его замерло, а потом забилося с неистовой силой...

О, материнское объятие!

Улжан продержала сына возле себя недолго".

И если М. Ауэзов кратко пишет, что мать «Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді», то А.Ким обязательно должен добавить, что Улжан «лишь молча, крепко обняла его, прижав к груди, и долго, прикинув лицом к голове сына, вдыхала запах его теплого детского чела». По нашему мнению, многословие А.Кима искажает как сами принципы эпопейного жанра, так и стилистическое своеобразие, художественный рисунок, а иногда и природу взаимоотношений детей и родителей в казахской семье. Кроме того, А. Ким вновь допускает ошибку этнически важную деталь - Улжан понюхала сына в лоб, а не «вдыхала запах его детского чела».

Психологически точная характеристика Улжан настолько убедительна для восприятия читателей. Это объясняется многими феноменами. Эту грань художественно мастерства Ауэзова очень тонко подметил З. Ахметов: "при изображении внутренних

переживаний и чувств Улжан автор предельно краток и точен. Но, тем не менее, образ Улжан, ее характер и манера поведения, речи показаны полнокровно и выразительно. Здесь замечается мастерство писателя в передаче психологии человека и его действий.

С самого начала ясно чувствуется сдержанность и серьезность, свойственные Улжан" /2, с. 122/.

Сдержанность Кунанбая передается Улжан, и она также сдержанна в проявлениях своих чувств к детям и, в частности, к Абаю. В этом мы видим стремление писателя подчеркнуть мудрость и Кунанбая, и Улжан. Бабушка Зере проявляет нежность к внуку, называя его разными ласковыми именами. Во всей этой картине встречи Абая с родственниками и матерями вырисовывается не только отношение людей к Абаю, но, прежде всего их собственная личностная неповторимость. Именно эта черта М. Ауэзова делает его мастером.

Атмосфера семейного тепла, созданная бабушкой Зере, как бы становится задачей писателя. М.Ауэзов называет ее - «эже», «кәрі шеше» (бабушка, старая мать).

К сожалению, этот нюанс не соблюден в переводе А. Никольской. А. Никольская постоянно называет то «старушкой», то «старухой». А. Ким более лоялен и достоверен. Он называет бабушку Зере синонимами «старенькая бабушка», «старенькая старшая мать», «старая женщина». Как видим эпитеты более близки к оригиналу. Здесь сказывается общевосточные традиции и художественная специфика традиционного корейского мироотношения, воплощенная теперь уже в переводе казахской литературы. Также стоит обратить внимание на то, что при переводе обнаруживается яркое типологическое родство.

3. Ахметов отмечает, что "небольшими штрихами писатель показывает психологическую сложность описываемой ситуации и выпукло рисует характеры каждого из персонажей.

Читатель чувствует характер Зере, ее душевное состояние, сам может представить былую жизнь ее, она становится как будто давно знакомой и близкой.

Через образ Зере писатель раскрывает линию Абай - Кунанбай" /2, с. 121/.

Сцена лечения бабушки Зере заговором-молитвой начинается с недовольства Абая увлечением окружающих лечению мулл молитвами.

Это его состояние М. Ауэзов передает как «ішінен ыза болды», что в дословном переводе означает «внутренне сильно рассердился». А. Никольская вообще упускает эту деталь, а А.Ким переводит как «стало немного досадно».

Абай знал прекрасно, что таких лекарей было немало, и сердился на подобные виды лечения. Вспоминая все это, как пишет М. Ауэзов, Абай внутренне усмехнулся и решил разыграть окружающих - «өз жайын мысқылдағандай болып, аз күлімсіреп отырды».

А. Никольская точно передает это состояние мальчика: «сидел улыбаясь, точно подсмеиваясь над положением, в которое попал». А.Ким совершенно иначе интерпретирует состояние мальчика - «смущенно улыбаясь, и вид у него был несколько подавленный».

Такой своевольный подход присущ переводу А. Кима и в дальнейшем. Значительно теряет при переводе Кимом образ Улжан, которую он с завидным постоянством называет «досточтимой».

Однако, ее действия и поступки в его интерпретации совершенно не соответствуют найденному эпитету. Особенно ярко это несоответствие проявилось в восприятии Улжан проделки сына. Емкая, точная фраза М. Ауэзова, характеризующая: «Улжан тартымды бол у мен қатар (Улжан наряду с притягательностью), сыншы да ана (и критичная мать). Баласының жаңағы мінезіне (над только что совершенной проделкой сына) біраз ойлана қарап отырды» (долго, задумавшись, сидела), у А. Кима превращается в развернутое повествовательное полотно, превышающее объем оригинала более чем в два раза: «Вместе со степенной сдержанностью, характеру Улжан была свойственна нелицеприятная правдивость и строгость суждений в оценке всего, она с самого начала приглядывалась к проделке Абая без улыбки умиления». Можно ли говорить о переводе как о воспроизведении оригинала на другом языке, если мы наблюдаем столь произвольное обращение с текстом? Ведь это ведет к полному изменению не только стиля М. Ауэзова, но его почерка.

Из описанных выше сопоставлений вполне очевидно вытекает закономерный факт присутствия мощного психологического начала в романе-эпопее "Путь Абая" и исключительную сложность воссоздания этого художественного феномена такими известными мастерами русской художественной прозы и перевода, как А. Никольская и А.А.

Ким.

На всех уровнях были представлены достаточно интересные, но не всегда продуктивные опыты, способствующие в конечном итоге улучшению и дальнейшему совершенствованию столь сложного и глубокого материала. Если же подходить к анализу текста еще и с эстетической, социальной, политической или исторической стороны - в комплексе всех содержащих функции текста, - то результаты этих опытов будут еще менее очевидны. Однако достигнутые успехи вызывают уважение к труду переводчика, раскрывают не только трудности и сложности переводческого труда, но и демонстрируют мастерство, а в отдельных случаях и блестящие успехи обоих переводчиков.

1. *Абай. Книга слов. Поэмы /Пер. с казахского КСерикбаевой, Р.Сейсенбаева. - Алматы: Ей, 1993.*

- 272 с.

2. *Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. - Алматы: Санат, 1997. - 285 с.*

Резюме

Мақалада М.Ауэзовтың "Абай жолы" романының орыс тіліне аударылу ерекшеліктері қарастырылған. А.Никольская және А.Ким жасаған аудармалардан мысалдар келтірілген. Екі аударманың жақсы жақтары көрсетіліп, кемшіліктері анықталған.

Summary

This article is devoted to the research of the problem of translation of "The way of Abai" by M.Auezov into the Russian language. Here we are bringing for example fragments from translation made by A.Nikolskaya and A.Kim. Also show positive and negative sides of translation.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ДИСКУРСЫНДАҒЫ САЯСАТКЕРДІҢ ТІЛДІК ТҮЛҒАСЫ

Ж.Қ. Ибраева -

филол, ғыл. к., доцент,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Отандық тіл білімінде саяси коммуникацияның бірегейлігін ғалымдардың күннен-күнге артып отырған ғылыми қызығушылығынан айқын аңғаруға болады (Е.Шейгал, А.П. Чудинов, Б.А. Ахатова. Ю.Д. Куличенко және т.б.).

Саяси қарым-қатынас аспекті Қазақстандағы тіл саясаты және тілдік жағдаятымен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда елімізде іске асырылып отырған тілдік саясат пен тілдік жоспарлау бағыттары қазақ тілінің мемлекеттік сәйкестілікті анықтау барысындағы символдық рөлін нығайту әрі дамытумен қатар, елдің әлеуметтік қабатының тілдік қалпын түбегейлі өзгертуге де бағытталған. Республикамыздағы тілдік саясат (қазақ тіліне мемлекеттік дәреженің берілуі), әлеуметтік-мәдени, саяси салаларда байқалып отырған тың өзгерістер қазақ тілінің қайта бағалануы мен іске асырылуына және тілдік диаспораларды қолдау үрдістеріне елеулі деңгейде өз ықпалын тигізді. Осы аталған саяси және әлеуметтік қайта жаңарулар Қазақстан Республикасының жаңа тәуелсіз мемлекет тұрғысынан қалыптасуындағы мемлекеттік қазақ тілінің рөлін егжей-тегжейлі қарастыруды талап етеді.

Бұл аспект қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы болып жатқан геосаяси, экономикалық және мәдени түбегейлі де маңызды өзгерістерге ие қазақстандық саясат аясы үшін де аса өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Үкіметтің қазіргі өкілдерінің тілдік қолданысын, оның әлемді кәсіби-тілдік сурет арқылы көру деңгейін зерттеудің осы мәселеге талдау жүргізу үшін қызықты материал болатындығы анық. Ғалымдар билік құрылымдары өкілдерінің тілдік жүйесін талдауға жүйелі түрде назар аударады. Мысалы, КСРО билік өкілдерінің тілдік ерекшеліктері өз табиғатына қарай партияның ұйымдастырушылық-идеологиялық қызметінің, басшылықтың басқару стилінің, мемлекеттік аппаратта отырған жоғарғы қабаттың беделді жетекшілерінің жеке қабілеттерінің айнасы ретінде көрініс тапты. Расында да, саясаткерлер тілінің басты ерекшелігі - кез келген уақытта сын саласының нысаны бола тұра, оны үздіксіз жариялап отыратын БАҚ тіліне әсер етуі, осыған орай, көп жағдайда саясаткерлер тілі заман ағымының рухын, оның тілдік талғамы мен сәнін айқындай отырып, уақыт тіліне айналады.

Саясаткердің тілдік тұлғасынан туындайтын мәтіндер, сондай-ақ сөйлеу әрекетінен оның кәсіби қарым-қатынастық біліктілігі, дүниетанымы, оның кәсіптік мақсаты мен міндеттері тұтастай көрініс табатын болғандықтан, қазақстандық қоғамда байқалып отырған бүгінгі демократиялық өзгерістер, яғни цензураны өзгертуге байланысты іс-әрекеттер қазақстандық саясаттың беделіне жоғары деңгейде назар аударуға мол мүмкіндік жасайды. Осы тұста саясаткердің тілдік тұлғасы өте ерекше және ол қазақстандық тіл біліміндегі тілдік тұлғаларға (танымал тарихи тұлғалар, ақын, жазушылар, қоғам қайраткерлері және т.б.) арналған тарихта бар жұмыстарының лингвистикасынан өзгеше болып келетіндігін айта кеткеніміз жөн. Сонымен қатар саясаткерлердің сөйлеу тілі саяси ортаның қызметіне сай негізделген қоғамдық-коммуникативтік маңыздылығымен де ерекшеленеді, мұнда - тіл мемлекеттік идеологияны қалыптастырудың, мемлекеттік аппарат қызметін идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуші маңызды рөлді атқара отырып, биліктің қуатты құралы ретінде танылады. Ал саясаткер дегеніміз - бұл белгілі бір мемлекеттің мемлекеттік басқару жүйесіндегі айрықша әлеуметтік қабат, ол үкімет қарамағындағы мемлекеттік органдардың өкілеттігін орындауды кәсіби деңгейде жүзеге асырады.

Сөйлеу қарым-қатынасының адамның кәсіби-әлеуметтік қызметіне байланысты болатындығына қатысты мәселені әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық жоспарда қарастырған дұрыс деп ойлаймыз.

Тіл және саясат, тіл және идеология ғылыми-зерттеу тұрғысынан бұрыннан қызығушылық тудырып жүрген мәселелердің бірі болып саналады. ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда аталмыш мәселе салыстырмалы түрде жақында ғана белсенді зерттеле бастады (XX ғ. аяғы - Б. Ахатова т.б. жұмыстарында). Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, ресей тіл білімінде тіл мен сөйлеу саяси сала тұрғысынан жан-жақты әрі кеңінен зерттелген, бұған О.Н. Паршина, А.П. Чудинова, Е.И. Шейгал және т.б. жұмыстары дәлел бола алады, десек те саяси коммуникация аясындағы мәселелерге негізінен қайта құру кезеңінен бастап айрықша назар аударыла бастады.

Қазіргі тіл білімінің өзіндік жаңа бағыты болған саяси лингвистика, әрине пәннің қалыптасу барысында туындайтын бірқатар мәселелерге ұшырасады. Зерттеудің тұтас әдіснамалық базасы әлі дәл құрылмаған. Біріншіден, бұл саяси лингвистиканың метатіліне қатысты, себебі лингвистикалық әдебиетте жалпы қабылданған *саяси дискурс* (А.Н. Баранов, Б. Ахатова) ұғымымен қатар *саяси тіл* (О.И. Воробьева), *қоғамдық-саяси тіл* (О.Н. Паршина, Т.В. Юдина), *саяси үгіт-насихат тілі* (А.П. Чудинов) ұғымдары қолданылады. Бұл жағдай саясат тілі мазмұны жайлы сұрақтың туындауын айқындады. Зерттеушілердің көпшілігі «саясат тіліне» тікелей саяси әрекет терминологиясы мен риторикасын жатқызады, онда саясаттанушылар өзінің кәсіби рөлін атқарады (басқа кәсіби дін, медицина, заң салалары дискурстары секілді), саяси тіл ресурс ретінде тілдік қауымдастықтың барлық мүшелеріне ашық болғандықтан манипулятивтік мақсаттарда сендіру және қадағалау құралы ретінде қолданылатын жалпыхалықтық тілді арнайы қолдануымен байланысты. Кейбір американдық лингвистер саяси тіл саласына саяси әдеп және тіл тазалығы үшін күреспен байланысты барлық мәселелер аясын жатқызады.

Отандық ғылымның қазіргі даму кезеңінде бірінші кезекте қоғамда барлық бұрынғы кеңестік елдерде болып жатқан саяси өзгерістерге байланысты тілдік өзгерістер белсенді түрде талданып жатқандығы баршаға аян. Бұл жерде тілдік тұлға ретіндегі саясаткердің тілдік және сөйлеу ерекшеліктерімен байланысты мәселелер орын алады. Бұл тұрғыдан, біздіңше, «тұлға», «тілдік тұлға» ұғымдарының өзін айқындап алу қажет. Сан алуан ұғымдар мен анықтамалардың ішінен В.В. Воробьевтің тұлға жайлы мәдениет пен тілдің, олардың даму диалектикасының өзара байланысының өзегі ретінде айтқан пікірін қолдаймыз: «Поэтому о личности можно говорить только как о языковой личности, как о воплощённой в языке» [1:26].

Шындығында, тілдің әлеуметтік мәнінің өзі оның ең алдымен тілдік санада ұжымдық және индивидуалдық санада өмір сүретіндігінен тұрады. Соған сәйкес тілде мәдениет иесі тілдік ұжым және индивидуум, тілдік тұлға болып табылады. Тілдік сананың тікелей иесі - тілдік тұлға, яғни тілде, тілдік бірліктер мен мәтін мағыналарында бекітілген мінез-құлық стереотиптерінде, тілдік кеңістікте қатынаста өмір сүретін адам. Отандық лингвистикада тілдік тұлғаны зерттеу Ю.Н. Карауловтың есімімен тығыз байланысты екендігі белгілі, ол тілдік тұлғаны «тілдік шығармалардың (мәтіндердің) жасалуын айқындайтын, құрылымдық-тілдік қиындық дәрежесімен, шындықты бейнелеу тереңдігімен және дәлдігімен, белгілі бір тілдің бағыттылығымен ажыратылатын адамның қабілеті мен сипатының жиынтығы» деп

түсіндіреді [2: 3].

Бұған қоса тілдік тұлғаны лингвистикалық сана тұрғысынан және сөйлеу мінез-құлқы, яғни лингвистикалық концептология және дискурс теориясы тұрғысынан сипаттауға болады. Тілдік тұлға ұғымының кейбір айқын көрінісі және айрықша қызығушылық тудыратын жағы саяси дискурста, себебі саяси дискурс қоғамдық санаға неғұрлым ықпалды болып табылады және бұқаралық ақпарат коммуникациясында кең таралған.

Саясаткердің тілдік тұлғасын талдауда, біздіңше, ғылыми тұрғыдан неғұрлым қызықтысы Қазақстан билік өкілдерінің, атап айтқанда, қазақстандық парламенттің төменгі палатасы - Мәжілістің сөйлеу мінез-құлқын зерттеу. Қазіргі мемлекеттіліктің мемлекеттік құрылымының керемет көне институты ретінде парламент мемлекеттің өкілді және заңды органы болып саналады, терминнің өзі фр. *parler* және лат. *parlare* - «сөйлеу» сөзінен шыққандығы кездейсоқтық емес. Зерттеу нысанының ерекшелігі халық таңдаулысы ретіндегі Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасы - Мәжіліс депутатының сөзі нақты осы адамның сөзі ғана емес, белгілі бір саяси іс-әрекеттің тілдік көрінісі ретінде қабылданады. Қазақстандық мәжіліс депутаттарының сөйлеу әрекетін қарастыру оның кәсіптік, бұл жағдайда саяси рекет интеграциясында ғана мүмкін болмақ, саясат адамның саналы әрекет жағы болып саналады, субъектілердің өзінің де, қоғам шеңберіндегі субъектілер арасындағы рационалдық қатынастардың да неғұрлым тымды мінез-құлқын қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған сәйкес саясат пәні қоғам шеңберіндегі субъектілердің өзінің арасындағы да, қоршаған жағдайларға қатысты да реттеуге бағытталған саналы саяси әрекет болып табылады.

Саясат қоғамдық сана саласы ретінде мінез-құлықтағы және қоғам аясында субъектілер арасындағы, сондай-ақ берілген нақты жағдайларда стихиялық және болжап білмейтін төтенше жағдайлардағы қоғам мен әлеуметтік және табиғи орта қатынастарындағы тиімділікті қамтамасыз етуі тиіс (шығыны аз және нәтижесі көп).

Қазіргі ғылымда *саясат* ұғымы өзара байланысқан құбылыстар мен үдерістердің кешенінде былайша қарастырылады: а) әлеуметтік топтың және бұл топтың немесе тұтас қоғамның мүддесіндегі қоғамдық өмірді басқару жөніндегі олардың билік құруын көрсететін ұйымдастырылған қызмет; ә) әлеуметтік топ және мемлекеттік билік, оны жаулап алу, ұстап тұру және пайдалану жөніндегі адамдар қауымдастығы арасындағы қоғамдық қатынастар; б) саяси қызмет пен қатынастардың ажырағысыз жағын құрайтын саяси сана мен мәдениет; в) саяси ұйымдар мен нормалардың жиынтығы, олардың көмегімен саяси көзқарастар, мақсат-мүдделер жүзеге асырылады. Бұл жерде қатынасу үдерісі әртүрлі әлеуметтік институт (өкімет, Сенат, Мәжіліс) өкілдері мен шартты түрде «азамат/сайлаушы» арасында болатын кездегі саяси коммуникацияның институционалдық сипаты алдыңғы қатарға шығады.

Институционалдық коммуникация әлеуметтік институттарда жүзеге асырылады, қатынас бұл жерде олардың ұйымдастырылуының құрамды бөлігі болып саналады. Тиісінше саяси коммуникативтік әрекеттің әрбір формасына (сұхбат, электоратпен кездесу, Мәжілістегі пікірталас және т.б.) белгілі бір мінез-құлық стандарты қалыптасады, оның ішінде сөйлеуші белгілі бір мәртебе иесі ретінде сөйлеген кездегі сөйлеу стандарты да бар, бұл белгіленген мәртебелік-рөлдік және жағдаяттық-коммуникативтік нормаларды қадағалауды алдын ала айқындайды. Қазіргі социолингвистикада әлеуметтік мәртебе вербалды және бейвербалды, тікелей және жанама, емеурінді және емеурінсіз айтылуы мүмкін [3: 45]. Мұнда әлеуметтік мәртебенің мінез-құлықта сипатталуы, оның ішінде сөйлеу мінез-құлқындағы сипаты айрықша қызығушылық тудырады. Социолингвистика «әлеуметтік мәртебе» терминін мынадай анықтамаларда қарастыруды ұсынады: 1. Индивидтің құқық, міндеттер және мінез-құлықтың өзара қосылатын қоғамның әлеуметтік құрылымындағы жағдайы; 2. Әлеуметтік тап секілді. Әлеуметтік мәртебе тәуелсіз *'ascribed'* (*гендер, жасы, ұлттық, мәдени және әлеуметтік шығу тегі*) және меңгерілген/жүре пайда болған *'achieved'* (білімі, кәсібі, тілді меңгеру дәрежесі және т.б.) болуы мүмкін [4: 56]. Әлеуметтік мәртебедегі айырмашылықтар саяси дискурстың негізгі құраушы бөлігі ретінде белгілі бір әлеуметтік топқа тән әлеуметтік бедел секілді өзгермелілігімен де анықталады.

Бүгінде қазақстандық қоғамда «беделді» кәсіптердің дәрежесі басқа да барлық бұрынғы кеңестік кеңістіктеріндегіден өзгерген, егер ХХ ғ. 70-80-ші жылдары мұғалім, дәрігер, инженер кәсіптері сұранысқа ие болса, ХХІ ғ. аяғына таман бизнестегі табысты адамдар билікке барады. Соңғы сайлау қорытындысы бойынша Мәжілісте 24 адам

мемлекеттік басқару органынан, 19- жергілікті басқару органдарынан, 8- бизнес құрылымынан, 8- білім, ғылым және мәдениет құрылымдарынан, 9- басқа салалардан. Білім деңгейі мынадай болып берілген: 42 депутаттың әртүрлі дәрежедегі инженерлік білімі, 34 - заң, 23 - педагогикалық, 21 - экономикалық, 9 – ауылшаруашылық, 35 депутаттың екі жоғары білімі бар. Мәжілісте 15 ғылым докторы және 27 ғылым кандидаты бар. Келтірілген деректерден көрініп тұрғандай, қоғамдық қабаттар мен айналысатын ісі, табыс көзі, білімі бойынша тұрғындар тобының дәрежесін көрсететін мәртебенің социометрикалық жоспары саяси коммуникация тұрғысынан бірінші дәрежелілердің қатарынан көрінеді.

Екінші тілдік сана аясындағы саясаткер бейнесінің әлеуметтік мәртебесінің маңызды құраушысы ауыспалы тіл беделі болып саналады, ол социолингвистикада индивидтің, топтың, қоғамның тілдің әлеуметтік маңыздылығын, оның қоғамдағы ұстанымы мен жағдайын, қасиеттерін, тілді қолдану салаларын салыстырмалы түрде бағалау түсініледі [4: 242]. Бүгінгі таңда тіл беделі мәселесі қазіргі Қазақстан үшін де социо-, психолингвистика шеңберінде де, саяси коммуникация шеңберінде де неғұрлым өзекті болып саналады. Аталмыш мәселеге қызығушылық қазіргі тілдік жағдаяттың даму қарқышымен түсіндіріледі, әсіресе Қазақстан секілді көптілді елдерде ерекше көрініп тұрады. Соңғы деректер бойынша Қазақстан аумағында 126 тіл көрсетілген. Бүгінгі Қазақстан - әртүрлі генетикалық топтар мен құрылымдық типтер тілдерінде сөйлейтін халықтар тұратын көптілді, полиэтникалық, мультимәдени және поликонфессионалдық ел. Қазіргі Қазақстанның этномәдени ландшафтысы бір жағынан, тілдік алуандылықтың жоғары дәрежесімен, екінші жағынан мемлекеттік, титулдық тіл мәртебесі бар қазақ тілінің коммуникативтік күшімен ерекшеленеді және басқа этностарға қарағанда сандық жағынан үстем иелері бар орыс тілі сипатталады [5: 13]. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес орыс тілі ресми түрде мемлекеттік ұйымдарда, жергілікті басқару органдарында қазақ тілімен қатар қолданылады. Бұл факті қоғамның барлық қабаттарының сөйлеу мінез-құлқында да көрінеді, атап айтқанда Қазақстан Республикасының билік өкілдері, онда беделді ретінде қазақ және орыс тілі үстем. Тіл сұранысы мотивация дәрежесіне байланысты, соңғы жылдары елімізде беделді тіл ретінде ағылшын тілін қолдану аясы өсіп отыр, ағылшын тілі мектептерде белсенді түрде оқытылады, қоғамдық салаларда қолдану, сондай-ақ адамдардың, әсіресе жастардың экономикалық және қаржылай қызығушылығымен айқындалады. Бұл жерде Қазақстан тұрғындары басым көпшілігі қостілді, қазақтардың жас ұрпақтары қазақ-орыс және орыс-қазақ тепе-теңдігін құру үрдісі туындады, соның салдарынан тілді қолдану салаларында белгілі бір тілдік жағдаятта қостілділіктегі тілдердің бірін қолдануды ұйғару секілді тілді таңдау үдерісі байқалады.

1. *Воробьев В. В. Лингвокультурология. - М.: Издательство Российского университета дружбы народов, 1997.*

2. *Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. - М.: Прогресс, 1999.*

3. *Карасик В.И. Язык социального статуса. — М.: Гнозис, 1992.*

4. *Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., др. Словарь социолингвистических терминов. Астана: Арман-ПВ, 2008.*

5. *Сулейменова Э.Д. Русский язык и этнодемографические процессы в Казахстане. // Русский язык в контексте этноязыковых процессов Республики Казахстан. Сб. мат-лов конференции. - Астана, 2008.*

Резюме

В данной статье раскрываются особенности речевого поведения представителя власти в политическом дискурсе Казахстана

Summary

This article reveals specifics of public authority linguistic person's verbal behavior in the political discourse of Kazakhstan.

ГОВОРЛАРДАҒЫ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Ш.Қ. Искакова -

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы,
Қостанай қаласы*

Лексикалық сипаты жағынан говорлардағы күрделі сөздер (КС) әр жақты болып келеді. КС сыңарлары барлық сөз табынан жасалады, бірақ олардың өнімділігін бірдей деуге болмайды. КС-дің қай - қайсысы болсын біртұтас мағынаны білдіретіндіктен, міндетті түрде белгілі бір сөз табына қатысты болады, соған тән қызмет атқарады. Говорлардағы КС-дің қай сөз табына жататыны негізінен олардың соңғы сыңары арқылы анықталады. Мысалы, *аткөшек* (Алм.: Кег.) «қайта көшіп келген (адам)», *атжол* (Қ.орда) «көпір», *атқұлақ* (Шымк.) « томарбояу», *атиөлке* (Қ.орда) «киіз қамыт», *дарұлтан* (Орал) «мәсі», *дәсорамал* (Шымк.) «беторамал», *дүбіраяқ* (Сем.) «ерте туған төл», *жар газет* (Ақт.; Орал) «қабырға газет» т.б. зат есімдерге; *айқұлақтану* (Қыт.) «шағындап қаулай өсу», *дауел болу* (Сарат.) «дауласу, керісу», *демі қосылу* (Қыт.) «ынтымақтасу, сыйласу», т.б. етістіктерге; *дем сағатта* (Талд.) «лезде», *жебеқабыл* (Гур.) «жедеқабыл, асығыс», *бір пәс* (Алм.) «біраз, сәл», *еркесоқ* (Маңғ.) «ерке, шолжың», *жалбызбалап* (Шығ. Қаз.) «ептеп, аздап» т.б. үстеулерге; *ешнәсте* (Алм.) «ешнәрсе», *ешқайға* (Тау Қош.) «ешқайда», т.б. есімдіктерге; *жалаңқат* (Жамб.) «жалаң қабат», *жанды жұтқан* (Түрікм.) «жүрек жұтқан», *жаны өткір* (Көкш.) «қайратты, өткір», *жел бүйре* (Қыт.) «жеңіл мінезді, желөкпе», *көкпекөк* (Алм.) «үшінші қайтара егілген жоңышқа» т.б. сын есімдерге жатады.

Ф.Ганиев КС-дің қай сөз табына жататынын соңғы сыңарға қарап анықтауға болмайтын түрлерін ерекшелік түрінде көрсетеді де, оған татар тіліндегі соңғы сөзі демеулік болса да, сын есім болатын *шарсыман* «шар сияқты», соңғы сөз қимыл есімнен болса да, зат есім болатын *жиртетреу* «жер сілкіну» сияқты КС-ді жатқызады [1: 22].

Қазақ говорларында мұндай құбылыс соңғы сыңары демеулік немесе қимыл есімі болатын тек біраз КС-ге қатысты ерекшелік түрінде емес, біріккен тіркесті КС-дің үлкен тобына тән екенін көреміз. Әсіресе зат есім КС-де көп кездеседі. Мысалы, *батыр шалыс* (Қар.) «батырсымақ, батырлау», *бау сұрау* (Жамб.) «егін орып баулап жатқанда сұраушыларға берілетін үлес», *бауыр алу* (Жамб.) «бала тез еңбектеу үшін жасалатын ырым», *бауыркенне* (Көкш.) «бір ұршық жіп», *баутағар* (Түрікм.) «білезік», *бірсанар* (Көкш.) «ердің бір түрі, желқом», *көріс айтты* (Қыт.) «көрісу, жоқтау», *қарақасқа* (Жамб.) «асыл мата», *құбиын керегі* (Моңғ.) «іс жөніндегі кітапша», *мәдембоз* (Ақт.) «жұқа ақ мата» т.б. сияқты КС-дің соңғы сыңарының басқа сөз таптарынан екеніне қарамастан, зат есімдер болып тұр.

Екінші сыңары басқа сөз таптарынан болған басқа сөз таптары да баршылық. Мысалы, *дәм атан* (Маңғ.) «оқыған, білімді, көзі ашық», *бұлды сатпайы* (Арал) «артық сөйлейтін», *ақ қаптал* (Алм.) «білімді», *көрсө басар* (Жамб.) «көрсө қызар», *қосабала* (Жезк.) «орнықты, байыпты», *қосурей* (Қ.орда) «жарамсыз, нашар», *құйрығы жоқ ит* (Қыт.) «баянсыз, екіжүзді», *құлан тағы* (Орал) «құлантаза, үзілді- кесілді» т.б. сын есімдер мағынасында; *мәзі жоқ* (Маңғ.) «берекесі жоқ», *мұз қаракөк* (Маңғ., Орал) «түгел, тегіс аман», *неше кәрре* (Қост.) «бірнеше, әлденеше», *нешік түрлі* (Павл.) «неше түрлі», *недейбір* (Маңғ.) «қайсыбір», *не секілді* (Тау Қош.) «неше түрлі» т.б. есімдік мағынасында қолданылып жүр.

Жоғарыда келтірілген біріккен және тіркесті күрделі сөздердің сөз таптарына қатысы жағынан талдасақ, олардың бірыңғай сипатта емес екенін көреміз. Мәселен, сабақтас байланысудың түріне жататын изафеттік 1, 2, 3 типтері арқылы жасалған КС өз ішінде анықтаушы - анықталушышық қатынаста қосымшасыз қабысу арқылы (1 тип), анықтаушы - атау септігінде, анықталушы сыңары тәуелдік жалғаудың 3 жағында келуі арқылы (2 тип) немесе анықтаушы сыңары ілік жалғауда, анықталушы сыңары тәуелдіктің 3 жағында келуі арқылы (3 тип) қалыптасқанымен, олардың бәрінің сыңарлары зат есімдерден жасалып тұр. Ср. изафеттің 1 типіндегі *ешкіқұйрық*, *ишишақпақ*, *атжал*; изафеттің 2 типіндегі *сияшыны*, *ағаш шайы*, *дихыл күні*; изафеттің 3 типіндегі *тасбақаның дауылы*, *жайдың тырнағы*, *бостың суы* т.б.

Сабақтаса байланысуға жататын толықтаушы - толықтанушы, пысықтаушы - пысықталушы қатынастарға негізделген біріккен және тіркесті күрделі сөздердің сыңарлары,

изафет типтеріндегідей бір сөз табынан емес, әртүрлі сөз табынан жасалатыны байқалады. Ср. *айғабағар* (күнбағыс) зат есім мен етістіктің есімше тұлғасынан, *алақансоқпақ* (ойын атауы) зат есім мен етістіктің қимыл атауынан, *ақ байпақ* (мал індеті) сын есім мен зат есімнен, *қырық, жілік* (деңгеле) сан есім мен зат есімнен, *маралап тарту* (көкпар түрі) етістіктің көсемшелі және қимыл атау тұлғаларынан, *бауыр алу* (ырым түрі) зат есім мен қимыл атауы етістігінен жасалғанын байқау қиын емес. Біріккен, кіріккен және тіркесті күрделі сөздердің сыңарлары өздерінің лексика-грамматикалық дербестігінен айырылып, семантикалық бірлікке ие болады. Күрделі сөздердің бұдан былайғы грамматикалық өзгерістері олардың жеке сыңарларына емес, біртұтас лексика-грамматикалық құрылымына қатысты болып келеді.

Әдетте күрделі сөздердің грамматикалық өзгерістерін, олардың екінші сыңарлары білдіреді. Мысалы: *Бұл фактілерге Сортастың мектеп директоры да ешқандай шара көрген жоқ* («Қарабұғаз» газеті) деген сөйлемде *шара қолдану* мағынасындағы *шара көру* күрделі тіркесінің *көру* сыңары басқа сөзбен байланыста *көрген* түрінде өзгерген. *Жел құрттай сабу болса, аушылар бір-біріне тез қосылар еді* (Гур.) дегендегі *сабу болу* күрделі тіркесінің *болу* сыңары сөйлем ішінде шартты райлық тұлғада (*болса*) қолданылып тұр.

Говорларда КС қатарына жататын тіркесті күрделі сөздер де аз емес. Теориялық тұрғыдан тіркесті КС лексикалық құрамының тұрақтылығы, семантикалық тұтастығы, сөйлемде атқаратын қызметі сияқты негізгі белгілері жағынан КС-дің басқа түрлерінен айырмасы шамалы. «Біріккен, қос сөздер сияқты тіркесті күрделі сөздер де екі не одан да көп мағыналы сыңарлардан жасалып, біртұтас лексикалық мағына береді, сөйлемге дайын лексема қызметінде кіріп, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады, бір ырғақпен арасы бөлінбей айтылады. Тіркесті күрделі сөздердің де құрамы тұрақты, сыңарларының орнын ауыстыруға болмайды. Біріккен, қос сөздерден бұл мәселелерде тіркесті күрделі сөздің ешбір айырмасы жоқ» [2: 259].

Дегенмен, тіркесті КС-дің өзіндік ерекшеліктері бар. Тіркесті КС-дің біріккен, қос сөздерден бірінші айырмашылығы сыңарлары бөлек-бөлек жазылатындығында. Бірақ «түркі тілдерінде емле шартты белгі танылып, оның сөзді ажыратуда түркі тілдерінде қызмет атқара алмайтынын тәжірибенің өзі-ақ дәлелдейді [2: 259]. Қазақ тілінде біріккен және тіркесті күрделі сөздердің жазылу емлесі әлі тұрақтамай келеді. Сол себепті бір күрделі сөздің өзі сөздіктерде түрліше беріліп жүргені белгілі. Бұл жайт біріккен және тіркесті күрделі сөздерді ажыратуда қиындық тудырады. Мысалы: *ақбалшық* (үй ақтайтын әк), *ақбайпақ* (сиыр малының індеті), *бадамшай* (бадам өсімдігінен жасалған шай), *бойдақшай* (сүтсіз шай), *бойтемір* (диірмен құралы), *бойжүгері* (жүгерінің бір түрі), *қараөлең* (шөп түрі) сөздері 2005 ж. орфографиялық сөздікте бірге жазылған, *бойдақшай, бойтемір* сөздері 2007 ж. сөздікте мүлде берілмеген. Қалай жазылатыны белгісіз. Осы айтылған сөздердің бәрі де 2005 ж. «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» бөлек жазылған. Күрделі сөздердің жазылу емлесінде мұндай ала-құлалықтар аз емес. Дегенмен, 2007 ж. өңделген соңғы орфографиялық сөздікте біріккен және тіркесті күрделі сөздердің жазылу емлесін жетілдіру мақсаты көзделген. Біз өз жұмысымызда КС-дің түрлерін ажыратуда осында берілген емлеге сүйенеміз.

КС жасалуында олардың сыңарларының атқаратын қызметінде айырмашылық бар. «Қазақ грамматикасында» тіркесті КС-дің әртүрлі тобында бірінші, екінші сыңардың атқаратын қызметі әрқилы болып келетіні көрсетілген. Мысалы, *алып кел, беріп кел, көріп кел, қызмет ет, жәрдем ет, жақсылық ет* дегенде бірінші сыңарлары өзгеріп, екінші сыңарлары тұрақты болып тұр. *Сары май, тоң май, жер май, иіс май* дегендер де осы сияқты. Ал *он бір, он екі, он үш* сияқты күрделі сандарда керісінше бірінші сыңары трақты, екінші сыңарлары өзгеріп тұр. Осыған байланысты КС құрамындағы тұрақты сөздер - *тірек сыңар* деп, ал өзгеріп отыратын сыңар - *ауыспалы сыңар* деп аталған. Мұның өзінде тірек сыңардың күрделі сөз жасаудағы қызметіне айрықша мән берілген. Бұдан ары тірек сыңардың қызметі туынды түбірлер жасайтын жұрнақтардың қызметімен салыстырылып, олардың ұқсастығы көрсетілген. Мысалы, *мал қора, сиыр қора, қой қора* дегендегі соңғы сыңары *қора* сөзі *жұмысшы, етікші, егінші* дегендегі *-шы, -ші* жұрнағы сияқты туынды сөз жасауға тірек болып тұрғаны айтылған [2: 260-261].

«Қазақ грамматикасының» түсіндіруінше, ауыспалы сыңарды тірек сыңарға тіркесу арқылы КС жасайтын сыңар деп қарауға болады. Тілде ауыспалы сыңар қызметіндегі сөздер тірек сыңарлардан әлдеқайда көп. Өйткені бір тірек сыңар арқылы бірнеше күрделі сөз жасалады, сондықтан тілдегі ауыспалы сыңар қызметіндегі сөздер мен тірек сыңар қызметіндегі сөздердің саны тең бола алмайды [2: 261].

КС-дің тірек және ауыспалы сыңарлары туралы айтылған пікірді говорлардағы

анықтауыштық қатынас негізінде қалыптасқан біріккен және тіркесті күрделі сөздердің бірінші сыңары есім сөздер (сын есім, сан есім, есімдік), екінші сыңары зат есім болып келетін түрлері айқын дәлелдейді. Мысалы: тура не ауыс мағынадағы **ақ** сөзінің тірек болуымен говорларда адам мінезіне катысты атаулар туған: **ақкөйлек, ақшелек, ақкөбелек, ақкөкірек** «ақкөңіл» **ақдаңғыл** «шешен», **ақжайма** «нәзік, ұяң», **ақиық болу** «жария болу» **ақбайтал** «аузы жеңіл, өсекшіл», **аққантал** «білімпаз», **ақкөз** «надан, есер» т.б.;

Жан-жануарлар атаулары: **ақкен** «ақ көгершін», **ақкіс** «кеміргіш, ақ тышқан», **ақсона** «сона», **ақторта, аққұлақ, ақкөз, ақмарқа, ақтабан, ақсыла** «балық аттары», **ақбалдақ, ақбура, ақиық, ақбас** «түйе атаулары», т.б.;

Өсімдік атаулары: ақжирен, ақжусан, ақсырғақ, ақжүрек, аққына, ақжалау, ақмия, ақтікен, ақолең, ақтаспа, ақшеңгел, ақшиіт, ақотау, ақбоз (шөп), ақсарымсақ, ақмәнжін «шалғам», ақгүлқайыр, т.б.;

Дәнді дақылдар атаулары: **ақтон, ақайдар, ақастық** (бидай, сұлы т.б.), **ақжаздық** (ақбидай), **ақсақал** (семіп қалған бидай), **аққұла** (кеусен), т.б.; қауын атаулары: **ақнәует, ақнабат, ақбілек, ақдәрметін, ақұрық, аққытайы** т.б.

Говорларда осы сияқты тура не ауыс мағынасында **қара, қызыл, көк, айыр, жайдақ** т.б. сын есімдердің, **жер, су, жел, үй, тас, түйе, сиыр, қой, құлақ, көз, ауыз, қазан, көңіл, жүрек, ас** т.б. зат есімдердің, **бір, екі, үш, бес** т.б. сан есімдердің тірек болуымен әртүрлі мағынада туған күрделі сөздер аз емес. Өнімді болмағанмен, тірек сыңар қызметін атқаратын басқа да сөздер кездеседі. Олардың ішінде түбір сөздермен бірге туынды түбірлер де бар.

Мысалы: **жатақ** сөзінің тірек болуы арқылы **жатақ бөрік** (Өзб.) «жатарда киетін бөрік», **жатақ қайық** (Маңғ.) «адам жататын орны бар қайық», **жетім** сөзінен: **жетім бидай** (Қост.) «жабайы өскен бидай». **жетім жақ** (Арал) «балықты қақ бөлгендегі сол жағы», **жетім қазан** (Түрікм.) «ескі қазан», **жетім сағанақ** (Қарақ.) «керегінің бір бөлігі», **жетім сиыр** (Тау Қош.) «жалмауық сиыр», **жетім ұлтан** (Түрікм.) «ұлтананы тозған аяқкіімге екінші рет қағылатын шолақ ұлтан» сияқты КС туған.

Біріккен және тіркесті күрделі сөздердің екінші сыңарларынан күрделі сөз жасалмайтыны белгілі. Екінші сыңар бірінші сыңармен бірігіп не тіркесіп КС-ді жасайды да, КС-дің қандай мағына білдіретінін, қай сөз табына жататынын білдіреді. Екінші сыңар ауыспалы дегенді тұрақты бірінші сыңарға бірігетін не тіркесетін сөздердің әртүрлі сипатта болатыны, өзгеріп тұратыны тұрғысында түсіну керек. Мысалы, **жетім** сөзінің тірек болуымен туған **жетім қазан, жетім сағанақ, жетім ұлтан** т.б. сөздерде қандайда бір олқылық, жетімсіздік ұғымы сезіледі, ал **қазан, сағанақ, ұлтан** сияқты екінші сыңарлар сол ұғымды нақтылап, оның нақты заттық көрінісін білдіріп тұр.

Сыңарлары толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастағы біріккен я тіркесті КС-дің бірінші сыңарлары меңгерілген толықтауыш я пысықтауыш болады да, екінші сыңарлары негізінен баяндауыш, пысықтауыш ыңғайындағы сөздер болып келеді. Мысалы: **айлыққа жүру, айтарға жоқ, алақанға тұру, айбағар, алағадан болу, ала көбеде, айтқанында отыр** т.б.

КС тек анықтауыштық, толықтауыштық я пысықтауыштық қатынастағы сыңарлардың бірігуі я тіркесуі арқылы жасалмайды. КС-дің жасалуында сөз тіркесінің лексикалануының өзіндік орны бар. Мысалы, әдеби **теміржол, қосаяқ, қолғап, ақсақал, шаңбасар, бесатар, ышқыр, былтыр, бүгін** т.б. [3: 99], говорлардағы **шоқайағаш** (тісағаш), **шолақ жең** (камзол), **шалғыорақ** (шалғы), **шалықора** (камыс қора), **сарыоба** (адырлы жер), **сарымелле** (шикіл сары - қарақалпақ тілінде **мелле** - сары), **мәкібас** (шортанның бір түрі - қарақалпақта **мәкі** - қайғы кебіс) мәнінде жай сөз тіркестерінен лексикаланып туған КС-ге жатады.

1. **Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке- Москва: Наука, 1982. -150 с.**

2. **Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис - Астана, 2002. —783 б.**

3. **Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы., 1974. - 408 б.**

Резюме

В статье освещаются лексико-грамматические особенности сложных слов в казахских говорах.

Summary

The article considers the lexico-grammatical peculiarities of compound words in Kazakh dialects.

МОДАЛЬДІЛІК ЖӘНЕ МОДАЛЬ СӨЗДЕР

Ж.А.Құсайынова -

филол. ғыл. к.,

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Грамматикалық қызметінің орныққандығына карамастан, бүгінге дейін модаль сөздердің жеке сөз табы ретінде танылуы біркелкі сипатталмайды. Бұл мәселеге қатысты екі түрлі көзқарас орын алған:

- 1- ден, модаль сөздер жеке сөз табы емес;
- 2- ден, модаль сөздер жеке сөз табы.

Н. Оралбаева модаль сөздерді жеке сөз табына жатқызбайды. Автор бұл туралы: «Модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдік көрсеткіш болғандықтан, олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қалпында қалады және олардың саны аз» - деген тұжырым жасаған (1,63).

Дегенмен сөйлеу тілінде модаль сөздердің қолданыстағы қажеттілігін, грамматикалық қызметін үнемі аңғарамыз. Бұл модаль сөздерді жеке сөз табы деп қабылдауға негіз болады. Қарапайым екі мысалды салыстырыңыз: **Ол кеше айтқан. Ол кеше айтқан сияқты.** Бірінші сөйлемде сенімді, нақтыланған хабар туралы айтылса, екінші сөйлемдегі «сияқты» сөзі хабардың модальді мағынасын түрлендіруге себепші болған. Яғни, болжалды, жорамалды көзқарасты даралауға тірек болатын негізгі грамматикалық көрсеткіш ретінде қабылдаймыз. Сонымен қатар, модаль сөздердің семантикалық реңкі тек аналитикалық форманттар құрамынан ғана көрінбейді, олар зат есімдермен тіркесіп те модальді реңк үстеуге қабілетті. Мысалы: **Талай түсіп жүрген үйі тәрізді (М.Мағауин). Басқа бір жақтың, ырысты, берекелі ауылдың адамдары сияқты (М.Мағауин). Домбай сезімтал, серек, әсерііл жігіт сияқты (М.Мағауин).**

Бұл салыстырулардан модаль сөздердің грамматикалық рөлін, сөйлеу әрекетінде көрініс беретін модальді мағынаны түрлендіруге септігі барын нақты ажыратамыз. Демек, олардың сөз табы ретіндегі дербестігін даралауға барлық негіз бар.

Ал ғылыми негізде жүйелесек, модаль сөздердің бойында оның дербестігін танығатын категориялық мағына орын алған. Бұл туралы «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында А.Салқынбай төмендегідей ой қорытқан: «Модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде танытатын негізгі белгі - оның жалпы категориялық мағынасының болуы. Лебізде айтылатын хабарға сөйлеушінің жеке қатынасы мен көзқарасының болуы модаль сөздердің жалпы категориялық мағынасы болып саналады» (2, 310). Келтірілген ғылыми пікірлер және қолданыстағы модаль сөздердің ерекшелігі оларды модальділік санатының негізгі көрсеткіштері ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Тіл білімінде модаль сөздерді арнайы зерттеген еңбектер олардың дербес сөз табы ретіндегі орнын анықтап берді.

Бұған үлес қосқан, модаль сөздерді арнайы зерттеген ғалым - Е.Жанпейісов (3, 27-31). Автор модаль сөздердің қалыптасу тарихымен сабақтастыра, оның сөйлемдегі орнын, модальді реңк үстеудегі үлесін жан-жақты саралаған.

Модаль сөздерді дербес сөз табы деп қарастырған зерттеуші - С.Исаев (4,290).

Р.А.Камильджанова модаль сөздердің сөйлем аясындағы қолданысына назар аудара келе, олардың дербес, оқшау және етістік сөздермен бірлікте қолданысын сипаттайды. Автор осындай ерекшелігіне қарай модаль сөздерді «қыстырма модаль сөздер», ««компонент құраушы модаль сөздер» деп жіктейді (5, 20-22).

М.З.Закиев модаль сөздерді «етістік қызметіндегі» немесе «етістік құрамындағы» және «қыстырма сөздер қызметіндегі» деп топтастырып, сөйлем аясындағы модальді мағынаға әсерін арнайы талдаған (6, 350-352).

Қ.Мамаділов модаль сөздердің қызметін етістіктің модальдық құрылымдарын талдаған еңбегінде қарастырған. Зерттеу еңбегінде модаль сөздер етістіктің модальді құрылымын қалыптастыратын тұрақты құрамды бөлігі ретінде танылған. Автор етістікті сөздермен бірлікте қолданылған модаль сөздердің ара қатынасын былай сипаттайды: «ЕМҚ - ЕАФ сияқты тілдегі аналитизм заңдылығының жемісі. ЕАФ-тың қапыптасуы оның құрамындағы морфемалардың жеке қолданылғандағы мағынасынан айырылып, жалпы бір

мағынаға, бір қызметке көшуімен байланысты. ЕМҚ-ның да қалыптасуы осыған ұқсас, ЕМҚ білдіретін модальдық мағына оның құрамындағы морфемаларың тығыз бірлігінен туындайды» (7, 11-12).

Қазіргі модаль сөздердің сөйлемдегі қолданысын екі құрылымда кездестіруге болады. Біріншіден, кейбір модаль сөздер сөйлем құрылымында дербес қолданылса, кейбір құрылымдар етістікті тұлғалармен бірлікте жұмсалады. Осыған сәйкес модаль сөздерді 3-ке бөлеміз: 1) толық дербестенген модаль сөздер; 2) жартылай дербестенген модаль сөздер; 3) дербестенбеген модаль сөздер.

Толық дербестенген модаль сөздер қазіргі оқулықтарда «қыстырма сөздер» деп топталуда. Бұлардың сөз табына қатысы бірізді айтылмай жүр. Толық окшауланған модаль сөздердің семантикасы, модальді мағынаны түрлендіруге қосар үлесі өзгермегенмен, грамматикалық қолданысы окшауланған. Кейбір оқулықтарда толық дербестенген модаль сөздер мен етістік құрамындағы модаль сөздерді екі түрлі грамматикалық категория деп қабылдаған. Бұл туралы А.Салқынбай: «Модаль сөздер мен қыстырма сөздердің арасында кейде ұқсастық болуы да ықтимал. Модаль сөздер көбінесе қыстырма сөздер ретінде қолданылуға бейім. Дей тұрғанмен Мәтіндегі қолданыс қызметі мен семантикалық құрылымы арқылы оларды екі грамматикалық категория ретінде ажырату маңызды. Модаль сөздерге предикативтік тән болса, қыстырма сөздер көп жағдайда сөздің басында немесе ортасында келеді» (2. 312).

Біздің ойымызша, толық дербестенген модаль сөздер де о баста жетекші сөздердің құрамында айтылса керек. Сөйлемдегі сөздердің орын ауыстыруы, жылысу, ауысу құбылысының салдарынан бұл модаль сөздер өзі тәуелді жетекші сөздерінен алшақтап, дербес интонациялық жікпен айтылатындай дәрежедегі сапалық өзгерістерге түскен. Бұл қатардағы модаль сөздерге: бәлкім, бәлки, әрине, әлбетте, анығында, шамасы, расы, расында, шынында, шындығында сөздері жатады.

Қолданыста «сірә» модаль сөзі күдікті, болжал, жорамалды мағынаны ашуға тірек болады. Мысалы: Сірә, әкесі бір, шешесі бөлек болды (М.Мағауин). Төс жара болып қалар, сірә (М.Мағауин). Қасында, сірә, қала тұрғыны болса керек, интеллигент кейіпті жас жігіт бар (М.Мағауин).

Бұл қатарға құптау, субъекті сенімін даралайтын «әрине» сөзін де жатқызамыз. Мысалы: Әрине, мен мұнымен өкініп тұрғаным жоқ бүгін (Ә.Нұршайықов). Әрине, атты солай суреттеу орынды (Ә.Нұршайықов). Әрине, одан да қатты, анық айтылса (М.Мағауин). Содан соң киноға барамыз ба? - Әрине... (М.Мағауин).

«Кім біледі» дербестенген модаль сөзінің мәтіндегі қызметі ауқымды. Бұл сөзді бірнеше мақсатта жұмсауға болады. Бірде субъектінің үмітін, бірде күдігін, бірде болжап, жорамалын, құптауын ажыратады. Яғни, қолданыста белсенділігімен, көп мағыналылығымен көзге түседі. Мысалы: *Өлгенін өз көзіммен көргенім жоқ. Бір жерде жүр ме, кім білсін (М.Мағауин). Бәлкім, бір қарағанда біреуге біреу жаман көрінгенмен, негізінде ол жақсы адам боп шығар, кім білсін (Ә.Нұршайықов)* сөйлемдерінде субъектінің үміті жанданса соңғы сөйлемдерде аталған модаль сөздің ықпалымен субъектінің болжалды, сенімсіз көзқарастары көрініс тапқан. Мысалы: *Бұл қайраттың қай межеге жеткізерін, кім білсін?! (С.Досанов).*

Жартылай дербестенген модаль сөзге «мүмкін» сөзін жатқызуға болады (яғни, кейде сөйлем құрылымынан окшауланып, кейде етістікті тұлғалармен бірлікте жұмсалады). Қыстырма сөздер құрамындағы «мүмкін» модаль сөзін қалыпты модаль сөздер қатарынан деп топшылауымызға негіз бар:

1- ден, сөйлем құрылымынан окшауланып тұрса да модальді мағына үстейтін семантикасын жоймайды;

2- ден, қазіргі әдеби тілімізде «мүмкін» модаль сөзінің дербестену сатысынан хабардар ететін тілдік деректер де орын алған. Ойымызды төмендегі мысалдармен бекітуге болады.

1. *Мойнын мінер жаққа бұра, қарыстырып алып, шапқылай жөнелуі мүмкін (М.Мағауин).*

2. *Мүмкін аяған болуы да (М.Мағауин).*

3. *Мүмкін, қарбалыста поездің сағатын, не нөмерін шатастырып алған шығар.*

Жаңбыр астында көп жүргендіктен өзінің төсек тартып жатып қалуы да... (М.Мағауин).

Бірінші мысалда «мүмкін» сөзі мен жетекші етістіктің бірлікте қолданысын аңғарсақ, екінші мысалдан «мүмкін» модаль сөзінің орын ауыстыруы нәтижесінде жетекші сөзінен алшақ тұрып, ерекше интонациялық жікпен дараланып айтылғанын байқаймыз. Ал үшінші мысалда «мүмкін» модаль сөзінің дербестенгенін, дегенмен оның баяндауыш құрамында

қажеттілігін аңғарамыз. Мұндай жағдайда модаль сөздердің орнын интонация компоненттері толықтырады.

Жоғарыда талданған толық дербестенген модаль сөздердің қалыптасуында да дәл осындай өзгерістер болуы мүмкін. Мұндай өзгерістер грамматикалық заңдылықтың ішкі әсерінен бірте-бірте қалыптасқан деп түйіндеуге болады.

Жинақталған мысалдар негізінде жіктесек, «мүмкін» модаль сөзі көп қырлы қызметімен көзге түседі. Төменде «мүмкін» модаль сөзі субъектінің үмітті көзқарасын даралаған. *Бір қараға жетіп жығылсаң, мүмкін, содан кейін апамды тауып алармын (С.Досанов). Мүмкін, бүгін келе қоймас (С.Досанов).*

Субъект аралық сенімсіз көзқарас та «мүмкін» модаль сөзінің ықпалымен жүйеленеді. Мысалы: *Мүмкін, бозарып, қызарған өзің шығарсың (С.Досанов).*

Жорамал, болжап реңктері «мүмкін» модаль сөзінің ықпалымен беріледі. Мысалы: *Мүмкін, болашақта қазіргіден көп болады (С.Досанов). Субъект аралық қарсылық, наразылыққа «мүмкін» модаль сөзімен айқындалады. Мүмкін, оқудан шіріген миына бірдене қонар (М.Мағауин).*

«Мүмкін» модаль сөзі етістік сөздердің жетегінде де қолданылады. Көп жағдайда бұл модаль сөз тұйық етістіктермен бірлікте жұмсалады. Мысалы; *Арты дауылға айналып кетуі мүмкін (С.Досанов). Соңғы рет болуы да мүмкін (С.Досанов).* Қ.Мамаділ еңбегінде мұндай құрылымдар етістікті-модальді құрылымдар деп арнайы зерттелген. Автор көрсеткендей, -у мүмкін құрылымы тұрақтылығымен дараланды. Бір аңғарғанымыз, бұл құрылымдардың да семантикалық ауқымы кең. Яғни, -у мүмкін тұлғасымен субъектінің әр түрлі модальді көзқарасы айқындалады. Олардың модальді мағынасы мәтін аясындағы сөйлем аралық семантикалық заңдылықтарға бағына, сабақтала анықталады. Модаль сөздердің көп қырлы қызметіне назар аударған А.Салқынбай оның ішкі себебін төмендегідей сипаттайды: «Модаль сөздердің қалыптасуы сөздердің лебіндегі қолданысымен тікелей байланысты. Кез келген жеке сөз табының пайда болуы оның сөйлемдегі қызметіне сай болатыны сияқты, модаль сөздердің ішкі функционалдық-семантикалық құрылымы да қолданыста жасалып, бірте-бірте қалыптасады. Модаль сөздердің ішкі мағыналық құрылымы мәтінде ашылады» (2, 312).

Тұйық етістікпен тіркескен «мүмкін» модаль сөзінің қызметтік ауқымын, сөйлемдегі белсенділігін төмендегі мысалдар көрсетеді:

1) *сенімсіз модальді мағынаны даралайды. Мысалы: Басына барып ойнауы мүмкін. Қызық көргісі келіп мазаны алуы мүмкін (М.Мағауин). ...Сол сәттерде ойлады ма екен Мәжнүнді? Неғайбыл! Ләйлі Мәжнүнді түсіне қойды, тіпті, жай мүсіркеді дегенге мен сенбеймін. Сырттай қызықтауы, өз атының жырға қосылып, ел аузына тарауын тамашалауы мүмкін (М.Мағауин).*

2) *күдікті көзқарасты ашады. Мысалы: Арты дауылға айналып кетуі мүмкін (С.Досанов). Жаңағы жауыздардың бірі Серезаның жолын тосып жүруі мүмкін (С.Досанов).*

3) *субъектінің үмітті көзқарасын ашады: Зоя Борисованың жүрегінде бір үміт сәулесі жылт етті: «Жолықтыратын болғаны зой. Босатып жіберуі де мүмкін» (С.Досанов).*

Дербестенбеген модаль сөздерге қазіргі етістікті құрылымдармен тұрақты қолданылатын модаль сөздерді жатқызамыз. Оларды етістіктің категорияларына сәйкес төмендегіше жіктейміз: тұйық етістік және модаль сөзді құрылымдар; есімше және модаль сөзді құрылымдар; шартты райлы етістік және модаль сөзді құрылымдар.

Дербестенбеген модаль сөздерге: жарар, екен, шығар, болар, дейді, көрінеді, білем, деседі, деймін, керек, қажет, тиіс, бар, жоқ, сияқты, секілді, тәрізді, сықылды сөздері жатады.

Жинақталған мысалдарға сүйеніп, аталған модаль сөздердің етістік тұлғаларымен тіркесуін талдауға болады.

«Керек» модаль сөзі -са, -се және -у тұлғаларымен еркін құрылым құрайды. Бұл тұлғалардың модальді мағынаны түрлендіруі де тұрақты. Яғни, барлық қолданыста болжал, жорамал реңктерін ашуға негіз болады. Мысалы: *Аналар қоқаңдай ұмтылса керек (М.Мағауин). Балалар бораннан құтылып, ықтасын тау ішіне ілінген кезде гана бағдардан айрылса керек (М.Мағауин). Жеңгесі қала іргесіндегі колхозға кетсе керек (С.Досанов). Бүркітбайды қалай қолға түсіремін деп жүрсе керек (Ә. Нұршайықов).*

«Керек» модаль сөзі мен -са, -се және -у тұлғаларының бірлігінен кейде субъектінің күдікті көзқарасы да дараланады. *Әй, қайдан білейін, қараңғыда табатын кісі жарықта адаспаса керек еді (Ә. Нұршайықов).*

Субъектінің өзіндік ой түйі және субъекті аралық бағалау орын алған жағдайда «тиіс» модаль сөзі сенімді көзқарасты көрсетеді. Мысалы: *Сүйеге тиіс. Мендік болуға тиіс (М.Мағауин). Бұрын журналистер назарына мүлде ілінбеген адам туралы тың дүние болуға тиіс (М.Мағауин). Ербол түбінде біздің белді қызметкерлердің бірі болуы тиіс (Ә.Нұршайықов)* Ал субъектінің бұйыра айтқан лебізімен астарласқанда, «тиіс» модаль сөзі міндеттілікті айқындайды.

«Сияқты» модаль сөзі есімшенің -ған, -ген, -атын, -етін, -йтын тұлғаларымен грамматикалық байланысқа түседі. Бұл құрылымдардың өзара бірлігінен субъектінің сенімсіз, сенімді, болжалды, жорамалды көзқарастары айқындалады.

Субъекті өз басындағы жағдаятты баяндауда аталған құрылымдарды қолданса, сенімсіз модальді реңкі орын алады. Мысалы: Қазақша сөйлеген осы оқытушы ма, әлде басқа біреу ме деп, өз құлағым мен өз көзіме өзім сенбеген сияқтандым (Ә.Нұршайықов).

Төмендегі мысалдарда болжалды көзқарас көрініс тапқан: Саған жаңа жұмыс бергілері келіп отырған сияқты (Ә.Нұршайықов). Жұрттың бәрі әуестікпен емес, қызыға, қызғана қарайтын сияқты (М.Мағауин).

«Тәрізді» модаль сөзінің де тіркес құрайтын жетекші сөзі - ған, -ген,-атын, -етін, -йтын тұлғалы етістікті құрылымдар. Бұл құрылымдар мәтін аясында күдікті, болжалды, жорамалды, сенімсіз модальді мағынаны ашады. Мысалы: *Кім келгенін сырттан-ақ аңдаған тәрізді (М.Мағауин). Шаршатып жеңгісі келетін тәрізді (М.Мағауин). Ол қазір басын қылқан еткізіп көтеріп алып, менің мойныма орана кететін тәрізді (Ә.Нұршайықов).*

Есімше тұлғаларымен бірлікте қолданылатын «шығар» модаль сөзі де әр түрлі модальді мағынаны сипаттауға негіз болады. Оларды төмендегіше топтаймыз:

1- ден, субъектінің үмітін даралайды: *Меңтай менің қолымды қаттырақ қысып, ұзағырақ ұстайтын шығар (Ә.Нұршайықов).*

2- ден, субъекті сенімсіздігін көрсетеді: *Бәлкім, маған солай сияқтанып көрінген шығар (Ә.Нұршайықов). Әй, алыс қой, бара алмайтын шығармын (Ә.Нұршайықов).*

3- ден, күдікті көзқарасты ашады: *Ендігі біреумен танысып та қойған шығар (Ә.Нұршайықов).*

4- ден, субъектінің ішкі жорамалын айқындайды: *Тегі, Меңтайдың мұнысы қолыма қарама дегені шығар (Ә.Нұршайықов).*

«Деймін» модаль сөзі мен жетекші сөз арасында үнемі дәнекер ретінде «ау» демеулігінің қызметін байқаймыз. Бұдан модаль сөздердің көп жағдайда шартты рай, есімше, тұйық етістік тұлғаларымен тұрақты байланыста болатынын даралаймыз. Бұларды да тұрақтанған етістікті модальді құрылымдардың қатарын толықтыратын тұлғаларға жатқызамыз. Жетекші етістік, -ау демеулігі және «деймін» модаль сөзінің негізінде жасалған тұлғалардың семантикалық өрісін шектеулі деп даралауға болады, себебі барлық қолданыста дерлік болжау, жорамалдау мағынасын даралайды. Мысалы: *Менің «жаңа студенттін» деген сөзімнің қыздарға жаңаша бір әсері болды-ау деймін (Ә.Нұршайықов). Берлинде болып, Рейхстагты көргенім тергеуші қызға әсер етті-ау деймін (Ә.Нұршайықов). Сол түрімді аяды-ау деймін (Ә.Нұршайықов). Тегі, оны ауыстырып киерлік лайықты басқа кеуде киімі болмады-ау деймін (Ә. Нұршайықов). Менің сұқтанып отырғанымды сезді-ау деймін (Ә.Нұршайықов).*

Қазіргі модаль сөздердің қатарын «болар» модаль сөзі де толықтырады. Қолданыста «болар» модаль сөзі етістік сөздермен де, зат есім сөздермен де жарыса қолданылып, модальді реңкті саралауға үлес қосады. Мысалы: Қыздың көмейіне «оның ар жағы не болды» деген сұрақ та келген болар (Ә. Нұршайықов). Кім біледі, сол жаман деген адамның да жақсылығы болар (Ә. Нұршайықов). Бәлкім, анасы есіне түскен болар (Ә.Нұршайықов). Бәлкім ол қазір билет алудың қамында жүрген болар (Ә. Нұршайықов).

Қорыта келгенде, модаль сөздердің модальді мағынаны айқындауда қосар үлесі зор. Қолданыстағы құрылымдық ерекшеліктері олардың қызметін әлі де тереңдей, салыстырмалы негізде талдау қажеттігін көрсетеді.

1. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. -Алматы, 2007.
2. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, 2008.
3. Жанпейісов Е. Модальдық мағына білдіретін кейбір сөздердің құрылымдық сипаты Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. -Алматы, 1983г №1.
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық, сипаты. - Алматы, 1998.
5. Камильджанова Р.А. Модальные слова в современном узбекском языке. -

Ташкент, 1975.

6. **Закиев М.З. Современный татарский литературный язык. -Москва, 1969.**

7. **Мамаділ Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің модальдық құрылымдары. Автореферат. - Алматы, 1996.**

Түйін

Мақалада модальділік санатының жасалуына негіз болатын модаль сөздердің сөз табы ретіндегі дербестігі сөз болып, оның модальді мағынаны түрлендірудегі белсенді қызметі сипатталады. Қазіргі модаль сөздердің сөйлем аясындағы қолданысына қарай құрылымдық түрлері де дараланады.

Резюме

В статье рассматриваются модальные слова как отдельные части речи и их отношения к категории модальности. Также в статье идет речь о структурных особенностях модальных слов.

Summary

Modal words as separate parts of speech and their relations to category of modality are considered in the article. It was also mentioned about structural peculiarities of modal words in the article.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУЫ ТУРАЛЫ

Нәсіпқазы Еркінбек -

аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

Адамзат қоғамы үздіксіз дамып, өзгеріп отырады. Ғаламдық саяси өзгерістер, экономиканың өркендеуі, ғылым мен техниканың дамуы, қоғамдық өмірге ұқсамаған дәрежеде жаңа құбылыстар алып келеді. Мәселен: жаңа құрылымдар, жаңа саяси жүйе, жаңа идея, тың танымдар мен тапқырлықтар т.б. Міне осындай жаңа дүниелерді айқын бейнелеу үшін жана атаулар мен тың терминдер дүниеге келеді. яғни осы атаулар және сөздер болып енді.

Соңғы мезгілдерде, әсіресе « сыртқа есік ашу, реформа жасау» саясатын белсенді жүргізгеннен кейін, Қытай Халық Республикасында, Қоғамның әр саласында: заң, саяси жүйе, ғылым- мәдениет, сауда-экономика т.б. мәселелерде елеулі өзгерістер болды, осындай жағдайлар, Қытайдың тілдік қорында жаңа сөздердің кең көлемде туындауына әсер етті. Айталық, Қытайда ауыл- қыстақтарға жүргізілген реформа ең алдымен, Халықтық коммуналарды жоғалтып, өндірісті біртұтас жоспарлайтын ескі саясатты алып тастап, жер телімдерін жан басына шаға отырып әрбір шаңыраққа дейін көтереге беруден өнімінің белгіленген мөлшердегі бөлімін мемлекетке тапсырады да, қалған бөлігіне бүкілдей өзі иелік етеді. Осыдан реформаның халыққа тиімділігін айқын көрсетуге болады.

(Отбасына көтереге беруі) дейтін жаңа сөз пайда болды. Отбасына дейін кетереге беруі саясаты егіншілердің өндірістегі белсенділігін арттырады; Бір бөлім шаруалар алдымен байып, жылдық отбасылық табысы он мың (төмен) Қытай юаньына жетті немесе асып жығылды. Адамдар енді осындай отбасын (түмендік түтін) дейтін тағы бір жаңа атау арқылы жеткізді. Қытайдағы қала экономикасына жүргізілген реформа екінші жағынан жеке адамдардың сауда-саттық жұмысымен айналысуына мүмкіндік берді. Бұдан бұрын тек мемлекет немесе ұжым ғана мұндай жұмысты жүргізетін, жеке адамдарға рұқсат етілмейтін. Жоғарыдағы мүмкіндікке байланысты сауда- саттықпен, қоғамдық қызмет көрсетумен арнайы айналысатын көптеген жеке меншік, отбасылар өмірге келе бастады. Осындай жағдайда, (жеке кәсіпкер) дейтін бұрын болмаған жаңа бір сөз дүниеге келді. Таяу жылдардан бері Қытай үкіметі базар шаруашлығын мықтап қолға алды. Осыдан кейін арнайы бизнеспен шұғылдантын серіктестіктер (фирма) көптеп өмірге келе бастады. Тіпті қаржы-қаражаты да, тұрақты мекен-жайы да жоқ ақпа серіктестіктер бой көрсетті. Мұндай серіктестіктерді жұрт: (бос белбеу фирма) деп атады. Кейбір үкімет ұйымдары өздеріндегі мүмкіндіктерімен қызмет қолайлығынан пайдаланып, әр түрлі аты өзгерген фирмалар құрып, ақша жасауға кірісті. Халық:(түсі өзгерген фирма) деу арқылы осындай серіктестіктерді көрсетті. Көптеген үкімет қызметкерлері, оқытушылар, дәрігерлер өз жұмыстарын тастап, бизнеске бет бұрды. Осы жағдайды (теңізге сүңгуі) деген атау енді.

Үкіметтің экономикалық саласындағы өзгерістеріне байланысты, осындай көптеген жаңа сөздер өмірге келді.

Жоғарыда керсетілгендей, Қытай тілінің сөздік қорына көптеген жаңа сөздер қосылуда. Алайда, осы сөздер иероглифтердің бет алды қосылуынан жасалған ба? Жоқ әлде белгілі заңдылықтарға негізделген бе? Иероглифтердің орналасуы арқылы сөз жасап, оны мазмұны арқылы түсінуге болады (Қазақ тілінде түбір арқылы сөз жасалып, буындарға бөлікке бөледі) қытай тілінің грамматикалық ерекшелігі, жаңа атаулардың, сөздердің жасалуына орасан зор мүмкіндіктер беріп отыр. Біз Қытай тіліндегі жаңа сөздердің ерекшелігіне, құрылымына назар аударсақ, онда белгілі заңдылықтардың бар екендігін байқаймыз. Негізінен, оларды төмендегідей жинақтауға болады:

Біріншіден, жаңа сөздер тікелей жасалған. Қытай тілінде иероглифтер өте көп, сөз жасауға аса ыңғайлы. Адамдар жаңа заттар дүниеге келгеннен кейін, олардың ерекшелігіне, сыйпатына негізделе отырып, мазмұн жағынан дәл жеткізетін иероглифтер арқылы жаңа сөздер жасап отырады. Мысалы: (ерекше аймақ) деген сөзді қарап көрейік: 1980 жылы мамырда, Қытай үкіметі Қытайдың оңтүстік шығысындағы теңіз жағалауына орналасқан Шынжың, Жухай, Шиянту, Шиямин қатарлы төрт ірі қаланың орналасқан орны бойынша, белгілі көлемдерін анықтап, экономиканы дамыту, дамыған елдерден озық техникаларды енгізу, олардың басқару ерекшеліктерін үйрену мақсатына, ерекше жеңілдіктер қарастырылып, еркін экономикалық аймақ саясатын жүргізе бастады, бұл кейіннен қарапайым түрде ықшамдалып, «ерекше район» болып қалыптасып кетті. Тағы бір мысал, Қытай үкіметі елдің жан санының қалыптан тыс көбеюін тежеу мақсатында, ер мен әйелдің тұрмыс құру жас шамасын, перзент сүю мезгілін және олардың бір балалы болуын белгілі үкімет тарапынан қадағалауды міндеттеді, жүктеді. Бұл саясат (жоспарлы туыт) деп аталды. Осы саясаттың нәтижесінде өмір есігін ашқан, жас жұбайлардың жалпы ұрпағы (жалғыз перзент) деген сөзбен көрсетілді.

Екіншіден, бұрыннан қолданыста бар сөздердің жаңаша түрленуі арқылы жасалған. Айталық, (үлкен қазандағы ас), бұл әсілінде бар сөз болып, үлкен қазанда әзірленген тағамды білдіретін. Кейіннен жаңа саяси мән алу арқылы, әр бір адам үлесінің тепе-теңдігін білдіретін болды. Қоғамда атқарған шаруаларының қандай болуына қарамастан, сіңірген еңбегінен аз немесе көп болуын ескерместен жалпыға бірдей, тең үлес беретін құбылысты (үлкен қазаннан ас ішу) деп атады. (Кішкентай патша) - деген сөздегі кіші, кішкентай деген мағынаны, ал император, патша деген ұғымды білдіретін бұрыннан қолданыста бар сөз. Алайда, жоғарыда айтқанымыздай Қытайдағы жоспарлы туыт нәтижесінде, дүниеге келген әр отбасындағы жалғыз перзент, әке-шешесі мен ата-әжелерінің шектен тыс қолпаштауы салдарынан, ақшаны бей-берекет шашатын, нені каласа соны алатын, тәкаппар, өзімшіл болып өсе бастады. Міне осындай жағдайда есейіп келе жатқан жалғыз баланы теңестіру арқылы (кішкентай патша) деп атайтын болды. Мұндай жаңа сөздерді қазіргі кезде Қытай тілінен көптеп кездестіруге болады.

Үшіншіден, Қытай тіліндегі жаңа сөздердің тағы бір бөлігі, кейбір ұзын сөздердің ықшамдалып, қысқартуынан пайда болған. Мысалы: (кедейлерді сүйемелдеу) сөзі әсілі Қытай үкіметінің түрлі тәсілдерді қолдана отырып, мешеу дамыған кедей өңірлерді сүйемелдеп, олардың тез арада кедейліктен құтылуы үшін жүргізген деген саяси ұғымын білдіретін атаудың қысқаруынан келіп шыққан. Тағы сол сияқты терминде, өндірісте және қызмет барысында ерекше ерлік көрсетіп, үкіметтің назарына ілінген еңбек озаттары мен қаһармандарын сыйпаттайтын (қаһарман және озат жекелер) сөзінің қысқаруының туындысы. Жалпы халыққа ғылым, білімнің ең жаңа жетістіктерін жеткізу, жалпыластыру мақсатында қолданған (ғылыми танымдардың жалпыласуы) деген атаудың ықшамдалған көрінісі. Қазіргі осындай жолмен жасалған сөздер қытай тілінде күн санап көбеюде.

Төртіншіден, шет тілдеріндегі атаулардың дыбыстық аудармасы негізінде жасалған. Қытай тілі жалпы алғанда, өзінің тілдік тазалығын нық сақтаған тіл. Бұлай болуындағы басты себеп, ең алдымен тілдің грамматикалық ерекшелігі болса, енді бір жағынан, қытай ұлтының басқа тілдердегі дыбыстарды оңай ажыратып, дұрыс дыбыстай алмауынан. Және де кез-келген жаңа құбылыстарға бірден ат қойып, айдар тағатын өз тілін барынша таза сақтауға ұмтылатын ұлттық психологияны қосыңыз. Мұндай жағдай шет тіліндегі атаулардың молынан енуіне кедергі болған. дегенмен, ғылым мен техниканың ұшқан құстай дамыған бүгінгі кезеңінде, шет тілдерінен келген жаңа сөздер қытай тілінде де бой көрсете бастады. Мәселен, 70- жылдарда алғаш Жапонияда пайда болып, кейіннен әлемге кеңінен таралған «Сагаоке» техникасы, Қытай тіліне болып қосылды. Сондай -ақ, Американың танымал сусыны «Соко-СоІа» Қытай тілінде дыбыстық аударма бойынша

«(Кекои кеіе)» болып бейнеленді. (Bisabing)» - арқылы Италияның аты шулы тағамының бір түрін (pizza) көрсетті. Шет тілдерден келген мұндай сөздер мұнымен шектелмейді. Айта берсек тағыда көптеп мысалдар келтіруге болады «-Wei ta ming» (Витамин), « A si pi lin» (Аспирин) , « Di si ke» (Диско) т.б.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые вопросы словообразования в китайском языке.

Summary

In this article some problems of word forming in Chinese language are considered by the author.

ТҮР МЕН ТҮС АТАУЛАРЫ - КҮРДЕЛІ ҚҰБЫЛЫС

**Р.К. Садықова -
ҚазҰПУ-дың доценті**

Түр-түс атаулары, түр-түс символикасы - әрбір халықтың өзіндік феноменін танытатын күрделі құбылыс. Осыған байланысты қазіргі кезде жедел дамып бара жатқан, тілдердің қолданылуының когнитивті және прагматикалық факторларының зерттелуінің аясында түр-түс атаулары да жиі қарастырылып келеді. Өйткені түр-түс атауларының лингвистикасы «Тіл және ойлау», «Тіл және қоғам», «Әлемнің тілдік бейнесі» сияқты іргелі проблемалардың жаңа қырларын таныта алады. Сонымен қатар түр-түс атаулары мәдениетаралық коммуникацияда да ерекше маңызға ие. Түр-түс атаулары этномәдени жағынан барынша байлаулы (маркерлі). Түр-түс атаулары - мәдениеттің жемісі, әрі мәдениетті жасайтын фактор; ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі құралы. Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықпен қарауының басты себебі осында.

Сондықтан тілші-ғалымдар түр-түс атауларының барлық аспектілеріне назар аударып келеді. Ғалымдарды төмендегі мәселелер ойландырады:

- әрбір ұлтқа тән маңызды (когнитивті және прагматикалық тұрғыдан) түр-түс атауларын ажырату;

- түр-түс атауларына лингвистикалық парадигма ретінде қарап, зерттеу;

- түр-түсті қабылдау мен оны атаудың универсалиялары;

- лексикалық-семантикалық ақпарат беретін компоненттерді зерделеу;

- түр-түс атауларының семантикалық өрісінің корреляциясын анықтау;

- түр-түс атауларын металл ретінде зерттеу;

- әрбір халықтың түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін салыстырып, кешенді түрде сипаттау және т.б.

Осы аталғандардың ішінде бірнеше аспект айрықша маңызды болып, қазірге дейін, зерттеулердің көп болғандығына қарамастан, қызу пікірталас тудырып отырған мәселелердің бірі - әрбір ұлтқа тән маңызды, ұлттық этносимволиканы білдіретін түр-түс атауларын ажырату. Көптеген ғалымдар И.Гётенің жүйесін атап өтеді; ол барлық түр-түс спектрін үш топқа бөлген:

1. Негізгі түстер: сары, көк, қызыл; басқа түстер осы арқылы жасалады;

2. бірінші дәрежедегі құрамдас түстер - жасыл, қызыл, сары

(оранжевый), сиякөк, булар негізгі екі түстің араласуы арқылы жасалады.

3. Екінші дәрежедегі құрамдас түстер - бірінші дәрежедегі түстердің араласуынан пайда болған түстер.

Ал америкалық лингвистер Б. Берлин мен П. Кей пікірі бұл мәселенің аныққанығын ашып берді деп есептеуге болады. Олар 98 тілдегі түр-түс атауларын зерттеп, жинақтаған материалдың негізінде 11 негізгі түсті көрсетеді: *basic colour terms - black (қара), white (ақ), red (қызыл), yellow (сары), green (жасыл), blue (көк), brown (қоңыр), purple (алқызыл), pink (қызылт сары), orange (қызылсары), gray (сурь).*

Яғни қайсыбір тілде бар болған үш қана түс атауы болатын болса, онда олар - *ақ, қара, қызыл*. Орыс тілші ғалымдарының көпшілігі осы жіктемені мойындайды және орыс тілінде 11 негізгі түс бар деп санайды, олар - ағылшын тіліндегі blue дегеннің орыс тілінде екі баламасы бар деп есептейді: *blue - көк (синий)* және *көгілдір (голубой)*. Б. Берлин мен П. Кейдің жіктемесі негізінде ғалымдар барлық тілдердегі дерлік түр-түс атаулары

төмендегідей иерархияда орналасады деп есептейді: black, white}- >{red}- >{green, yellow}- > {blue} - > { brown } —♦> {gray, orange, pink, purple}.

Бірақ орыс ғалымы Р. Фрумкина жоғары аталған жіктемеде түр-түс атауларының 11 болып көрсетілуі шартты түрде деп есептейді, солай бола тұрса да өзінің негізгі түр-түс жіктемесін ұсынбайды. Р. Фрумкинаның пікірінше, негізгі түр-түс атауларының олардың реңктеріне (мысалы, көк-көкшіл) қарсы қойылуы мәдени-тарихи және психологиялық факт болып табылады, олар психофизиологиялық тұрғыдан қарағанда өзара теңбе-тең. Яғни психофизиологиялық жақтан түс пен оның реңктеріне бөлу мүмкін емес, бұлайша бөлу әлемнің қарапайым бейнесіне тән. Түр-түс атауларының негізгі, маңыздыларын, яғни ұлттық-мәдени ерекшеліктерді белгілей алатындарды ажыратып көрсетуде түр-түс атауының негізгі түбір болатындығы да айтылады. Бұл пікір бойынша, сұр - негізгі түс; сұрғылт - негізгі түс емес, түстің реңкі. Осыған байланысты орыс тілінде 800-дей атау бар деп айтылады [1].

Қазақ ғылымында түр-түстің толық сипаттамасы жасалған алғашқы еңбек - «Сырға толы түр мен түс» деп аталады [2]. Түс атауларына қатысты тұңғыш еңбек деп санауымызға көптеген негіздер бар, олардың бастылары мыналар:

- түстердің зерттелу тарихынан толық мәлімет алуға болады, яғни жұмыста түр-түс тану ғылымының бұдан 150 жылдай бұрын басталғанын, бұны Ньютон, Ломоносов, Вернер, Риджвей, Саккардо, Рихтер және т.б ғалымдардың қарастырғаны туралы дерек берілген;

- түстердің негізгі физиологиялық қасиеттері талданған; авторлар «өмірде кездесетін заттардың түр-түсі ахроматты және хроматты болып екіге бөлінеді. Ақ пен қара түстердің барлық реңдері ахроматты болады, ал сары, жасыл, көк, қызыл, күлгін және басқа түстердің түрлі реңктері хроматты түр-түске жатады. Ахроматты термин қазақша «түссіз» деген ұғымды білдіреді» деп жазады [2, 18 б.].

- түр-түс атауларының ұлттық ерекшеліктері талданады;

- әрбір халықтың тіліндегі түр-түс атауларының саны туралы дерек беріледі.

Авторлар Р. Фрумкинаның айтқанын негізге ала отырып, орыс тілінде тек бір сөзбен берілетін түр-түс атауларының жалпы саны 150-ден аспайтындығын, осылардың 80-90 пайызы тілдік табиғаты айқын, заттық негізі белгілі атаулар екендігін жазады [1, 49 б.];

- ал қазақ тілінде түбір сөздерден тұратын түс атауларымен қатар, туынды түбір, біріккен сөз түрінде, сөз тіркестері түрінде берілетін атаулар саны өте мол; бұны авторлар дәл көрсеткен;

- түр-түс атауларының жасалу жолдары, олардың қатысуы арқылы жасалған фразеологизмдер талданады.

Жоғарыда атап өткен, «Сырға толы түр мен түс» атты еңбекте қазақ тіліндегі түр-түс атауларының саны көрсетілмейді, авторлар түр-түс атауларын біршама санап шығады, бірақ олар толық емес.

Осындай еңбектердің негізінде біз де әрбір халықтың тіліндегі түр-түс атаулары маңызды категория деп танамыз. Олардың аудару үдерісінде қалай жеткізілетіні де маңызды болып табылады. Өйткені түр-түс атаулары әр халықтың символикасын, ұлттық ерекшелігін, қоршаған ортаны қалай қабылдап, қалай бейнелейтіндігін көрсететін тілдік бірліктер тобы болып саналады. Осы тұрғыдан келсек, тіл-тілдердегі түр-түс атаулары бір жағынан идиоэтникалық айырмашылықтары бар, екінші жағынан универсалды болып саналатын концептілер деп бағалаймыз. Мысал келтірелік. Қазақ тіліндегі «сары» деген түс атауына байланысты мынадай пікірлер бар:

- бұл біріншіден, концепт, оның ішінде қазақ ұлтының дүниетанымын танытатын концепт;

- бұл сөзде геосимволика бар; өйткені «сары» сөзі негіз болған жер-су атаулары (Сарыжал, Сарыбел, Сарысу, Сарышаған, Сарыарқа) қазақ ұлтының географиялық объектілерді көзбен қалай қабылдағанын білдіреді [3, 112 б.].

- сары дала, сары жайлау, сары бел деген тіркестер «ұлан-ғайыр кең дала» дегенді білдіреді;

- жалпы, «сары» деген сөздің өзінің семантикасында «биік қырат, кең даланың жоталы жоны» деген мағына бар [4, 87 б.].

Мұндай қорытындылар жасауға ғалымдар сөздің семантикасы. Ол арқылы жасалатын тіркестердің мағынасына талдау арқылы қол жеткізіп тұр. Өйткені осы лексеманың номинациясы мен семантикасына метафоралық және метонимиялық атауларға келетін болсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» толық дерек бере алады: сөздікте негізгі мағынадан басқа 50 ауыспалы мағына көрсетілген [5].

Бірнеше тілдердің материалдарын салыстыратын болсақ, А. Залевскаяның талдауы

бойынша төмендегілерді атап көрсетеміз: **сары түс** - неміс халқында жек көрушілік, қызғаныш, жалғандық, сатқындық, америкалықтарда - **қорқақтық, қауіп төнетіндей жағдай**, француздарда - **сатқындық**; орыс ұлты үшін - **күзгі жапырақ** деген ассоциацияларды тудырады [6, 129 б.].

Қазіргі заманда қазақ тілінде түр-түс атауларын білдіретін лексикалық топтың құрылымы мен құрамы едәуір өзгеріске ұшырады. Бұған әсер етіп отырған жағдайлар: а) экономикалық, әлеуметтік - мәдени байланыстар аясының кеңеюі; ә) жанрдың жеке типі ретінде жарнаманың дамуы; б) әлеуметтік - мәдени байланыстардың негізінде туындаған мәтіндер мен жанрлар типтерінің қазақ тіліне кеңінен аударыла бастауы және осының нәтижесінде өзге тілдердегі түр-түс атауларының қазақша баламаларының ұсынылуы.

1 Фрумкина Р. *Цвет, смысл, сходство*. - М.: Наука, 1984. - 105с.

2 Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. *Сырға толы түр мен түс*. - Алматы: Қазақстан, 1986.-95 б.

3 Жарқынбекова Ш. *Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках: дисс. ...доктора филол. наук*. — Алматы, 2004. - 49 с.

4 Қайдаров Ә. *Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас*. — Алматы: Рауан, 1993. - 105 б.

5 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*. - 8-том. — Алматы: Ғылым, 1985. - 591 б.

6 Залевская А.А. *Слово в лексиконе человека //Психолингвистическое исследование*. — Воронеж: Изд. Воронежского университета, 1990. - 205с.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности наименований видов цветов в культуре разных народов.

Summary

The article considers the peculiarities of different kinds of colours in culture of nations.

АНТОНИМДІК АУДАРМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Н.О.Тухметов,
Ш.О. Султанкулова-**

*Абай атындағы ҚазҰПУ Ағылшын тілі кафедрасының
аға оқытушылары*

Аударма - бұл адамдар шығармашылығының ең ежелгі түрі», онсыз мыңдаған және көптілді халықтар орналасқан үлкен мемлекеттердің құрылуы, әлеуметтік беделге міндетті түрде ие болатын билеуші топтардың қалыптасуы, діни және әлеуметтік ілімдердің таралуы сияқты белгілі тарихи деректерді көзге елестетудің өзі қиын. Ол халықтар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде үлкен рөл атқарады.

Ғасырлар бойы лингвистер көркем аударманың негізгі мәселелерін талқылап, оларды шешуге ат салысты. Олар аударма теориясы мен практикасына көп көңіл бөлді. Аудармашылар өмірде кездесетін қиындықтарды шешуге көмек көрсету мақсатында аударма ісін зерттеп, көптеген өзгерістер енгізді. Сол көріністердің бірі - аудармалық трансформациялар. Бұл мәселені дұрыс айқындау үшін біз әртүрлі аудармалық трансформацияларды, соның ішінде лексикалық, семантикалық және сөйлем құрылысының өзгеруін саралап қарастырдық. Мақалада осындай трансформациялардың біреуін, соның ішінде болымды сөйлемдерді болымсыз сөйлемдермен, болымсыз сөйлемдерді болымды сөйлемдермен ауыстырудың ерекшеліктеріне зор мән бердік.

Осы мақсатпен Л.С. Бархударов пен В.Н. Комиссаровтың т.б. ғалымдардың тұжырымдамаларын басшылыққа ала отырып зерттедік. Антонимия құбылысы дербес және көмекші сөздер арқылы берілетін семантикалық қарама-қарсылықты білдіреді. Антонимия көркем әдебиетте антитеза сияқты әр түрлі стильдік фигураларды жасап, экспрессия үшін қолданылады.

Көбінесе антонимдік аудармаға жүгіну себебіміз, аударылатын тілде дәлме-дәл

құрылымның немесе орамның болмауынан емес, оны контекстің талап етуінен немесе стилистикалық норманы ұстану қажеттілігінен туындайды. Мысалы, **Aren't you... don't you... haven't you** және тағы басқа сөз тіркестерінен басталатын болымсыз түрдегі сұраулы сөйлемдердің тек қана эмоциялық сезім; таңқалғандықты немесе түсінбеушілікті, ренішті ғана білдіріп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас жасау үшін қолдауды немесе растауды дәлелдеу үшін қолданатындықтан бұл сұрақтардың қандай қызмет атқаратынын тек қана контекст анықтап бере алады.

Мысалы. **Aren't you going to forgive me.** - Сіз мені кешіресіз ғой.

We'll hang the picture here. Don't you think it is a good idea

Бұл суретті біз мына жерге іліп қоямыз. Қалай ойлайсыз, бұл дұрыс қой.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда болымсыз түрдегі сұраулы сөйлемдер арқылы қолдауды дәлелдеп тұрмыз. Енді келесі сөйлемді аудару кезінде біз стилистикалық себепті басшылық аламыз: **He stayed awake after reading this letter.** Хатты оқып шыққан соң, ол көпке дейін көз ілмеді.

Көркем аудармаға деген қызығушылық жалпы алғанда мәдениетке деген қызығушылықтың өсуіне тура пропорционалды болып келеді, Көркем аударма шығармашылық процесс болғандықтан, біз оны осы тұрғыдан қарастыруымыз керек. Көркем аударманың шығармашылық мәні - түпнұсқаның мән-жайын ашатын болғандықтан, ол келесі тұжырымда айқындалады: «Близость к подлиннику состоит в передании не буквы, а духа сознания. Соответствующий образ, также как и соответствующая фраза состоят не всегда в видимой ответственности слов: чтобы внутренняя жизнь переводного выражения соответствовала внутренней жизни оригинального выражения. Антонимдік аударма қарама - қарсы мағынадағы сөздің өзін ғана емес, сонымен қатар соған мағынасы жағынан жақын сөздерді қолдануды да қамтиды. Мұндай сөздер де антонимдік сәйкестіктер болып табылады. Мысалы, «**exclude**» «**шығарып тастау**» етістігіне антонимдік сәйкестік тек «**кіргізу**» етістігі ғана емес, сонымен қатар, «**қабылдау**», «**енгізу**» және «**жол беру**» сияқты етістіктер жатады. Мысалы, У.Фостердің «Очерк политической истории Америки» (Outline Political History of Americans) атты кітабында мынандай фраза берілген: «The railroad Unions have been a hotbet of Jim Crow - even the America Railroad Union, headed by Eugene V. Debs, excluded negroes from its membership»./?/

1953 жылғы баспада бұл сөйлем былай аударылған: «Теміржол одақтары ежелден нәсілдік шовинизмнің орталығы болып табылады, тіпті Юджин Дебс басқарған теміржолшылар кәсіподағының өзі де өз қатарына (негрлерді) афро- американдықтарды қабылдамаған».

Антонимдік аударма мақсаты - түпнұсқадағы ойды аударылатын тілде дәлме-дәл етіп жеткізу. Мысалы: «Әскерлерді тек қана төтенше жағдайда қолдану» керек деген сөйлемді. «**The troops shall be used only** in cases of emergency» деп аударуға болады. Әрине, бұл дұрыс адекватты аударма. Осы сөйлемді басқа жолмен де тәржімалауға болады. **The troops shall not be used except for** emergency. Екінші нұсқаның түпнұсқадан айырмашылығы - болымсыз түрде болуы (**shall not be used**), бірақ сөйлемнің мағынасы өзгермеген. Сөйлемнің болымды, болымсыз болуына байланысты лексикалық өзгерістер де бар (бірінші сөйлемде - **only**, екіншісінде - **except for**). Аудармадағы антонимдік әдіс тек шартты түрде ғана қолданылған: жалпы мағынаны жеткізуге келсек, онда ешқандай да антоним жоқ - Мұндай құбылыс әрбір нақты тілде әртүрлі іс-қимылды білдіру әдісінің қалыптасуына байланысты. Кей сәттерде антонимдік аударма бірден - бір тиімді әдіс болып табылады. Ағылшын - қазақ сөздіктерінде тұрақты сөз тіркестерінің баламасы ретіндегі мысалдарды көрсетуге болады. Тек қана (негізінен) антонимдік аударма қолданылатын лексика - фразеологиялық сөз тіркестері және грамматикалық құрылымдар бар. Мысалы: **to keep out, keep down, keep away, stay out, stay away, be out, be away, hold off** етістіктері қазақ тілінде көп жағдайда антонимдік әдіс арқылы беріледі:

Мысалы, **Keep the child out** of the sun! Баланы көлеңкеде ұстаңыз!

Keep off the grass! Газонмен жүруге болмайды.

The government tried hard to **keep down** taxes.

Салықтың көтерілмеуі үшін өкімет көп күш жұмсады.

Aigul **stayed out** of the kitchen . Айгүл ас бөлмеге кірген жоқ.

The rain is holding off. Жаңбыр жаумай тұр.

Hang on, please! Трубканы тастамаңыз!

Stay out of the sun! Күнде (ыстықта) көп жатуға болмайды!

Keep clear of the door! Есікке сүйенбеңіздер!

Don't get me wrong! Мені дұрыс түсініңіз!

Көптеген жағдайда **till, until, unless** жалғаулығы, етістіктің алдында келетін **nearly** және **almost** үстеулері, **to be nothing but** фразалық синтаксистік құрылымы бар сөйлемдер антонимдік құрылыммен аударылуға тиісті:

Do not make a move **unless** you have a foolproof plan.

Нақты жоспарларыңыз болмайынша, ешқандай әрекет жасамаңыздар.

Oh, **I nearly** forgot. Here are some sweets for the children.

Ұмытып кете жаздаппын ғой. Мына кәмпитті балаларға әкелген едім.

'You **are nothing but** a little child' she told him.

'Сен тек қана кішкентай **баласың ғой**' деді ол.

В.Н. Комиссаровтың, тұжырымдауынша, антонимдік аударма -аударма кезіндегі мағыналық дамудың ең соңғы дәрежесі. Антонимдік аударманың мәні- аудару кезінде түпнұсқада берілген сөздің немесе сөз тіркесінің ағылшын тіліндегі қарама-қарсы мағынасын қолдану болып табылады. Осы себептер мен тұжырымдарды студенттермен оқу үрдісінде пайдалана отырып, практикалық сабақтар өткізу барысында көркем әдеби шығармаларды аудару кезінде қолданылған сөйлемдерді сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз. Бұл мысалдар «Туған жер» газет мақаласынан және «Қазақстанның ежелгі көшпенділері» мәтінінен алынған: Ағылшын тілінен қазақ тіліне антонимдік аударма

1. **I am not against** it Opposite me, Yuri Grachev, an employee at the Zoological Institute in Almaty, sternly looks up from behind his glasses the decision has been made. Қарсы алдымда отырған Юрий Грачев, көзілдірігін жарқ еткізіп маған қарады да...**Мен тек қана қолдаймын**” деді. Қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару барысында қолданылған антонимдік аударма тәсіліне мән берейік.

2. Жазушы үшін оқушының ұнатқанынан **артық сыйлық жоқ-** The reader's appreciation of the book is the **best present** for the writer.

3. Кейіпкерлердің бәрі дерлік **өз атымен** алынды.-**No names** of almost all the **characters** of the novel are changed. Тылдағы ерлікті мен майдандағы ерліктен кем **санамаймын. I think** the bravery in the home front is as important as the one in the front.

4. Ананың жалғыздығына, баланың жастығына **қарамады.**-It **ignored** totally if mother is childless or child doesn't reach.

Сондай-ақ, ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару кезінде түпнұсқада сөйлемнің болымсыз түрі терістік префиксті сөзбен келген кезде де тек антонимдік аударма қолданылады. She is **not** unworthy of your attention. Сіз оған көңіл бөлуіңіз қажет. I **don't** disbelieve you. Мен сізге толық сенемін. It is **not** an unfavorable moment to abolish all military pacts. Бүкіл соғыс (әскери тактілердің көзін құртатын қолайлы жағдай туды. Жоғарыда келтірілген мысалдарда сөйлемдердің семантикалық мағынасы толық сақтаған.

Сонымен қатар антонимдік аударма басқа да жолдармен, яғни **without** немесе **fail** сөздері арқылы да өрнектеледі. He never come home **without** bringing something for the kids. Үйге келгенде ол әрқашан балаларға бірнәрсе ала келетін. They **failed** to reach agreement. Олар ымыраға (мәмлеге) келе алмады.

Аударма жұмысы үлкен онерді ізденімпаздық пен табандылықты талап етеді. Аударманың саласы әрдайым аудармашының білім деңгейіне байланысты, аудармашы бірнеше тілді терең меңгеруге міндетті. Алайда екі тілді де жетік меңгеру кейде салалы аударманың көрінісін бере алмайды. Бұл арада «фондық деректер, фондық білім, ұлттық фондық ақпараттар» аудармада үлкен рөл атқарады. Осы орайда ғалым А.В.Федоров: «Совокупность представлений о том, что составляет реальный фон, на котором развивается картина жизни другой страны, другого народа» - дейді. Демек, аударма процесінде аудармашы тек сюжетпен мазмұнды қуалап кетпей. Сол тақырыпқа қатысты қосымша мәліметтерді қарап толықтыру қажет. Олардың құрамындағы компоненттердің байланысу тәсілдері әр тілде әр басқа. Сондықтан да оларды бір тілден екінші тілге аударғанда ұлттық ерекшеліктеріне көңіл бөлуіміз қажет.

Мақалада сіздер антонимдік аударма әдісінің- аударма кезіндегі ең тиімді тәсілдердің бірі екеніне көздеріңіз жетті. Бұл әдісті дұрыс қолдана білсек, мағына толығырақ, әрі дұрысырақ беріледі және түпнұсқадағы айтылатын ой анықталады. Дегенмен, бұл тәсілді қолдану алдында түпнұсқа мәтініне жете мән беріп, аударылатын тілдің ерекшеліктерін, тілдік нормасын, стилистикасын ұстану керектігін естен шығармау керек. Әрине, бір мақалада қарастырылып зерттелген мәселені толық қамту мүмкін емес. Қазақ аудиторияларына арналған аударма теориясы мен практика мәселесі әлі де толық зерттелмеген.

Сондықтан осы тақырып бойынша әлі зерттейміз деген ойдамыз. Өйткені бұл тақырып қазақ аудиторияларына арналған ағылшын-қазақ, қазақ-ағылшын тіліндегі

сөздіктер, теориялық курстар және шет тілінен қазақ тіліне аудару мәселесі бойынша оқу-әдістемелік құралдар шығаруға мол көмегін тигізеді.

1. Бархударов Л.С. *Язык и перевод.* -М., 1975.
2. Комиссаров В.Н., Коралова А.Л. *Практикум по переводу с английского языка на русский* - М., 1990.
3. *Tengri. Almaty, 2006. «Қазақстанның ежелгі көшпенділері» «Туған жер»*
4. А.В. Федоров *Основы общей теории перевода.* -М., 1983.

Резюме

В этой статье рассматривается проблема антонимического перевода, одного из способов трансформаций, который способствует преодолению трудностей в процессе перевода, его важности и отличительных черт, и правильного применения.

Summary

This article deals with one of the methods of transformation-antonymous translation which is to contribute to overcome difficulties in the course of translation process. The importance, peculiarities and proper usage are also mentioned here.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУ

Л.Қ. Тұрабаева -
филол. ғыл. к.

Оқу үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану бұл еліміздегі түрлі сала бойынша білім алып жатқан оқушылар мен студенттерді болашақ бәсекеге қабілетті маман ретінде дайындап шығару. Педагогтар инновациялық технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушылар мен студенттердің өз ойларын жеткізе білуін, шығармашылық ойлау қабілетін арттыруды, бір-бірімен оқушы немесе студент ретінде ғана емес, іскерлік қарым-қатынаста болашақ маман ретінде қызмет барысында туындаған өзекті мәселелерді бірлесіп шешу жолдарын, ақпаратты қалай тиімді пайдалану әдістерін үйретеді.

Бүгінгі таңда білім беру орындарында теориялық және практикалық инновация технологияларының нұсқалары қолдануда. Осы мәселемен А.Я. Савельев, В.М. Максимов, Г.К. Селенко секілді ғалымдар айналысты.

В.М. Максимов өзінің зерттеулері бойынша келесі жіктеулерді ұсынады: құрылымдық логикалық технология, интеграциялық технология (әртүрлі пәндік білімдердің бір-бірімен байланысы), ойындар технологиясы, тренингтік технология, ақпараттық технология, диалогтық технология. [1]

Осы жіктеулер қазіргі кезде кең қолданылуда. Себебі, білім берудің негізгі жолы - оқыту. Оқыту - ұстаз бен оқушы белгілі бір мақсатты жүзеге асыратын біртұтас педагогикалық үрдіс. Ал белгілі бір мақсатты толық жүзеге асыру оқытуды тиімді ұйымдастырумен сипатталады.

Оқытудың білім беру, тәрбиелік, дамыту функцияларын кеңінен қолдану қажет. Әрбір педагогикалық технология және тұлғаның жеке өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Электронды оқу құралдарының қайсысы болса да, оқу үрдісін жандандыруда, оқушылар мен студенттердің білім меңгеру сапасын жақсартуда оқытушыға зор көмекшілік қызмет атқарады. Дегенмен, ғылыми-техникалық прогрестің дами түсуі оқытудың жаңа әдіс-

тәсілдерін, техникалық құралдарын, басқаша айтқанда, оқытудың жаңа технологияларын іздестіріп, ұтымды пайдалануды талап етеді. Осыған байланысты, орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқытуда тиімді болатын түрлерін бөліп алу қажет.

Яғни орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқытуда компьютерді қолдану өте тиімді екен деген пікірге келдік. Мұның бірнеше себебі бар:

- біріншіден, компьютердің дидактикалық мүмкіншіліктері, басқа құралдарға қарағанда мол екендігі байқалады;
- екіншіден, компьютер өндірісте бар, ғылыми-техникалық прогрестің талаптарына, сонымен бірге, оқытудың жаңа технологияларына сай келеді;
- үшіншіден, бұл құралдардың кейбіреуін аудиторияда ғана емес, үйде де қолдану мүмкіндігі бар. Ал бұл өзге тілде сөйлейтін оқушылардың қазақ тілін өз бетінше, саналы және тез үйренуі үшін өте маңызды;
- төртіншіден, техникалық жағынан пайдалану қиын емес.

Орыс тілді оқушылардың қазақ тілін үйрену сапасын арттыруда өзіндік жұмыстың маңызы зор. Себебі, нәтижеге өз бетімен еңбектеніп жететіндіктен, оқушы немесе студент материалды саналы түрде меңгереді. Еңбекте оқушының және студенттің берілген мәліметті ұмытпауына, оның әрі қарай толықтырып, бекіте түсінуіне мүмкіндік жасайтын аудиториядан тыс өзіндік жұмыс түрі ұсынылады. Өзіндік жұмысты үйде орындауға мүмкіндік беретін құрал компьютер болғандықтан, аталмыш жұмыстың компьютердің көмегімен орындалатын түрлері көрсетіледі. Бұл өзіндік жұмыстың ерекшелігі: сыныпта, аудиторияда оқылған материалды олардың ұмытып қалмауына, керісінше, оны әрі қарай толықтыруға, нығайтуға септігін тигізеді, өзіндік жұмыс бір лексикалық тақырып төңірегінде құрылады. Мұның пайдасын былайша түсіндіруге болады: тақырып арқылы сөйлеуге үйрету, біріншіден, тіл үйренушілерге не туралы айту керек екенін аңғартса, екіншіден, қалай айту керек, қандай сөздерді білу керектігіне назар аудартады және соған қатысты өмірлік жағдайды меңгертуге жәрдем береді.

Электронды оқулықтар арқылы **монологтық айтылым, сұхбаттық айтылым, тыңдап түсіну, оқылым, жазылым** сияқты айтылымның барлық түрін қамтитын жұмыстар жүргізіледі. Сонда студент немесе мектеп оқушылар өтілген материалдар негізінде белгілі бір лексикалық минимум көлемінде әңгіме жүргізе алуы және ол толыққанды хабар жасай алуы қажет. [2]

Студенттер мен мектеп оқушылары сабақ соңында:

- таныс грамматикалық және лексикалық материалдар негізінде құралған іскери мәтінде қысқаша, немесе толық оқып, тыңдап түсінгенін баяндай білуі;
 - өтілген тақырып бойынша хабарлама жасай алуы;
 - жоспарға, тірек сөздерге сүйеніп және сүйенбей оқылған іскери мәтін үзіндісінің мазмұнын айтуы;
 - бейнефильмге коментарий беруі;
- осы курстың лексика-грамматикалық материалдары негізінде презентация жасауы; компания және фирманың тарихы мен оның әрекеттерін және өнімдерін сипаттай білуі

қажет;

Қазіргі таңда республика мектептерін жаңа компьютерлік технологиямен камтамасыз ету жұмыстары іске асырылып, енді сол ақпараттық технологияны қолдану мен оны мектептерге енгізу саласында, оқушылардың ақпараттық мәдениетін көтеру мақсатында оқытуды жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Соңғы уақытта білім беру саласында ақпаратты технологияларды енгізуге, оқу бағдарламаларын және электронды оқулықтарды жасауға, электронды кітапханаларды құруға, желідік құрылымының дамуына, сонымен қатар дистанциялық білім беруге көп көңіл бөлінуде.

Қазіргі уақытта электронды оқулықтар мен оқу құралдарын жасау мәселесі өзекті мәселе болып отыр. Толық өңделіп жасалған электронды оқулық сабақ өткізу барысында қосымша құрал, компьютерлік кластарда өзіндік жұмыстарды орындау үшін - қосымша көмек беру, емтихан алушы алдында немесе тәжірибелік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау ретінде қызмет атқара алады. Электронды оқулықтар әрбір пайдаланушының білім алуын немесе қабілеттілігін көтеруді, біліктілігін қалыптастыруды жетілдіру үшін үлкен қызмет көрсетеді,

Оқушылардың программалау біліктілігінің жүйелі қалыптасуы соңғы уақытта пайда бола бастаған Электронды оқулықтармен оқып үйренуіне кеңінен қолдануында, сонымен қатар электронды оқулықтарды білім беру процесін ақпараттандыру құралының бірі деуге

болады. [3]

Электронды оқулық - бұл оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұны көрсетілген магнитті тасымалдаушыда (қатты немесе иілгіш дискіде) орналасқан, компьютер көмегі арқылы өз бетінше немесе оқытушының қатысуымен оқу курсы мен мерімі мүмкіндігін қамтамасыз ететін программалық-әдістемелік кешен.

Электронды оқулық жасалғанда ол негізінен үш компоненттен тұруы керек, яғни

- курстың негізгі ақпараттық бөлігін беретін - презентациялық;
- алынған білімді бекітетін - жаттығулар;
- білімгердің білімін бағалауға арналған - тестілеу.

Сонымен, технологияны ұйымдастыру үнемі жаңғырту жайында ұстап тұрып қана мектеп өз бағытын нығайта алады. Сондықтан да мекеме басшылары үнемі өзгерістің болып тұруы бірден-бір дұрыс факт екенін мойындаулары қажет. Жаңалық енгізу кез-келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Бұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Әсіресе, олардың тиімділігі:

1. Қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
2. Қажетті ақпаратты жедел түрде шешу мүмкіндігі;
3. Білім сапасына әсері зор. Әсіресе, тіл сабақтарын игеруде (азақ, ағылшын, орыс, т.б. тілдерді) айқын сезіледі;
4. Іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде (би өнері, қол еңбек, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.);
5. Қарапайым көзбен қарап, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері мен әр түрлі физикалық, химиялық, биологиялық, тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;

Инновациялық технология оқушылардың кәсіби шеберлігін шыңдай түседі, атап айтқанда, оқытудың интерактивті әдісі арқылы тек оқушының кәсіби шеберлігі ғана емес, сондай-ақ ол өзін қоршаған ортаға білімін жария ете алады.

Сондықтан да компьютер арқылы электронды оқулық орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқыту үрдісінде жандандырып, сапасын арттырады дей аламыз.

Қорыта айтқанда, оқыту үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану арқылы оқытушылар білімді, қабілетті жастарды, болашақ мамандарды дайындайды.

1. Мид М. *Культура и мир детства*. -М., 1988.
2. Курулеико Э.А. *Историческая эволюция детства. Социо-культурный аспект*. // *Вестник СамГУ*, 1998.
3. Васильев Л.С. *Культы. Религии. Традиции в Китае*. -М., 1970.
4. Ахметов А.К. *Принципы технологии и содержание образовательной программы*. -Алматы, 1995.
5. Завязинский В.А. *Инновационные процессы в образовании и педагогическая наука. Инновационные процессы в образовании*. -Тюмень, 1990,

Резюме

В этой статье рассматриваются методы новых инновационных технологий, а так же виды работы с электронными учебниками в школах и вузах.

Summary

This article research methods new technology and kind of works with electronic textbook in school and universities.

УДК 82.09: 894.342

ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ЖУСИПБЕКА АЙМАУЫТОВА

Г.Е. Сулейменова -

КазАТУ им. С.Сейфуллица г. Астана

Слова Зейноллы Сериккали, носящего в среде казахской интеллигенции имя «казахского Белинского», можно смело отнести к такому явлению как Аймауытов: «Чтобы понять явления крупное, исключительно самобытное, воплощающее в себе все признаки и качества поэтичности и совестливости в их неразрывном единстве, следует, очевидно, познакомиться с жизнью, творческими исканиями этой личности, осознать эту личность как органически связанное звено со всей предыдущей золотой цепью казахской культуры и литературы, не преуменьшая и не переоценивая достоинства этого феномена по сравнению с далекими предшественниками и ныне живущими современниками. Только при этом условии мы сможем понять и объективно оценить крупную творческую личность, всесторонне увидеть смысл и особенности ее деятельности» [1].

Русская и казахская литература, а также литературные связи были постоянно в центре изучения критиков. Особо следует подчеркнуть значительный вклад Жусипбека Аймауытова в раскрытие художественного своеобразия и пропаганды русской литературы среди казахского читателя, в развитии исторически закономерного и плодотворного культурного сотрудничества.

Из истории русской критики мы можем назвать имена Добролюбова, Чернышевского, А. П. Григорьева, Писарева, Страхова, Михайловского. За несколько лет до появления первых статей

В. Г. Белинского А.С. Пушкиным было сказано, что литература в России есть, но нет критики. Критические статьи печатались, но они бессильны в осмыслении тех новых процессов, которые вызревали в русской литературе с появлением Грибоедова, Пушкина, Лермонтова, Гоголя. Белинский судил о значении произведения с точки зрения того, сколь достоверно и глубоко оно отражает действительность.

Одна из важнейших идей В.Г. Белинского была связана с представлением общественной роли искусства, которое должно служить человеку.

Критике, начато которой положил Белинский, довелось сыграть великую роль в истории русской литературы, она теоретически обобщила художественный опыт отечественной и зарубежной литературы, и прежде всего - Пушкина, Лермонтова, Гоголя, в истолковании творчества которого она имела особое значение. Ей было предназначено освещать путь дальнейшего развития всей русской литературы.

«...Дело критики, - высказался Белинский еще в 1843 г.,- совсем не в том, чтоб провозгласить писателя великим талантом или гением: это скорее дело общественного мнения, чем критики. Дело критики - привести в сознание, путем анализа, общественное мнение и показать значение, смысл таланта или гения, определить тот жизненный элемент, который составляет исключительное свойство его произведения и которым он обогатил родную литературу и жизнь своего общества» [2]. А в письме к Гоголю от 20 апреля 1842 г. он со всей откровенностью писал: «Конечно, критика не сделает дурака умным и толпу мыслящую; но она у одних может просветлить сознанием безотчетное чувство, а у других - возбудить мыслию инстинкт» [3].

В «Речи о критике...» В.Г. Белинский говорил: «Каждое произведение искусства непременно должно рассматриваться в отношении к эпохе, к исторической современности, и в отношениях художника к обществ. С другой стороны, невозможно упускать из виду и собственно эстетических требований искусства. Скажем более: определение степени эстетического достоинства произведения должно быть первым делом критики. Когда произведение не выдержит эстетического разбора, оно уже не стоит исторической критики...».

Известно, что исходя из эстетической природы искусства, критик в своем анализе должен стремиться рассматривать содержание и форму художественных явлений в их диалектическом единстве. Не случайны слова В.Г. Белинского: «Критика историческая без эстетической, и наоборот, эстетическая без исторической, будет односторонняя, а следовательно, и ложна. Критика должна быть одна, и разносторонность взглядов должна выходить у нее из одного общего источника, из одной системы, из одного созерцания искусства» [4].

Сердцевину того, что Белинский условно называет «эстетической критикой», тесно связывая ее с критикой «исторической», составляет рассмотрение содержания и формы в их диалектической взаимообусловленности, «когда форма есть выражение содержания, она связана с ним так тесно, что отделить ее от содержания, значит уничтожить самое содержание; и наоборот: отделить содержание от формы, значит уничтожить форму». Подобного рода гармоничная диалектическая взаимопереходность содержания и формы составляет идеал художественного творчества, идеал, который полностью, до конца,

исчерпать не дано даже гению. Между формой и содержанием всегда существует определенное противоречие и составляет объективную неизбежность художественного развития. Поэтому можно говорить о мере соответствия избранной автором формы данному художественному произведению.

Русская и казахская литература, а также литературные связи были постоянно в центре внимания и изучения критиков. Особо следует подчеркнуть значительный вклад Ж.Аймауытова в раскрытие художественного своеобразия и пропаганды русской литературы среди казахского читателя, в развитии исторически закономерного и плодотворного культурного сотрудничества Востока и Запада на казахстанской земле. Компаративистика, как известно, в первую очередь, исследует межнациональные связи, а также типологические схождения, образующиеся на идентичных стадиях развития наций, цивилизаций или культурных общностей. Компаративистику, прежде всего, интересует «материал» литературного творчества, а также исторически сходные жизненные (социальные, экономические, цивилизационные) условия возникновения, типологически сходных мотивов, сюжетов, образов.

Мысль о необходимости и обязательности для критика и художника слова точного вкуса, четких социальных и нравственных ориентиров проходит лейтмотивом в критических работах Ж.Аймауытова, являющимися актуальными и сегодня. Известными критиками Казахстана С.Кирабаевым, Каратаевым М., Кундакбаевым Б., Нургали Р., Турысбеком Р., дана оценка творческому наследию Ж.Аймауытова на современном этапе.

Известно высказывание казахстанского писателя К.Искакова в адрес Ж. Аймауытова-критика, где он восторгаясь критической статьей о творчестве Магжана Жумабаева, отмечая обстоятельный анализ, «глубокое литературное исследование». Он утверждает, что стиль русской литературы в казахскую прозу принес Жусипбек Аймауытов [5].

Объясняя те или иные моменты в творчестве Магжана Жумабаева в статье «Мағжанның ақындығы туралы», Жусипбек Аймауытов не раз в своих сравнениях обращается к русской литературе. Например: «Атақты Пушкин өз заманында оқиғаларды түгел суреттей алмаған, қайта Гоголь әлеуметтің көбірек көрген». (Пушкин в свое время не имел возможности открыто говорить о действительности, по сравнению с ним Гоголю больше довелось отобразить политическую обстановку» (Г.С). Вместе с тем Ж. Аймауытов указывает на то, что Магжан Жумабаев склонен к подражанию: «Пушкин мен Лермонтов Байронға, Шекспирге еліктеген. Толстой сықылды әлемге аты шыққан жазушы да Пушкинге, Гогольге еліктеп жазған: Леонид Андрей (Леонид Андреев - Г.С.) Чехов, Рысбашев, Сологов сықылды ақындар Достоевскийге еліктеген, Максим Горький, Пушкиндерді жатқа білген. Абай Лермонтов. Пушкинге еліктеп жазған. Бір ақын көп еліктесе, сол көп еліктеуші Мағжан деуге болады. Мағжан еліктегенде орыс, қазақ, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі көңіліне жақса, соған еліктеп жазады. Сондықтан Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнешілеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында, күйректік, жылауықтық (сентиментализм), романтизм болады». Несомненно, что развитию казахской литературы начала XX века способствовали переводы из русской классической литературы. В эти годы был замечен интерес казахских писателей к творчеству Пушкина, Крылова, Лермонтова, Толстого и Горького. Если остановиться на творчестве М.Горького, то нельзя не упомянуть о критической статье Аймауытова, напечатанной в первом номере сборника «Терме», изданном в 1925г. в Ташкенте, в разделе «Критика». В этом же номере была опубликована его статья «О переводе», подписанная псевдонимом «Жік». Приведем отрывок из него: «Орыс тілінде жазылған кітаптарды қазақшаға аударушылардың есіне салатын бір сөз бар.

Осы күнде үлкен-үлкен пән кітаптарын, уақ кітапшаларды (брошюра), әдебиет әңгімелер қазақшаға әркімдер аударып жүр. Аудармалардың (перевод) кейбірі жақсы, кейбірі жаман делініп, сын, тексеру жазылып жүр. Аудармаға қандай шарт, қандай тілек қоюымыз керек? Қайткенде аударма дұрыс болады?

Бір пікір бар: сөзге сөз тауып, орысшасынан бұлжытпай, дәл қылып аудару керек, - дейді. Тағы бір пікір: сөзге сөз тауып, дәл аудару керек емес. Оқушының ұғымына лайықтап, қазақтың өз тіліне, тілінің заңына, өзгешелігіне қарай аудару керек, - дейді.

Біздің ойымызша екеуі де өз орнында дұрыс болуға тиіс. Белгілі ереже, заң, өрнек ұғымдарын баяндайтын, бұрақтатса, мазмұны (мәнісі) бұзылатын сөздерді, сөз жоқ, дәл қылып аудару керек. Мұндай сөздер, көбінесе, пән кітаптарында, математика заңдас ғылымдарда жолығады.

Одан әрі баспасөз беттерінде де аударма ісі қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді. Онда аударма өнеріне жетілу үшін, біріншіден, шығарма қай тілге аударылса, сол

тілді, яғни қазақ тілін жақсы білу керектігін, екіншіден, шығарма қай тілден аударылса, сол тілді жақсы білу қажеттігін, үшіншіден, аудармашы аударылатын шығарманың мазмұнын, оның жазылған дәуірін, сол дәуірдегі тарихи оқиғаларды зерттеп білуге міндеттілігі айтылады да «тек осындай шарттар орындалғанда ғана аударма өнеріне жетілуге болады. Асылында ғылыми дәл аударма ғана дұрыс аударма деп танылуы қажет. Дәл аудару - автордың пікірін, оның стилін толық сақтай отырып, шығарманың мазмұнын халыққа түсінікті тілмен жеткізу деген сөз делінеді.

В переводе отрывка из этой статьи на русский так говорится:

«Для заметки переводчикам с русского на казахский язык хотелось бы вот о чем порассуждать.

В настоящее время многие взялись за перевод серьезных научных трудов и небольших брошюр, а также художественных рассказов.

«Для заметки переводчикам с русского на казахский язык хотелось бы вот о чем порассуждать. В настоящее время многие взялись за перевод серьезных научных трудов и небольших брошюр, а также художественных рассказов. На эти переводы пишут критические статьи. Так есть ли какие-бы то ни было каноны и требования для совершенных переводов? Какие переводы считать совершенными? Есть первая точка зрения. Находить точный перевод каждого слова, не выходя за рамки русского текста сделать точный перевод. Другая точка: не следует делать перевод точный перевод, подыскивая для каждого слова перевод. Необходимо переводить на понятный ученику язык, подчиняясь законам казахского языка. Какую точку зрения взять за основу? По нашему мнению оба взгляда могут иметь место. Общепринятые правила, теоремы, термины и понятия, несомненно, требуют точного перевода. Такое, в основном, встречается в учебниках, в научных трудах с математическими расчетами», (перевод Г.С.)

Представителями передовой казахской интеллигенции 20-х годов XX века было начато движение по воплощению идеи, направленное на просвещение своего народа. Жусипбек Аймауытов был одним из основателей казахской переводческой школы. На казахском языке заговорили персонажи русской и зарубежной классики.

Приведем высказывание известного ученого С. Кирабаева: «Жүсіпбек - өз заманының белгілі сыншысы болған, әдебиет мәселеріне қатысты көптеген ой-пікір қалдырған жазушы. Оның мақаларынан, хаттарынан, тіпті көркем шығармаларың ішінен де автордың жазу өнері жайлы, оның ерешеліктері туралы, суреткердің психологиялық, творчестволық сипатын түсінудің принциптері жайлы қызықты ойлар кездеседі. Әдебиеттің жаңа дәуірдегі міндеттерін тусіне білген жаңа көзқарасты қаламгер ретінде сөз өнеріне, оның өкілдеріне міндеттер артады. Олардың ішінде белгілі бір дәуір әдебиеті дамуына арналған шолу да, жеке акынның шығармашылық бетін анықтауға құрылған портрет те, рецензиялар да кездеседі».

Критические статьи Аймауытова, это не столь критика, сколько обобщения и выводы, основанные на опыте собственного художественного творчества, которое служило ему как критику основанием для утверждения новых путей и возможностей литературы в той же мере, что и творчество русских и зарубежных писателей, которых он читал и переводил. Эго и Пушкин, и Л.Голсгой, и Гоголь, и Горький, и Шекспир, и Мопассан, и Тагор...

Критическая мысль Аймауытова явилась как бы дополнением ко всему творческому наследию гениального писателя, как мысль просветляющая и ведущая общественное сознание. В его таланте критика есть сила, происходящая от его убеждений и образованности, которой он стремился делиться, передать в дар своим современникам. Художественный талант сам по себе, без достойной его критической мысли о нем, лоистине - талант наполовину, а порой и более, зарытый в землю. Можно смело говорить, что поэт Мағжан Жұмабаев своей знаменитости обязан не только собственному таланту, но и Аймауытову - критику, сумевшем ярко, щедро и откровенно преподнести нам «своего» Мағжан а. Бесспорно, что от этого Мағжан поднялся еще на более высокую ступень своего творчества. О критической точке зрения Аймауытова приведем выводы С.Кирабаева: «Жүсіпбектің сыншылық көзқарасында жазушы не акын шығармашылығын оның өзі өмір сүрген дәуірдің көкейкесті мәселелерімен, өнер адамына тән ерекшеліктерімен есептесе отырып талдау концепциясы бірінші орында тұрады. Ол Мағжан Жұмабаев шығармаларына осы тұрғыдан баға береді».[7] Критическая статья о Мағжане Жұмабаеве - образец критической мысли, благодаря которому современным критикам есть на кого равняться.

Известно, что первая критическая статья ЖАймауытова совместно с МАуэзовым вышла в Ташкенте в 1917 году в №15 газеты «Алаш» под названием «Қазақтың өзгеше мінездері» (Черты характера, свойственные казахам Г.С.), подписанная так: «Семей

семинариясында оқитын: Аймауытов һәм Эуезов» (Семинаристы Семипалатинской семинарии Аймауытов и Ауэзов 1914-1919гг.). Волею судьбы объединенных два гениальных представителей казахской интеллигенции подписывали совместные статьи «Екеу» («Двое» Г.С.). Вдвоем они опубликовали известные в настоящее время литературно-критические статьи: «Послебаевские поэты» в журнале «Абай» (№5 1917г.), «Творчество молодых» в журнале «Жас казак»(№2-3,1924г.) и другие.

Вопрос об Аймауытове - критике не стал еще предметом специального исследования. Его статьи и отдельные высказывания о М Жумабаеве, М. Горьком, его оригинальные размышления о переводе, о педагогике и психологии в большей своей части несут на себе печать непреходящей ценности и сегодня воспринимаются как живое, страстное, именно современное слово. И если это даже слово о прошлом, то именно через него отчетливо видится настоящее и будущее. Критические статьи и сама деятельность ЖАймауытова нельзя назвать побочным плодом творческого самопроявления писателя. В эпоху грандиозных перемен он чувствовал обязанным высказаться. Аймауытов как творческая личность не вмещался в рамки сугубо художественной деятельности, что характерно для большого писателя.

1. *Серикка/т 3. Золотая эмблема (КритикаРазмышления),-Алматы: Паритет, 2005,-С. 125.*
2. *Белинский В Г. Пат. собр. соч., -М., 1955.т. 7 - С. 142-143.*
3. *Белинский В.Г. Пат. собр. соч.,-М., 1955.т.12. - С. 109.*
4. *Белинский В. Г Пат собр. соч.. -М., 1955.т.6. -С.284.*
5. *Амнатй Д. Тоска по классике, или литературные беседы с Капихтом Исакаовыи. / «Начнем с понедельника». 4-10 июля, 2008г.*
6. *Аймауытов Ж. Аударма туралы. //Қазақ әдебиеті, қаңтар, 1989.*
7. *Қирабаев С. Қытай орхидан қаламгер, -Алматы, 2003,- С.22.*

Резюме

В статье говорится о творчестве Жусупбека Аймауытове, многожанровом писателе, основоположнике драмы и романов на казахском языке, переводчике. Автор в своих исследованиях творчества уделяет внимание переводам Ж.Аймауытова произведений классиков мировой литературы с целью обогащения жанров казахской литературы.

Summary

In this article the authoress examines the translator creative works of writer JAimauytov. [The translations of Russian and foreign writers were not the end in himself. He was interested in cultural communication, in my opinion, to enrich Kazakh literature by the various genres. First of all he was interested in prose. The authoress touches up also the problem of translation as a form of the intercultural communication.

ӘДЕБИЕТТАНУ

ШӘКӘРІМНІҢ «НАРТАЙЛАҚ-АЙСҰЛУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ДРАМАТИЗМ

А.С. Ақтанова -
филол. ғыл. к.,

Семей мемлекеттік педагогикалық институты

Шәкәрім қаламынан туған үш поэма да бұрындары өткен аңыздық сюжетке құрылған. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» поэмалары шынайы сурет пен нақтылы әлеуметтік мәселелерді көтеріп, терең философиялық толғамдарға құрылған. Осы үш поэмасының ішіндегі оқиғаның өрбуі, көркемдігі жағынан басқаларынан қарағанда төмендеу саналатыны «Нартайлақ- Айсұлу» поэмасы.

Ғалымдардың мұндай пікірлердің тууына Шәкәрімнің өзінің берген бағасы себеп болса керек. Ақын өзінің бұл поэмасына көңілі онша толмайтынын: «Жазған поэмаларымда

«Нартайлақ-Айсұлу» поэмасының поэзиялық жағы «Дубровский», «Ләйлә-Мәжнүн» поэмаларынан төмен. Оның негізгі себебі асығыс жазылуынан болса керек. Бірақ оның уақиғасы егер пьесаға аударылса қызықты болар еді»- деген сөздерімен береді. [1.]

Дегенмен ақынның өзінің шығармашылығына қойған жоғары талаптарына қарамай, қазақ әдебиетіндегі алғашқы поэмалардың бірі екенін ескере отырып, «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасының көркемдік жүйесіндегі негізгі тірек болып тұрған драмалық тартыс мәселесіне тоқталуды жөн көрдік. «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасындағы негізгі тартыс Айсұлу мен Нартайлақтың бір-біріне ғашық болып, сөз байласқан тұсынан басталады. Себебі екі ғашықтың қосылмайтынын, олардың махаббаттарына көп бөгеттер кездесетінін автор алғашқы баяндауынан-ақ, білдіріп өтеді. Жалпы алда болар оқиғадан хабар беріп отыру Шәкәрім стиліне тән құбылыс. Мұндай оқиғадан хабар беру тәсілі «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмаларында да бар. Автор алғашқы :

Естілер көп жазады әңгімені,
Жазбайды ермек үшін әлденені.
«Жиреніп жаманынан, жақсыны ұғып
Алсын»деп жазады өнегені:

Залымды жек көргізіп, күйгізеді,
Ақ жүрек әділетті сүйгізеді.
Өгейлік, өзімшілдік, бақ-күндестік,

Мейірімсіз залалкесті білгізеді.-,[2.394.] деген шумақтар арқылы поэма жазудағы мақсатын бідіріп кетеді. Поэмадағы қарапайым тұрмыстық тартыстан басталатын оқиға өрби келе, ел, жер мәселесіне байланысты оқиғаға ұласады. Айсұлу мен Нартайлақтың бір-біріне қосыла алмауларының бірнеше себептері бар. Олар да Қалқаман мен Мамыр сияқты аталас туыстар. Бірақ шиеленіскен оқиға соңына таман билік ету құқығына ие болған Қандығатай : «Қосады немерені шарифаттан деген билік айтады. Сонда - поэмадағы тартыс әйел адам басындағы өз билігі жоқтық пен жетімдер тағдырының жаны ашымас туыстардың қолында болуы мәселесінен шығады. Шәкәрім шежіреші ақын ретінде әр оқиғаға қатысты адамдардың тарихи өмірлерінен де хабар беріп отырады. Мұның өзі Айсұлу мен Нартайлаққа байланысты оқиғаның тарихи жағынан нақтылы болған оқиға екеніне дәлел бола алады. Нақтылы тарихи оқиға мен әдеби тарихилықтың арасындағы ерекшеліктер туралы айтылған пікірлердің біріне тоқтала кетсек: «Ақынның мақсаты шынымен болғанды емес, не болуы мүмкін, мүмкіндіктен әлде кездейсоқтықтан ба, міне, осыны жеткізу. Тарихшы мен ақынды бір-бірінен өлең өлшемін қолданады, екіншісі қолданбайды деп ажыратпаймыз. Бірақ олардың айырмашылығы мынада: біріншісі өмірде болған оқиғаны айтса, екіншісі болуы мүмкін болған оқиғаны айтады. Сондықтан да поэзияның ерекшелігі- ол тарихқа қарағанда маңызды әрі философиялық мәні бар нәрселер жайлы, ал тарих жалпы халық жайлы айтады. » [3.67-68.] Міне осы арадан тарихи шындық пен көркем шындықтың арасын ажырататын негізгі критерийлер шығады.

Шәкәрім тарихи оқиғалар мен жер-су атауларының тарихын жетік білген. «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасында ақын тарихи атаулардың мән-мағынасын аша отырып поэма оқиғасына байланысты негізгі тартысты ашып отырады. Мәселен,

Сол тастың жырасында бір үнгір бар,
Жатуға екі кісі болмайды тар.
Ол тасты «Айсұлудың Ақтасы » деп,
Атапты бізден гөрі бұрынғылар,

- дей келе, негізгі тартыс басталатын оқиғаға әкеледі. Шығарма соңындағы шиеленісті жағдайға апаратын трагедиялық шешім басы Айсұлуды : «Балғаның тірісінде Айсұлуды Матайға бермек болған баталасып» деген жолдардан басталады. Алайда болашақ күйеуіне Айсұлудың да, Балғаның да көңілдері толмай, қалың малын алмай қашқақтап жүреді. Олардың мұндай пейілін сезген құдасы баласына Ханым деген қызды алып береді. Ақын алдыда болатын оқиғаларға себепші болатын Ханым қыз туралы да бір ауыз сөз айтып кетеді. Сол арқылы Ханымның мінезін байқатады. Себебі Ханым мен Айсұлу арасындағы күндестіктен туған қақтығыс нәтижесі бүкіл поэма оқиғасының аяқталып, шешімге әкеледі. «Тантық қыз Ханым деген ол алғаны, Аузына келген сөзді шатар еді.» - , деген жолдар Айсұлу тағдырындағы қатыгез де, ақымақ әйелдің бір қырынан көрсететін жолдар. Поэмада бір-бірімен байланысты ұсақты-ірілі тартыстар көп. Олар: Айсұлу- Ханым, Айсұлу- Барғана, Айсұлу- Барлы, Нартайлақ-Барлы, Нартайлақ- Самсы арасындағы оқиғаларға байланысты өрбиді. Бір қарағанда әр тартыс жеке оқиғаларға құрылғандай көрінгенімен барлық қақтығыс пен тартыс негізгі идеяны, адам бостандығы, адамгершілік байланысты идеяны

ашуға бағытталады.

Жалпы поэма кейіпкерлері көп, оқиғасы шиеленіскен болса да олардың әрқайсысының өз орындары бар. Оның үстіне шығарма шежіре үлгісінде келетіндіктен оқиғаға қатысушылардың барлығы да тарихта болған деуге болады. Қазақ қызының басындағы тарихи-әлеуметтік жағдай мен ру аралық тартыстар бой көрсететін поэма соңында Айсұлу өлімі үшін Нартайлаққа жер, мал құнын төлеген Матай руының ауылы бұл арадан көшіп кеткенін көрсетеді. Мұндай даулы оқиғалардан кейін «Еңлік- Кебекте» де Матайлар жерлерін тастап көшкені мәлім. Олай болса, көрші отырған екі ру Тобықтылар мен Матайлардың жер дауына байланысты оқиғалардың тарихи шығуына қанық ақын өз шығармасындағы негізгі тартысқа байланысты кірістіргені орынды деп санаймыз.

Шәкәрім Нартайлақ пен Айсұлу арасындағы махаббат мәселесін көп суреттеп жатпайды. Ақын: Айсұлу ол кезінде он бесте екен;
Күн сайын ол араны қылған мекен.
Бірге ойнап Нартайлақпен сол үңгірде,
Байласқан асықтыққа белді бекем,

- деп, белді бекем бұған деген сөздермен ғана береді. Десек те, сол замандағы қыз баланың жігітпен оңаша кездесіп жүруінің өзі шынайы махаббат нәтижесі деп түсіну керек деп ойлаймыз. Сондықтан болар ақын олардың бір-біріне сыр ашып, ғашықтық сөздерін айту сәттерін суреттемейді. Шәкәрім қыздың Нартайлаққа өзінің өгей ағасынан көрген қорлығын айтып мұң шағуы арқылы негізгі орталық тартыстың басын ашады. Қыз сөзінен кейін жігіт алып қашу туралы ойын айтады. Бауырмал мінезді Айсұлу сіңілісі Күнсұлудың да қорлықта жүргенін айтады. Ақынға сөз берсек:

Қыз айтты: «Күнсұлуға қоштасайын,
Айттым ғой, күң болмақшы оның жайын.
Оны да реті келсе бірге алып қаш,
Бола алсақ ертең кешке мұнда дайын.
Тайлақжан, аз күн көрдім қызығыңды,
Мандайда тағдыр жазған сызығымды.
Босатпай, егер кетсем ұзатылып,
Жіберем Күнсұлуға жүзігімді
Сол жүзік тиісімен өз қолыңа,
Құрбанмын, кел де алып қаш, мен жолыңа.
Алты айлық құрсағымда балаң жатыр,
Тапсырар соны өзіңе күн болар ма?»

- деп, Нартайлақтың енді не үшін күресетінін, не үшін тартысқа түсетінін айқындап береді. Осы үзіндідегі шағын ғана деталь жүзік болашақтағы трагедиялық оқиғалардың жиынтық бейнесіндей. Себебі оқиға желісі ары қарай осы жүзіктің Нартайлақ қолына түспей қалуымен жатғасады.

Поэмада негізгі идеяны қозғаушы образ ретінде Айсұлу бейнесі алынады. Шәкәрім Ақтас үңгірінің Айсұлу ағымен аталуын басында баяндап өткендей, Нартайлақпен екеуінің махаббат байланысына да өзі себепкер болғандай әсер береді. Айсұлу поэмада өз сөзіне берік, сүйгеніне адал, ақылды қыз болып суреттеледі. Оның қанша қиындық көріп, таяқ жеп жүрсе де, өзінің адам деген атын биік ұстап, тағдыр салған іске аса мойымай күреске бел бұғанынан көреміз. Жеңгесімен болған диалогта: Айсұлу айтты ызалы күлкіменен:

«Барлығы қосылмайды менің денем,
Не басқа біреу алар, не жер алар,
Ол сырды жасырмаймын сырды сенен»,

-деп төтесінен тартады. Мұндай мінез сол кездегі кез келген қыздың қолынан келетін шаруа емес. Айсұлу бойында Шәкәрімнің адамгершілік идеясына тән қасиеттер көп. Мәселен қаншама жауыздық істеген ағасына кешірім жасап :

Сәлем де үш қайтара Барғанаға
Тапсырдым аруақ пенен Аллаға
да.
Әжемнен тумаса да, әкем бірге,
Бармайды аузым оны қарғауғада,

-дейді. Сондай-ақ, ақылды Айсұлу Күнсұлудың да жағдайын ойлап, жеңгесіне оны да аманат тап тапсырады. Мұнда ол :

Барғана екеуіңнен бір тілегім, -
Кетпесін ақиретте сізде кегім.

Беріңдер Күнсұлуды сүйгеніне,
Самсыға қор болмасын жеткіншегім!

-деп өз басындағы қайғылы, аянышты хал-ахуалға қарамай сіңілісін құтқаруды ойлайды. Поэманың бас кейіпкерінің бірі Айсұлу батыл болғанымен, екінші бас кейіпкер Нартайлақ қаһармандық дәрежеге жете алмайды. Олай дейтініміз сүйгені үшін ашық күреске де бірден шыға алмаған Нартайлақ үнемі сәтсіздікке ұшырай береді. Айсұлудың Былқылдақ жеңгесін шығарып салып тұрып қайтсең де Нартайлаққа жүзігімді бер деп тапсырады. Асығыс атқа қонған Нартайлақ жолда Самсының кедергісіне жолығып тағы да екі айға кешігеді. Ол жараланып келгенде де ел адамдарынан не үшін жараланғанын жасырады. Бұл Айсұлуды құтқару жолында Нартайлақтың не еліне сенбеуінен, не оны ешкім қолдамауынан деуге болар еді. Бірақ оқиға соңында Айсұлу үшін құн сұрау сәтінде ел адамдары мәселе шешуге араласады.

Соған қарағанда, Нартайлақ өзінің Айсұлумен арадағы қарым-қатынасындағы туыстық мәселеге байланысты руластарынан қымсынған сияқты. Бұл да Нартайлақ мінезіндегі бостықты аңғартады. Әр күнін тозақтың отында өткізіп жүрген Айсұлу бұл мезгілде айы-күні жетіп босанады. Томан күннің арқасында бала да анасы да бір ажалдан қалады. Бірақ қоршаған дүниедегі барлық әділетсіздік қаршадай қыздың басына үйілгендіктен, жас өмір өзіне - өзі қол жұмсап, қыршынынан қиылды. Айсұлу бейнесі арқылы өз бостандығы мен махаббаты, адамгершілік пен әділеттілік жолында құрбан болған қазақ қыздарының асқақтық болмысын көрсететін бейне.

Жалпы, Нартайлақ образы кеңінен ашылмаған бейне ретінде көптеген зерттеушілер өз пікірлерін білдірген. (Қ. Мұхамедханов, М. Мағауин, т.б.) Мәселен, ғалым Б. Әбдіғазизұлы: «Нартайлақ та өзгелерден ерекше адам емес. Қарапайым ел азаматтарының бірі. Шәкәрім үшін «Қаранайдың бір жалғызы» ғана. Поэманың бас кейіпкері болғанымен Нартайлақ образы шын мәніндегі көркемдік дәрежесіне жете алмаған оның қимыл-әрекеті босаң, тіпті кей сәтте нанымсыздау көрінеді.

Шәкәрімнің бұрынғы дастандарындағы ғашық жігіттер Қалқаман мен Кебек өз мақсаттарына жету жолында өмірінің соңғы сәтіне дейін күресіп өтсе, Нартайлақты олай деу қиын. Поэмадағы Нартайлақтың қатысуымен өтетін тартыс сахналары әлсіз. Ол ғашық жарының тағдырына ара түсіп, өз махаббаты жолында құрбан болмайды, бар қолынан келгені оқиға драматизміне ілесу, қайғының орнын толтыру ғана болады.», - деп, [4. 148.] Нартайлақ бейнесінің осал тұстарын көрсетеді.

Шәкәрім шығармашылығына тән адамгершілік, кешірімшілдік идеясы «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасында да бар. Айсұлудың өзіне қастық істеген ағасы мен жеңгесін кешіруі, Нартайлақтың Самсының күнәсін кешуі сияқты эпизодтар жалпы адамгершілік мәселесіне байланысты алынған.

Соны ойлап аяды да қолын шешті,
Шынымен екеуі де кештік десті.
«Қызғану Айсұлуды айып
емес», - Десті де дұспандықты
мүлде кесті,

- деген шумақтардағы негізгі идея Шәкәрім ұстанған жалпы адамгершілік мәселесінен шығады. Қорыта айтқанда, «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасындағы негізгі тартыс жүйесі Нартайлақ пен Айсұлудың махаббат, бостандық үшін күресіне құрылған. Ал, калған кейіпкерлер сол тартыстың туып, өрістеуіне қызмет етеді. Поэманың басты кейіпкерлері Нартайлақ пен Айсұлудың өз махаббаттары үшін тартысқа түсу сәттерін талдай келе ең белсенді кейіпкер Айсұлу екеніне көз жеткіздік. Сондықтан да, халық жадында жер атаулары Айсұлудың есімімен байланысты сияқтанған сияқты.

1. Мұхамедханов Қ. Ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы // Семей таңы, 1988, 3 тамыз.

2. Шәкәрім. 2 томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Жібек жолы, 2006. -521б.

3. Аристотель . Поэтика. - М: Гослитиздат, 1957

4. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім: дәстүр және көркемдік. Монография. Үш биік -Семей. 2007.-225 б.

Резюме

В статье рассматривается проблемы конфликта героев в поэме « Нартайлақ - Айсұлу».

Summary

Problems the systems of the conflict in poem “Nartailak-Aysuly” are considered in article in

works Shakarim.

СӘБИТ МҰҚАНОВ ШОҚАН ІЗІМЕН

К.С. Ахмет -
қазақ әдебиеті кафедрасының доценті әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
филология факультеті.

«Жол таптым бар қазақтың жүрегіне»- дел жырлаған қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов бір кісідей-ақ саяхатшы болған. Шығыс елдеріне де ат басын бұрған. Сондай сапарларының бірі- Қытай елін аралауы.

Табиғаттың барлық тыныс- тіршілігіне жан бітірген көктемнің бір сәтті күнінде жазушының инабатымен қатар келген хабарды Сәбит Мұқанов: «1956 жылы майдың 14 күні почтальон келді. Қолында маған деген телеграмма. Ашып оқысам, одақтың жазушылар ұйымынан, Москваға тез жетіңіз, бір топ жазушылармен қытайға саяхатқа барасыз - депті.

Бұл хабарға мен қуанып кеттім. Өйтуіме екі себеп болды, бірінші себеп- советтік Отанымыздың көп жерін көрген менің Қытайға бұл баруым - шет мемлекетке бірінші шығуым,... екінші себеп - өзге шет елге емес Қытайға бару маған ерекше қуаныш! ...» дейді.

Қытайға кеңестер одағы бойынша Мәскеуден үш жазушы аттанбақшы болады. Олар: орыс жазушысы Вера Казимировна Кетлинская, украин жазушысы Вадим Николаевич Собко болса, Қазақстаннан Сәбит Мұқанов.

Осы сапарға шығар алдында Сәбит Мұқанов мықтап дайындалғанға ұқсайды. Авторға сөз берейік: «... тарихына үңіле бастасам жер шарындағы ең ескі халықтың бірі саналатын Қытай Айсадан әлденеше мың жыл бұрын мәлім болып, талай заманның сұрапыл дауылдарын басынан кешірген екен. Бірақ, бұдан 102 жыл бұрын Шоқан Уәлиханов айтқандай,- көрші халықтар Қытайды талай рет жаулап билеген, одан тек Қытайдың әкімдері ғана ауысып, халқы мызғымастан, қытайлық қалпын бұзбастан тұра берген, жаулап алушылар Қытайды өзіне айналдырудың орнына, өздері оның терең теңізіне батып, Қытай болып кеткен» дегеніне көзбен көріп отырғандықтан таңғалмаймыз.

Сәбит Мұқанов қытай еліне Шоқан Уәлихановтан соң қайтапанғалы тұрған сапарға үлкен жауапкершілікпен қараған.

«Ил-12 ұшағымен» Москва- Свердлов- Омбы- Новосібір- Краснояр- Иркут- Уланбатор- Пекинге әр әуежайға қонған уақыттарын есептемегенде табаны күректей 22 сағат, яғни бір тәуліктей ұшақ ішінде болған.

Жолшыбай басып өткен елді- мекен қалалардың, елдердің, өзен, көлдердің тарихына дейін мөлдіретіп айтқанда, жазушының тектен-тек классик еместігіне таң қаласың да, кім-кімге де үлгі болғандай географиялық біліміне қызығасың.

Қазақ ауылдарынан, одақтас республикалардан Сәбеңнің ескі танысы кездесіп үйіне шақырыпты десе, оған ешкім таң қала қоймас. Ал, өмірінде бірінші рет ат басын тіреген Қытайдай алып елде Сәбит Мұқановты ұлты Хансу, ескі танысы іздеп келіп, сырласып, шер тарқатып, әрі - беріден соң үйіне арнайы достарымен шақырып, құрметті қонақ болу кез-келгеннің маңдайына жазылмаған құрмет. Ол- Эми Сяо. Қытайда кездескен екінші танысы Павел Феорович Юридин. Ол - Эми Сяо мен Сәбит Мұқановқа Мәскеуде сабақ берген профессор. Қытайдағы қызметі - Совет өкілдігінің басшысы.

Ал Эми Сяо 1931-33 жылдары Москвада, Кызыл профессорлар институтының әдебиет бөлімінде бір партада отырып оқыған досы. Алғашқы бір ай Хонькоу, Кантон, Шанхайдың іші- сыртын, төңірегін аралауға кеткен соң, делегация екі бөлініп Кетлинская мен Собко орыстар мен қытайлар көбірек араласқан Мукден мен Харбин жағын, ал Сәбит Мұқанов ұйғыры мен қазағы көп Синьцзянді аралайтын болып шешеді. Синьцзянға июньнің 19 күні ертемен ұшып, жолда екі- үш жерге тоқтап, сол күні кешке Ланчжоу қаласына жетіп қонады.

«Достық» деп аталып Ақтоғай - Ланчжоу темір жолының құрлысымен, қала және оның төңірегімен танысқаннан кейін Синьцзянның шығыс жақ шеттегі қаласы Құмұл (қытайша «Хами») арқылы Синьцзян орталығы Үрімші қаласына келеді. Есі кірген баладан егде тартқан ересектерінің гимніне айналған

«Тауы да алтын Алтайдың,
Тасы да алтын»

- деген өңірге келгенде Сәбеңнің көлдей көңілі арнасынан тасып, жаны рахат сезімге бөленеді.

Шыңжаңға келгенге дейін қара көз қазақтарды іштей іздеумен болған Сәбит Мұқановтың көңілі сабасына түсіп, әр кімнің көкейіндегі, қазақтар қытайға қай кезде барған, деген сұраққа жауапты тарихтың тереңнен тартады. Сәбит Мұқановтың айтуына қарағанда қазақтардың алды Қытай өлкесіне Абылай заманында өткен сияқты. Содан бері әр кезде ауысқан қазақтың, Сәбең барған кездегі саны жарты миллиондай екен.

Ұйғыр автономиялы ауданына «Шыңжаңға» қарайтын қазақтар әкімшілік жағынан үшке бөлініп қоныстанғанын айтады. Алтай: орталығы Сары Сүмбі қаласы, рулық жағынан басым көпшілігі керейлер; Тарбағатай,- орталығы Шәуешек, рулық жағынан көпшілігі наймандар: Іле- орталығы Құлжа, рулық жағынан басым көпшілігі үйсіндер.

Шыңжаңда халқының көптігі жағынан үшінші орында монғолдар тұратынын да көпшілік оқырман Сәбит Мұқанов саяхатынан соң хабардар болғанға ұқсайды.

Сәбит Мұқанов Шыңжаңдағы күндерінде бүгінгі күні аты бізге таныс әдебиет пен мәдениетке бір кісідей қатысы бар Әсет Найманбаев, Танжарық Жолдыұлы, Бұхара Тышқанбаев т.б. көзі ашық, көкірегі ояу бауырларын назардан тыс қалдырмаған.

Айта кететін бір жай Сәбең қытайдағы қазақтар туралы онша шешіліп («Алыптардың адымында») жаза бермеген. Жазған болса баспада лито қысқартқан. Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың осы сапары Шыңжаңдағы бауырларды да тек қуанышқа кенеліп қоймай, қанаттандырғанға ұқсайды. Оның нақты дәлелі Мұқанов шығармаларының насихаты күні бүгінге дейін толастамауында. Яғни, Ресей - Қытайдай екі алып мемлекеттің 50-60 жылдардағы қоян- қолтық араласып, жан- жақты қарым- қатынаста болуы, ондағы аз ұлттардың бірі болып отырған қазақ бауырларға да дем бергендей.

Жақсының жүрген жерінде із қаладының нақты дәлелі де осы - Сәбең сапары. Қазақтың ғана емес, кеңес одағындай алпауыт елдің санаулы жазушыларының бірі болып Сәбит Мұқановтың келуі, бауырлардың да мерейін үстем, қанатына қанат байлап кеткен екен.

Арғы беттен келген жасамысы бар, жасы бар классик жазушының шығармаларын кезінде ата- әжелері, одан ата-аналары, хат тани бастағанда өздері оқығанын, мазмұнын тамылжыта айтып дәлелдесе, өлеңдерін жатқа айтып тамсандырады бүгін.

Осы сапарында Сәбит Мұқанов Шоқан Уәлихановты бір сәтте есінен шығармағанға ұқсайды. Оның себебі де жоқ емес, Сәбең бұл кезде Шоқан Уәлиханов жөнінде көркем шығарма жазуға дайындалып жүрген болатын. Сондықтанда Шоқанның ізімен жүрген сәттерінде тарихи- этнографиялық қазынасын молайтып жүрді. Тіпті Шоқанның Қашқарияда 10 ай 14 күн тұрғанын да ең алғаш айтқан Сәбит Мұқанов болатын.

«Шоқан Қашқарияда 10 ай 14 күн тұрған шағында бұл елдің тарихы, экономикасы, саяси халі, әдет- ғұрпы, салт- санасы туралы қисапсыз көп материал жинап, сапарынан қайтқан соң бұл тақырыпта көптеген еңбек жазған адам», деп алады да, аталған проблемаларды тарата баяндайды. Әсіресе ұйғыр халқының тарихы мен мәдениетіне, саяси жай- күйіне бей- жай қарамай, идеологиялық тіріліктің өзегіне қан жүгірте баяндаған. Шоқанның саяхатына барлау жасаған. Қазақтың алғаш ағартушы- демократының Қытайдағы әрбір күніне мән берген.

Әсіресе, ұйғырлардың тарихын тереңнен тартып, Шоқанмен алма- кезек пікір алысып отырғандай сөз етеді. «... Ұйғырлар біздің жыл санауымызға дейінгі 250 жылдан IX ғасырға дейін буддизмге бағынып келсе, мұсылмандыққа VIII ғасырдан кіре бастаған. Қытай тарихшыларының айтуынша, ұйғырлар арабтармен қатты соғысып, күшінен асқан соң-ақ бас иген. Мауреннаһардағы (Аму мен Сыр арасы С.М.) арабтың бас әкімі Шаһмар (Шамар) осы соғыста өлген. IX ғасырда арабтың мұсылман діни үгітшілері, Хасан Басри, Әбунасыр Самани келіп, ұйғырларды ислам дініне қаратқан» деп тереңнен тартып, Шоқанның тарихшылығынан хабар береді.

Сәбит Мұқанов талай оқиғаларды баяндай келіп, Шоқанның гуманистік ойын көрсете кетуді де ұмытпайды. Өйткені ұйғырлардың азаттыққа ұмтылған қадамдары ылғи сәтсіздікке ұшырай бергенін білген Шоқан «бұлардың қолы толық бостандыққа еш уақытта жеткен ел емес. Сондай құлдық пен тәуелділіктің салдары мінезіне де әсер етіп, олардың кескінінен ылғи көңілсіздік пен үмітсіздіктің ізі көрініп тұрады» деу арқылы өз халқының да жай-күйінен емеурін танытып қояды. Сөйтіп Шоқанның гуманистік көзқарасынан хабар береді.

«Ғылым атаулының түп қазығы - тіл» дегеніне азды-көпті назар аударған уақытта

шын мәніндегі ғалым академик С.Е.Маловтың «Жамбылдың тілі» деген диссертация жазған М.И.Ритман-Фетисовтің қорғауына қарсы болғанда «бір ұлттың жазушысының тілі туралы еңбек жазу үшін сол ұлттың тілін жақсы білу керек» деген табиғи талаптың әлі күнге дейін орындалмай келе жатқаны ойландыруы тиіс.

Осы тұрғыдан келгенде, С.Мұқанов, Шоқан «қай халықтың тұрмысын зерттесе де, ғылымның қай тарауын сөз қылса да ең алдымен сол зерттеген объектісіне байланысты тілді түсінуге, білуге тырысқан. Бұл жайда оның жетістіктері де аз болмаған» деп ең алдымен алғаш оқуға келгенде орысшадан бір ауыз сөз білмей келіп, азғана уақытта жанындағы шәкірттерді ғана емес, бастықтарды, оқытушыларды таң қалдырғаны, тіпті кадет корпусында оқымаған француз, неміс, латынды біліп алғанын дәлелге келтіре отырып, «барған өлкесінің жергілікті тілін білуге Шоқанның қатты тырысқандығын біз оның 1856 жылы Құлжаға барғанда жазған күнделіктерінен білеміз» деген ойын Иакинф Бичуранның ғылыми ізденістерімен, жалпы Қытай тілі мен тарихына ұластырып жіберіп, Шоқанның шын ғалым екенін көзге көрсеткендей болады. «Шоқан - қазақтан шыққан бірінші синолог» деп қорытынды жасаған.

Қашқарияда болған уақытта ұйғыр тілін үйренгені, сондай-ақ, «Шоқанның қолына архон жазуы түспегенмен, Қашқарияда тұрған күндерінде монғолдың жазуы мен тілін үйренгені, «Тарихи-Рашиди» аталатын, дүние жүзіне әйгілі шығарманы» оқығанын жіпке тізіп көрсетеді.

Шоқан еңбектеріне, әсіресе ғылыми ізденістерін әңгімелеген уақытта ұлы ғалымның ой-пікірін келтіре отырып, өз білігін жарыстыра отыруы арқылы тарихи шындыққа көз жеткізеді. Мәселен «Тарихи- Рашидиді» әңгімелеген уақытта оның авторы Мұхаммед-Хайдар Күрекапның Қашқар ханы Абдул- Рашидке уәзір болғанын, оны европалықтар білмейтіндігін тілге тиек етеді де, атақты «Тарихи- Рашидидің» түрікше аудармасы бар. Петербург университетінің кітапханасында персиялық қолжазбасы бар. Өкінішін қоса айтқанда, академиялық данасы толық емес, ол университетте сақталған жазбасында кеткен қателіктен аяқ алып жүруге болмайды.

«Тарихи-Рашиди» екі жүйеге бөлінеді: бірінші бөлімінде Тұғылық - Темірден (ұлы Монғолия империясын алғаш құрған, 1362 жылы өлген адам - С.М.) бастап, Рашидке (1554 жыл) дейінгі Қашқар хандарының тарихы сипатталады; екінші бөлім естеліктер (мемуар) түрінде жазылған. Хайдардың өзі атақты Дулат (Дулат руы - С.М.) тұқымынан шыққан. Оның Ұлысбек аталған ата-тегі Моғол ұлысында сондай роль ойнаған», - дегенді әрі тарихқа, әрі шежіреге жатқызуға болатындықтан «Тәзкирян Хожақан» (Қожалар тарихын) талдауы дәлелдейді. Сондай тарихи еңбектерді зерттей отырып «Шоқан Қашқарияның европалық мағынадағы бірінші тарихын жасайды» деген пікіріне еріксіз қол қоясыз.

«Оның шұқшия зерттеген бір саласы - Қытай тарихы». Ол барлық жағдайларды еске ала келіп,

1) Қытайдың мемлекет боп тіршілік жасауы үшін бастаушы идеясы болу керек; 2) ішкі дүниесі, яғни ой- санасы берік халық еш уақытта жауына жеңдірмейді; 3) халықта мәдениет болу керек» деген тұжырымның шындығын Қытай халық республикасы бүгін дәлелдеп, әлемге ықпал жасайтын күшке айналып отыр.

Шоқан осындай сүбелі ойларды Орта Азияның жайсыз тұрмыс-тіршіліктеріне байланыстырып, «Орта Азияны қайткенде қараңғыдан жарыққа шығару керек деген сауалға Шоқан тура жауап бермей, мәселені орағытып барып шешкісі келді» деп Шоқанның солқылдақ позициясын да аңғартып қояды. Осы тарихи мәселелерді әңгімелеген уақытта Шоқанның ғалымдық және адами позициясы «барлық саясаттық және ғылымдық еңбектерінде өзін жұрт алдына орыс саясатының, орыс ғылымының өкілі ғып тартады да отырады. Туған халқы қазақ туралы айтқан пікірлерінде де ол орыс саясатының, орыс ғылымының өкілі болып отырудан танбайды» деген ойын жасырмайды. Ол диалектикалық заңдылықтардан туатын жай. Оны біздің өміріміздің қай кезі болса да нақты құбылыстармен дәлелдейді.

Бұл айтылғандардың барлығы Сәбит Мұқанов қытай сапарынан оралған соң Шоқан ізімен жүрген сәттердегі ойына ой, іліміне ілім қосқан құтты зерттеудің жемісі. Ең бастысы, Қытай сапарынан соң Сәбит Мұқанов «Алыптардың адымын» жазды. «Алыптардың адымын» оқып отырғанда өзіңізде Сәбит Мұқановпен қытай елін аралап жүргендей болатыныңыз бір болса, екінші, қытай халқының өсіп- өркендеуінен бастап тарихымен терең танысып, эстетикалық- этнографиялық танымыңыз байи түседі.

Сәбит Мұқанов Қытай елін екі ай аралағаннан кейін 21 июль күні Құлжа қаласы Қорғасқа (орысша «Харгос», қытайша «Чимпанзе») келіп қонған. Шекара қақпасында тұрып, Бай Хуа Циғаң! деп қоштасып 496 беттік күнделікпен оралуы тек Сәбит

Мұқановтың ғана емес, бүкіл қазақ ұлтының баға жетпес мұрасы.

- 1. Сәбит Мұқанов. Алыптар адымы,- Алматы, 1959.**
- 2. Сәбит Мұқанов. Жарқын жұлдыздар. -Алматы, 1964.**

Резюме

В статье рассказывается о поездке выдающегося писателя Сабита Муканова в Китай.

Summary

This article tells us about an outstanding Sabit Mukhanov's trip to China.

А.С.ПУШКИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ - С.СЕЙІТОВ ЕҢБЕГІНДЕ

**Ж.С.Әділханова -
ҚазҰУ-ң аға оқытушысы.**

60-90 жылдардағы әдебиетімізде аударма мәселесімен саналы түрде айналысқан зерттеушілердің көшбасында С. Сейітовтың есімі тұр. Оның қаламынан туған зерттеу еңбектерінің дені аударма мәселесімен тікелей байланысты. Ғалым, әсіресе, А.С.Пушкин, В.В.Маяковский шығармаларының қазақ тіліне аударылу мәселесін жан-жақты талдап, таразыға тартып, әдеби-көркемдік тұрғыдан баға береді. Қазақ әдебиеті үшін А.С. Пушкин поэзиясының орны ерекше екені сөзсіз. Абай бастап аударған ұлы орыс ақынының шығармалары аса рухани жақындықпен қабылданып, төл тілімізге сіңісіп кеткені ақиқат. Бірақ аударма деңгейі, көркемдік санасы қандай дегенде, М. Әуезовтың, Қ.Жұмалиевтің, С.Сейітовтың, С.Қирабаевтың зерттеулерінде бірқатар озық ойлы пікірлерді кезіктіреміз.

С. Сейітовтің «Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі» атты зерттеу еңбегінің көтерер жүгі ауқымды, ғылыми маңызы жоғары. Бұл еңбек 1985 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Көлемі 163 бет. Мұнда А.С. Пушкиннің лирикалық шығармаларын ана тілімізге аударудың бір ғасырдай уақыт ішінде қалыптасқан, дамыған дәстүрлері ғылыми тұрғыдан қарастырылады, көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері сөз болады. Ғалым әдебиеттердің өзара байланысының, оның ішінде шығармалардың біріне-бірінің аударылуы арқылы әдебиеттің баюы, дамуы туралы терең талдаулар жасайды. Аударманың теориялық, практикалық мәселелерін жан - жақты сараптайды. Сол кезеңдегі Кеңес жазушыларының Бүкілодақтық екінші съезінде (1954ж.) Халықтар әдебиетінің көркем аудармасы жөнінде арнаулы қосымша баяндама жасалып, оның кеңінен талқылануы еліміздегі ұлттардың ынтымағын арттыру, олардың арасындағы рухани алмасуға молынан мүмкіндік жасау бағытында көркем аудармаға айрықша мән берілетінін айтқан болатын. Реалистік бағыттағы әдебиеттің көрнекті өкілдері, аударма ісінің беделді теориктері П. Г.Антокольскийдің, М.О. Әуезовтің, М.Ф.Рыльскийдің осы жиында айтылған тың тұжырымдары мен пайымдаулары көркем аударманың толғағы жеткен аса маңызды мәселелерінің бірі болды. Советтік аударма мектебінің теоретиялық, практикалық проблемалары жөнінде арнаулы зерттеулері мен мақалалар онда аса құнды пікір айтқан жазушылар мен ғалымдар К. Чуковский, М. Рыльский, А. Федоров, И. Кашкин, М.Әуезов, А.Кундзич, Г. Гачечиладзе т.б. болды.

С.Сейітов өз кезеңінде бұл тұрғыда ауқымды еңбектер жазған алғашқы ғалымдарымыздың бірі болды. Аталған еңбегінде де осы ғылыми таяздықты, аударма саласындағы сынның кемшін тұсын толықтыру үшін жазғандығын байқаймыз. Ғалым ол туралы былай дейді: « Бүкіл дүниежүзінде әдебиеттің дамуына зор ықпал жасаған орыс классиктері А.С. Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А.Некрасов тәрізді данышпан ақындардың негізгі шығармалары ана тілімізге аударылғалы және бірнеше рет қайта басылымдары жарық көргелі қашан. Кезінде мерзімді баспасөздерде сиректеу болса да жарияланатын азын-аулақ рецензияларды атамасақ, бізде әлгі ақындардың поэзиялық дүниелерінің қазақшаға қалай аударылғанын жүйелі түрде қарастыратын,ғылыми тұрғыдан толық талдайтын еңбек әзірше көрінбей келеді. Біз мұны толғағы жеткен түбегейлі мәселелердің бірі деп білеміз. Сондықтан да әлемдік әдебиет алыптарының бірі А.С.Пушкин мұрасын қазақ ақындарының әр кезде қалай игергені, жұртшылық кәдесіне жаратуға қандай күш жұмсағаны, жеткен межелері, ала алмаған асулары туралы ауқымды әңгіме қозғауды қажет

деп таптық. Осының өзінде біз ақынның поэзиялық шығармаларын тұтас алмай тек лирикасына тоқталуды мақұл көрдік», - Зерттеуші өзі айтып отырғандай, бұл еңбегінде А.С. Пушкиннің лирикалық шығармаларының таңдаулыларын ғана іріктеп алып, жан-жақты сараптайды. Оның үстіне, бір өлеңнің әр жылдардағы бірнеше аудармасын жіті қарастырып, өзара салыстыру, алдыңғы аудармаға қарағанда соңғысында түпнұсқаның қандай дәрежеде игерілгенін анықтау - айтуға ғана оңай шаруа. «Инемен құдық қазғандай» көздің майын тауыса, тер төккен ғалым шын мәніндегі мағыналы, әрі бағалы еңбек жазғанын мойындау ләзім.

Орыстың басқа ақындарына емес, Пушкинге неге тоқталды? Оның бірнеше себептері бар. Солардың ішінде бастысы - Пушкиннің қазақ топырағына жақындығы. С.Сейітовтің өзі мына мәселелерді атап етеді: біріншіден, Пушкиннің қазақ жерінде болуы, қазақ халқының тұрмыс - тіршілігімен танысуы, оның мәдениетіне ыстық ықылас білдіруі болса, екінші - 1823-24 жылдары Одессада айдауда жүрген кезінде әйгілі шығыстанушы А. Левшинмен достасып, қазақ елінің тұрмыс қалпы, әдет-ғұрпы жайында ұғым-түсінігін тереңдетіп, алған әсерін молайта түседі. 1933 жылы Пушкин атышулы Пугачев қозғалысы болған жерлерді өз көзімен көру, болашақ кітабына материалдар жинау мақсатымен Орынбор өлкесіне, одан Батыс Қазақстанға, Орал қаласына келеді. Сол жылдың 21-23 сентябрінде Оралда болып, Жайық жағасындағы қаланы аралайды. Осы сапарында А.С. Пушкин «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын естіп, қатты қызыққан. Жолсеріктеріне жырдың желісін жаздырып алған. Сонымен қатар, ұлы орыс ақының мәдениетіміз бен әдебиетіміздің шыңы Абайдың өзі де аударып, ұлтымыздың рухани баюына зор ықпал еткені мәлім. Ғалым: «Пушкин поэзиясының ана тілімізге аударылуы әдебиетіміздің қорын байытып қана қойған жоқ, сонымен бірге ақындарымыз үшін үлкен шеберлік мектебіне айналды. Оның лирикалары мен поэмаларын аудару поэзиямыздың тынысын кеңейтті, көркемдік дүниесін байытты, өз топырағымызда бұрын-соңды кездесіп көрмеген жаңа суреттеу құралдарын табуымызға көмектесті», - дейді.

Пушкин мұрасын игеру, халқымыздың рухани игілігіне айналдыру - ғалымның басты мақсаты болды. Зерттеу еңбегі мынандай тараулардан тұрады: «Сөйлейді Пушкин қазақша», «Әңгіме ахуалы - аударма ахуалы», «Түпнұсқа: тең түсу ме, кем түсу ме?», «Тармақтар таразыға тартылғанда», «Салалап сөз сарасын салыстырсақ», «Талдаудан туындайды тұжырымдар». Керіп отырғанымыздай, монография салмақты мәселелерге жауап іздейді. Зерттеуші кіріспеде Пушкинге неге тоқталғанын дәлелді фактілермен атап көрсетсе, енді оның аудармаларына, көркемдік саласына нақты мысалдармен сын тұрғысынан талдаулар жасайды.

А.С.Пушкиннің шығармаларының қазақ тіліне ғана емес, басқа да туысқан халықтар тілінде аударылғанын санамалай емес, салыстыра сипаттайды. Мысалы, украин тіліне «Құзғынға құзғын кездесті» («Ворон к ворону летит»), өлеңі 1830 жылы, «Полтава» поэмасы 1836 жылы ақынның тірі кезінде аударылғаны, ал «Евгений Онегин» романының бірінші тарауын П.А. Грабовский 1831 жылы Иркутск түрмесінде отырған кезінде аударғанын айтады. «Пайғамбар», «Бұлбұл», «Бұлт» өлеңдері армян тілінде 1843 жылы жарық көрсе, грузиннің әйгілі ақыны Илья Чавчавадзе «Пайғамбарды» 1857 жылы аударғанын атап көрсетеді. Азербайжанда Пушкиннің шығармалары алғаш 1880-81 жылдардан бастап аударыла бастайды. Татарстан жұртшылығы 1899 жылы «Бақшасарай фонтаны», 1901 жылы «Балықшы мен балық туралы ертегі» тәржімаланады. Ал қазақ әдебиеті тарихында Пушкинді аудару ұлы Абайдан (1887-1889) басталады. Ол дүниежүзілік әдебиеттің асыл ескерткіші «Евгений Онегинді» қазақша сөйлетті. Осы шығармалардың аударылуы туысқан халықтар әдебиетінің ортақ рухани байланысын таныта отырып, әлемдік әдебиеттің көшіне бет бұрғандығын байқатады. Қазақ әдебиетінде аударма саласы ұлы Абайдан бастау алатыны сөзсіз. Осы еңбекте де С.Сейітов Абай аудармасының көркемдік сипаты мен нәрлі сөз айшықтарының оқырманды баурап алатын сиқырлы әсерін терең, әрі дәйекті дәлелдейді. Автор Абай аудармаларының тағлым аларлық өнегесі мен еркін аудармада да поэзия қасиетін берік сақтағанын көрсетеді. Абай оқымаған, сауаты кенде қауымның ыңғайына бейімделмей, әсіресе, жастарды өресі биік, өрісі кең, мәдениетті поэзия үлгісіне қарай жетелейді. Зерттеуші Абайдың оқымаған өрендерді тәрбиелеп, ойын өсіріп, әлемдік әдебиеттің ірі туындыларын түсіну дәрежесіне жеткізудегі мақсатын танытуға тырысады. Абайдан кейін Б.Өтетілеуовтің «Жиған-терген» жинағында А.С.Пушкиннің «Көктемнің келуі», «Жүрсем де қай ортада, қайсы жақта» деген екі өлеңі аударылды. Мұнда ол Өтетілеуовтің түпнұсқадан пәлендей ауытқымай, ақындық ойды сол күйінде жеткізуге тырысқандығын айта келе, Абайдан кейінгі Пушкин шығармаларын аударған қаламгерлердің шығармаларын салыстыра сипаттайды. Мысалы, 1915 жылы «Айқап»

журналының 4-санында «Пайғамбар» өлеңінің қазақша аудармасы жарық кереді. Оны тәржімалаған сол кездегі 19 жасар жас ақын - Қошке Кемеңгерұлы. Зерттеуші: «Қ.Кемеңгеров «Пайғамбардың» желісін бұзбай, лұғатын, көркемдік суреттеу құралдарын қалпынан айнытпай түсіруге тырысқан. Түпнұсқаның рухын ұғынып, көпшілікке түсінікті, оқуға жеңіл болар деген ниетпен ол кәдімгі 11 буынды, 4 жолды өлең формасын тандап алған. Тәржіманың тілі жатық, сөз кестесі әжептәуір», - дей келе, тәржіманың осал тұстарын да дөп басып көрсетеді. «Ақынның «Глаголом жги сердца людей» деп келетін ең мықты, ең негізгі түйінін жеріне жеткізе айта алмаған. Әсіресе, «күйдір» сөзі күшті де, дәл де емес. Ол «жандыр» мағынасында алынса әлдеқайда мағыналы болатын еді. Тәржіманың елеулі міні: кейбір тармақтардың түпнұсқадан алыстап кетуінде. Мәселен, төртінші шумақтың алғашқы екі тармағы орысшадағы: «И дальней лозы прозябане» сөзінен басқашалау - «Сай-сайды өрлеп біткен бала қайың, Толықсып гүлденгенін күн-күн сайын» болып шыққан. Осындай ауытқуларына қарамастан Пушкиннің ең бір күрделі де көрікті шығармасы «Пайғамбар» тұңғыш рет ана тілімізге тәржімаланып, орыс поэзиясын насихаттау, оның жанды мұрасын игеру бағытындағы ортақ іске азды-көпті себін тигізді» С. Сейітов әдеби процестерге осылайша салмақты, ойлы талдау жасай отырып, қазақ әдебиетінің алғашқы қалыптасу, даму кезеңіндегі аяқалысын, бағыт-бағдарын бақылап, жаңашырлықпен ұлттық руханиятқа зор үлес қосты. Ғалымның жан-жақты ізденімпаздығы мен тереңдігі талайды тәнті етті. Екі тілге жүйрік С. Сейітов зерттеулеріндегі әсіресе, аударма саласы туралы терең, мағыналы пікірлер - біздің бүгінгі әдебиетіміз үшін құнды мұра екені белгілі. Құндылығы сол - бұл қазақ әдебиетінің енді қалыптасып жатқан кезеңдегі, әдебиет алыптарының М.Әуезов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С. Мұқанов сияқты тұлғалармен йықтас жүріп, көзін көріп, өз құлағымен естіген тарихи деректерге толы ғылыми еңбектер. Жалаң сөзге емес, нақты дереккөздерге сүйеніп, жылнамаларды дәл келтіріп айту - С. Сейітов шығармашылығына тән басты ерекшелік. Әлемдік әдебиеттен орын алған А.С. Пушкиннің шығармашылығын терең талдай, жан-жақты зерттеу аса білімділікті талап етеді. XX ғасырдың басындағы әдебиетші қауымның Пушкиннің шығармашылығына соқпай өткені кем де кем. Бірақ оның бәрі асыл ма, жасық па? С. Сейітов зерттеулері осыны сараптайды.

1949 жылы Пушкиннің туғанына 150 жыл толуына орай «Таңдамалы шығармалары» жарық кереді. Аударманың редакциясын басқарған М. Әуезов пен Ғ. Мүсірепов болды. Мұнда Абай аудармаларынан бастап, 52 тәржіма енеді. Ал 1953-54 жылдары Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы «Шығармалар» деген атпен Пушкиннің төрт томдығын шығарады. Бұл жинақта біраз өлеңдер жанадан аударылды. Атап айтқанда, «Ағайынды қарақшылар», «Бақшасарай фонтаны» (аударған - Т.Әлімқұлов), «Тазы ит» (аударған - Ғ.Қайырбеков) т.б. Мұнан басқа жеке басылымдарда орыс халқының «Хан Салтан туралы ертегі» (аударған - Ж.Молдағалиев), «Балықшы мен балық туралы ертегі» (аударған - З. Қабдолов) жарық көреді. Осылайша Пушкин шығармалары ана тілімізге аударылуы арқылы халқымыздың көркем сөз қазынасы байи түсті. Ұлы Абайдан бастау алған аударма саласы туралы қазақтың көрнекті қаламгері С. Сейітов осы асыл қазыналардың құндылығын құнттап, өз уақытында әділ баға беруге ақын ретінде де, ғалым ретінде де белсене атсалысады. Ол ұлттық аударма саласында өз міндетін абыроймен орындаған санаулы білікті ғалымдарымыздың бірі болған еді.

Пушкинді түсіну - оның поэзиясында ақынның өзіне ғана тән таңғажайып қасиеттер, дарын даралығы, болмысты қабылдау, суреттеу байлығы орасан күшпен көрінетіндігін қатесіз байқау, сезім арпалысы мен болмыс қайшылықтарын дөп басу. Пушкин поэзиясының рухани сұлулығын, нәзіктігін, сезім күйлерінің ізгілігін, кісілік ойының тереңдігін поэмаларын оқыған шақта ғана емес, аударған тұста да қадір-қасиеттерін жоғалтып алмауды басты назарда ұстаған ғалым өзі зерттеген ақындар шығармашылығына осы бағытта үңілген. Ұлттық әдебиетімізге аударма арқылы көркем образдардың, сиқырлы теңеулер мен сыршыл сөздердің мол қоры қосылды. Арзан сөзді қабылдамай, кіл жауһарларды теріп, асылдарды ғана жинауды үлгі еткен ғалым өз ісін мұқият атқарды. Ол туралы әріптесі Ә.Нілібаев былай дейді: «Сәкеннің ғылыми еңбектеріндегі кейбір ерекшеліктерді айтсақ, біріншіден - оның еңбектері құрғақ ғылыми талдау емес, жеңіл оқылатын, оқушысына сан алуан ғибрат ұқтыратын қызықты шығарма ретінде оқыландығы, яғни тілінің байлығы. Екіншіден автордың өрісінің кеңдігі, тың, нақтылы дәлелдермен анық, түсінікті етіп айтып беретіндігі, мол білімдарлығы. Үшіншіден - ғылыми еңбектерінде үнемі халықтар достығын, әдебиеттер достығын үзбей уағыздап отыратындығы», - дейді. Әлемдік рухани кеңістік төрінен орын алған А.С. Пушкин шығармаларының аударма сапасын сараптау - оңай іс емес. Десек те, С. Сейітовтың теориялық білімі мен ақындық таланты және екі тілге жүйріктігі осындай салмақты зерттеудің мән-мағынасын тереңдете түскендігі анық.

1. **Сейітов С. Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі. -А. 1985.**
 2. **Әуезов М. Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы.**
- Кітапта: Уақыт және әдебиет.-А.,1962.,**
3. **Нілібаев Ә. Мақала: "Ақын.Ғалым.Азамат ". "Қаз. мұғ. "1977ж.18 ноябрь.**

Резюме

В статье рассматриваются результаты научных исследований известного ученого С. Сейтова по проблемам переводов лирических стихов А.С.Пушкина.

Summary'

In the article considering results investigations scientist S.Seitov by problems translating selected works A.S.Pushkin.

УДК: 371.84:82

КӨРКӨМ АДАБИЯТТЫ ОКУТУУ АРКЫЛУУ, ОКУУЧУЛАРДЫН ИЛИМИЙ ТҮШҮНҮКТӨРҮН КАЛЫПТАНДЫРУУ

**С.Т. Батаканова-
Кыргызстан**

Кыргыз адабиятынын программасында, (11-12-14-16-беттер), тагыраак айтканда, V класс үчүн пландаштырылган А.Осмоновдун «Неге кечигет», «Бүкөн», С. Жусуевдин «Алакан», А.Токомбаевдин «Ай нурунда кышкы түн», «Жайкы танда», А.Осмоновдун «Кыргыз тоолору», М.Алыбаевдин «Ала-Тоо», «Соң-Көл», «Тянь-Шань», Барпынын «Жакшы кыз», «Өзү каар, тил заар кыз», «Болор жигит», «Болбос жигит», «Эр жигитке сын», Токтогулдун «Үлгү ырлары», Ы.Борончиевдин «Элиңдин кетпейт оюнан», «Кош Алыкул», А.Осмоновдун «Фрунзе», Б.Сарногоевдин «Бешигим-Мекен» ырларын талдоо аркылуу лирикалык жанрга таандык көп маселелерди чечүүгө болот. Мисалга, бул ырлардын кыскалыгы, тактыгы менен мугалим лирикалык жанрга тиешелуу болгон эпикалык жана драмалык тектен айырмалуу адабияттын үчүнчү теги экендиги, «мында турмуш лирикалык каармандын ички сезимдери (кубанычы, окүнүчү, арзуусу, толкундануусу, түйшөлүүсү ж.б.) аркылуу берилерин ушул сезимдерден. анын дуйного коз карашы, турмуш жөнүндө ой толгоосу, мамилеси билдирилерин созсуз аныктама катары айтып, факгылык материал катарында далилдеп бергени маанилүү орунда турат.

Мугалим лириканын жанрдык табиятына V класста ырларды талдай баштаган мезгилден тартып эле коңул бурганы он. Айрым окумуштуулар мугалимдердин мындай аракети балдардын жаш өзгөчөлүгүнө ылайык оорчулук келтирүү мүмкүн деп эсептешет. Бирок, ал азыркы шартта туура эмес. Маселен, А.Осмоновдун «Неге кечигет» «Бүкөн», С.Жусуевдин «Алакан» ырынан согуштун кыйраткыч күчүн, адам тагдырында анын трагедиялык ордун туура тушунуп, аталган ырда берилген ото терендеги образдуулукту, поэтикалуулукту андаштыра апган окуучуга ушул ыр тематикалык жактан согуш темасына кирерин оздөштүрүү кыйынга турабы? Же ушул эле класста А.Осмоновдун «Кыргыз тоолору» ырындагы:

Тоого тоолор курамалап курашып,
Узун тартып, уламалап улашып.
Алда кайда кебез тартып келаткан,
Кербенчинин тоолөрүндөй чубашып.

Кара зоолор ар кай жерде каркайып,
Катмарлашып, калың тартып, занкайып.
Алмаз сындуу кокко тийген миздери,
Арстандын азуусундай аркайып.
Жаз келсрдс эн биринчи жаз конуп,
Кош болордо эн биринчи кыш тонуп.

Ай аапамга ай тие элек кезинде,
Эн биринчи ай жамынып ак болуп.

Тун болордо эн биринчи тунду алы п,
Туз жерлерден кийин кетип мунарык.

Дуйнө жузу көзун ача электе,
Эн биринчи күвдү госуп кыз ары п, -

(Осмонов А. Чыгармалар жыйнагынын уч томдугу, 1-пи-Фрунзе: Кыргызстан, 1984. Б.153.) деген саптардып маанисин, метафорлык кудуретин тушунгон окуучуларга ушул ырдын пейзаждык лирикага кирерин аңдаштыруу оорчулук тузобу? Кыргыздын таланттуу акындары А.Осмонов, А.Токомбаев, М.Алыбаев, С.Жусуев жана Б.Сарногоевдун канаттуу лирикаларынын ички маңызын жеткиликтуу оздоштуруп жаткан окуучуларга лирикалык жанрды окутуунун талап-милдеттери, педагогикалык-психологиялык чен-өлчөмдөрү учур талабына ылайык жаңылануусу - мыйзам ченемдуу корунуш. Маселен, адам психикасынын мүмкүндүктөрүнүн изилдеген орус окумуштуусу Л. П. Гримак: «Сейчас мы уже знаем, что человеческий организм - в высшей степени самоорганизующаяся система. Достигнув высшей ступени эволюционной лестницы, мозг человека приобрел особое свойство - высочайшую степень пластичности, т.е. умение приспосабливать функции организма к самым разнообразным и неожиданным условиям существования. Встречаясь в повседневной жизни с различного рода трудностями и расценивая их нередко как непреодолимые, стоит вспомнить об истинных возможностях человеческой психики, о резервах нервной системы своевременно вспомнить существовании этих резервов - значит в определенной степени уже мобилизовать их преодоления трудных ситуаций» (Гримак Л.П. Резервы человеческой психики. - Москва: Политиздат, 1987.С.91.)-деген пикирин билдирет. Бул коз караш чындыкка жакын, себеби мындан он-он беш жыл мурда математика, чет тилдеринен оор деп эсептелинген билимди, окуу материалын оздоштуруп жаткан окуучуга эне тилдеги ырдын мазмунун жана формасын оздоштуруу учун психи кап ын комускөдогу мүмкүнчүлүктөрүнөн пайдануу зарыл.

Өркүндөтүлгөн окуу программасындагы кыргыздын залкар акындарынын лирикалык чыгармаларын талдап тушунуу V класстын окуучулары учун оорчулук түзчүдөй сезилет. Бирок, практика көрсөткөндөй, мугалим сабакка жан дили менен берилип, ар бир темага чыгармачылык менен мамиле кылса, окуу материалына сунуш кылынган жогоруда аталган чыгармалар бапанын наристе жүрөгүн ого бетер шыктантып, поэзияга карата ышкыбоздугун арттырып, образдуу ойлоонууга, табияттын көрүнүшүн. озунун айрым байкоолорун поэтикалык суйломдор менен уйкаштырууга негиз түзөт.

Лирикалык чыгармаларды талдоодо ал жанрга муноздүү форма окуучулар үчүн кыйынчылык түзбөй койбойт. Анткени алардагы теориялык билим менен аныкталуучу уйкаштыктын турлору, ыргак, рифма-ритм окуучулардын жаш өзгөчөлүгүн эсепке алуу аркылуу жөнөкөйдөн татаалды коздой өркүндөп отурушу эп. Окуучулардын лирикалык жанрдын табиятын эздөштүрүүсү V жана XI класска чейин созулушу маанилуу. Лирикалык жанрдагы чыгарманы талдоодогу негизги өзгөчөлүк - бир нече жылды ичине алган окутуу процессине байланыштуулугунда. Тагыраак айтканда, ал мугалимдин педагогдук чеберчилиги менен, окуучулардын психологиялык. коомдук-социалдык өзгөчөлүктөрүн эсепке алуу аркылуу мазмуну менен формасы шарттуу түрдө болуш гурүлүп, этаптуу жана логикалуу уюштурулгандыгында. Ойдун мындай айгылып жагканы бекеринен эмес, дегеним, ар бир сабактын жүрүшү аркылуу лирика боюнча теориялык түшүнүктөр бекемделип, бир айтылган ой экинчисинде уланып, байып, кандайдыр бир багыт боюнча тереңдеп, ошол эле мезгилде чыңалып отурат. Мугалим V класстан XI класска чейин отулүүчү лирикалык чыгармалардын көтөргөн жүгүнө, мазмун-маанисине, өзгөчө касиетине карап, адабият теориясындагы түшүнүктөрдү өз ара бөлүштүрүүгө тийиш. Маселен А.Осмоновдун “Неге кечигет”, “Букон”, С.Жусуевдин “Алакан” ырларына байланыштырып, лирикадагы согуш жана тынчтык темасына, мазмундук өзгөчөлүгүнө, коомдук-саясий маанисине, социалдык мунезуне гаянып, атуулдук лириканы тушундурсо. А.Токомбаевдин “Ай нурунда кыпкы тун”, “Жайкы тавда” ырларындагы кыш жана жай мезгилдеринин көрүнүштөрүн тапдоо аркылуу пейзаждык лириканы, Барпынын “Жакшы кыз”, “Озу каар, тили заар кыз”, “Болор жигит”, “Болбос жигит” ж.б. ырларында адептүүлүккө, адилет-актыкка, Токтогулдун “Үлгү ырларында” камтылган адеп-ахлактык бийик критерийге негизделген идеяларды айтуу менен философиялык лириканы, Р.Гамзатовдун “Эне тил” ырындагы лирикалык каармандын өз эне тилине болгон суйуусун жана урматтоосун чечмелоо аркылуу патриоттук лириканы окуучуларга жеткирүүгө толук негиз бар. Айрым

мугалимдер V класстын окуучулары үчүн лирикалык жанрдын бөлүнүштөрүн окуу оорчулук түзөт деген маанайда сабактыш жүрүшүндө ырдын идеялык мазмунуна гана коңул бурушуп, анын жанрдык табиятына анча маани беришпей журушот. Биздин жеке пикирибизде бул туура эмес, тескеринче, сабакта ырды анализдеп жатып, анын темасына айкалыштырып, идеялык мазмунуна, кеторгон проблемасына жараша жанрдык бөлүнүштөрүн айта кетуу окуучуларды бир ырдан экинчисин айырмалоого кандайдыр бир деңгээлде чек коюш аны шүлүнө түйүп алууга мүмкүнчүлүк түзүлөт.

Ошондой эле мындай багытта иш алып барууга кыргыз адабиятын окутуунун азыркы программасында ыңгайлуу шарт бар. Тагыраак айтканда, лирикалык жанрдын кандай туру болбосун, биринчи ырды өткөндө анын жанрдык касиети, өзгөчөлүгү тууралуу мугалим окуучуларга маалымат берсе, экинчи ырда аны бышыктап, ил тургай анын лирикалык табиятына байланышкан айрым толуктоолорду киргизүүгө да болот. Мисалга, V класста А.Осмоновдун «Фрунзе» ырындагы негизги мазмунду - акындын борбор шаарга карата патриоттук сезимин окуучуларга тушундуруп жатып, мугалим патриоттук поэзия тууралуу маалымат берген болсо, Б.Сарногоевдин «Бешигим - Мекен» аттуу ырындагы лирикалык каармандын өз Мекенине арналган ички толгонуулары, атуул катары Ала-Гоосун урматтоосун чечмелеп беруу менен бирге патриоттук лириканын жанрдык бөтөнчөлүгүнө тиешелүү ойлорду кайталап, бышыктап кетууга мүмкүнчүлүк берилет. Ошону менен катар патриоттук лирика кыргыз поэзиясына гана таандык эмес экендигин, ал башка элдерде да кучтуу онуккендугун Р.Гамзатовдун «Эне тил» ырындагы поэтиктык ойлорго, учкул табылган саптарга таянуу аркылуу далилдоого болот. Ушундай эле пикирди V класста окутулуп жаткан лирикалык жанрдын башка турлоруне да багыттоого негиз бар. Бирок мугалим окуучулар тарабынан оздоштурулуучу лирикалык чыгармаларды окуп уйронуудо жанрдык касиетин V класста башкы орунга койгону анча ийгиликтүү болбой калышы мүмкүн. Ошондуктан мугалим окуучуларга сунуш кылынган ар бир лирикалык чыгарманы окутууда Л.Гинзбург айтмакчы, адам анда автор, же аны баяндоочу объект катары гана катышпастан, анын субъект и си. чыгармаиын эстетикалык түзүлүшүнө сиңирилген анын кыймылдагы элементи (Гинзбург Л. О лирике. Изд. 2-е -Ленинград, Сов. Писатель,1974. С. 7.) катары кирерине өзгөчө басым койгону оң. Бул боюнча орус адабиятында лирикалык чыгармаларды окутууну изилдеген методист З.Рез томонкудой пикирин билдирет: “Лирика обладает удивительным педагогическим свойством: она способна активизировать эмоционально-нравственные возможности учеников. Почему можно утвердительно говорит об этом? Современные психологи, основываясь на открытом И.П.Павловым действию слова как реального раздражителя, приходят к выводу, что художественное произведение способно вызвать у человека такое же душевные состояние, какое вызывает реальные события. В самом деле, каждый человек может вероятно, припомнит минут, когда чувства, выраженные стихотворении, вдруг совпадали с его собственными или становились ими”. (Рез.З.Я. Изучение лирических произведений - В кн.: Методика преподавания литературы. - Москва: Просвещение, 1977. С.244.).

Асыресе, бардык эле учурда автор менен окурмандын пикири дал келе бербейт. Мугалим лирикалык жанрдагы чыгармаларды окутууда автор менен окуучунун оюн дал келтирбесе да, сабакта автордун коз карашын, ырда берейин деген оюн окуучуларга жеткирүүгө милдеттуу. Ал милдетти аткаруу учун мугалим биринчи кезекте оздоштүрүлүп жаткан лирикалык жанрдагы чыгарманын коомдогу көркөм- эстетикалык ордун, саясий же жарандык позициясын, ички ой-толгоолорун, ар кандай озгорушко карата багытталган индивидуалдуу байкоолорун окуучулардын кабыл алуу мүмкүнчүлүгүнө жараша окутуунун формасын тандоосу маанилуу. Албетте, бул мугалимдин педагогдук чеберчилигине байланыштуу чечилет. Эгерде мугалимде андай чеберчилик жетишсиз болсо, анда эн сонун, өзүн-озу тушундуруп турган ыр да окуучуга анча таасирдуу болбой калышы мүмкүн. Ошондуктан мугалим жаш өспүрүмдөрдүн алдындагы озунун инсандык жоопкерчилигин сезии, алардын лирикалык чыгармаларды андаштырууга карата кабылдоо табитин, эмоционалдуу ички туюм-сезимдерин тарбиялоосу керек. Окуучуда мындай касиеттерди калыптандыруу - жакшы менен жаманды ажырата билип, реалдуу турмушка кайдыгер болбой, кооздукка суктанып, коркомдукко таасирленип, бироонун кубанычын озундой сезип, азап-кайгыга боору ооруп, дегинкиси бардык кубулушка карата эмоциясын билдирууге, жетиштуу айтканга оңой болгону менен, коп жылдык жана еистемалуу окутуп-үйрөтүүнү тапап кылган түйшүктүү имгек болуп саналат. Эн, башкысы, мугалим сабакта оздоштүрүлүп жаткан лирикалык чыгарманын көркөм мазмунун, идеясын окуучуларга

түііондүрүүдө, ал ырда көтөрүлгөн проблема, айтылган ой кимдир бирөө тарабынан көркомдөлгөн деген сыяктуу мам и л еде болбошу керек. Ырдын мазмунундагы коз караш мугалимдин езүнүн көөдонунөн кайнап чыгыл жаткан дай, ошондой эле ал окуучулардын ар биринин жан дүйносүндө мурда болгондой, бирок аны алар башта байкабагандай, мына азыр байкап көрүп жаткалдай деңгээлде уюштурулса, анда ;іл класста билим, тарбия алган бала сабакта, андан кийин орто мектепти аяктаган соң лирикалык чыгармага кайдыгер карай албайт.

Өзөктүү создөр: лирика, поэзия, дүйнөгө коз караш, ыргак, рефма-ритм, психология, мазмун, форма, атуулдук лирика, образ, лирикалык каарман, патриопук лирика

Аннотация: Илнмий түшүнүктү пайда кылуунун эң негизги шарты болуп мугалим тарабынан окутулуп жаткан кэрком чыгарманын эң маңыздуу, орчундуу илимий белгисин, өзөгүн ачып корсөтүү болуп эсептелет. Кабыл алуу же перцептивдуу иш-аракегги тушундүрүүдө окуучулардын аң -сезиминде каармандын образын (элесин) жаратуу биринчи орунда турарын түшүнүү зарыл.

Түйін

Мақалада көркем шығарманы оқыту арқылы оқушылардың әдеби түсініктерін қалыптастыру мәселесі сөз болады.

Резюме

В статье рассматривается проблема формирования литературных понятий у учащихся через обучения художественных произведений

Summary

This article deals with the problem of formation of literary notions in schoolchildren through teaching works of art.

УДК 821.512.122-14

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЛИРИКА ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗІНДІК

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Қ. Жүндібәева -

Семей мемлекеттік педагогикалық институтының магистранты

Туған әдебиетімізде өзінің ұстанған бағытынан, артына қалдырған туындыларынан Шәкәрім Құдайбердіұлының ешкімге ұқсамайтын соны стилін, ақындық шеберлігін анық танимыз. Ақынның ақылмен сүзіп, көкірек көзімен көріп, сөз сырымен өрнектеген өлең кестелеріне терең білім, өзгеше суреткерлік дүниетаным, қазақ поэзиясына тән көркемдік жаңалықтар арқау болған.

Біз осы ізденісімізді ғылыми теориялық жақтармен ұштастыра отырып, ақын лирикасының жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін аша түсуге бел байладық.

Жанр - әлем әдебиетіндегі немесе нақтылы бір ұлттық әдебиеттегі белгілі бір дәуірде қалыптасқан, ортақ типологиялық т.б. белгілері бар көркем шығармалар жүйесі. Әдебиеттегі жанрларды тегі мен түріне қарап, лирикалық, эпостық және драмалық жанрлар деп бөлеміз.

«Әдебиеттің Аристотель заманынан бері қарай келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне аастастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың бірі. Лирикадағы әрбір сөз (мотив) -ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі», - дейді З.Қабдолов. Адамның көңіл-күйі, ой мен сезімнің үндесуі лириканың басты ерекшелігі болып табылады. Лирикалық өлеңдерді тақырыбына қарай талдап, көптеген әдебиет зерттеушілерінің пікірлері бойынша шартты түрде саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы деп бөледі Ал, зерттеуші А.Айтпаева өзінің зерттеу еңбегінде: «Шәкәрім лирикасын шартты түрде табиғат, махаббат- жастық немесе көңіл-күй лирикасы және ғибрат ақыл немесе ой-толғаныстар (оның ішінде ағартушылық, азаматтық лирика бар) деп бірнеше салаға бөлуге болады», -деп көрсетеді Біз өлең өрнектерінің өзіндік ерекшелігіне қарай, шартты түрде Шәкәрім лирикасын саяси-әлеуметтік лирика (оның ішінде философиялық лирика, сонымен қатар, ағартушылық, азаматтық, ғибрат-ақыл ой өрнектері бар), көңіл-күй лирикасы, табиғат лирикасы деп бөле отырып, ақын шығармашылығының өте күрделі құбылыс екендігіне көз жеткіздік.

Ұлы Абайдың сөз өнеріне деген ерекше ықыласын сезіне жүріп қалыптасқан Шәкәрім о бастан-ақ ақындық өнер жолындағы өзінің биік нысанасын, асыл мұратын жете түсінді. Лирикалық поэзияны айрықша қастерлі дүние деп есептеді.

Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас. Ол қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да, лирикада сол өз кезінің шындығы мен сыры жатады. Оқушы әрбір лирикалық шығармадан оны жазған автор өмір сүрген кездің жай-жапсарын аңғарып отырады. Ақын шығармашылығындағы лирика әлемін тұтастай алып қарағанда, жанрлық жағынан кез келген лириканың түрі көрініс береді..

«Партия адамдары» өлеңінде қоғам портреті, шынайы қазақ елінің сол замандағы

портреті анық көрінеді;

... Адал десе тік тұрар төбе шашы,
Жиған малы бәрі арам, ішкен асы.
Қылып жүрген ісі анау, күші мынау,
Ағайынға ұқсайды қай арасы?

Өмір және ақындық тәжірибесі толыққан кезде Шәкәрімнің ерекше тоқталатын тақырыптарының бастысы - адам тағдыры, адам өмірінің мәні, адамшылық сияқты философиялық және психологиялық категориялар. Бұл тақырып «Адамшылық», «Адамнан артық жәндік жаралмаған», «Адам немене?» деген өлеңдерінде көрініс тапқан.

«Адамшылық» өлеңінде:

... Мейірім - жақсы, зұлымдық жаман дейсің,
Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.
Жаны ашып жәрдем қылмай өткен адам,-
Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек, -деп түйін жасайды.

«Тура жолда қайғы тұрмас» деген атақты өлеңінде ғылым мен теологтардың арасындағы дүниетанымдағы қарама-қайшылықтың тамырын дәл танып, Абайдың сөзімен айтқанда «Алланың ғылымына, яғни танымға асқақтай қарауының өзі көп сырдың мәнін аңғартады.

«Тау басындағы ой» деген философиялық лирикасында бүкіл әлемдегі дін атаулының мән- мағынасын дәл анықтайды. Ұшқыр ойлы, мағынасы терең философиялық толғау тәрізді ақынның бұл шығармасы «Шыққаным Шыңғыстағы бір биік тау», «Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық?», «Шымды жерде көрсесіз қара топырақ», «Атаның шаһуатының көп қой мәні», «Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?», «Ұжданды мақтайды тамам адам» тәрізді бірнеше топтамадан тұрағыны белгілі. Мұнда жан, табиғаттың жаратышысы, ақыл мәселесі, дүниенің өзіндік сыры ақын ойымен шебер ұласып келіп, тереңінен қозғалады.

Ақынның «Ғайсадай жан беретін таңның желі», «Дүние мен өмір» өлеңдерінде дүниенің өзіндік ерекшеліктері, адам дүниетанымының өзіндік даралығы көрінеді.

Ғайсадай жан беретін таңның желі,
Қайғымды желге ұшырып, тірілт мені!
Ақылым кәрілікке жабырқама,

Талпынып тағы да ақтар дүниені,- дейді ол. Бұл өлеңінде өзінің өмірге деген пікірін, көзқарасын айналадағы ортамен, табиғатпен байланыстыра отырып суреттейді. Таңғы желге қайғысын жоғалтуды, ақылына кәрілікке жабырқамауды, қайратына әр нәрсеге қарсы тұруды, тіліне барша жанға пайдалыны айтуды тапсыра отырып, ақын заманға үн қатады.

Не үкімет, немесе қауымды алдап,

Арсыздықпен не болар алған шені?! - деп аяқтай келіп, қоғамға да, адамға да қажетті сауалды жолдай келіп, заманындағы қулық, сұмдық, бетперделік көріністерді жария етіп, оны шешудің жолы - адамгершілік пен әділеттілікте деп меңзейді.

Шәкәрім - адам сезімдеріне ерекше көңіл бөле отырып жырлаған ақын. Әсіресе, ол адам сезімдерінің ішіндегі ең асылы деп махаббат пен сүйіспеншілікті жоғары ұстайды. Махаббат тақырыбы - ақынның реалистік лирикасындағы ең өзекті көркем арналардың бірі. Жастық шақтың бейнесі, қыз бен жігіт образдары, махаббат сезімдерінің нәзік иірімдері - ақын лирикасындағы асыл идеялар. Шәкәрімнің көңіл-күйіне байланысты туған жырлар өте көп. «Жарымды жаным сүйді, сүйе алмай тәнім күйді», «Жастық туралы», «Ақыл құсы адаспай аспандағы», «Шын сырым» атты өлеңдері ақын мұрат еткен әдеміліктің, сұлулықтың нышаны қандай болғанын аңғартады. «Адамның еркі қайда», -деп ақылдан сұрағаным» атты өлеңінде ақын өз ақылымен мұңдасады, өз ойымен сырласады. Өз санасының сезіміне жүгініп, ақылымен «сөйлесу», ақылының жауабын, ойын тыңдау кез келген адамның қолынан келе бермейді.

«Ақыл құсы адаспай аспандаса» атты лирикасында:

Ақыл құсы адаспай аспандаса,
Әлемде нәрсе болмас көзден таса.

Жеті көк жерден оңай басқыш болып,

Ғарышқа қол жетеді армандаса, - деп шындаса адамзаттың алмайтын қамалы, бағындырмайтын асуы жоқ екенін айтады.

«Ноль» деген өлеңінде:

Қаламым, қарындашым - жан жолдасым!
Жау болды, жан аяспас сан жолдасым.
Қайырылып, мейірімденіп қарамайды,
Кеше аласа, бүгін зор, паң жолдасым...
Жарқырап нұрын шашып, жанады шам,
Талайлар пайда алады жарығынан.
Су тамып, не жел тиіп сөне қалса,
Көрмей, басып, таптайды пайда алған жан...,-

дейді. Ақынның зарланайын деген ойы жоқ, бірақ ақ көңіл, адал жүрек, арлы істі серік еткен адамдардың сиректігіне іші қынжылады. Өзінің бұрынғы дос деп жүргендері бір сәтте маңайынан алыстап кеткендігін көріп, шын досты өмірде табу қиын екенін айтады. Көңіл күйін осылай шерттіп, ақын барша оқырман қауымға ой салады:

Демеймін мұнымды айтып зарланайын,
Жаралыс солай қылған адам жайын.
Жарық алып жалғанды тексерсең де,
Таза жүрек таппайсың, сол уайым.

Ақынның «Жиырма үш жасымда» атты өлеңі кей жинақтарда «Шын сырым» деген атпен белгілі. Бұл өлеңде көңіл-күйдің өзіндік ерекшелігі көрінеді. Сонымен қатар, шығармадағы табиғат көріністері де лирикалық қаһарманның сезімін сездіруге бағытталған.

Нұрыңнан нұр алып,
Аспанда Жарық Ай,
Келеді қозғалып,
Жақындап бері қарай,-

сынды жолдарды оқып отырып, расында Айды қыздан жарық алып, жылжып келе жатыр деп ұғынбаймыз. Сондай-ақ, Жетіқарақшының қызды айналып іздеуі, «Күн батып жоғалды, Нұрыңнан ұялып» деп өрнектеуі барлығы - лирикалық қаһарманның қыз бейнесін жеткізуде жасаған белгілі бір құбылыс пен көңіл сезімін өзінше өрнектеуі.

Ақынның шабытына үн қосылса, өзіндік жан сыры тереңінен көрінетін әдемі жырлар туады. Ақын қиялының көңіліне қарай, соған ұқсаған сазды немесе мұңды әуендер дүниеге келеді. Олай болса, Шәкәрім жырларының қайсысын алсақ та, оның тууына ақын көңілінің қай күйде болғаны әсер еткені белгілі. Демек, ақын заман таршылығын, ауысуын көргенде, жаңа заманның туғанын білгенде, қазақтың қалай ел болатынына уайым жеп жүргенде, терең философиялық астары бар шығармалар дүниеге келген. Айтарымыз: көңіл пырағы қай жерде аялдаса, шабыт шырағы жанып, ақын ойы әдемі жыр өрнектеріне айналған.

Ал, табиғат лирикасы - ақын шығармаларындағы орны бар елеулі дүние.

Табиғат лирикасы - лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жан-дүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар... біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған.

Лирик Шәкәрім де өз өлеңдерінде қоғамда болып жатқан құбылыстарды зерделеп, зерттеп, оны табиғат көріністері теңестіре көрсеткен.

1880 жылы жазылған табиғат лирикасына жататын «Жаз келер» атты өлеңінде:

Жаз келер, қыстыгүнгі қысым өтіп,
Қар, суық, аяз, боран - бәрі кетіп,
Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды,
Табиғат барша жанға рақым етіп.
Жетпекке үлкендікке жас балалар,
Жүгірер қырдан ойға дүбірлесіп,
Шал-кемпір күншуақтап, көңілі жай боп,
Өткен күн, өмірін айтып күбірлесіп,-

дей келе, өмір кезеңінің белгілі мамыражай кезеңін қазақ тұрмысымен біте қабыстырып, байланыстырады.

Ал, ақынның көңіл-күй лирикасына жататын «Шын сырым» атты өлеңінде кездесетін

Сызылтып ән салып,
Шырқады бозторғай...

...Гүл биледі жайқалып.
Бұлбұлдар сайраған,
Жорға су тайпалып.
Бұрандар жайнаған,-

деген өлең жолдарынан табиғаттағы әсем көріністерді ұтымды детальдар арқылы суреттей отырып, сұлу қыздың бейнесінен алған өсерге ұластырады, Осы жерде аталған өлеңді табиғат лирикасы қатарына қосып жіберуден аулақпыз. Айтарымыз, шығарманың өз тумыстық болмысын сақтай отырып, табиғат салтанатының осы өлеңде де кездесетініне тоқталу. Табиғат көріністерін өз сезімін әсерлі жеткізу үшін шебер қолданғанына көз жеткізу болып табылады.

Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті өз поэзиясына арқау еткен ақын шығармаларын оқып отырғанда пайымдағанымыз: табиғаттың көркем көріністерін ақын айтар ойына, өзге сырға ұштастыруда шебер пайдаланған.

«Түйіп айтқанда, Шәкәрімнің лирикасы сол заманның айнасы болды».

Алдағы уақытта жүз елу жылдық мерейтойы келе жатқан ақын шығармашылығының ашылмаған тың тұстары зерттеліп, халық игілігіне айналса нұр үстіне нұр болар еді.

Шындығында Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасы - аса кернеулі, заңғар маңызды, салиқалы да сындарлы, маңызды мұра. Ендеше оны зерттеу бір күннің, бір жылдың емес, заманалар еншісінде. Ұлы Абайдың ақындық дәстүрін берік ұстанған Шәкәрімнің поэтикалық қуаты зерттеле бермек.

1. *Әбдігазизұлы Б. Шәкәрім: дәстүр және көркемдік. Монография. Үш биік, Семей. 2007.-225 б.*

2. *Шәкәрім. 2 томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Жібек жолы, 2006. -521б.*

3. *«Шәкәрімтану мәселелері» - сериялық жинақтары, 1-6 том. Семей-Новосібір: Талер-Пресс, 2006.*

4. *Шәкәрім. 2 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жібек жолы, 2006. -521б.*

Резюме

В статье рассматривается темы лирики Шакарима Кудайбердиева.

Summary

The given article is devoted to some problems and themes of lyrics and the article considered of study to the problem revealing poetical aspects of lyric poet creative Shakarim Kудayberdiev.

АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҮНДЕСТІК.

**С.Д. Ізтілеуова -
филол, ғыл. д.,**

***Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшіі
ғылыми қызметкері***

Шәкәрімнің мол мұрасының халыққа жетуінің бірден - бір себепкері баласы Ахат. Сонау сұрқия саясаттың әсері Шәкәрім әулетіне де соқпай өтпеді. Шәкәрім әулетінің қуғын - сүргінге ұшырап, барлық қиындықтарды бастан кешкені белгілі. Бір баласы Зият Қытай асып, Ахат түрмеге түсіп, көп бейнет көреді. Қалған балаларының бірі түрмеде мерт болып, аштықтан қаза болып, тарыдай шашылып, халық басына түскен нәубеттің барлығын басынан өткереді. Солай болса да, балалары әке мұрасын көздерінің қарашығындай сақтап қалады. Зият Қытай еліне кеткенде қоржынына әке мұрасын салып ала кетеді. Сол жаққа насихаттайды.

Ал, Ахат ұлттық кітапханаға және академияның кітапханасына 1935 - 36 жылдары өткізеді. Сол бір сұрапыл жылдары басын оққа тігіп, қорықпай - ақ осы ерлікке барады. Қазіргі бізге жеткен Шәкәрім еңбектері Ахаттың әке мұрасына мұқият қарап, халық мұрасына айналуына ықпал етті және өзі де әкесі жайлы естеліктер қалдырды. Ахаттың естелігенде әкесінің шығармашылық жолдары мен Абайдың ықпалы мен әсерін дерек көздері ретінде береді. Ұлттық кітапханаға 1935 жылы 9 ақпанда әкесінің біраз еңбектерін өткізеді. Міне, Шәкәрімнің бізге жеткен еңбектерінің тарихы осындай.

Ахат естеліктері Шәкәрім мен Абайдың рухани шығармашылықтары мен екеуара сұхбаттарынан тұрады.

Шәкәрім шығармашылығындағы философиялық көзқарастар және оның жаратушы, жан, тәңір, дін туралы ой - пікірлері, Абай ойларымен үзеңгілес келіп, сабақтастық тауып жатады.

Бұл жөнінде Шәкәрімнің баласы Ахаттың естелігінде былай дейді: Батыс, Шығыстың ескі замандағы ойшылдары, жазушы - ақындарымен танысып, оқуыма да Абай себеп болды. Ғылым іздеп, қалаларды аралауыма да Абай себеп болды. "Мұсылмандық", "Түрік-қырғыз шежіресін", "Қалқаман - Мамыр", "Еңлік-Кебекті" жазуыма көп көмек берді."- дейтін.

Абай мен Шәкәрім шығармашылығындағы үндестік сабақтастық тақырыбы да аса терең.

Абай мен Шәкәрім шығармашылығының ортақ тамыры екі суреткердің қара сөздері мен өлеңдеріндегі ой толғаныстарындағы ұқсастықтары мен үндестігінде айқын көрінеді. Екі ақын да өмір, қоғам, болмыс құбылыстарын және Алла тану, адам тану туралы үлкен дүниетанымдық мәселелер жайында ой қозғайды. Абай да, Шәкәрім де айрықша білімпаздық пен ізденімпаздықтың арқасында және ерекше дарын иесі болғандықтан заман ағымынан, қоғамнан биіктеп кеткен жандар. Ғалам - болмыс - Алла, жаратушы жайлы ойлары оқырманның жан-дүниесін толғанысқа түсіреді. Қос ақынның мұңы, қамығуы мен қайғысы өлеңдерінде терең берілгендігі сондайлық, оқушының жан-дүниесін қозғап, оқырманын ұйытып, өмірге жаңа таныммен қарауға жетелейді.

Әрине, Алла - адам - қоғам мәселелерін талдауда Шәкәрім Абай дүниетанымына жүгінеді. Бірін- бірі толықтыра отыра адамзат танымының ойлау шеңберін кеңейтуге қабілеттілік екі кемеңгер тұлғаға тән дүние.

Міне, Абай әсерін, оның көзқарасын, дүниетанымын түсініп Шәкәрім өзіндік қолтаңбасын поэзия мен пәлсапалық ой-толғамдардың өрнегін салады.

Шәкәрім былай дейді:

"Іш хахикат біржолата көміліп қалмайды. Мұны мен өз мақтаным үшін айтып отырғам жоқ. Мұны адамдар әбден қабыл алғанша, мен өліп қаламын. Маған тіршілікте де мақтанның бір тиын құрлы қадірі жоқ. Және мақтан араласқан істе тазалық, әділет болмайтынын жақсы білемін. Бірақ, ақылдың анық деп тапқан хақиқатын айтпауға ар көнбейді. Өлген соң тарихта атым қалсын да демеймін.

Неге десеңіз: "Өлген соң да мақтанайын" дегеннен масқаралық іс бар ма? " /6/- деген пікірі ақынның өмірлік кредосына айналған.

Әр бір ұрпақ заман талабы мен ғайымдары ой қорыта келе, Шәкәрім көтерген мәселелерге тың көзбен қарары сөзсіз.

Шәкәрімнің назар салып, пікір білдірген ұғымдарының бірі- осы мақтану, мақтау жайлы. Мақтануды адам іс - әрекетіне, өмір сүруіне жайсыздық әкелетініне, зиянды істерге бастау болатынын ескертіп, сақтандырып отырады.

Бой да жоқпен мақтаса, яки сөксе,
Қуанбақ, не кейімең өзіңе еп пе?
Ғаділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын,
Солар сөкпес іс қылар жолды көксе./7/.

дейді, "Мақтау мен сөгіс" өлеңінде.

Ал Абай тіптен бұл мәселеде өз кесімен тіке айтады:

Мен - мақтанның құлы емес,
Шын ақылға зорлық жоқ.
Антурған көп пұл емес,
Өлім барда қорлық жоқ. /8/.

Абай мен Шәкәрім тағдырлық мәнді өмір құбылыстарына қалам сілтей отыра, бірінің ойын бірі дамытып, толықтырып, тереңдетіп отырады. Мысалы. Абай бір өлеңінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек./9/.-

дейді.

Дей тұра, Абай толық адам болу үшін керекті адами сапаларды сараптап көрсетіп береді. Нағыз адам болу үшін сабырлы ақыл, қажырлы қайрат, ыстық жүрек қажет. Оның біреуі жоқ болса, сен нағыз толық адам емессің. Абай халықты өз бойындағы ізгілікті сапаларды қастерлеп, ұштай білуге үйретуді мақсат тұтады. Ал Шәкәрім бұл тақырыпты өзінше жаңа қырынан көрсетуге ұмтылған:

Байлаймын да көзіңді,
Патша қылам өзіңді,
Ұғып отыр сөзімді Ел билетем
жеті ру.
"Мейірім", "Ынсап", "Әділет",
"Шыдам", "Шыншыл", "Харакет",
Түп қазығы: "Ақ ниет" - Бұл
жетеуін ел қылу./10/.

Абай талап, шыдам, қайрат, жүрек, ақыл сияқты адами сапалардың қатар болуын, адам бойынан бірдей көрінуін қалайды. Ал Шәкәрімде, бұлармен қатар мейірім, ынсап, әділет, ақ ниет сияқты сапалық қасиеттерді уағыздау басым. Адами қасиеттердің түп қазығын ол адалдық пен ақ ниетке келіп тірейді.

Шәкәрім үшін ақыл, талап, еңбек, барлығы адалдық пен ақ ниет болған жерде баянды болмақ. Міне, екі ойшылды осындай ой-таным ұқсастықтары бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырған. Абай Шәкәрімге рухани ұстаз бола отыра, оның білімін тереңдетуіне үнемі қаржылай көмектесті.

Шәкәрімнің рухани дамуына өз әсерін тигізген Абай жайлы баласы Ахатқа айтқандары: "Адамы өлген ауыл үш жылға дейін қаралы болады. Осы өлімнің үстіне мен өте жақсы көретін Мағаш 1904 жылы қайтыс болып, Абайдың да, менің де сорым қайнап қалды. Абай Мағаш өткен соң, ақылынан адаспаса да, ауыр ойдың құрсауында болып, үйде көзінен жасы парлап, отырып қалды. Біз Мағаштың жетісіне дайындалып жаттық. Ауылдың қасындағы дөң басында Абайды күтіп, елдің қадірлі көп адамдары отырып қалды. Мен Абайға келіп: "Сіз өзіңіз: айтқанын істеген - анық адам және қайғыға қайғыра біліп, оны тоқтата алар қайраты да болуы керек"-деп бізге үйретіп, соны істемегеніңіз қалай? - дегенімде "Е, мен не деп едім?"- деді. Мен, сіз:

"Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер қайрат қылайын.
Жаралы жүрекке
Дауа бер, жамап сынайын ",

-деген жоқсыз ба? - дегенімде: "Мен әлсірейін деген екенмін ғой. Киіңдір, тысқа шығар" деді. Мен шапанын, бөркін кигізіп, қолтықтап кигізіп ортасына әкеп отырғыздым.»

- бұл жолдар Шәкәрімнің баласы Ахаттың әкесі туралы естелігінен. /11/.

Екі ақын да туыс бола тұра бұларды әсіресе жақындастырған рухани дүние еді. Екі ойшылдың ақиқат дәрежесіндегі ойлары, ізденген білімдері, алға қойған мақсаттары да

ортақ еді.

Вестник ЮнНПУ имени Абая, серия «Филологические науки», № 2 (32), 2010 г.

Жоғарыдағы баласы Ахаттың естелігін жалғастырсақ: Абай көппен амандасып болған соң, тез бойын жинап "Мағаш тек менің ғана балам емес екен, көптің сіздердің де балаларыңыз екен! Мен сіздерді ойламаған екенмін, ғафу етіңіздер" - деп, сөзге араласып кетті. Бір мезетте мені қолымен нұсқап: "Мынау Шәкәрім де, мен де сорлы екенбіз. Бұдан бұрынғы жылда Шәкәрімге ойымды айтып, тағыда бергенім естеріңізде шығар. Мына екі туысқанның қарсы қабат келіп, мұны білім іздеу жолынан қалдырып, менің Шәкәрімге білім қуғызсам деген мақсатым орындалмай қалды. Шәкәрім де мен де сорлы екенбіз дегенім осы?!-деді. Мен Абайға: "Ол тілегіңізді орындаймын, айтқан жерлеріңізге барамын!"-дедім. Абай аз күлімсіреп: "Қаражат беретін мен өліп қалсам, қайтесің?" - деді. Мен: "Сіз өлмеңіз! Қайтсем де, тірі болсам, сізге берген сертімді орындаймын!"-дедім. /12/

Осы сұхбаттан кейін көп кешікпей, Абай дүниеден өтеді. Шәкәрім көп қиындықтарға қарамай, Абай ағасына, ұстазына берген уәдесін орындап, рухани сапарға шығып, өзіне мол білім жинап қайтады:

Пароходпен ай жүріп жолда,
Әр елден кез келіп молда,
Он үш күн болып Стамболда
Керек кітап табылғаны -ай!

Парижде де оқыған жан,
Түрік, Серкеш Әм Үндістан,
Араб, башқұрт, қызылбастан,
Переводчик - түрік, ноғай. /13/-дейді ақын.

Осы естелікті ары қарай сабақтасақ, көптеген тың деректерді кездестіреміз. Иә, Абай үлгісін Шәкәрім ары қарай дамытты. 1905 жылы қыркүйек, қазан, қараша айларында қажылық сапарға аттанғандардың тізімінде Шәкәрімнің де аты-жөні бар құжат Орталық мемлекеттік мұрағатта бар. Көп тізімнің 21-санында «Шакаримь Худайбердинь» - деп тіркелген. Ал, 1906 жылы қажылық сапардан қайтып келгені жайлы да деректер сақтаулы тұр. Ал нақты түрде айтсақ, дерек көздері былай болған:

1905 жылғы Шәкәрімнің қажылыққа сапары шамамен үш айға созылған сияқты. Оны орталық мемлекеттік мұрағаттағы құжаттар дәлелдейді. Мысалы: Қажылыққа бару үшін шетелдік төлқұжат үшін қызыл крест қоғамының пайдасына қосымша төлем төлеушілердің тізімінде қыркүйек, қазан, қараша айларында он рубль төлегендердің тізімінде 21-ші болып Семей облысы, Шыңғыс болысының қырғызы Шакаримь «Худайбердинь» деп тіркелген. /1/

«Семей облысының уақытша генерал-губернаторы, генерал-майор Галкиннің дала генерал-губернаторына хатында 1906 жылдың наурызында Семей уезі, Бұғылы болысының қырғыздары Кезденов Құрманғажы, Жолбасаров Құтан және Шыңғыс болысымен Чокин Күренші және Худайбердин Шакарим аттарына берілген № 6411, 6422, 6423, 6424 шетел төлқұжатын қайтарып алынғандығы туралы және қажылық сапардан келгеннен кейін олардың денсаулықтары тексеріліп, ауру-сырқаудан аман» екендігі айтылады.

Шәкәрім қажының осы естелігінің өзі алдындағы Орталық мұрағаттан табылған деректермен сәйкес нақтыланып, дәлелденіп тұр.

Ендеше, Шәкәрім өмірінің, өз естелігіндегі: «Мен пақыр 1905 жылдан 1906 жылға қарай қажыға барғанда тақияны көрдім» - деген жолдардың өзі-ақ шындыққа жанасып, деректермен расталып тұр. Шәкәрімнің осы сапары тек қана қажылық қана емес, шығармашылық және рухани өсу жолының үлкен бір белесін көрсетеді.

Осы сапардан кейін-ақ Шәкәрім шығармашылығының өрлеуі, биік деңгейге көтеріліп, адам түзеу, Жаратушының сүю мәселелері төңірегінде дүниетанымдық көзқарастарының жүзеге асуы басталған кезеңі еді. Жүзеге асуы дегенде шығармашылық даму процесі.

Шәкәрім қажының осы естелігінің өзі алдындағы Орталық мұрағаттан табылған деректермен сәйкес нақтыланып, дәлелденіп тұр.

Міне, осы сапарда Шығыс, Батыс ойшылдарының еңбектерімен тереңірек танысып, тіршілік, жан, ғалам жайлы, имандылық, дін, ғылым, ақыл жайындағы өз ойларын дамыта отыра, өзіндік соны пікірлер айтты.

Шәкәрім өзі былай дейді: демек, менің бұл сапарым көкірек көзімді ашып, аңсаған арманым қолым жеткен сапарым болды! Бұл да Абайдың маған ақыл-кеңесінің жемісі. /14/

Иә, екі ақында шығармашылықтарыда өз тұлғасын, өз танымын халқына мұра етіп кетті. Олардан тағылым алу арқылы халықты шын сүюді, адамды, Алланы тануды үйренеміз. Абай да, Шәкәрім де, адамды, Алланы, Жаратушыны, Жарды сүю дәрежесіне

көтеріле отыра, ~~Восточник О.Н.Түсітіні Абай өсиетінің философиялық маңызы. Білудің, 2010~~ халық мұңын жоқтаудың, ел қамын білудің, халық өркениеті үшін жанпидалыққа барудың үлгісі болды.

Резюме

В статье раскрываются духовно-нравственные и идейно-художественное созвучие творчеств Абая и Шакарима. Актуальные темы бытия, поднятые в произведениях Абая, получили свое творческое продолжение в стихах и поэмах Шакарима. Проблемы, поднятые в их трудах, внесли огромный вклад в духовное становление казахского народа.

Summary

This article deals with spirituality, morality and ideas of Abai and Shakarim works. Actual themes are shown in Abai's works, which are continued by Shakarim in his poems. The problems raised in their works made a great contribution to spiritual development of Kazakh people

ЛИРИЧЕСКОЕ ОТСТУПЛЕНИЕ КАК ФОРМА ВЫРАЖЕНИЯ АВТОРСКОЙ СУБЪЕКТИВНОСТИ

Исина Н.У. -
ЕНУ имени Л.Н.Гумилева

Образ автора в лирической прозе атрибутируется посредством включения в повествование лирического отступления. Субъект речи (автор, лирический герой, персонаж) выражает различные чувства, настроения, переживания в определенной художественной ситуации.

С точки зрения литературоведения, лирическое отступление - это своеобразный композиционно-стилистический прием, заключающийся в отклонении автора от прямого сюжетного повествования. Данный термин включает авторская речь, рассуждение, высказывание, выражающее непосредственное отношение к изображаемому или имеющее косвенное отношение к нему. С точки зрения поэтики художественного текста лирическое отступление представляет собой внесюжетный элемент произведения. В художественном произведении оно может принимать форму воспоминаний, размышлений, обращений автора к читателям. В практике литературоведческого анализа принято различать следующие виды лирических отступлений:

- 1) Лирическое отступление - воспоминание
- 2) Лирическое отступление - рассуждение
- 3) Лирическое отступление - обращение
- 4) Лирическое отступление - обобщение
- 5) Лирическое отступление - самовыражение автора

В структуре художественного произведения лирическое отступление выполняет важную композиционно-стилистическую функцию: будучи внесюжетным элементом, оно связывает компоненты сюжетного повествования, придает всему произведению единство, целостность, логическую и композиционную завершенность, особую стилистическую выразительность. Лирические отступления преимущественно преобладают в произведениях лирического жанра: в рассказе, повести, романе.

Объектом анализа лирических отступлений в художественной прозе являются повести писателей, представителей поколения 60-70-ых годов 20 века, к числу которых относятся казахские прозаики Д.Исабеков, С.Муратбеков, А.Кекильбаев, произведения которых публиковались как в оригинале, так и в русском переводе, а также русские писатели-деревенщики В.Астафьев, М.Алексеев.

Дулат Исабеков - казахский прозаик, автор лирической прозы. Литературный дебют писателя начинается с рассказов и повестей, составляющих контрапункты его творчества. Повести и рассказы его выходили в разные годы в отдельных изданиях, а также в сборниках. К ранним произведениям писателя относится повесть «Гаухар тас», получившая высокую оценку в критике. Далее последовали повести «Вы не знали войны», «Молчун», «Записки квартиранта». Тематика произведений писателя традиционная: «маленький» человек в современном мире. Внешний мир героев не так привлекателен, как внутренний. Мрачная среда обывателей, суровая и порой жестокая действительность ввергают героев в

драматические истории, обращившиеся для них к традициям. Более богатой и содержательной представляется внутренний мир героев, который становится объектом художественного изображения писателя. Пространство казахского аула маркировано героями - обитателями аула в основном людьми преклонного возраста. Объединяющим все повести писателя является мотив памяти, одиночества. Герои живут воспоминаниями о прошлом, в реальной жизни они одиноки, бесприютны. Их мысли, переживания может разделить лишь автор-повествователь, который возникает и сопровождает героев на протяжении всего повествования. Автор-повествователь обнаруживает себя главным образом в лирических отступлениях, в которых он либо размышляет вместе героем о превратностях судьбы, либо вспоминает о давно прошедших событиях жизни, либо выражает свою точку зрения на факты биографии героя. Обратимся к повести Д.Исабскова «Записки квартиранта» (в оригинале «Пері мен періште»).

В оригинале:

«Жалғыз адам ойшыл да, шыншыл да болады екен. Әсіресе екі жылдан бері мидай араласып, бір бірінің тағдырына ортақтасып, бұрын жат болсақ та жақын боп кеткен адамдардың әрқайсысы әр жаққа тарап, солардың шаңырағы астында ешқашандай туыстың қатысын жоқ бола тұрып ие боп қалсаң әр тағдыр жайлы шексіз де шетсіз ой құшағына еріксіз шома береді екенсің. .» [1, 161].

В переводе:

«Одинокий человек привыкает к раздумью. И если в его собственной жизни ничего не происходит, если течет она самотеком по налаженному руслу и ему нечего в ней менять, то чужие судьбы становятся порой объектом его пристального внимания, и даже боли. Потому что в та находит он приметы и своей жизни, и своих поступков, пусть еще не совершенных...» [2, 247].

Данный фрагмент из текста являет собой образец лирического отступления-рассуждения, в котором автор-повествователь выражает собственное мнение, излагает свое видение проблемы одиночества человека. Одиночество героя повести наводит автора-повествователя на мысль об одиночестве как участи каждого, кто обделен вниманием окружающих. Но именно одинокие люди способны к участию в жизни других людей. Так, по-своему испытывает чувство одиночества и сам автор- повествователь, которому оказывается небезразличной судьба Кулмамбета хозяина квартиры. Желание помочь, вернуть к жизни героя побуждает героя-квартиранта вмешаться в семейную историю Кулмамбета, восстановить прежний порядок в доме.

Саин Муратбеков - один из ярких представителей казахской аульной прозы 20 в., автор повестей и рассказов, в том числе повести «Запах полыни» (в оригинале «Жусан иісі»). Как и его современник Д.Исабеков, писатель обращается к теме аульной жизни, к судьбам степных обитателей. Драматические истории составляют сюжеты произведений С. Муратбекова. Некоторые повести автобиографичны. Показательна повесть «Запах полыни», рассказывающая о детских годах юного героя.

В оригинале:

«Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған соң аяғын сүйрете жүретін, шілбиген арық, ақсақ қара бала бір кетпейді» [3, 5].

В переводе:

«Мое далекое детство... и все-таки я отлично помню этого мальчика в ссохшейся шубейке песочного цвета, худенького и хромого» [4, 3].

Предложенный отрывок из оригинала лирической повести и переводного варианта представляет собой пример лирического отступления-воспоминания. Образ лирического героя, от лица которого ведется повествование, максимально приближен к образу автора-повествователя. Рассказ о военном детстве переплетается с раздумьями, воспоминаниями мальчика, ставшего свидетелем трагических событий середины прошлого века. Реальные исторические события проецируются в сознании юного героя и высвечивают в судьбе детей самые различные переживания. История мальчика Аяна, потерявшего в годы войны самых близких людей, но не утратившего главного качества - веры в жизнь, чем и удивлявшего им своих сверстников - составляет сюжетную основу повести. Мальчик, несмотря на свой юный возраст, стремился внушить эту веру и своим сверстникам, долгими вечерами сочиняя им сказки о непобедимых богатырях, мудрых властителях.

Лирическое начало подчеркивается не только посредством включения лирического отступления, но и соотношением судьбы юного героя с судьбой самого автора-творца.

С. Муратбеков - ~~писатель, выросший в годы войны и переживший~~ писатель, выросший в годы войны и переживший военное лихолетье. И потому ему очень близки и понятны переживания и раздумья героя повести. Историю мальчика Аяна писатель переживает как личную трагедию.

Историческая проза А. Кекильбаева также не лишена лиризма который выражается в авторских отступлениях, раздумьях о смысле человеческой жизни и бытия в целом. Показательной в этом смысле представляется повесть «Колодец» (в оригинале «Шынырау»), рассказывающая историю колодезкопателя Енсепа. Своеобразной представляется композиция и сюжет повести. Автор-повествователь рассказывает о последних днях жизни героя, но повествование разворачивается вглубь. Настоящее время сменяется прошедшим: герой в поисках ответа на волнующие его вопросы мысленно обращается вспоминает к прошлой жизни. Структура повести немногим напоминает воронку, углубление в колодце. Герой все ниже и ниже опускается на дно колодца. И чем ниже спускается, тем полнее и ярче вырисовывается картина его внутренней жизни. Автор-повествователь высвечивает самые потаенные уголки раздумий героя. Внешняя событийная канва уступает место изображению внутренней жизни сознания героя. Вместе с героем автор-повествователь размышляет о смысле человеческой жизни, о сущности счастья, человека, бытия.

В оригинале:

«Адам байгұстың қиялы жеткен жердегі жақсы мен тәттіні бір бойына сизгызған осы бір сөз қашан кісінің көңіліне шемен боп байланған сәтінен бастап, бастапқы мән-мағынасының бәрінен түгел айрылып, онсыз да кем қанат, ойсыз да өлермен пендені онан сайын жан алқыма түсіретін қайыс қамшыға айналатын көрінеді» [5, 105].

В переводе:

«Да, это короткое слово вмещает в себе все, о чем только мечтает слабый человеческий разум. С момента, как человек начинает грезить о счастье, до той роковой черты, когда он уже теряет веру в него, сколько всего выпадает на долю людскую! Судьба без пощады нахлестывает своим бичом человека» [6, 130].

Главным занятием героя Енсепа является добыча источника воды как источника жизни. Поиски самого глубокого источника воды оборачиваются для героя поисками истинного смысла жизни. Вместе с героем автор-повествователь размышляет о жизни, о судьбе человека, спорит, вопрошает, радуется, страдает. Вся повесть представляет собой монолог, разговор колодезкопателя Енсепа с самим собой. Картины счастливой жизни героя сопровождаются лирическим описанием природы.

Русскую лирическую прозу 60-70-ых годов 20 в. представляют В. Астафьев, М. Алексеев. Повести и рассказы писателей тяготеют более всего к автобиографическому жанру, что придает им особый лирический накал, границы между автором-рассказчиком и автобиографическим героем почти размыты и не едва различимы. Они чаще всего совпадают во мнении, суждениях и дополняют друг друга в выражении настроений и чувств. Повесть в новеллах «Последний поклон» В. Астафьева сугубо автобиографична. События военных лет и послевоенного голодного детства воспринимаются автором как события собственной жизни. Дистанция между героем - мальчиком Витей и автором-повествователем оказывается практически минимальной. Так, в новелле «Далекая и близкая сказка» повзрослевший герой в освобожденном после войны городе слышит музыку, мелодии которой напоминают ему о далеком детстве. *«Музыка разворачивала душу, как огонь войны разворачивал дома, обнажая то святых на стене, то кровать, то качалку, то рояль, то тряпки бедняка, убогое жилище нищего, скрытые от глаз людских - бедность и святость - все-все обнажилось...» [7,].*

Своеобразным аккордом звучат последние строки повести, в которых герой мысленно ночь возвращает к былому. «Сколько лет с тех пор прошло Сколько событий минуло. Нет в живых дедушки, нет и бабушки, да и моя жизнь клонится к закату, а я все не могу забыть бабушкиного пряника того дивного коня с розовой гривой» [7, 244].

В новелле «Осенние грусти и радости» вместе с героем автор-повествователь размышляет о самых простых, земных радостях крест ъанского быта. *«И какая уж ста была в той капусте - знать не дано, однако смолачивали ее за зиму с картошкой, во щак, пареную, жареную и просто как целые бочонки, были здоровы, зубов и бодрости не **теряли** до старости, работали до самой могшы за двоих, пили под капусту за троих» [7, 146].*

Вместе с героем повести «Последний поклон» автор-повествователь вспоминает самые счастливые минуты и своего детства, наполненного веселыми, азартными играми. Завершается повествование поэтическим откровением, являющем собой результат философских раздумий автора-героя: *«...самые счастливые игры — недоигранные, самая*

~~чистая любовь - Вестник ЮНУ имени Абыл-герия Филологические науки № 2 (21) 2010 И все-таки грустно, очень грустно и жаль чего-то». [7,261].~~

Аналитическое прочтение лирической прозы 60-70-ых годов 20 в. убеждает в том, что в произведениях лирического, автобиографического жанра лирическое отступление выполняет едва ли не главную композиционно-стилистическую функцию. Именно в лирическом отступлении сконцентрировано авторское мировосприятие и миропонимание. Сознание автора-повествователя и сознание героя пересекаются, совпадают. Мысли, раздумья героя-персонажа дополняются наблюдениями и выводами автора-повествователя. Дистанция между ними оказывается незначительной, порой эта грань стирается. Голос автора и голос героя создают один единый речевой поток, который составляет основу всего авторского повествования. Подобный прием повествования позволяет писателю придать изображаемым событиям большую степень достоверности, правдивости.

1. Исабеков Д. *Бес томдық, шығармалар жинағы. I том. Повестер.*-Алматы, 2003 — 576 о.
2. Исабеков Д. *Смятение: Роман и повести. / Пер. с коз. 1986. — 400с.*
3. Мұратбеков С. *Екі томдық, таңдамалы шығармалары, - Алматы, 1984. - 400 б.*
4. Мұратбеков С. *Запах полыни: Повести и рассказы. (Пер. (' к аз.) -Алма-А та, 1984. - 560 с.*
5. Кекілбаев Ә. *Дала балладалары, Повестер. - Алматы, 2001. - 232 б.*
6. Кекильбаев А. *Степные легенды: Повести; Роман: Пер. с каз - М., 1983. - 462 с.*
7. Астафьев В. *Последний поклон, - М.: Просвещение, 1990.- 448 с.*

Түйін

Мақалада көркем прозадағы лирикалық шегіністердің түрлері мен оның атқаратын композициялық рөлі анықталады. Зерттеу объектісі ретінде қазақ прозасындағы Д.Исабеков, Ә.Кекілбаев, С.Мұратбеков, сонымен қатар орыс прозасындағы белгілі жазушылар М.Алексеев, В.Астафьев шығармалары қаралады.

Summary

This article shows types lyrical digression and this role in the structure of fiction work. The object of research is different works by Kazakh writers D.Isabekov, A.Kekilbayev, S.Muratbekov and Russian writers M.Alexeev and W.Astaphev as well.

ӘДЕБИ ДИСКУРС ЖӘНЕ КӨРКЕМ МӘТІН

Н. Кенжеғараев -

филол. ғыл. қ.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің

«Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының

жетекші ғылыми қызметкері

Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда дискурс ұғымына әлі нақты анықтама берілген жоқ. Пәнаралық категория ретінде қарастырылып, әр түрлі түсініктер беріліп жүр. Дискурс ұғымын әдебиеттану ғылымында әдебиеттанушылар қаншалықты деңгейде және қалай қолданып жүргендігі анықталуы қажет. Әдебиеттанудағы дискурс мәселесі француз ғалымдары М.Фуко, Ц.Тодоров, Ю.Кристева, Р.Барг, орыс ғалымдары М.М.Бахтин, Ю.Лотман, И.П.Смирнова, И.В.Саморукова, Ю.Руднев, В.И.Тюпа, С.Н.Бройтман, т.б. еңбектерінде қарастырылғанымен, дискурс теориясының, дискурстық поэтиканың, не дискурстық анализдің методологиясы айқындалып, мәселе түбегейлі шешіліп қойылмаған.

Дискурс ұғымы пәнаралық концепт ретінде әдебиет теориясында ғылыми айналымға енді. Әдебиет теориясының жаңа салаларының бірі болып табылатын теоретикалық поэтикада дискурс мәселесі жиі қолданылып жүр. Дискурстың алғашқы мағыналарының бірі болып «сөз», «сөйлеу», «өмірге ендірілген сөз», «белсенді сөйлеу акты», «сөзбен ойды жеткізу», «ойды жеткізудің формасы» деген лингвистикалық аспектідегі ұғымдары тілге тиек етіледі. Әдебиет теориясындағы дискурс ұғымына жалпы дискурстың лингвистикадағы моделі ғана емес, философия, идеология, саяси т.б. аспектідегі модельдері жиылып, қоспа, қорытпа дүниеге айналып барып, пәнаралық концепт ретінде модельге айналады. Орыс ғалымы Ю.Руднев француз зерттеушісі П.Серионың қолданыстағы дискурста тиесіленіп жүрген 8 ұғымды талдауын саралай келіп, оның ішінде әдебиеттануға қатысты 3 түрін атап көрсетіп, бөліп алып қарастырады: «(1) «речь» в сосюровском смысле, т.е. любое конкретное высказывание; (3) в рамках теории высказывания или прагматики - воздействие высказывания на получателя и его внесение в «высказывательную» ситуацию (что подразумевает субъекта высказывания, адресата, момент и определенное место высказывания); (7) обозначение системы ограничений, которые накладываются на неограниченное число высказываний в силу определенной социальной или идеологической позиций (например: «феминистический дискурс», «административный дискурс»)» [1]. Әдебиет теориясындағы дискурс ұғымының тіл біліміндегі дискурс ұғымынан концептуалдық, методологиялық айырмашылығы бар ма деген сұрақ туындайды. Әрине, әдебиеттанудағы дискурс ұғымының мағынасы, зерттеу нысаны мүлде басқа.

Әдебиетті біз сөз өнері деп танытын болсақ, әдебиеттің негізгі материалы, құралы - сөз екендігі белгілі. Алайда әдебиеттанудағы «сөз» бен тіл біліміндегі «сөздің» функциялары әр түрлі. Ғалым Ц.Тодоров әдебиет пен тіл біліміндегі бұл концептінің айырмашылығын былайша ажыратып береді: «Здесь необходимо ввести родовое по отношению к понятию литературы понятие дискурс. Это - структурная пара к функциональному концепту «употребления» (языкового)». Почему необходимо это понятие? Потому, что языковые правила, обязательные для всех носителей языка, - это лишь

часть правил, управляющих производством конкретной речевой продукции. В языке - с различной степенью строгости - закреплены лишь правила комбинирования грамматических категорий внутри фразы, фонологические правила, общепринятое значение слов. Между совокупностью этих правил, свойственных всем без исключения высказываниям, и конкретными характеристиками конкретного высказывания пролегает пропасть неопределенности. Эту пропасть заполняют, с одной стороны, правила, присущие каждому дискурсу в отдельности: официальные письма составляют иным образом, нежели письмо интимное; а с другой - ограничения, которые накладывает ситуация высказывания: личность адресанта и адресата, условия места и времени, в которых возникает высказывание. Специфика дискурса определяется тем, что он располагается по ту сторону языка, но по эту сторону высказывания, т.е. дан после языка, но до высказывания» [2, 9]. Әдебиеттанулық дискурс сөз арқылы беріліп отырған мағыналық қабатты, сөздердің тіркестері арқылы берілетін идеологиялық, концептуалдық, философиялық, эстетикалық қабатты құрайды.

Әдебиеттану ғылымына керегі әдеби дискурс. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әдеби дискурстың өзі пәнаралық ұғымдардан туындайды. Әдебиеттану үшін маңызды мәселе мәтін және дискурс ұғымдарының ара салмағы, арақатынасы болып отыр. Танымал голландиялық ғалым Т.Ван Дейк «К определению дискурса» деген мақаласында дискурс пен мәтіннің айырмашылығын былай деп атап көрсетеді: «Дискурс - актуально произнесенный текст, а «текст» - это абстрактная грамматическая структура произнесенного (напомню: речь язык. *langue parole*, компетентность произносимость).

Дискурс - это понятие, касающееся речи, актуального речевого действия, тогда как «текст» - это понятие касающееся системы языка или формальных лингвистических знаний, лингвистических компетентности» [3]. Ю.Руднев Ван Дейктің бұл анықтамасынан «дискурс мәтін емес, бірақ мәтінде бар, егер де мәтінді ойды жеткізудің, айтудың кешені, тізбегі деп қарастырар болсақ, яғни сөйлеу (немесе коммуникативтік) акты және оның нәтижесі деген ұғымда», - деген қорытынды шығарады.

Көрнекті әдебиет теоретигі Т.Есембеков дискурс пен мәтіннің ара қатынасын талдай келе, жете түсінік бере отырып, дискурстың мәтіннен ауқымды екендігін атап көрсетеді: «Соңғы кездері «мәтінді» «дискурс» ұғымымен алмастыру жиі байқалады. Бұл терминді алғаш ғылыми айналымға енгізген Э.Бенвенист еді. Дискурс психолингвистика мен прагматикада кең қолданылып, мәтінге қарсы қойылды, өйткені ол өзіне мәтіннің пайда болу элементтері (прагматика) мен қабылдау барысын (психолингвистика) қарастыруды өзіне аударып алған. Ендеше дискурс - мәтінге қарағанда ауқымы кең ұғым. Мәтін - лингвистикалық құбылыс, дискурс - пән арқылы, яғни мәтінді бағыты бар әлеуметтік әрекет деп қабылдайтын, оның пайда болуын, бағалануын, талқылануын қарастыратын ұғым» [4. 10-11].

Қазақ әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін көркем шығармаға дискурстық талдау жасаған зерттеулеріміз жоқтың қасы. Дискурстық поэтиканың методологиясы енді ғана жасалу, жетілдірілу үстінде. Дискурс пен мәтінге байланысты басы ашылуы керек түйіндер өте көп. Әдебиеттану ғылымы дәстүрлі шеңберде көркем мәтінді талдауға ғана дағдыланған.

Мәтіннің тууы, оның структурасы мен стратегиясы, даму үдерісі, әлеуметтік қатынасқа түсуі мен қабылдануы, бағалануы, түсінілуі, түсіндірілуі сынды мәселелер қазіргі таңда жекелеген ғылым салалары, тәсілдер арқылы зерттеліп жүр. Алайда осы талдаулардың бәрі пәнаралық дискурстық талдаудың компетенциясына енетін дүниелер.

Ю.Руднев дискурсқа жүктелген анықтамаларды, оның зерттеу нысандарын бағамдай келе мынадай пікірге тоқтайды: «Дискурс - такое измерение текста, взятого как цепь/комплекс высказываний (т.е. как процесс и результат речевого (коммуникативного) акта), которое предполагает внутри себя синтагматические и парадигматические отношения между образующими систему формальными элементами и выявляет прагматические идеологические установки субъекта высказывания, ограничивающие потенциальную неисчерпаемость значений текста» [1]. Дискурстық поэтиканың методологиясын анықтауға талпынған Ю.Рудневтің зерттеулерінде әдебиеттану ғылымы аясындағы дискурстық талдаудың әдіс, тәсілдерін анықтауға, олардың өзара байланысын, нысанын нақтылауға деген талпыныстар жасалған. Синтагматикалық және парадигматикалық дискурстердің спецификасы мен функциясын анықтау дискурстық поэтика үшін аса маңызды. Мәтінді дискурстық фрагмент деп қарастырып, әдеби шығарма дискурсына келер болсақ, парадигматикалық дискурс автор санасындағы көркем ойдың әдебиеттің қандай тегі арқылы

жарыққа шығарылуының жоспарлануы, мәселен, поэзияның лирика жанрында материалданатын болса қазақтың маңызы лирика жанрының формасын да аз ғана біріншіден, метрикасы мен ұйқасының құрастырылуына, екіншіден лирика жанрының әдістеріне, мотивтік-бейнелік жүйесіне, хроноптық жүйесіне байланысты парадигматикалық дискурстарының бәрі жинақталып прагматикалық, идеологиялық ньюанстардың туындауына алып келеді. Әдеби дискурстың құрамдас бөліктері синтагматикалық дискурс - мәтінді сөйлеу актінің үдерісі мен нәтижесі, таңбаны, сөз арқылы «кодты» жеткізуші деп қарастырса, парадигматикалық дискурс - негізгі критерийлерін объективті (мәселен, жанр) және субъективті факторлар құрайтын шектеулер мен қағидалар жүйесі деп түсініліп жүр. Осы синтагматикалық және парадигматикалық дискурстардың өзара байланыстарының, ара қатынасының нәтижесінде ортаға жаңа интердискурс деген ұғым келген [1]. Ғалым Т.Есембеков дискурс теориясына байланысты мынадай тұжырымдарын айтады: «Дискурс коммуникация мүшелерінің ойлауы мен сөйлеуін ғана емес, оларға қатысты әлеуметтік, мәдени нормаларды, қоғамдық ортадағы мәтіннің түсінілу деңгейін зерттейді. Демек, мәтін - дискурстық фрагменттің, материалдық бірліктің, зерттеу нысаны болса, дискурс - үдерістік бірлікті талдайды». [4, 11]. Яғни ғалымның бұл ойларынан кең мағынадағы дискурстың, мүмкін интердискурстың функциясын аңғарып отырғандаймыз. Сондай-ақ дискурстың синтагматикалық және парадигматикалық түрлерінің қызметтерін де көрсетіп отыр. Дискурстың прагматикалық аспектісі де қамтылған. Жалпы мағынадағы дискурс, не интердискурс сөздің синтагматикалық, парадигматикалық қасиеттерін бойына сіңіреді, сондай-ақ әдеби дискурс өнердің когнитивтік, эстетикалық, семиотикалық, коммуникативтік қасиеттерінен құралады. «Кейбір ғалымдар дискурсты санамен байланыстырады, бұл жағдайда мәтін сөздер мен синтагмалардың бірлігі, ал дискурс әр түрлі пікірлердің тек қисынды бірлігі болып шығады. Түйіп айтсақ, мәтін мен дискурс жақын ұғымдар болғанымен, олардың арасында елеулі айырмашылықтар бар, оған қоса оларды зерттеу тәсілдері де бөлек- бөлек» [4, II]. Әдеби дискурс автордың санасында қылаң берген «идеяның» тууынан бастап, яғни эмбрион кезінен оның жасушаларының жетіліп, денеге айналып, жарық дүниеге келуі сынды нәрестенің жаратылуы, дүниеге келуі үдерісі қандай болса, шығармашылықтағы нәрестенің, туындының дүниеге келуін қатар қойып салыстыруға болады. Дискурстың міндеті, қызметі, спецификасы «идея-эмбрионның» дүниеге келуімен аяқталмайды, дискурс мәтін арқылы материалданғаннан кейін, әлеуметтік қызметке түсуі, прагматикалық қыры іске қосылады, кейінгі тұста рецептивті эстетиканың еншісіне беріп қойған шығарманың қабылдануы, түсінілуі, бағалануы, талдануы сынды пәнаралық салалардың жүзеге асырылуы да дискурс шеңберінде орындалады. Эмбрионның сәбиге айналуы, сәбидің жасөспірімге, ересек кезеңге қадам басуларының сатылары қалай болса, көркем шығарманың да жаратылуы мен тууы, «кіндігінің кесілуімен» басталып, әрі қарай өсу, есею жолдарын жүріп өтеді. Биологиялық адам өлгенімен оның туындысы мен рухы ғасырдан-ғасырларға созылатыны сияқты, адамға мәнді екінші өмірді сыйлап, ғұмыр жасын ұзартатын да шығарма арқылы жеткізген дискурсы болып табылады. Өмірде әр адамның, қоғамның түрлі-түрлі дискурстары болады. Таңдаған дискурстары бойынша өмір сүріп, тіршіліктерін жасайды (мысалы: біреу саясат, біреу өнер, біреу спорт, біреу өндіріс, біреу ғылым, т.б.). Саяси, философиялық, діни, құқықтық дискурстар өз алдына өмір сүреді. Өнер туындысына, көркем шығармаға қатысты дискурс - өнердің барлық табиғатына тән өрбиді. Өнердің синтагматикалық, парадигматикалық қырлары дискурс шеңберінде іске асатындығын жоғарыда айтып өттік. Осы қасиеттердің бәрі айналып келіп, жалпы мағынадағы «идея» ұғымына келіп тіреледі. «Идеяны» дискурстың өзегі деп қараушылар да бар: «Эти изменения ведут к сужению диапазона значений в силу того, что одна из главных составляющих дискурса - идеологии (понимаемая здесь предельно обобщенно и аксиологически нейтрально - как система установок субъекта высказывания) - является системой ограничений, предполагающей норму и оперирующей понятием отклонения от нормы» [1]. Көркем шығарманың таңбалық, танымдық, коммуникативтік, эстетикалық модельдерінің бәрі түптеп келгенде - «идея» деңгейінде топтасатыны белгілі. Тіл, сөз арқылы берілетін таңба, сөздердің қиысуы арқылы жеткізілетін «код», мағына, мәтіннің өне бойынан өрнектелетін «идея», «идеялық мазмұн», мәтіннің тұтас қызметінің келіп шығатын «идеология» бәрі - дискурс табиғатынан туындап жатқан категориялар.

Дискурс теориясын зерттеуші ғалымдар дискурс типологиясын талдағанда оның негізгі екі түріне тоқталады: ауызша және жазбаша дискурс. Тіл біліміндегі дискурсқа

берілетін анықтама «сөйлеу акті» екендігін ескерсек, дискурс тек ауызша сөйлеуге байланысты қолданылатын термин деп қарастырмағанымыз жөн. Мойындау керек, ауызша айту, ойды жеткізу, сұхбаттасу процестері кезінде дискурс үдерісі іске асып отырады, дегенмен ой сөз арқылы хатқа түскенде дискурс үдерісі жойылады деген ұғым тұмауы керек. Ой, не идея қандай формада болмасын (мейлі ауызша, мейлі жазбаша) материалданған кезде белгілі бір бағытқа, концентке ие болады, дискурстық бірлік үдерісі орын алады. Ц.Тодоровтың анықтамасына оралатын болсақ, «тілдің арғы жағында, ойды жеткізудің бергі жағында» іске асатын дискурс спецификасы көркем шығармашылық үшін әмбебаптық қызмет атқарады. Көркем шығарманың құрылымы, стратегиясы, жанры, композициясы, стилі дискурс негізіне сәйкестендіріліп жасалады, туады. Дискурс - көркем шығарманың ядросы, эмбионынан бастап, әлеуметтік қызметке түскен, рецепиент талқылауындағы дербес дүниеге айналғанға дейінгі кезеңді қамтитын диалектикалық жүйе.

Мәтінді, оның ішінде көркем мәтінді әдебиеттанушылық шикізат деп қарастыратын болсақ, сол шикізаттың идентификациясын жасайтын, құрамын, жасалу жолдарын, сапасын, қасиетін, мақсатын, мазмұнын анықтау, бағалау, түсіну, түсіндіру дискурстық поэтика арқылы іске асады.

Әрине, осы уақытқа дейін көркем мәтінді талдаудың қалыптасқан дәстүрлі әдіс, тәсілдері мектептері бар. Ол мектептер көркем мәтінді талдауға, түсінуге елеулі үлестер қосып, таным көкжиегімізді тереңдетіп жүргені белгілі. Аталмыш зерттеу әдістері мен тәсілдері мектептерінің басын қосып, пәнаралық, кешенді салаға айналған - дискурстық поэтика көркем мәтінді теоретикалық зерттеуде жаңа бастауларға, жаңа арналарға жетелейді. Әлем сияқты шексіздіктен тұратын көркем әдебиет әлемінің түпсіз терең сырын түсінуге, құдіретін тануға жол ашады. Ол үшін дискурстық поэтика методологиясы анықталып, пәнаралық ынтымақтастықтың негізгі ортақ концепциялары айқындалып, кешенді зерттеу орталықтары дүниеге келіп, іргелі зерттеулер жасалуы қажет. Шығармашылық психологиясы, психоллингвистика, семиотика, структурализм, когнитивті, прагмативті, тарихи-функционалдық, герменевтикалық, рецептивті эстетикалық, компаративистикалық, т.б. әдістер басы қосылып, дискурстық поэтика методологиясы ұшталуы тиіс.

1. Руднев Ю. Концепция дискурса как элемента литературоведческого метаязыка. [WWW- документ] URL <http://www.zhelty-dom.narod.ru/literature/txt/discoursjr.htm>.
2. Тодоров Ц. Понятие литературы. (Перевод с франі(узского Г.К.Косикопи). [WWW-документ] URL <http://www.humanities.edit.ru/dh/msg/30833>.
3. Ван Дейк Т. А. (1998). К определению языка. [WWW-документ] URL [http://www.nsu.gu/psych/internet/bitshandi\]k2.him](http://www.nsu.gu/psych/internet/bitshandi]k2.him).
4. Есембеков Т. Ұ. Көркем мәтінді талдау негіздері. — Алматы:-Қазақ университеті, 2009.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы взаимоотношений и взаимосвязи, а также различии литературного дискурса и художественного текста.

Summary

In given clause problems of mutual relations and interrelations, and also distinction of a literary discourse and the art text are considered.

ТҮРКИЯДА ЕРТЕГІЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Қ. Кенжалин -

М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты

Түркияда ертегілер және оның классификациясы туралы зерттеулер 1950 жылдардан басталады. Бірақ түрік ертегілері ең алғашқы XX ғасырда Лами Челеби деген ғалымның ұлы Абдуллах Челеби аяқтаған "Mecmu'a-ti'l - Letaif" атты еңбекте зерттеліп, 6 топқа жіктелген екен:

1. Балаларға арналған хикаялар
2. Ақымақтар туралы хикаялар
3. Басқа адамдар туралы түрлі хикаялар
4. Күйеуі мен әйелі туралы хикаялар
5. Хайуанаттар туралы ертегілер
6. Жансыз нәрселер туралы хикаялар

Қазіргі кезеңдегі түрік ертегілерінің ең алғашқы классификациясын Вольфрам Еберхард және Пертев Наили Боратав жасаған. Еберхард-Боратав 2500-дей түрік ертегілерін зерттей келе 358 ертегі түрін тауып, 23 тақырып негізінде жіктеген:

1. Хайуанаттар жайлы ертегілер
2. Хайуанаттар мен адамдар
3. Хайуан немесе рухтың адамға көмектесуі
4. Шынайы емес рух немесе хайуанмен үйлену
5. Ізгі рух немесе әулиелермен кездесу
6. Тағдырдың салғаны
7. Түс
8. Зиянкес рухпен өмір сүру
9. Сиқыршылар
10. Қыздың өзіне жар табуы
11. Жігіттің өзіне жар табуы
12. Кедей қыздың бай жігітке үйленуі
13. Қызғаныш пен жала жабу
14. Жәбірленген қаһармандар
15. Алдап, арбау
16. Ғажайып оқиғалар мен әрекеттер
17. Ғажайып даулар
18. Шыншыл ертегілер
19. Ғажайып кездейсоқтық
20. Күлкілі хикаялар
21. Ақымақ, жалқау еркек пен әйелдер
22. Ұры мен детектив
23. Ақылды айлакер және сараң еркек пен әйелдер.

Пертев Наили Боратав түрік ертегілерін зерттей келе, ертегілерге мынадай түсініктеме береді: «Әңгіме түрінде айтылатын, дін және сиқырлық наным-сенімдерінен жеке, шындыққа жанаспайтын, толығымен қиялдың жемісі, әрі тыңдаушысын міндетті түрде сендіру мақсатына құрылмаған қысқа әңгіме түрі»¹.

Түрік ертегілерінің жіктелуі туралы келесі бір еңбек В.С. Волкер және А.Е. Уйсал классификациясы². Олар "Tales Alive in Turkey" атты еңбектерінде түрік ертегілерін төменде көрсетілгендей 7 топқа бөледі:

1. Шынайы емес ертегілер (11 мәтін)
2. Таңғалдыратын өнерімен жол табатын ертегілер (6 мәтін)
3. Сықақ ертегілері (13+1 мәтін)
4. Этикалық ертегілер (6 мәтін)
5. Көроғлы (2 мәтін)
6. Дінді әжуалайтын ертегілер (3 мәтін)
7. Анекдоттар (25 мәтін)

Бұл жіктеуде зерттелген 64 мәтіннің АaTh және EB классификацияларындағы түр нөмерлері мен мотивтері де қоса берілген. Бұл еңбектің бір ерекшелігі Көроғлы хикаялары мен анекдоттарды да қоса қарастырған.

¹ Pertev Naili Boratav. "100 Soruda Turk Halk Edebiyati". Istanbul, 1982. s. -75

Өзінің докторлық диссертациясында Мехмет Тугрул жергілікті ертегілерді зерттей келе түрік ертегілерін тақырыптарына және жалпы ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөледі:

- а) Тақырыптарына қарай:
 1. Қаһарманы хайуан ертегілер (13 мәтін)
 2. Қаһарманы адам ертегілер (58 мәтін)
 3. Қаһарманы адам және хайуан ертегілер (11 мәтін)
 4. Қаһарманы адам және жабайы хайуан ертегілер (3 мәтін)
 5. Қаһарманы адам және ғажайып мақұлық ертегілер (19 мәтін)
 6. Қаһарманы символ ертегілер (1 мәтін)
- б) Жалпы ерекшеліктеріне қарай:
 1. Шынайы ертегілер (67 мәтін)
 2. Қиял-ғажайып ертегілер (38 мәтін).

Түрік ертегілерін зерттеп, оларды аймақтық ерекшеліктеріне қарай зерттеген көптеген еңбектер бар. Солардың бірі Саим Сақаоғлуның “Gumushane Masallari (Metin Toplama ve Tahlil)” атты еңбегі. Бұл еңбектің бір ерекшелігі ертегілерді зерттеу саласындағы ең алғаш докторлық диссертация. Сақаоғлу өзінен бұрынғы зерттеулерге тоқтала келіп, “Кейіпкерлерінің кейбіреуі хайуанаттардан және қиял-ғажайып бейнелерден құрылған, оқиғалары ертегі әлемінде өрбіген, адам қиялынан жасалғанымен тыңдаушысын сендіре алған ауызекі әңгіме түрі” - деп ертегіге түсініктеме береді. Сақаоғлу, Гүмүшхане және оның маңайынан жинаған 70 ертегіні АаТһ классификациясы бойынша жіктеп, ЕВ классификациясындағы түр нөмірлеріні де бере отырып, варианттары арасында салыстырма жүргізген.

Келесі бір еңбек Ерзурум ертегілерін жинақтап, зерделеген Билге Сейидоғлу ертегілерді АаТһ классификациясы негізінде екі топқа бөліп қарастырады. Бірақ хайуанаттар жайлы ертегілер қарастырылмаған.

1. Негізгі халық ертегілері (61 мәтін)
2. Қалжыңдар мен анекдоттар (11 мәтін)

Зерттеуші ертегі мотивтерін “Эпизодтарына қарай мазмұны” деген тараушада қарастырған. Б. Сейидоғлу “Erzurum Halk Masallan Uzerine Aratirmalar” атты докторлық диссертациясын 1975 жылы қорғап, 1999 жылы жариялаған.

Елазыгтан жинаған ертегілер негізінде Умай Гүнай 1971 жылы “Елазыг масаллары” атты докторлық диссертациясын қорғап, жинақтаған 70 ертегіні АаТһ тәсілімен жіктеп, АаТһ және ЕВ классификациялары бойынша тип нөмірлері мен анықтамаларын бергеннен кейін Пропп әдісімен зерттеген. Бұл еңбек 1975 жылы жарияланып, 1993 жылы екінші рет қайта басылып шыққан.

“Түрік ертегілері” атты докторлық диссертациясын Наки Тезел 1971 жылы қорғап, 1971 жылы жариялаған. 1997 жылы еңбек қайта жарияланған. Еңбектің алғысөзінде ертегілерге байланысты теориялық зерттеулер берген. Наки Тезел түрік ертегілерін екі топқа жіктейді:

1. Қияли ертегілер
2. Шынайы ертегілер

Ахмет Али Арслан 1980 жылы қорғаған “Солтүстік-шығыс Карс және солтүстік Британия халық әдебиетінде ертегілер” атты докторлық диссертациясында Ирландиядан 23, Шотландиядан 22 және Карстан 30 ертегіні салыстырмалы түрде зерттеген. Еңбек 1998 жылы жарық көрген.

“Мың бір түн” ертегілерінің түрік ертегілеріне әсері туралы докторлық диссертация жазып, 1982 жылы жариялаған Зият А. Аккойунлу түрік ертегілерін “Мың бір түн” ертегілерімен салыстырып, “Мың бір түн” ертегілерінің түрік халық ертегілеріне әсері болмағандығын жазады.

Келесі бір еңбек Жоғарғы Чукурова ертегілері туралы зерттеулер жүргізген Есма Шимшек, жинақтаған 70 ертегіні АаТһ классификациясы негізінде жіктеп, АаТһ және ЕВ классификациялары негізінде тип және мотив нөмірлерін берген. Еңбек 2001 жылы Мәдениет министрлігі тарапынан жарияланған.

Аймақтық ертегілер бойынша зерттеулердің бірі Али Берат Алптекин тарапынан зерттеліп, 2002 жылы “Ташелі ертегілері” деген атпен жарық көрген еңбек. Алитекин, 70-ке тарта ертегіні зерттеп, АаТһ және ЕВ классификациялары негізінде жіктеген.

Түркияда түрік ертегілерін басқа түркі халықтарының ертегілерімен салыстыра

зерттеу жұмысы ең алғаш Мехмет Ергүн тарапынан жарық көрді. “Түркімен және Анадолы халық ертегілерінің ауызекілігі мен мотив бойынша салыстырыла зерттеуі” атты еңбегінде 70 түркімен ертегісін түрік ертегілерімен салыстыра отырып, жіктеген диссертациясы. Бұл еңбек жарияланбаған, тек мақала түрінде берілген.

Келесі бір еңбек “Әзербайжан және Түркияда жинақталған ертегілерді салыстыру әдісі” атты докторлық диссертация.

Біз тілге тиек еткен түрік ғалымдары ертегілерді тек қана халықаралық каталог тұрғысынан зерттеп, мотивтер мен сарындарды санап, жүйелегені байқалады. Рас, халықаралық АаТһ жүйесі ертегілердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ғана нұсқаулық міндет атқарып, ертегіні зерттеушілерге тиімді әсер ететіні анық. Әйткенмен М.Әуезов атап көрсеткендей бұл әдістің ертегінің мағыналық тұрғыдан тануға, ішкі жанрлық табиғатын, тұтас болмысын ашуға тарлық ететін жағы тағы белгілі.

Резюме

В статье К.Кенжалина исследуются турецкие сказки и анализируется их классификация. Рассматриваются основные принятые в турецкой фольклористике классификаций сказок по Аарне-Томсена, включающие 6 категорий и Еберхарда-Боратова, делящего на 23 группы разновидностей сказок.

Summary

In this article K.Kenzhalin researches turkish fairy-tales and analyses their classification. In this article he made out acceptance in Turkish folklore classification of fairy-tales by Aarn-Tomsen that consists of 6 category of Eberhard-Boratov which is divided into 23 types of fairy-tales.

30-ЖЫЛДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫ (Қ.БЕКХОЖИННІҢ «АҚСАҚ ҚҰЛАН» ПОЭМАСЫ ТУРАЛЫ)

**А.Е.Ментебаева -
филол.ғыл.к.,**

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері

Саясат пен идеологияның салқынына ұшырап, көркем өнердің өз мүмкіндіктерін пайдалана алмаған 30-жылдардың тұсында шебер, көркем, социализм шындығына соқпай-ақ өмірлік тақырыптарға барған шығармалар санаулы ғана. Соларды оқығанда қазақ ақындары мен жазушыларының қабілет- қарымы, сауатты, таланты жетпегеннен емес саяси-әлеуметтік себептерден әлсіз дүниелер әкелгеніне көз жеткіземіз. Осы ретте ерекше атап етуге тұрарлық дүние Қалижан Бекхожиннің «Ақсақ құлан» поэмасы. Поэма өнер тақырыбына арналған. Бұл ретте ақынның қазақ поэзиясындағы сол тұстағы, ХХ ғасырдың 20- 30 жылдарындағы алып биігі І.Жансүгіровке еліктеп, өзінше үйренуге талапқанғаны да байқалады.

І.Жансүгіров өзінің «Күй» (1929), «Күйші» (1934), «Құлагер» (1936) сияқты атақты поэмаларымен өнерді, өнер адамын эпикалық шығармада жырлаудың белгілі бір дәстүрін қапыптастырған болатын. Ол дәстүрді сол тұстағы біраз ақындар (Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, және т.б.) бірден жалғастыра жөнелген. Бұл жайлы Қ.Бекхожиннің өзі былай дейді: «Күй», «Күйші» дастандарынан кейін Әбділдәнің «Абыл», «Оркестр» сияқты жақсы поэмалары туғандықтан да Ілияс дәстүрінің қазақ поэзиясында орыс алғандығын аңғарамыз. Ілияс секілді кемеңгер ақынға өзімді шәкірт санайтын мен «Ақсақ құлан» атты дастанымды сол игі дәстүрдің өнегесімен жазғанымды дәйім сүйінішпен айтамын» [1,175 б.].

«Ақсақ құлан» поэмасы өнер тақырыбын да, тарихи тақырыпты да өз бойына сыйдырып тұрған көркем туынды. Жаңа социалистік құрылыс, жаңа өмір белең алып, жаппай ұрандау басталған тұста ақын да ол дүрмектен сырт қалған жоқ. Бірақ жүрегіне

жақын, нағыз туындыны осы халық арасына кең тараған аңыздан тудырғанға ұқсайды. Ол туралы ақын поэманың «Толғану» атты кіріспе бөлімінде былай дейді.

Жанымды жаңа жырға иген едім,
Қалай сен, баба мұңы кимеледің?
Еріксіз елжіредім естігенде,
Елімнің ертедегі күй бебеуін.
Аңызын аталардың жете тізген,
Бұл жырды естіп едім әкемізден.
Сол күймен күңіренген көне қобыз,
Өткеннің қайғысына жеке дүзген [2, 49 б.].

Жалпы бұл поэмада екі үлкен образ бар: оның бірі - Жошы хан, екіншісі - күйші Тыпа. Барлық оқиға, тартыс мен шиленіс осы екі қаһарманның төнірегінде өрбиді. Автор әр кейіпкердің өз мінез ерекшелігін, ұстанымын бірден ашып береді. Мәселен, Жошы хан бейнесі алғашқы суреттеуден-ақ бар кырынан ашылып тұр,

Жошыға асыр болған осы мекен,
Үркіп жұрт, қарасынан шошиды екен.
Аламан аңдай шулап жөнелгенде,
Ізінен өзендей қан жосиды екен.
Сұс беріп қасқыр бөрік хан басына,
Аю тон айқарылған арқасында.
Арсиып тұлып басы жолбарыстың
Қызыл көз қыран отыр дәл қасында [2,
51 б.].

Аталған аң мен құс кейіпкердің характерін ашуға себеп болып тұр. Көркем шығармадағы интерьер, оның образдың психологиялық қырын ашудағы рөлі ерекше екені баршаға аян. Поэмадағы «Тұрғандай қан шылқытыш түктерінен, Қырмызы, парсы кілем тұсындағы» деген өлең жолдарынан-ақ оқырман Жошының кім екендігін дәл басып тани алады.

Фольклор мен көркем әдебиетте ат образының мазмұндық, көркемдік, идеялық қызметі ерекше. Ол көп жағдайда бас кейіпкердің ең жақын серігі, қамқоршысы, тіпті кей тұстарда құтқарушысы. «Ақсақ құлан» поэмасында да құлан образы да үлкен мәнге ие. Тіпті күйші Тыпаның образы құланның образындай берілмейді десек артық айтқандық болмас. Тыпа бейнесі ішкі күйініш, мұң, шер сипатында көбірек ашыла түскен. Яғни, автор оның портретін психологиялық қырымен ашқан. Ал құлан бейнесі статикалық және динамикалық портреттері арқылы толығырақ түскен.

Тұлғасы жолбарыстай алашұбар,
Шапқанда киіктей-ақ қарасы бар.
Кекілі қытай қыздың тұлымындай,
Көзінің жұлдыз жанған шарасы бар.
Алтынды жалатқан ба түктеріне?
Жолағын күміспенен күптеді ме?
Құлықтың құлынындай шағын
мүше
Құйындай құйғытуға біткені ме?
[2,57 б.].

Құлан бейнесіне автор тағылықпен қатар, еркіндік, еріктілік ұғымдарын сыйғыза білген. Сондықтан да ол соншалықты тартымды, көркем, әсерлі шыққан.

Шығарманың сюжеті де шебер қиюластырылған. «Ажалын аяулымның кім естіртсе, Тілін кес, жендеттерім, бер жазасын!» деген Жошы ханның қатал үкімінен кейін «кім естіртеді, қалай естіртеді» деген сауал өз алдына, соны автор қалай суреттеп жеткізеді екен деген және бір сұрақ көкейге оралады. Бұл тұрғыда майталман ақын еш сүрінбейді. Бар-жоғы екі шумақ өлең жолдарымен осы көріністі жеріне жеткізе, күй құдіретін мойындаттыра бейнелеген.

«Сайрауға құс та менен именеді,

Тіл қатқан табаныма иленеді».

Хан солай қатып, өзі ұшпай қалды. Сайып Сабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, М2 (.32), 2010ж.

Екісімдеп күй келеді, күй келеді.

Албырт күй ақ ордаға кимеледі,

Хан өзі күйді неге тый демеді?

Тәңірдің жарлығы ма жерге түскен,

Қалайша ханға батып күй келеді?

Осылайша бар шындықтың бетін ашылып, «Жаралы қызғыш құстай күй шырылдап, Қадалды ханның шерлі кеудесіне». Шебер шешім. Көркемдік тұрғыдан да, логикалық тұрғыдан да нанымды.

Шығармада қаламгердің суреткерлік шеберлігін айқындай түсетін түрлі көркем тәсілдер қолданылған. Олар - психологиялық параллелизм, кейіптеу, авторлық түсіндірме, монолог және т.б.

Тау шіркін, тітіреді тықпадым деп,

Сілкінді жер ұлыңды жұтпадым деп.

Еркесі ен даланың жел жүгірді,

Аударып атынан мен жықпадым деп. [2, 61 б.].

немесе

Жан-жаққа жел өсекті тасып жатты,

Алысқа атқа мініп ашу шапты.

Шың тасын Шыңғыс ханның бұлт басты деп,

Шеттегі шоқылардың басы қатты. [2, 66 б.].

Жалпы шығарма түйінінде бұл оқиға одан әрі дамып, ширығып барып, аяқталады. Жыр соңында Жошы ханның өзі де белгісіз бір бейіт болып қалып қояды. «Жасырды жер де, жел де өлімді сол, Хан емес, обада бір қаңқа қалды».

«Ақсақ құлан» - Қ.Бекхожиннің тарихы тақырыпқа жазған бірінші поэмасы. Поэманың алғашқы нұсқасы 1939 жылы жазылып, «Әдебиет және искусство» журналының сол жылғы 4, 6 сандарында жарияланған. Тарихи тақырыпқа жазылған шығармасына ақын 24 жылдан кейін қайта оралып, оны жөндеп, соңғы нұсқасын жазған. «Ақсақ құлан» поэмасының түзетілген екінші нұсқасы «Жұлдыз» журналының 1963 жылғы 7-8 сандарында жарияланып, ақынның кейінгі шыққан бірнеше кітаптарына енді.

Қ.Бекхожин өзінің 30 жылдардағы шығармашылығы туралы сөз еткенде ұсақ өлеңдерден гөрі дастан жазуға бейім болғанын, және оның себебін жастайынан қисса, дастандарды көп оқығандығымен, сюжетті және тарихи поэмалар жазуға машық екендігін айтады. Шындығында, ақынның өткен ғасырдың 30-жылдары жазған «Ақсақ құлан» поэмасы сюжетімен де, мазмұнымен да, көтерген тақырыбымен да, аз сөзге үлкен ойды сыйдыра білуімен де бүгінгі оқырманның талабынан шығып, эстетикалық талғамын қанағаттандыра алатынына сеніміміз мол. Бұл - шығарма авторы Қ.Бекхожиннің қазақ әдебиеті тарихынан өзіндік орнын нықтап алған қарымды қаламгер екендігін аңдатады.

1. Бекхожин Қ. Дәстүр мен жаңашылдық. - Алматы, 1969. - 218 б.

2. Бекхожин Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1982. - Т.1. -412

б.

Резюме

В статье анализируются художественные особенности поэмы К.Бекхожина «Аксақ кулан».

Summary

The article reveals artistic features of Bekhozhin's poem "Aksak".

**ӨЛЕҢ-СӨЗДІҢ ӨРІМІНЕН СЫР ТАРТҚАН
(ҒАЛЫМ С.СЕЙІТОВ ЗЕРТТЕУШІЛІГІ ХАҚЫНДА)**

БІРІНШІ МАҚАЛА

З.Мүтиев-
Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты.

Ақындық пен ғалымдық сынды қос өнерді қатар меңгеріп, екі салада да жемісті еңбек еткен, ұлт мәдениеті мен әдебиетінің дамуы мен қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген қайраткерлердің бірі - Сағынғали Сейітов. Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты С.Сейітовтің әдеби- зерттеу еңбектерінің қарасы да қомақты көрінеді. Көз майын тауысып, ұзақ жылдар ізденісінің нәтижесінде С.Сейітов қаламынан қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін қамтыған «Қырық жылда» (1957), «Ақын сапары» (1958), «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі» (1966), «СССР Одағы халықтарының достығы» (1965), «Өмір өрнектері» (1969), «Тоғысқан толқындар» (1974), «Туысқандық туғызған» (1979), «Өлең өлкесінде» (1984) т.б. әдеби-зерттеу еңбектері жарық көрді.

С.Сейітовтің әдебиеттану ғылымындағы бастау сапарының алғашқы қорытынды есебі сынды көрінетін еңбегі - «Қырық жылда» (1957). Аталған кітапқа дейін отандық әдебиет тарихын зерттеп, оның ішінде жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылық жолына арнап әлденеше мақалалар жариялап жүрген С.Сейітов бұл еңбегінде қазақ әдебиетінің (әрине «кеңес» сөзі қоса жүретіні белгілі ғой - З.М.) өткен қырық жылдық (1917-1957) жолына (қалыптасу, ер жету, өсу) қысқаша шолу жасаған. Аталған зерттеуде өзге де жанрлармен қатар поэзия мәселесі, тиісінше лирика тегінің де проблемалары батыл қозғалған. Еңбектің «Алғашқы адымдар» аталған алғашқы тарауы 1917 жылғы төңкеріс нәтижесінде дүниеге келген жаңа идеямен қаруланған, жаңа дәуірге бет алған ақындар шығармаларының тақырып пен идеяны (әрине, алдын ала берілген, міндеттелген) іске асыру жолындағы ізденістері сараланып талданады. Өйткені, «Социалистік реализм әдебиетінің - совет әдебиетінің басты-басты идеялық- көркемдік қасиеттеріне қазақ әдебиеті де ортақ. Социалистік реализм қазақ совет әдебиетінің де негізгі әдісі» /1,6/ - делінген қатаң қағида қысып тұрса, мұнымен қоймай: «Ұлтшылдар қазақ әдебиетінің әдісі ретінде керітарпа романтизм мен символизмді ұсынып, жаңа заман әдебиетінің творчестволық принциптеріне ашықтан-ашық қарсы шығып жатса» /1,7/, ақындар шығармашылығында қандай даму болуы мүмкін. Алайда жаңа құрылысқа тез икемделген С.Мұқанов, Б.Ізтөлін, Ш.Иманбаева, Ж.Сыздықов, А.Токмағамбетов т.с.с. ақындар өлеңдері «сол кезді тану жөнінде көмек көрсете алыпты».

С.Сейітов октябрь дәуірінің басты-басты тақырыптарын (ол: баршаға белгілі - революция жеңісі; жұмысшы мен еңбекші шаруалар одағы партиясының жасампаздығы; «күн көсемнің» данышпандығы; кеңес өкіметімен келген «бақытты шақ»; ауылды кеңестендіру; байлар табына қарсы күрес; ірі байларды тәркілеу; колхоз, совхоз орнату; қала берді әйел теңдігі, оқу, өнер-білім т.т.) атай келе «бұл дәуірде қазақ әдебиетіне жаңа типті кейіпкер келіп кіргенін, оның «жаңа өмір орнатуға құлшына кіріскен адам» екенін баяндайды.

Ескі заманның құлдығынан азат болған елдің, бостандыққа зәру, еркіндікке құштар адамының толық бейнесін кеңестік дәуір әдебиетінің алғашқы өкілдерінің бірі С.Мұқановтың бірінші болып жырлауын ғалым С.Сейітов басқалардан бөліп алып, атап көрсетеді. Революцияны қуана қарсы алып жатқан кейіпкер («Бостандық», «Кедей баласы») бейнесін сол кезеңнің қажетіне сай сомдауын С.Мұқановтың «идеялық нысанасының түзулігі, тап мүддесін қолдайтынын ашық айтып отыратын тенденциялығы» деп бағалайды. С.Мұқанов зерттеушілерінің (оның поэзиясын) баршасына ортақ талдау белгілерінің ізімен жүре келе С.Сейітов өзінің ғалымдық, зерттеушілік және сыншылық көзқарасын ашық білдіріп отырады. «Оның патриотизмі, халыққа қалтқысыз қызмет ету мақсатын бекем ұстануы Мұқанов поэзиясының жаңалық нышандарын танытатын түбегейлі белгілер, осылар болып табылады» деп көрсетеді. Сәкен бар, Ілияс бар, Бейімбет бар, басқа бар - жаңа дәуірдің адамын жырлаушылар, құдайға шүкір, жетерлік. Алайда ғалым Сейітовте: «Ол- (Сәбит) әдебиетке бұрын езіліп келген таптың өкілдерін жағымды кейіпкер етіп енгізушілердің бірі». Сәбит поэзиясының тәлімін тексере отырып, қай тақырыпты алса да - жаңа мен ескінің күресін көрсетуді көздейді дейді. Ақын шығармашылығының ұғымды, ұнамды жағының бірі де осында деп көрсетеді. Шығармашылық өнері дамып, өз оқырмандарының мақтанышы мен қолпашына малтығып калған ақынның «түр, көркемдік

жағынан елеулі олқылықтары (жалаң сөзділік, өлеңді қара сөзге айналдырып алушылық, ырғақтан жаңылыстық, ақынның ойының боса сөздерді қолданушылық) жырларының екінші жартысындағы өлеңдерінде мазмұнды байыту, тіл ұстарту жағынан едәуір ілгерілегендік байқалады» /1,14/ дейді ғалым. С.Сейітов пайымынша С.Мұқановтың өлеңге көзқарасында о баста түсінбеушіліктер болған. Мәселен, ол қазақтың бұрынғы ақындарының ішінде Абайдың түр жағынан сөзсіз пайдалы жақтарын алудан көпке шейін бой тартып келген, тіптен қызығы: «лириканы екі жыныс арасындағы мәселе ғана деп қараған». Өз мінін жақсы түсінген ақынның «Менің өлеңдерімде кемшіліктер жоқ емес, бар. Алдымен, ... жаратылыс көркемдігін суреттеушілік аз. Екінші жағынан мазмұн мен пішін екеуі дәл көңілдегідей келмеген жерлері болуы мүмкін. Бұл екеуіне мен айыпты емес, мені әдебиет әлеміне тұсаудан кеш ағытқан белгілі кедейлік, салауатсыздық, тәжірибесіздік айыпты» /2/ - деп ақталатыны да бар. Сәбит ақындығын тексеру барысында С.Сейітов оның шығармашылық лабораториясына да үңіледі. Қазақ әңгімесінің шебері Ғ.Мүсіреповтің «Автобиографиялық әңгімесінде» баяндалатын «Сәбит өлеңді іркілмей де, қиналмай да жазушы еді, жағдай да талғамайтын» /3/ деп басталатын әдебиетіміздің қос алыбының жазу машығын алғаш игеру сапарларынан да сыр шертіп өтеді.

Төңкерістің алғашқы жылдарында жарқ етіп көрініп, ақ бандылардың қолынан қаза тапқан, алайда өлең-сөздегі орны көп еленбей қалған ақынның бірі - Баймағамбет Ізтөлин екенін анықтаушылардың бірі - С.Сейітов. Оның қолда сақталған он шақты өлеңінің өзінен-ақ оны талантты ақындар қатарына жатқызуға болады екен. Ақынның «Туғаныма» өлеңі жаңа өмірді құрысуға шақырса, «Пысылдақ Омарға» туындысы байларға қарсы күреске үндейді. Ал «Түннің басталуы» мен «Қалқам, шырақ» өлеңдері табиғат, махаббат тақырыптарына арналыпты. С.Сейітов: «Тегінде Ізтөлин кішіпейіл адам болғанға ұқсайды» деп келеді де «Сәбит Мұқановтың оған: «Сен ақынсың ғой» деген сөзіне аса қарапайымдылықпен жауап берген өлеңінен үзінділер келтіріп өтеді. «Анығында, - дейді С.Сейітов, - Ізтөлин дарынды ақын болған. Ол туралы «Мир труда» (Петропавл) газетінде жарияланған некрологта: «Жолдас Ізтөлин бала шағынан қызуы лапылдаған өлеңдер жазған дарынды ақын еді. Жылы лепті өлеңдерін ол халқын қараңғылықтан жарыққа бастауға арнады» /4/ делінген сөздер әбден дұрыс» - деп мысалға келтіріп өтеді.

Зерттеуші С.Сейітовтің қазақ лирикасын тексерудегі аса бір назар аударған тұсы - өнерпаз, қазақ әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш кеңес ақыны Шолпан Иманбаева шығармашылығы. Ш.Иманбаева аз ғана ғұмырының ішінде сол кезеңдегі қазақ әйелдерінің көңіл күйі мен сезімдерін, ой-өрісін көрсететін өлеңдер тудырған ақын саналады. Өз замандас-құрбыларын оқу-білім алуға үндеп, жаңа тұрмыс орнатуға үгіттеген өлеңдері («Жеттік міне», «Арыз», «Қоңыр қаз», «Өлкелік әйелдер курсынан» т.б.) арқылы танылған лирик ақын болатын. Оның туындыларының идеялық, тақырыптық ауқымы мен мазмұнына барлау жасаған ғалым С.Сейітов : «Оның өлеңдерінде қазақ әйелі бастан кешкен бейнетті өмірдің тұтас суреті тұр. Бұл сурет ашық, мағыналы, әбден түсінікті, тілге жеңіл, кәдімгі жай сөздермен-ақ бейнеленген.., қарапайым сөздермен-ақ адамның сезіміне әсер етерліктей шеберлік бар» /1,18/ деп бағалайды.

С.Сейітовтің «Қырық жылда» зерттеуінде қарастырылған ақындардың бірі ірі эпик әрі лирик Иса Байзақов. Заманауи тақырыптарды еркін игерген Исаның «күн көсемге» арналған белгілі өлеңін зерттеуші С.Сейітов: «Ақындық серпін мен оптимистік жарқын сезімге толы бұл өлеңде сол тұстағы қазақ поэзиясында әзірше кездеспеген тың сөз қолданысы, жаңа образ бар» /1,20/ деп ерекшелеп көрсетеді.

Қазақ лирикасының қырық жылдық кезеңі мен дамуына шолу жүргізген ғалым С.Сейітов әдебиетке қосылған әр ақынды, әр талантты әр жылдың жемісі, жаңалығы ретінде бағалап отырады. Мысалы, 1925-24 жылдары Ө.Тұрманжанов, Ж. Сыздықов, 1925 жылы А.Тоқмағамбетов, Қ.Әбдіқадіров, 1928 жылдары Ө.Тәжібаев, Т.Жароков, Ғ.Орманов келіп тоғысты дейді. Әр ақынның лирикасына әдеби әрі ғылыми талдаулар жүргізеді. Өлең өлкесіндегі ізденістерін теріп, термелей келе әлі де жетімсіз мәселелердің де бар екендігін жасыра алмайды. Мысалы, ақын Ө.Тұрманжанов поэзиясы хақында: «Ақын өмір, балалық кез туралы толғаныс өлеңдер жазумен де айналысып көрді. Махаббат тақырыбына да қалам тартады. Талабы тәуір болғанымен, бұл саладағы өлеңдердің «Балалықтан» басқасында жылы леп, эмоциялық күші жағы тапшы» деп қынжылыс білдіреді. Дегенмен де: «өлеңдеріндегі ой жетімсіздігі, айтайын дегенін жалпылама айту, тақырыпты меңгере алмау сияқты кемшіліктерінен Тұрманжанов отызыншы жылдардағы таңдаулы лирикасында арыла

бастайды» /1,25/ деп қуанышын да жасыра алмайды.

Ө.Тұрманжанов сияқты Ж.Сыздықовтың да көбінесе элеуметтік тақырыптарға барыңқырап жүргенін («Домбыра күйіне», «Атбасар суреттері»), кей уақыт кеңсешілдікті, төрешілдікті, керенаулықты («Бір ауылнайдың баяндамасы») әшкерелеуші ақын ретінде бағаласа, енді бірде: «Жиырмасыншы жылдардағы Сыздықов поэзиясына тән кемшілік: сөзді мағынасына, мәніне қарамай, қалай болса солай қоя салушылық; шұбыртпалылық; кейде газет сияқты етіп баяндаушылық. Мұндай міндер басқа адамдарда да бар. Бірақ Сыздықов өлеңдерінде бұл кемшілік жиірек байқалып, көзге айқынырақ шалынады» /1,23/ деп көрсетеді.

Жиырмасыншы жылдар поэзиясының белді өкілдері А.Тоқмағанбетов, С.Дөнентаев, Т.Жароков, Ғ.Орманов, Ә.Тәжібаев т.б. қазақ поэзиясына қосқан үлестерін (мазмұн, тақырып пен идеялық тұрғыдан), олардың үлкен әдебиетке келу жолдарына бақылау жүргізген зерттеуші - филолог С.Сейітов әр лириктің адресіне түйінді сөзін арнап отырады. Олардың өлең өнеріндегі өзіндік қолтаңбаларын іздеп, айқындауға күш салады. Мәселен, «Әбдіқадыровтың жиырмасыншы жылдардағы поэзиялық шығармашылығының негізгі мазмұны не дегенге, жалпы өмірі деп жауап берер едік» десе, Т.Жароков өлеңдерімен таныса келе: «Адам санасындағы капитализм сарқыншақтарын сынайды» дейді. Ғ.Ормановтың өлеңдерінде «қазақ жасының оқу, білімге ынтықтығын көрсету сарыны естіледі» деп бағаласа, Ә.Тәжібаев туралы «қазақ әдебиетіне ірі байларды конфискациялау тақырыбын жырлаумен келіп көрінген ақын» деп таниды немесе таныстырады. Мерзімді баспасөзде жақсы өлеңдері жарияланып жүрген С.Нұржанов, Ғ.Малдыбаев, А.Хангелдин есімдерін атап өтеді.

XX ғасырдың 20 - шы жылдарындағы лирика дамуының жайымен таныса, тексере келе «жалпы даму бағыты, идеялық нысанасы дұрыс, үгіттік маңызы зор бола тұрса да, поэзиялық сапа, шеберлік жақтарында елеулі мін-мүлтіктері болды» деп тұжырымдайды. Жинақтай айтсақ С.Сейітов тексерісінің сыни түйіні мынада екен:

- а) бірсыпыра жағдайларда қарадүрсіндік, прозаизм орын алған;
- ә) тақырыбы татымды болғанымен, соны көркемдік жағынан игеру жетіспейді;
- б) кейде жаңа мазмұнға ескі түр сай келмей жатады;

в) сөзуарлық, жалаң баяндаушылық, құбылыстың ішкі мәнін ашпай, сырттын ғана жырлаушылық әдістері бой көрсеткен;

- г) ақындардың бірін-бірі қайталаушылығы жиі байқалады.

Осының бәрі - деп, ой түйеді ғалым С.Сейітов, - буыны бекіп бұғанасы қатпаған жас поэзиямыздың ілгерілеу жолында қандай қиыншылықтарға кездескенін көрсетеді. Ғалым пайымынша жиырмасыншы жылдардағы поэзияның алғашқы адамдарының сәтті басталып, елеулі олжаға кенелген жемісті тұстары да бар екен. Олар:

біріншіден - ол жылдардағы тандаулы өлеңдерде дәуір көрінісінің, өмір шындығының сипаттары негізінен дұрыс берілген;

екіншіден - жағымды кейіпкер образын жасау талабы іске аса бастаған (мысалы, С.Мұқановтың Шоқыты, А.Тоқмағанбетовтың Шойын қарасы т.б.); үшіншіден - әр ақынның стиль ізденулері, өзінше жазуға бой ұруы айқын сезіледі; төртіншіден - жаңа дәуірге байланысты жаңа мағыналы сөздер ене бастаған, бұны ғалым «мәселе өлеңде жеке терминдердің, ұғым-түсініктердің қолданылуында ғана емес, жаңа сөз тіркестерінің образды оралымдар жасауында» деп көрсетеді;

бесіншіден - ақындар өз шығармаларында халық тілінің байлығын пайдалана алады және Абайдың өлең өрнектерінен, орыс поэзиясының (В.Маяковский, Д.Бедный) үлгілерінен үйрену процесі де біліне бастауы - аталған жиырмасыншы жылдардың жаңалығы екен.

С.Сейітовтің «Қырық жылда» зерттеуінің «Ер жету жолында» аталған тарауында қазақ лирикасының қалыптасу жолы мен ірге бекіту белестерінің мәселелері 1930-40 жылдар шеңберінде алынып тексеріледі. Отызыншы жылдар әдебиетінің жиырмасыншы жылдардағыдан айырмашылығы - алғашқысында жаңа қоғамның орнығуына орай қалың бұқара жаңа өмір орнатуға белсене кірісіп, көркем дүниеде олардың бейнелері біртіндеп, ақырындап сомдала бастаса, енді екіншісінде сол образдың қаһармандық тұлғаға айналу процесі, толығы, даму әрекеттері көріне бастапты.

Қоғамның элеуметтік жағдайы көтеріліп, өркендеген сайын, сол қоғамның бас байлығы - адамның да тіршілік иесі ретінде толығымен бастан кешетіні белгілі. Демек, бұл жерде көркем әдебиеттің де тақырыбымен қатар мазмұны, кейіпкерлері де жаңарады деген сөз.

С.Сейітов еңбегінің аталған тарауы негізінен отызыншы жылдар басындағы толып жатқан съездер мен оқалардың қампыларының орғындауы барысы м.Олақовтың партиялық тапсырмаларының үгіт-насихат құралына айналу процестерінен яки әдебиеттің жүріп өткен жолы мен болған тарихынан хабардар етеді. Сонымен қатар бұл тарауда «Социалистік реализм» әдісімен нық қаруланған қаламгерлердің проза мен поэмадағы ізденіс - сапарларының қыр - сырынан біраз мағлұматтар берілген, Ал поэзияға келгенде ақындар шығармашылығында өзіндік стильдің, көркемдік тәсілдің молайғанын автор қысқаша сипаттамалар беріп, үлгі ете баяндайды. Мәселен, «... Мұқанов, Жароков, Тәжібаев, Тоқмағамбетов сияқты белгілі жазушыларымыздың өзіндік бетін, тіліндегі сөз образдарын жасаудағы материалды түйіндеу әдісіндегі, жазу мәнеріндегі ерекшеліктерін оқушылар жұртшылығы әбден айыра алады» /1,70/ дей келе, «мысал үшін егжей-тегжейіне бармай-ақ жалпы сипаттама ретінде қысқаша атап өтетін болсақ, соғысқа дейінгі жырлардың өзінде-ақ Мұқановта - оқиғаны қызық етіп құрып, өрбітуге, эпикалық кеңдікке ұмтылушылық; Жароковта - өлеңнің көтеріңкі рухта жазылуына, лептілікке баса зер салушылық; Тәжібаевта-сыршылдыққа, жылы лиризмге ойысушылық сияқты жекелеген ерекшеліктерді атап едік. Тіліндегі, образ жүйесіндегі айырмашылықтарды біз, мәселен, ақын Тоқмағамбетовтың шығармашылық бетінен де байқар едік» дейді ғалым-әдебиетші С.Сейітов.

1930-шы жылдар поэзиясын барлай келе С.Сейітов мынадай қорытынды жасайды:

- 1) поэзия жанры біраз өзгеріске ұшырап, өлеңнің идеялық-көркемдік сапасы артқан;
- 2) поэзия мазмұнының тереңдігін, ойдың айқындығына, өлеңнің әсерлі, лепті болуына, жаңа мазмұнға сай жаңаша көркемдік суреттеу құралдарын табуға бой ұрған;
- 3) поэзия сылдыр сөзділік пен дерексіздіктен, бұдан бұрынғы жылдардың өлеңдеріндегідей шұбалаңқылықтан, прозаизм элементтерінен, бірінен-бірі аумайтын, айнымайтын дәстүрлі теңеу, метафораларды даяр қалпында пайдалана салушылық әдеттерінен бірте-бірте құтыла бастаған;
- 4) табиғат лирикасында, сондай-ақ махаббат, достық жайындағы лирикалы өлеңдерде жаңалық нышаны сезіледі;
- 5) поэзияда жаңа мазмұнды бере алатын форма іздеуге, Абай өрнектерін пайдалануға талаптанушылық бар;
- 6) кейбір ақындардың таңдаулы өлеңдерінде философиялық топшылаулар мен ойларға қарай ойысқандық аңғарылады;
- 7) алдыңғы он жылдықта үгіттік маңызды күшті, саяси лирика кең өріс алса, соғысқа дейінгі бесжылдықтар тұсында лириканың бұл түрі жаңа саласымен көзге түседі: ол бұрынғыдан маңыздырақ, көркемдірек, үндірек; Ғалым оған мысал ретінде С.Мұқановтың «Бостандық»(1919) өлеңі мен «Майға сәлем» (1933) өлеңдерін салыстыра көрсетеді. «Ақырында, поэзия бұрын-соңды кездеспеген тың образбен, соны айшық, өрнектермен байыды» - деген қорытындыға келген.

1. *Сейітов С.Қырық жылда Алматы.Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет, 1957.-292б.*

2. *Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. -Алматы: Жазушы, 1974-1980.*

3. *Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. -Алматы: Жазушы. 1980.-Т. 1.-544б.*

4. *Баймағамбет Зтулин туралы // Мир труда. -№81. -1921. -20 апрель.*

Резюме

В данной статье анализируется содержание научных и литературоведческих изысканий литературоведа и поэта С.Сейтова.

Summary

Sagingali Seitov is one of the investigators in the century-old history of the Kazakh lyric poetry. This article gives the analysis of the writer's scientific and literary research.

ЗЕЙНОЛЛА СЕРІКҚАЛИҰЛЫНЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ СЫНДАРЫ

А. А. Нөкен -
ҚазҰУ ізденушісі

Қырық жылдан аса шығармашылық өмірінде Зейнолла Серікқалиұлы араласпаған әдебиет мәселесі қалмады. ХХ ғасырдың басында ғана қалыптасып, қабырғасы енді ғана қатайып келе жатқан жазба әдебиетіміздің тығырыққа тірелген сан алуан тұстарында өзіндік көсем сүрлеуін салып, адастырмас жол көрсете білген Зейнолла Серікқалиұлының төл әдебиетіміздің тарихында алар орны ерекше, еңбегі ұшантеңіз. Сол көп еңбегінің арасынан бұл шағын мақалада тоқталмағымыз - оның балалар әдебиетінің дамуына қосқан үлесі.

В.Воровский айтқандай: «Сынның міндеті - әдебиет атын жамылғандардың ішінен асыл дәндерін бөліп шығарып, оқырманды жалған әдебиеттен сақтандырып, мәңгілік, шын әдебиетке бағыттап отыру» (1, 90). Зейнолла Серікқалиұлы - дәл осы міндеттің үдесінен шыққан сыншы. Оның балалар әдебиетінің дамуы үшін еткен еңбегіне де осы тұрғыдан келген дұрыс. Балалар әдебиетінің мәселелерін көтерген «Бөбек талғамы», «Жыр неге жұтаң?», «Жақсы сөз - жарым ырыс», «Жаңалық зәрулігі», «Еңбек тақырыбы - ерлік тақырыбы», «Аяңмен алысқа бармас», «Арман аспаны биік болсын», «Қарасөзді қастерлеу» сияқты мақалалары - күні бүгінге дейін мәнін жоймаған, балаларға арнап шығарма жазатын ақын-жазушыларға әлі де үлгі болар, айтары көп дүниелер.

«Адам өмірінің басты мәні жарық дүниедегі тұрмыс-тіршіліктің қызығынан рақат табу болса, эстетикалық ләззат та - осының аса мәнді жоғары түрі. Жан-жақты білімдарлыққа, парасаттылыққа негізделген эстетикалық тәрбие жұмыстарын жүргізуде сынның рөлі де айтарлықтай» (2, 56). Сыншы З.Серікқалиұлы балалар әдебиеті туралы сөз қозғағанда, үнемі бала талғамы, оларға берілетін эстетикалық тәрбие дегенді бірінші орынға қойып отырады.

Бөбектер талғамы туралы ой қозғай отырып, әлі күнге дейін балалар арасында жиі айтылатын фольклорлық балалар өлеңдерінің өміршеңігіне тоқталады. Өміршеңдік - яғни, бөбектер талғамынан шыға білу.

«Бақа-бақа, баппақ,

Басың неге жалпақ?» деп басталатын өлеңді талдау барысында мынадай қорытындыға келеді: «Оның мұншама жасампаздығы - тілінің мейлінше жеңіл, қарапайымдылығынан, ой-ұғымының бала табиғатына сыйымдылығынан. Жыр - үнді, ырғақты. Үстеме қайталаулармен берілуінің өзі жай емес. Бүлдіршінді езу тартқызатын жылы ойнақылық та бар. Кішкентай тыңдаушы бірінен соң бірін қызыға, сүйсіне қабылдап, өлең ұрпақтан ұрпаққа қала берген, қала берген» (3, 289).

Балалар фольклорындағы «алақай - қалақай», «ірімшік - бірімшік», «бәлен жаман, түйе табан» т.с.с. мағына-мәніне көңіл бөлмей-ақ, сыртқы ұқсастық белгілері арқылы ұйқастыра, өздерінің қуаныш, таңданыс немесе біреуді келемеж қылу сияқты сезімдерін берген ойнақы өлеңдерге қарай отырып, сәбилердің ұйқаспен, ырғақпен сөйлеуге құштарлығына ерекше мән береді. Бұның тек қана қазақ балаларына тән қасиет емес, әлем балаларына ортақ құбылыс екенін дәлелдеп, Корней Чуковскийдің түрлі жастағы бөбектердің өздері құрастырған өлеңдерінен жинақтаған «Екіден беске дейін» атты кітабын тілге тиек етеді. А.С.Пушкиннің де бөбектердің дыбыс үндестігіне құштарлығына қатысты деректер жинағанын, сонымен қатар С.Я.Маршактың басқаруымен 1936 жылы балалар жырларынан құралған «Балалар өлеңі» дейтін жинақ та жарық көргенін айта келіп, ал бізде ата-аналар мен тәрбиешілер, педагогтер мен балалар ақындары бөбектер аузынан шыққан, кездейсоқ туған аңғал сөз, жыр жолдарын жазып алып, жинастыру ісімен мүлдем айналыспайтынына қынжыла отырып, осындай кезек күттірмейтін маңызды іске жұмыла кірісуге шақырады. Ал мұнсыз балалар талғамын нақты анықтаудың мүмкін еместігін және олардың қажетін тауып бердім деуге ерте екенін айта келіп, «Қолына қалам алып, бөбектерге арнап жыр жазағын, әрі осынау ізгі сапарының қиындығы мен қызығын шын сезіне білетін ақын, сөз жоқ, өз оқушысының көкейкесті талап-тілегіне қалай жауап беріп жүр, жыр жолы, жыр шумағын бүлдіршін сүйіспеншілігіне бөленетіндей өмірлі ету жолында не тындырып жатыр,- әрқашан жете ойланып, өзіне-өзі есеп беріп отыруға тиіс» (3, 293),- деп түйеді. Әйтпесе, база талғамы қаламайтын көп өлеңді тықпалай беру балаларға

эстетикалық ләззат берудің орнына, оларды өлең атаулыдан мезі қылып, жеріндіріп жіберетінін, Абай болмаса, Қытайдың Хабибысы, Оқырман ғылымды етерін деп айтып, ақындарымыздың қандай қылмыс жасап отырғанын ашып көрсетеді.

А.В.Луначарский айтқандай, әдеби процесте болып жатқан күрделі өзгерістерді кез-келген жай оқушы көре білмеуі мүмкін. Міне, сын оқырманды әдебиеттің осындай ну ормандарының ішімен адастырмай, тура жолмен бастап жүруге тиісті. Сыншы мұраты - жай адамның көзі байқай бермейтін жердегі сұлулықты көре білу, тәжірибесіз адам көре алмайтын кемшіліктерді әшкерелеу (4, 349).

Сыншы жыл сайын балаларға арнап шығатын ондаған суретті кітапшалар мен өлеңдер жинақтарына шолу жасай отырып: «Азды-көпті сәтті туындылары ғана болмаса қайсыбір өлеңдер жинағы мен суретті кітапшаларға тән, тіпті дәлірек айтқанда, бұлардың біразына тән ортақ кемшілік - мазмұн жұтаңдығы, тақырып тарлығы, идеялық шешімнің бірыңғайлығы» (3. 303) деген пікір айтады.

Ал нашар деген шығармалардың нашарлығы - оқушысын бір ақымақшылық іске бастап, жағымсыз әдетке баулитындығында немесе оларға теріс, жалған мораль ұсынатындығында емес, керісінше, тіпті тақырыбының маңыздылығына қарамастан, бейжай қабылданып, ешбір жақсылық- жамандыққа мегзей алмайтындығында болғандығына налиды. Мұндай шығармаларды «балалар саналы түрде, тап бір сапасыздықты біліп оқымай отырған жоқ, ой-қиялын оятпайтын, іш пыстырар мылжыңдығы үшін, қуандырмай да, күйіндірмей де, із-түзсіз, әсерсіз қалатындығы үшін ұнатпай отыр» деп түсіндіреді.

Мұндай жинақтардан өз ерекшелігімен көрінген, өз мінезі, характері бар кейіпкерлер кездестіре қоюдың қиындығын, өлең сайын, тіпті шумақ сайын алуан түрлі есімдер аталғанымен, олар бірыңғай абстракты, дүдәмап, бұлдыр елес боп шыға келетінін көрсетіп, тіпті рухани сүйеніш тұтатын тәжірибелі, сүйікті ақындарымыздың бірі М.Хакімжанованың өзі «Бөбегім менің - өлеңім менің» деп аталатын мол тиражбен шыққан суретті кітапшасына өте салғырт қарағаны соншалық - пәлендей өзіндік үн, өзіндік сыр сезілмейді деп ренішін білдіреді.

Жұп-жұқа кітапшада он шақты баланың өмірі сөз боп, он шақты есім жүрсе, олардың арасынан кімнің кім екенін ажырататындай белгі таба алмай қайран. Мынадай екі үзіндіге назар аудартады:

Келісімен Райхан мектептен,
Өтектеп киімін іледі.
Өтектеуді өзім үйреткем,
Ол жағын жақсы біледі. («Райхан»)

Мектептен келіп Марияш,
Ауыстырып киді киімін.
Жуына салыл, ішті де ас.
Шаруасын істеді үйінің. («Марияш пен мамасы»)

Екі өлеңнен алынған екі түрлі үзінді өзара қандай ұқсас болса, екі қыз да сондай, бірін-бірі қайталайды. Бұл сияқты тек жақсылық-жаманы баяндалып шығатын, бір-бірінен аумайтын біркелкі кішкене кейіпкерлер бізде әлі қаншама. Олар қолдан-қолға өтіп, әр түрлі маска киіп, әр жерден жылт етіп шыға береді (3, 304),- деп, біздің балаларға арналған әдебиетіміздің жұтан болу сырын айқындап, себебіне көз жеткізеді.

Сыншының әдебиеттегі схематизмге жаны қас. Жаңалығы жоқ, бір-бірін қайталай беретін шығармалар бала талғамын қалай бұзатынын ойлап, алынады. Мысалы мынадай жағдайларды келтіреді: «Т.Шопашев «Сырғанақ» дейтін өлеңінде есіл-дерті мұзда болып, сабағына немқұрайлы қарайтын баланы: Тоқсан бітті – сынақта. Қуанады Саттар сырғанап,- деп әжуалаған. Бұл жолдар тағы да Т.Жабаевтың бір әзіл өлеңін еріксіз еске түсіреді:

Сара кеше шанамен
Ұзақ тепті сырғанақ.
Бүгін бестен екіге

Құлап түсті сырғанап. («Жас жүрек» жинағы). Көріп отырсыздар, Сараның орнына Саттар келгені болмаса, Тілегеннің өлеңі оқушыға еш жаңалық әкеле қоймаған (3, 314), - деп, ойдың қайталануы бір ақынның өз өлеңдерінің ішінде ғана емес, бірнеше ақындарға ауысып жүргенін осындай нақты дәлелдермен көрсетіп береді.

Өзін қоршаған ортаға сәби жүрек, бүлдіршін көзбен қарайтын балғын оқушысына табиғат құбылысы, жан-жануар, жәндіктер жайлы айтып, көркем көрініспен таным дүниесін кеңейту де - балалар ақынының жауапты міндеті болса, бізде төрт түлік мал, күшік, мысық, кірпі, қоян, түлкі, т.б. хайуанаттар мен жәндіктер жыр өзегі болған шығармалардың да саны аз емес. Алайда санға емес, сапаға назар аударған сыншы сол күшік, мысық туралы жырлардың ішінен ерекше әсерлісі ретінде Қадыр Мырзалиевтің «Күшігім» дейтін өлеңін ғана ауызға алады.

Оқыс дыбыс шыққанда,
Қызық оның қашқаны.
Қорқып үріп, сонда да

Қорқытады басқаны,- деп келетін жолдарды оқығанда бала жасқаншақ күшіктің оңаш мінезіне маз-мейрам боп күлсе, ержете келе ол бұл өленде де мұндай әрекет-қылықтың тек күшікке қатысты емес екендігін ұғады, күшік мінезі мен өзге өмір құбылыстарынан тікелей үндестік табады (3, 317),- деп, өлеңнің салмағына назар аудартады. Осындай хайуанаттар жайлы айта отырып, дүниетанытушылық, тәрбиелік мәні зор кейбір тіршілік тынысын сөз ету Шона Смаханұлы («Мысық пен ит») мен Қосжан Мүсірепов («Мысықтың қатесі») шығармаларына да тән екенін қуанышпен айта келіп: «Біз балалар поэзиясының тұрлаулы туындылары осы бағыттарда көрінуін қалар едік. Бірақ, амал не, әр кез сөзбе-сөз ұқсас болмағанымен, шешімі, ойы, моралі бірін-бірі қайталайтын жаңғырық жырлар мысық, күшік тақырыбында да қажытып болды (3, 317),- деп, өкінішін білдіреді.

Еңбек тақырыбында да жазылған қаншама жырлар болғанымен, жас оқушы тұшынып оқитын көркем шығарма әлі де жетіспейтіндігі сыншыны қынжылтады. Ол біздегі үлкендер еңбегі жайында жазғанда оқиганы, шындықты тек бүлдіршін түсінігімен бағалап, солардың деңгейінде ғана жұқалап айту керек дейтін үстірт пікірге келіспейді. Дүние сырын жаңа-жаңа ұға бастаған білімқұмар сезімтал жас оқушыны шахтер мен болат құюшының, мұнайшы мен теміржолшының тамаша өмірі, қажырлы еңбегі шынайы бейнеленген көркем шығарманың қызықтырмайтынына сене алмайды. Осы тақырыптағы «Биікке, биікке» (М.Әлімбаев), «Өмір гүлдері» (Қ.Ыдырысов), «Бақытты балалық» (І.Мәмбетов), «Көңілді балалық» (Ғ.Тұрсынбаев), «Нан туралы сөз» (Ә.Ахметов), т.б. шығармаларға тоқтала келіп: «Аты аталған жинақтардың ішінде, аз да болса, жалпы еңбек жайлы бір нәрсе айтуға талпыныс тек Әбдікәрім Ахметовтің «Нан туралы сөзінен» байқалады (3, 320), - деп, сан мен сапаға тағы да назар аудартады. Қазақ ақындарының еңбек қиындығы жайлы балаларға әлі жөндеп айта алмай келе жатқандығына, нағыз ерлік нағыз кедергіні жеңу арқылы туатынын ескермей, көбіне жұмыстың тек салтанатты жағын көріп, қол жеткен жетістіктерді ғана дәріптеп, жалаң, жалпылама толғанатынына да ренішін білдіреді. Осы тақырыптағы Т.Шопашевтің «Өмірге сапар», Ә.Сәтмағамбетованың «Балғын бөбек», Ә.Дүйсенбиевтің «Бәтінке, шұжық, балқаймақ» өлеңдеріндегі арзан шешіммен балаларды алдай салудың жөн еместігін ескертіп, бұл тақырыпта қалай жазуға болатынына үлгі ретінде К.Чуковскийдің «Доктор Айболитін», Сергей Маршактың «Өрт» өлеңдерін ұсынады.

Сыншы В.Г.Белинский мен Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Қазан төңкерісінен кейін М.Горький, В.Маяковский, С.Маршак, К.Чуковскийлер бөбектерге арналған әдебиеттің шынайы, ғұмырлы болашағы үшін күрескендігін тілге тиек етіп, өзіміздің қазақ ақындарын: «Біз бүгінгі есейген әдебиетіміздің құрамдас бір бөлімі - балалар поэзиясына шын жанашырлық, қамқорлықпен қарап, олқы жеріне өкіне, жоғын шын жоқтар болсақ, солар үлгі тұтқан биік талаптар тұрғысынан ғана сөз қозғап, жетістік-кемшіліктеріміз жайында әрдайым мұқият ойласып отыруға тиіспіз (3,324),- деп, салғырттық пен салақтықтан сақтандырады.

Сыншы Зейнолла Серікқалиұлы қазақтың балаларға арналған қазіргі көркем прозасының да жалпы жағдайын бірнеше автордың қаламгерлік үлгісіне талдау жасай отырып айқындап, өзіндік кеңестерін ұсынады. Н.Сералиевтің, Б.Соқпақбаевтың, А.Байтанаевтың, М.Гумеровтің, Д.Сапаровтың, М.Сүндетовтің, І.Жақановтың, Т.Дәуренбековтің, Ә.Сәрсенбаевтың, С.Бегалиннің, С.Жүнісовтің, С.Тапжановтың, Е.Мырзахметовтің, С.Сарғасқаевтың, Ш.Ахметовтің бірнеше әңгіме, повестеріне шолу жасай отырып, балаларға арналған прозамыздың да негізгі мәселелерін алға тартады.

Нәсіреддин Сералиевтің «Намыс» атты әңгімелер жинағына енген шығармаларын

саралай келіп, бұдан бұрын жарияланған «Ұшталмаған қарандаш» жинағымен салыстырып, жазушының ~~өз қатесін көріп, өзінші жинақта бір аз не бірлік тастыта алмағанына~~ әдебиетіміздің жетістігі ретінде қарайды. Алғашқы жинақта жазушы сюжеттік желіні психологиялық тартысқа құруға талпынғанымен, көптеген әңгімесінде жалпыға белгілі жайларды самарқау баяндап, бала қиялына дем бере алмағанын және жағымды бейнелер жасауда кейде кейіпкерлер бойына лайық табиғи іс-әрекеттер көрінбей, жасанды оқиға, жалған патриотизм дәріптелетінін, ал «Намыс» жинағы арқылы автор өзі өткен осы талтанды соқпақты шиырламай, тырнақалды шығармаларының ең осал буының дер кезінде аңғарып, сәби сырластарының талғамын тереңірек байымдай түсіп, оқырманға бұрынғы деңгейінен бір саты биік туындылар ұсынғанына сыншы жылы лебізін білдіреді. (3, 326). Сыншы балаларға арнап шығарма жазып жүрген жазушылардың күнделікті қарапайым оқиғалар төңірегінде құрылған әңгімелерге оқушылар қызықпайды деген сыңаржақ пікірден әлі күнге арылып бітпегенін, сондықтан бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген шым-шытырық, ерекше бір ерлік, не жұрттың бәрі аузын ашып аңтарылар танғажайып сюжет таба алмай, тоқырап, томырылып жүргендердің бар екенін айта келіп, Н.Сералиевтің «Намыс» жинағы осы ғажайып оқиға туралы пікірдің баянсыздығын да дәлелдеп тұрғанын баса көрсетеді. «Намыс» жинағында жазушының өткен қателері қайталанбауы кенет бала бойындағы өте сирек кездесетін мінез-құлықтарды, даңқты іс- әрекеттерді іріктеп жазғанынан емес, қайта керісінше, әншейінде жай ғана езу тартқызып, бір сергітіп тастайтын кәдімгі ақкөңіл, аңғал сәби қылығы, қарапайым оқиғалардың өзінен-ақ жазушы көркемдік шындықты таба білгеніне деп түсіндіреді. (3. 327).

Зейнолла Серікқалиұлы жалпы біреудің шығармашылығы жөнінде сөз еткенде, тек сол шығармалардың өзін талдаумен шектелмей, ол туралы баспасөзде қандай пікірлер болды, орынды ма, **орынсыз** ба - бәріне қатар тоқталып отырады. Жоғарыда аталған «Намыс» жинағына қатысты да баспасөзде біркелкі пікірлер болғанын айта келіп, жинаққа рецензия жазған Н.Ғабдуллиннің «Нәсіреддиннің қайсыбір әңгімесінде суреттелген оқиға әрекеттерінің мақсат-мүддесі айқын емес, характер ашылмай қалады» деп, мысалға «Намыс», «Ойын», «Бор» әңгімелерін алғанына сыншы келіспейді. Осы шығармалардағы характерлерді өзінше сараптап көріп, «жасөспірімдер бойындағы ізгі қасиеттер, жас ерекшеліктеріне сай мінез-құлық, іс-әрекеттер негізінен табиғи беріліп, бүлдіршіндер жанын жете ұғына бастаған жазушының жақсы талпынысына шын жүректен қуанбасқа қақымыз жоқ» деп қорытады. (3,332).

Сыншы балаларға арналған шығармалардың көпшілігінде қала адамын қолынан түк келмейтін құбыжық көріп, ыржақай күлкіге берілетін, оқушыны әбден мезі қылған сыңаржақ сарын бар екенін, осыдан арылуды да негізгі проблемалардың бірі етіп қояды. Осы мәселенің Б.Соқпақбаевтың «Қолғабыс», «Аяжан» повестерінде басқаша шешілгенін оң қабақпен қабыл атады.

Сыншының тағы бір баса назар аударған мәселесі - балаларға арналған шығармалардың барлығында дерлік бір ересек адамның дараланған бейнесінің болмауы. Үлкендер араласқан әңгімелерде кімнің немен айналысатыны жай баяндалып өтуден көп арыға аспайды. Сыншы бұл туралы ойын ең бір сөз қылуға тұрарлық деген Б.Соқпақбаевтың «Қолғабыс» повесіне де қатысты былайша береді: «Ал ересектердің шығармада әзірше жалпы есімі болмаса ісі жоқ. Бәрі дерлік оқиға өрісіне қарай әр жерден бір жылт етіп, еміс-еміс көрініп өтетін көмекші тұлғалар ғана. Осылардың өздерін қырғап, толықтырып, бір үлкендер бейнесін жасауға болмас па еді. Әрине, бұл - ойланатын жай». (3, 336)

Сыншы көптеген шығармаларға тән тағы бір олқылық - психологиялық негіздемесі жоқ, қисынға келмейтін, шындыққа жанаспайтын оқиғалардың өріс алуын үнемі қалт жібермей, ескертіп отырады. Бұл, әсіресе А.Байтанаевтың «Асан» повесін талдау барысында көпке ортақ қатеміз ретінде нақтырақ ашып көрсетіледі.

Біздің жазушыларымыздың үнемі шығарма кейіпкерлерін қарама-қарсы екі топқа бөліп алып, тартыстыру схематизмі де сыншы назарынан тыс қалмайды. Ылғи ұнамсыздар небір әрекетке оп-оңай бара салады да ал ақылдылар оларды үгіт оқумен дереу үйретіп ала қояды. Жазушыдан жазушыға, шығармадан шығармаға ауысып, әсіресе жас оқырманның ішін пыстырып, көңілін қалдыратын, көркем әдебиеттен жеріндіретін осы шындықтан арылуды З.Серікқалиұлы, әсіресе, балалар әдебиетінің үлкен проблемасы деп біледі. «Мінезсіз балалардың мінез-құлқы, характерінде де бір шуақ болуға тиіс. Олар әдетте тек

өздерінің кейбір солақай түсініктерінің құлы боламын деп жүріп ғана қателесетін. Нағыз күрес осы қателіктермен тартыс жолында өтуі керек-ақ. Әйтпесе, шығарма жасанды, жалпылама шығады» (3, 338)деп, жақсы идея, жақсы ниетті түсінбейтіндерді тым су ми қылып қоймай, олардың іс-әрекеттерінің табиғи, әдеби шешімін табуға жөн сілтейді.

М.Гумеровтың «Асыл дәрі», Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повестері мен Д.Сапаровтың «Ескі дәптерлер», Н.Сералиевтің «Ақ лақ пен қара лақ», М.Сүндетовтің «Бәйге», И.Жақановтың «Қобыз сыры» сияқты тәп-тәуір әңгімелеріне де шеберлік жетіспей жатқандығын бүгінгі балалар прозасының алынбаған біраз асулары деп қарайды. Сыншы жазушы жаңа шығармасы арқылы өзінің жас оқырманына қандай жаңалығымен келді деген сауалға көп назар аударады. Ылғи бір сарынды шығармалармен оқырман талғамын бұзуға наразы. Бала көңілін елең еткізетін жан-жануарларға қатысты шығармаларда да еш жаңалық болмай, ескі сүрлеуді әлі таптап жүргенімізге (Т.Дәуренбеков «Сонарда», Б.Шалабаев «Мұхит жорығы») қарны ашып, мұндай шығарма жазғаннан гөрі «сол хайуанаттарға жақынырақ жүріп, оларды аулап ұстаған, немесе талай ондаған жылдар бойы сарылып зерттеген маман адамның жазбаларын аударып беру анағұрлым тиімдірек болар еді» (3, 340) деп қорытады. Күшік, мысық, балапан, үйрек, торғайлардың қай-қайсысының да мінез-құлық, характерін сондай табиғи бейнелеген белгілі поляк жазушысы Ян Грабовскийдің «Рекся мен Пуцек» кітабынан үлгі алуға шақырады.

Қазақ балалар әдебиетінде жеңілтек, ұшқалақ күлкіге негізделген, мақсатсыз жазыла салған әңгімелердің де (О.Әубәкіров «Қалғаны кекіл болсын») жүргені сыншы назарынан тыс қалмайды. Өмірде кездесетіннің бәрі бірдей көркем шығарма нысанасы бола бермейтінің, жазушы болған оқиғаға қызығып, еш мақсатсыз сыдыртып жаза салғаннан көркем туынды болмайтынын еске салады.

Сыншы К.Чуковскийдің «Екіден беске дейін» атты кітабына сілтеме жасай отырып, мынадай түйінді ой айтады: «... сәби қылғынан келтірілген қызғылықты мысалдар, балдай тәтті аңғал сөздер жалпы естияр, ересек оқушыларды сергітіп, жадыратып, қуанышқа бөлейтін, сонымен бірге бүлдіршіндер психологиясын зерттеушілер, педагогтер, ата-аналар үшін аса құнды материалдар болып табылғанымен, жасөспірім жанына көп жағдайда керемет эстетикалық әсер ете қоймауы мүмкін. Өйткені балаға бала мінезін сырттай бақылаудан байқалған натуральды бір шындықты көркемдік мәніне келтірмей, жай қайталап шығу барлық кезде бірдей таңсық бола бермейді. Оған кәдімгідей ойландырып, белгілі бір сезімге берілдіріп, тебіренге алатындай, біреулерінен жерісе, біреулеріне еліктер кейіпкерлері бар, айқын моральді, қызық оқиғалы нағыз қастерлі шығарма қажет. Жас буынға үлкендер қылығын сөз еткенде де біз, міне, дәл осындай, тек балалар әдебиетінің өз табиғаты талабынан ғана шығуымыз керек». (3, 341).

Қай заманда болмасын, балалық шақ - адам өмірінің асқақ арманға, шексіз қиялға толы кезі. Осы қиял, осы армандардан өмірлік биік мұраттар туындап отырған. Сондықтан да сыншы Зейнолла Серікқалиұлы, әрине, көркем дүниенің барлығына, оның ішінде бала қиялын қанаттандыратын, баланың эстетикалық талғамын қалыптастыратын балалар әдебиетіне бей-жай қарай алмады, қашанда «арман аспаны биік болуын» қалап, өзінің білген-түйгенімен ақын-жазушыларымызға үлгі болып, оларды қасан схемадан шығару үшін еш аянбады.

1. **Боровский В. Литературно-критические статьи. -М., 1956. -480с.**
2. **Ысқақұлы Д. Сын өнері. -Алматы: ҚазАқпарат, 2001. -304 .**
3. **Серікқалиев З. Ақ жол. -Алматы: Жазушы, 1990. -462 .**
4. **Луначарский А. В. Сегіз томдық шығармалары. 8-том - Москва, 1967.**

Резюме

В статье рассматривается творчество критика З.Серикқалиева. Также раскрывается природа, стиль, мастерство критика.

Summary

In the article the attention is paid to the creative work of the critic Z.Serikkhaliyev. Also the nature, stile and skills of the critic opening here.

СТАТУС КИНОСЦЕНАРИЯ В ПРИЗМЕ КОМПАРАТИВИСТИКИ (ОТ «СМЕЖНОЛИТЕРАТУРНОГО» ЖАНРА ДО «ЖАНРОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ XX СТОЛЕТИЯ») Ж.К.Нурманова -

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана

Взаимодействие литературы и киноискусства привело к формированию киносценария, «возникшего одновременно с рождением кино как зрелища» [1,3]. Следует признать, что статус киносценария традиционно находился на периферии литературного пространства. Единственным ученым, рискнувшим включить термин «киносценарий» в словарь по литературоведению как жанр, имеющий непосредственное отношение к искусству слова, стал член-корреспондент РАН, заслуженный профессор МГУ П.А. Николаев, давший в электронной версии словаря лаконичное определение: «Киносценарий - это литературная основа для кинофильма» [2].

Вопрос о киносценарии и его жанрово-родовой принадлежности по-прежнему остается дискуссионным. Жанровыми определениями киносценария изобилуют работы, как киноведов, так и литературоведов. Одни ученые видят в киносценарии «полуфабрикат для фильмов» (М. Немцев), другие - «внутреннюю форму» картины (В. Туркин), третьи - «мост между литературой и экраном» (И. Мартьянова). В большинстве из жанровых обозначений делается опора на литературность сценария: «зримая литература» (Н. Лебедев), «литература особого рода» (Е. Габрштович), «литература для экрана» (И. Маневич), «новый вид литературы» (Г. Липатникова), «литература на пути к экрану» (В. Ждан).

Киновед Н. Лебедев, размышляя о специфике киноискусства, характеризовал сценарий как «полноценное литературное произведение, рассчитанное и на чтение, и на превращение его в фильм» [3,118]. Исследовательница И. Мартьянова увидела в этом бинарность сценарной структуры, «одной своей стороной повернутой к литературе, а другой к кинематографу» [4,9]. Как произведение, «предназначенное для перевода в текст другой семиотической системы» [4,9], сценарий может быть определен как «предтекст кинематографа» - текст, предшествующий созданию кинофильма, в котором описаны картины и диалоги, которые предстоит осуществить.

Киносценарии могут существовать в параллели со своими литературными версиями и образовывать «единый интертекстуальный вариант» как отмечал М. Ямпольский [5,327]. Учитывая тенденцию последних лет, когда многие сценарии выходят после проката фильма в виде книг, киносценарий может быть трактован и как послетекст - литературное произведение, созданное на основе уже существующего или ожидаемого фильма если говорить о «новеллизации фильмов» или «фильмокингач», как их принято сейчас называть. Они издаются в качестве рекламного продукта ожидаемого фильма который должен выйти в прокат или уже увиденного (так было с книгами Э. Рязанова «Андерсен. Жизнь без любви», А. Рыбакова «Тяжелый песок», из казахстанских - Е. Турсунов «Келин», «Мамлюк»), Это может быть также кинопроза предназначенная для чтения и имеющая самостоятельную ценность (киноповести В. Шукшина Л. Филатова «Мамлюк» Е. Турсунова).

Если говорить об эволюционном пути киносценария, то его осмысление прошло путь от полного отрицания в качестве литературного текста (А. Тарковский) до признания «принципиально новым жанром на стыке двух искусств» и «синтетического жанрового образования XX столетия» (М. Немцев) [6,129]. Симптоматично обсуждение этой темы мастером культовой режиссуры А. Тарковским. В лекциях по кинодраматургии он настаивал на том, что такого жанра в литературе, как сценарий, не существует и «никакого отношения к литературе он не имеет и иметь не может» [7,с.16]. Более категоричного мнения о жанровой природе киносценария нам не приходилось встречать ни в одной из других работ. Отвергая сценарий в качестве литературного жанра А. Тарковский, тем не менее, признает, что «хорошим сценаристом для режиссера может быть только хороший писатель. Потому что перед сценаристом стоят задачи, требующие настоящего писательского дара. Я говорю о психологических задачах. Вот тут уже осуществляется действительно полезное, действительно необходимое влияние литературы на кинематограф, не ущемляющее и не искажающее его специфики» [7,18]. При этом режиссер не отрицал того факта что работа писателя в качестве сценариста может только способствовать расширению его

профессионального диапазона хотя долгое пребывание в таком качестве может оказаться пагубным.


Компаративист И.Г.Нсупокоева на долгие годы закрепила за киносценарием статус смежнолитературного жанра, обозначившегося в XX веке. Ученый мотивировал возникновение жанра тем, что «художественно-литературный текст является органическим компонентом» [8,136]. Эта формулировка оказалась созвучной с определением казахской исследовательницы Г.Курмангазиковы: — «кинодраматургия - әдебиет пен киноның аралық туынды ағымы ретінде» [9,17], которая находит близкородственными литературу и кино.

Последующее поколение литературоведов склонно было рассматривать киносценарий в качестве «наследника старших литературных родов» (П.Каган) и номинировать его четвертым, после канонических

-эпоса, лирики и драмы родом литературы, предназначенным для экрана. Киновед И.Маневич утверждал, что киносценарий является «именно новым родом литературы, занявшим свое место рядом с драмой и художественной прозой» [10,7]. Статус сценария в качестве нового литературного рода закрепляет и И.А.Мартьянова, объяснившая это специфичностью сценарных жанров и фактом формирования системы, ориентированной на традиционные каноны.

Составитель первого и единственного на сегодняшний день сборника «Сценарии казахского кино» Г.Липатникова, солидаризуясь с этим мнением, во вступительном слове к сборнику уточняет: «Непохожий на привычные модели очерка, романа, даже пьесы, он постепенно завоевывал свое «место под солнцем». Оставаясь литературным произведением, сценарий должен был отвечать главному предназначению - съемке по нему фильма» [11,5]. В научной литературе встречаются и такие трактовки киносценария, как «самостоятельного многожанрового литературного рода, способного оказывать влияние на развитие лирики, эпоса и драмы» [12.4]

Мы, в свою очередь, склоняемся к точке зрения, что киносценарий есть межжанровая интегративная литературная форма. Аргументируем это следующим образом. Взяв во внимание определение И.А.Мартьяновой, это «самостоятельный многожанровый литературный род, способный оказывать влияние на развитие лирики, эпоса и драмы» [4,4], то интегральные образования: кинопоэма, киноповесть и т.д., являющиеся трансформацией традиционных литературных жанров, есть не что иное как межжанровая интегративная форма, образованная путем слияния кино+(название литературного жанра).



Изложенное выше можно обобщить следующим образом:

Требования, предъявляемые к автору сценария, почти полностью совпадают с задачами, предъявляемыми профессиональному писателю: «дать эмоционально-образное представление об идее, теме, сюжете фильма, конфликте и событии, действующих лицах и их характерах» [3,118]

В середине 1980-х годов академик Д.С.Лихачев выразил обеспокоенность по поводу того, что «научных исследований, посвященных **сценарному искусству как предмету литературы** пока почти нет» [13,7]. Как предмет науки сценарное искусство стало объектом исследования в трудах И.Г.Маргьяновой. Московский ученый И.А.Маргьянова представила лингво-культурологические исследования - «Киносценарная интерпретация текстов разных жанров (композиционно-синтаксический аспект)» [14], «Текст киносценария и киносценарий текста» [12], «Кинотекст русского текста: парадокс литературной кинематографичности» [15] и включила их в научный оборот. Коренным отличием сценария от литературного произведения исследовательница назвала текучесть его формы (изменчивость), предназначение - «он должен умереть в фильме» [14,43], адресат - «для широкого круга читателей-зрителен» [12,13].

Изучив текстовый статус киносценария, И.Маргьянова уточнила: «это не жанр, а как многожанровый литературный род: «Несчастье жить при советской власти помогло

развитию сценария как самостоятельной художественной деятельности. В результате у нас развились вполне оригинальные литературные жанры: киноновелла, киноповесть, кинопоэма, кинороман» [12,5]. Как видно, возникает искусство кино, в новейшее время усиленное компонентами искусства слова.

Фундаментальными работами, отражающими анализ киносценарной проблемы, в казахстанской науке стали исследования К.Смаилова [14], и Г.Курмашалиқызы [9]. Известный деятель отечественной культуры К.Смаилов сделал акцент в своей диссертации прежде всего на киносценариях казахских художников слова, рассматривая их произведения как предмет осмысления литературного искусства

В конце 1990-х годов казахстанский компаративист М.Х.Маданова отнесла сценарий к очевидному факту взаимосвязей литературы и кино и напрямую связала названные искусства с аспектами сравнительного литературоведения: «очевидность взаимосвязей литературы и кино отражает сценарий, «выступающий в качестве литературного текста» [16,35]. Киносценарий открывает перед сравнительным литературоведением уникальные, ранее не использовавшиеся возможности сравнительного анализа текста, созданного по принципу соединения двух текстов - текста книжной эстетики (сценария) и текста визуальной эстетики (изображения). Актуальность изучения проблемы состоит в том, что лучшие образцы литературных шедевров, по справедливому замечанию М.Немцева, «вполне правомерно причислить к магистральной линии мирового литературного процесса» [6,130]. Рассматриваемая категория киносценария разносторонне раскрывается через его анализ, соотносимый с этапами генетического становления кинодраматургии.

Киносценарий в понимании «литературы для экрана» бывает двух типов - оригинальный, т.е. написанный специально для кино, и сценарий-интерпретация, созданный на материале классического произведения. Специфика литературного сценария заключается в емкости, лаконичности, концентрированности действия. Сюжет, обстановка и характеры в нем строятся в расчете на возможности кинематографа, на его визуальное восприятие, литературная композиция приводится в соответствие с природой зрительноизобразительных возможностей. Сценарий отличается от литературного произведения незавершенностью в понимании «литература на пути к экрану».

Из всех литературных жанров -киносценарий ближе к драме в зафиксированном виде, с его подчиненностью «закону развивающегося времени» (И.Гете) или повести. Условность, ограниченность объема изображение иллюзии «настоящего времени», которое должно произойти «здесь и сейчас» перед зрителем - признаки сценария, сближающие его с пьесой и отличающие его от прозы. Не случайно, на первом этапе сценарий воспринимался многими именно как «пьеса с длинными ремарками». Современный энциклопедический словарь терминов Ю.Борева «Эстетика. Теория литературы» наглядно подтверждает этот тезис: с одной стороны, киносценарий «во многом ближе не к драме, а к эпосу» (повести, роману)» [17,183], с другой он определяется как «кинофильм, записанный как текст пьесы» [17,184]. Основу драмы, как и кинодрамы, составляет действие. Каркас сценарного произведения построен преимущественно на умении автора строить диалоги, располагать в логической последовательности сюжетные эпизоды с авторским текстом, прописывать ремарки. Все это не могло не сблизить искусство драмы с «литературой особого рода». Но, в сравнении с литературой, диалог в кинематографе, по верному наблюдению И.Маневича является «разговорным действием», а «образная литературная ремарка в сценарии необходима еще более, чем в пьесе» [10,26]. Сценарий кино, как и драма, может изображать только «настоящее время», в значении «здесь и сейчас». Роднит кинолитературу с драматургией также отсутствие «развернутого повествовательно-описательного изображения» (В.Хализев), тяготение к внешне эффектной подаче изображаемого, вспомогательность и эпизодичность авторской роли, двуединость природы сценария заключается в том, что он состоит из основного текста (цепь высказываний персонажей, их реплик и монологов) и побочного (обозначение времени и действия, ремарки и т.д.). Время, изображенное в киносценарии, как и в драматическом произведении, регламентировано и заключено в строгие рамки экранного или зрительского пространства времени. Следующая особенность - ориентированность на требования данного вида искусства. Драма должна учитывать возможности сцены, а кинодрама - экрана Если Т.Манн драму воспринимал как «искусство силуэта», кинодрама в таком случае может пониматься как «искусство экранного силуэта». Сценаристам важно учитывать броскость изображаемого, монтаж, визуальность кинодраматургического произведения.

Другой литературный жанр, который может быть соотнесен со сценарием - это

повесть. Параметры их соприкосновения - объем, емкость, стремление к концентрации действия, к лаконичности в обрисовке характеров и ситуаций, углубленность в психологической обрисовке образов. При этом сценарий в сравнении с повестью динамичнее по сюжету, а композиция приведена в соответствие с природой ее зрительно-изобразительных возможностей. Что касается обрисовки характеров и образов, то они строятся с расчетом на возможности кинематографа, его аудиовизуального восприятия. М.О.Ауэзов четко разграничивал и соотносил понятия сценария и киноповести. Так, в одном из выступлений он отмечал: «...Я должен сказать, что вещь названа сейчас киноповестью, и действительно, это и есть киноповесть, потому что еще не сценарий. Здесь есть присущая для литературного произведения широта, но собранности, стремительности действия нет. Многогетемность, а отсюда - рассеивание впечатления. А кино требует стремительного движения, динамики...»[Цит. по 18,19].

Сценарий обладает большей образной насыщенностью, чем литературное произведение. В нем и другой темп повествования - предельная насыщенность событий, и многогеройность, и иное построение художественного образа с особым изображением пластики тела и мира звуков.

Таким образом, изучение «четвертого рода литературы», появившегося на стыке искусств как более презентативная область сравнительного литературоведения, может дать импульс в изучении киносценарного творчества писателей. Избранный нами компаративистский путь анализа позволит рассмотреть киносценарии писателей на интертекстуальном уровне.

Предметом наших наблюдений при анализе киносценариев казахских художников слова является «литературная самоценность текста», хранящего понятия «память слова», «память жанра», «память образа». Обобщить основные типы межжанровых отношений в тексте художественного фильма и предложить собственную концепцию процесса интертекстуализации в казахском киноискусстве.

В качестве сопоставительного анализа привлекались оригинальные киносценарии и произведения художественной литературы, лежащие в основе фильмов, поставленных по этим сценариям. При этом мы не могли не учесть ориентированности сценария на перевод в киносферу («предтекст»), точно так же, как драматические тексты не могли быть осмыслены в полной мере без учета их предназначенности для сценического воплощения. Специфика бинарной структуры киносценария открывает перед сравнительным литературоведением ранее не использовавшиеся, уникальные возможности.

Обобщая вышесказанное, можно сказать, что сценарий отличается от литературного текста своей незавершенностью, рассчитанной на визуальное воспроизведение, на путь от литературы к экрану.

1. Маневич И. Сценарий и фильм. - М., 1959.-34 с.
2. Николаев П.А. Словарь по литературоведению, <http://nature.yweb.ni/litera/Copyright1>
© 2004, "Научная Сеть"
3. Лебедев Н. О специфике кино/Ю киноискусстве. Специфика. Образность. Мастерство. - М.: Искусство, 1965.-С.90-127.
4. Мартыанова И.А.Текст киносценария и киносценарий текста. — СПб.:Наука, САГА,2003.-208 с.
5. Ямпольский М.Б. Память Тиресия. Интертекстуальность и кинематограф .- М.; РИК «Культура», 1993.-464 с.
6. Немцев МВ. Стилиевые приемы кинематографа в литературе русского зарубежья первой волны: Дисс... канд. филол. наук. - М., 2004.-162 С.
7. Тарковский А. Уроки режиссуры. Учебное пособие. - М., 1992.-92 с.
8. Неупокоева И.Г.История всемирной литературы. Проблемы системного и сравнительного анализа. - М.: Наука, 1976.-360 с.
9. -Құрманғалиқызы Г. Эуезов жэне кино.-Алматы, 2000.-150 с.
10. Маневич И. Повествовательные жанры в кинодраматургии. - М., 1965.-47 с.
11. Сценарии казахского кино. Сост. Г.М. Липатникова. - Алма-Ата: Онер, 1984.-368 с.
12. Лихачев Д.С. Поэзия преображения//Искусство кино,- 1986.-№9.-с.7

13. Мартьянова И.А. Киносценарная интерпретация текстов разных жанров. Учебное пособие к спецкурсу (Композиционно-синтаксический аспект).- Л., 1990.-80 с.
14. Мартьянова И.А. Киновек русского текста: парадокс литературной кинематографичности. - СПб. : САГА, 2002.-240 с.
15. Смайлов К. Тенденции и проблемы становления казахской советской драматургии: Дисс...канд. искусствовед, наук. —Алма-Ата, 1974.-152 с.
16. Цип. по Сыздыков К, Ауэзов-критик. - Алма-Ата, 1973,-
17. Борее Ю. Эстетика. Теория литературы: Энциклопедический словарь терминов.- М.: Астрель, 2003.-575 с.
18. Маданова М.Х. Введение в сравнительное литературоведение. Учеб. пособие-Алматы, 2003,-252 с

Резюме

Статья посвящена осмыслению статуса киносценария в призме сравнительного литературоведения. Вслед за казахстанским компаративистом М.Х.Мадановой, автор относит сценарий к «очевидному факту взаимосвязей литературы и кино» и напрямую связывает его с аспектами компаративистики. Рассматривается подробно эволюционный путь киносценария, а также проблема соотношения сценария с литературными родами и жанрами.

Summary

The article is devoted to understanding the status of screenplay in the prism of Comparative Literature. Following Kazakhstan comparativists МН Madanovoy, the author includes a script for the "obvious fact of the relationship of literature and cinema, and directly connects it with comparative aspects. We consider in detail the evolutionary path screenplay, as well as the problem of relations with the published script delivery and genres.

ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

А.О. Тоқсамбаева-
филол.ғыл. к.,

Семей мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы

Айтыс - қазіргі әдебиеттанудағы драма жанрына бір табан жақын келетін ауыз әдебиетінің үлгісі. Оның осы табиғатын әдебиет зерттеушілері орынды ауызға алып жүр. Тым әріге барсақ, екеуара айтыс М. Қашқаридың «Түркі сөздігінде» «Жаз бен қыстың айтысы» түрінде көрініс тапқандығы көне қазақ әдебиетінен белгілі. Енді осы үрдіс жаңа қырынан жазба әдебиетінің, оның ішінде ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы әдебиетімізде ақындарымыз сүйіп қолданған оқиғалы өлеңнің өзіндік бір формасы болды. Бұл арада ақындар фольклордан үйреніп қана қойған жоқ, сонымен бірге өзге әлем әдебиетінде жоқ поэманың жаңа түрін өмірге әкелді.

Біз алғашқылардың бірі болып, Мәшһүрдің ұлттық фольклордағы айтыс өнеріне қатысы туралы кеңірек сөз қозғап, оның айтыс өнеріндегі жетістіктерін тілге тиек ететін болсақ, онда сол дәуірдегі ақынмен тұстас Абайдың ақын шәкірттерінің де осы саладағы көркем туындылары болғандығы ойға оралады. Атап айтар болсақ, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жайлаубайдың баласымен айтысы», сондай-ақ Тұрағұл Абайұлының «Тұрағұлдың Матай елінің қызымен жауаптасуы», «Әлмағамбет пен қыздың айтысқаны», Әубәкірдің «Қайырбек пен келіннің айтысы», «Қыз бен өзі», «Бүркітімен айтысы» сияқты айтыстық мысал өлеңдермен бірге, Әріп Тәңірбергенұлының «Тәуке мен Ұрқия», Уәйіс Шондыбайұлының «Тәуке мен Жікібай» сияқты қыз бен жігіт айтысы негізінде жазылған көлемді поэмалары арасындағы қазақ ескілігімен жарасымды әдеби үндестікті атап өтуге болады. Осы мәселені басқа қырынан алғаш көтерушілердің бірі А. Ақтанова өзінің «Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріндегі драма мәселесі» атты мақаласында: «Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өлеңдерінің негізгі бағыты діни философиялық тұрғыда келетіні белгілі. Әсіресе, оқиғалы өлеңдері мен айтыс өлеңдерінде осы бағыт-бағдар айқын байқалады. Оның «Мәшһүр-Жүсіптің тырнағымен айтысы», «Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы», «Жарты нан хикаясы», «Шайтанның

саудасы» өлеңдері шағын драмалық тартысқа құралған өлеңдеріндегі драмалық тартыс пьесадағыдай болмайды. Драмалық тартыс өлеңдегі айтыс элементтерімен байланысты" [1,30 б] деген тұщымды пікір айтады.

Сөйтіп, қазақ жазба әдебиетіндегі фольклорлық айтыс мүмкіндіктерін әр кез арттыруға үлес қосып келген бұрынғы мысал үлгілері кейінірек қазақтың айтыс түріндегі төл мысалдарының туып қалыптасуына жол салған тәрізді («Ат пен иесі», «Көкқұтан мен шымшық», «Қарашекпен мен қасқыр», «Жұманазар мен домбыра», «Тоқты мен қасқыр», «Темірбай жырау мен сиыр», «Бабакбай мен қасқыр», «Ыдырыс пен тайлақ» т.б.). Бұлардың шығарушысы белгісіз болғанымен, кейінгі әдеби айтыстарда белгілі ақынның, яғни шығарушысының атымен аталуының өзі оның ендігі жерде фольклорлық емес, әдеби туындыға айналғандығының толық куәсі болады.

Өзіне дейінгі жазба әдебиетіндегі айтыстардан өзгеше мазмұнға құрылған М. Көпейұлының бір айтысы «Күйеу Мағзұм мен аруақтар» деп аталады. Бұл айтыс Мәшһүрдің қаламынан шыққан барша жазба айтыстары ішіндегі ең тылсымды, ең бір романтикалық мистикаға оранып, бұған дейін нақты өмірлік оқиғаның негізінде туындаған “Мешіт зары” өлеңінің өңделген нұсқасы немесе оның ең алғаш шығармашылықпен поэтикалық барлануы деудің біріне кейін әдебиет тарихын зерттеушілердің тоқтам жасайтын кезі келер. Бұл арада біз тек осы екеуінің түп негізі бір екендігін ғана көрсетіп отырмыз. Осы арқылы ақын ислам дінінің кейбір жетесіз жандар тарапынан өз өңірінде қорлануын сездіріп, нақты адамдардың аттарын ауызға алады.

Баянауылдағы мешітті жөндеуге деген ақша желініп қойып, осы іске бастамашы болғандар кейін шын дерегін тексерген кезде бір-біріне сілтеп, шын кінәлі жан табылмайды. Осыған ыза болған Мәшһүр осы тақырыпқа екі рет айналып соққан сияқты.

Бабаларымыз айтыспен бірге небір тарихи жырларды да көнеден бізге жеткізді. Осы тұрғыдан алғанда «Оғызнаме» аңыз-жыры түркі-моңғол халықтары эпикалық аңыздауларының көне үлгісі тәрізді. Көне сарындар қазақ жазба ақындарының шығармашылығында қайтадан бой көтеріп, әдеби үдерісіміздегі өнімді бір салаға айналды. Олардың тарихи тақырыпқа жазылған туындыларындағы ертеден келе жатқан сарындар ХІХ-ХХ ғғ. діни-ағартушылық ағым өкілдерінің ислам әдебиетінің дәстүрлі канонданған тарихи қаһармандарымен үндесіп, тіпті қазақ әдебиетінің бұрыннан келе жатқан тел туындысындай жымдасып кеткендігін олардың шығармашылығы бойынан айқын аңғара аламыз. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, онда діни шежірелік тарамдау Мәшһүрде біршама көмескі, Шәдіде айқын танылып отырады.

Біз ауызға алған кезеңдегі ақындар туындыларындағы Пайғамбарымызды ұлықтауда академик Р. Бердібайдың айтуы бойынша: 1) «киелі ақша бұлт», 2) «жауырындағы мөр», 3) «отқа салса күймейді», 4) «Түс көру», 5) «Қаһарманның киелі (магиялық) әрекеті», 6) «Жеті қат көк», 7) Пырақ сияқты жеті сарны бар[2,30 б] екендігіне көз жеткіземіз. Осындай ислам әлеміне тән сарындар М. Көпейұлында діни дастандарында да бой көрсетеді.

Үшінші бір айта кетер мәселе Жүсіп Баласағұнның «Кұтадғы білігі» мен Махмұт Қашқаридің «Диуан ат түркінде». Ахмет Яссауидің «Даналық диуанында» түркінің ежелден тамыр тартқан ауыз әдебиеті дәстүрінің де, бізге белгілі және белгісіз халық шығармаларының үлгілері де молынан кездеседі. Осы жарасымды үндестік араға ғасырлар салып, ХІХ-ХХ ғғ. діни-ағартушылық ағым өкілдерінің шығармашылығында бой көрсете бастады. «Кұтадғы білікте» белгілі бір өмір құбылыстары түрліше дәстүрленген халықтық ұғым, наным-сенімдер тұрғысынан бағаланып отырады, қазіргі ұлттық даналықтарымызбен үндесетін мақал-мәтелдер, нақыл, қанатты сөздер де жиі қолданылады. Бұлар ондағы өлең қатарларын айрықша ажарға бөлейді. Осыны сезгендіктен жыраулар мен ақындар ХХ ғ. басына дейін осы дәстүрлі өлеңдік үлгіні не бір тармақтық-мәтел түріндегі, не екі тармақтық-мақал түрінде не болмаса, төрт тармақты - билер тақпағы түрінде кеңінен қолданылып келді. Бұл әр ақын ұлт әдебиетінде бұлжытпай сақтайтын әдеби заңдылыққа айналды. Біздің әдебиетіміз Жүсіп Баласағұнның шешендік ой толғауын өзіне серік ете білді. Әлі де серік етіп келеді.

Енді Мәшһүр өлеңдерінде кездесетін осындай тармақтық, қос жолдық үлгінің, билер тақпақтауының кездесуін молынан байқаймыз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін осылардан бірді-екілі мысал келтіре кетелік.

- Құдайдың жақсылығы басыңда тұр.
- Жақсы-жаз, жаман адам-зымыстан қыс.
- Оңдырмас мынау қойшы бізді бағып,

- Сіңбей тұр ішкен тамақ бойға жағып.
Немесе

Өз жұртын оңған барма жатқа сатқан,
Ерді елдің пайдасы үшін хак жаратқан.
Ойлайтын елдің қамы ерді жібер,
Жерінен суырып алып көрде жатқан.

Біз келтірген өлең орамдарынан ертедегі өткен Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари және Ахмет Яссауилердің қанатты сөздерді өз дәуірінде қалай мол пайдаланса, олардың заңды мұрагерлері ХІХ ғ. соңы мен ХХ г. басындағы қазақ ақындары да сонша молынан пайдаланғандығын сол дәуір әдебиетіндегі шығармалардан көптеп кездестіреміз.

Дүние жүзіндегі халықтардың дәстүр, салт-сана, тіл жақындығынан туатын ауыс-түйістер фольклорлық мұраның тағы да бір ауқымды саласы болып табылады. Мұны ғылыми терминмен “тарихи- мәдени типология” деп атауға болады. Көршілес шығыс елдерінен ауысқан шығармаларды осы топта алып қарау керек. Арғы түбі араб, парсы, үнді елдерінен тараған көптеген сюжеттік-фабулалардың қазақ арасына танымал болуының мәні осында. «Сейфулмәлік», «Жүсіп - Зылиқа», «Тайир - Зухра», «Ләйлі - Мәжнүн», «Баһрам», «Төрт дәруіш», «Тотынаме», «Хамуснаме», «Рүстем-Дастан», «Ескендір Зұлқарнайын» секілді жыр аңыздар, Орта Азия, Орта Шығыс елдерімен рухани, мәдени байланыстың күшеюі әлемінің ғажайып ертегілері «Мың бір түннің» тікелей әсерімен ауызша да, жазбаша да кеңінен мәлім болған туындылар - өз алдына бір белек болса, қазақ жеріне ислам дінінің таралуы арқылы шығыс халықтары шығарған көркем әдеби жәдігерлердің көптеп тамыр артуына септескен. Ислам дүниесінің қасиетті кітабы “Құранның” ішіндегі аңыздар мен тәмсілдер, мысалдар мен ғибраттар, даналық, имандылық сөздері түркі жұртының тағылым алатын, рухани жан дүниесін тазартатын, адамшылық тәлім-тәрбие алатын дәріс- сабақтарына айналды. Бұл қатарда ХІХ ғ. мен ХХ ғ. басындағы қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым ақындарының шығыс кітаптарынан ауысып келген қаншама сюжеттік негіздерді қазақ табиғатына жақындатып, жаңаша құлпыртып сөйлегенін де айтуымыз керек. Қазақ даласына ертек, аңыз болып тараған хисса-хикаялардың барша түп төркіні шығыстық екенін айна-қатесіз дәлелдейтін әдеби мысалдар өте мол. Қазақтың белгілі шайырлары Шәді, Жүсіпбек, Ақылбек, Ақыт, Ораз молда, Майлы, Мұсабек, Нұралы, Тұрмағамбет және М. Көпейұлы қисса, дастандарының сарыны шығыс халықтары арқылы келгені дәлелдеуді керек етпейді. Бұл біз келтірген мысалдар қазақ фольклоры мен жазба әдебиетінде тегі мен түбірі бір шығыстан өрбіген көркемдік қазынаның аса қомақты екенін керсетеді. Сондықтан бұларды жекелеп те, тақырыптық, оқиғалық жүйемен топтап та шолып, тексеріп шығу елдік мәдениетіміздің терең қабаттарын танып білу үшін аса қажет дүние. Діни тақырыпқа жазылған қиссалардың бұрын қазақ арасында зор даңққа ие болғанын да ұмытуға болмайды. Олардың мәтіндері бүгінгі талғампаз оқушы қауымның рухани-мәдени игілігіне айналуы тиіс. Барлық рухани мұраны игергенде ғана дамыған елу елдің қатарына қосыламыз деп отырған ұлтымыздың адамзат өркениеті жолындағы орны мен мәнін санаға сіңіріп, табиғи дамудың болашағына соқпақ салуға болады.

Түрік халықтарының фольклорлық мұрасындағы үндестіктер, сарындастықтар, түбірлестіктер біз атап керсеткеннен анағұрлым көп екендігі белгілі жайт. Түркі халықтарының ауыз әдебиетіндегі адамзаттық ортақ сипат алатын тарихи-типологиялық ұқсастықтарды сөз етпегеннің өзінде соншалық мол ескерткіштің ХІХ ғ. мен ХХ ғ. басындағы Орта Азия әдебиетінде бір арнадан тарайтынына көз жеткізе аламыз. Қазақ ақындарының қиссасы мен дастандары қырғыз бен қарақалпақ әдебиетінің дамуына тұсау болғандығын ендігі жерде жасырып жабуға болмайды. Олардың тілін Қазан төңкерісіне дейін АҚШ пен Англия тілші ғалымдары қазақ тілінің диалектісі деп қарастырғандығы, кейбіреулері әлі күнге осы пікірді қолдап келе жатқандығын естен шығармауымыз керек. Мұның ғылым үшін маңызы өте-мөте зор.

Сол үшін жазба әдебиет мен фольклордың барша жанрындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктер заңдылықтарын ашатын терең зерттеулер жасалуы керектігі түсінікті. Осы кезге дейін осыған байланысты жүйелі де бірізге түскен ғылыми жұмыстардың жеткілікті жүргізілмегені белгілі. Оның объективтік те, субъективтік те себептері бар. Түрік халықтарының көбі ғасырлар бойында өзге империялардың отары болып келгендіктен, тілі, тарихы, тағдыры жақын туыстас халықтармен еркін мәдени-рухани қарым- қатынас жасауына еш мүмкіндік болмады. Түрік халықтарын әлемдік деңгейдегі озық оқуға, білімге, өзара ынтымаққа шақырған діни-мәдени ағартушылар мен ойшылдарды пантүрікшіл деп “қаралап”,

жазалау отаршыл Ресей тарапынан дәстүрлі дағдыға айналды. Озық елдерден қалмайық, білімге ұмтылайық деп барша түркі жұртын үндегені үшін қырым-татар ұлтының адал перзенті Исмаил Гаспаралыға “пантүрікшіл” деген айып тағылып, артына қалдырған мұрасы ондаған жылдар бойында баспа жүзін көрмей, жұрттан тасаланып ұсталды. Қазақтың ағартушы күрескер ақын, жазушылары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді отаншыл азаматтар тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйенің жазықсыз құрбаны болды. Оның үстіне түрік халықтарының қолданып жүрген әліппесін зорлықпен жиі өзгерту де өзінің «нәтижесін» берді. Біреулері славян кирилица, екіншілері араб, үшіншілері латын әріптерін қолданатын халықтар өзара түсінісуден қалды. Ал осы алфавиттерді түрік халықтарының тілдік ерекшеліктеріне сәйкестендіру мәселесін шешуге де мүмкіндік тудырылмады. Барша ұлт тәржімесіз түсінетін Мәшһүр, Шәді төре сияқты ақындар қалыптастырған діни терминология өзге түркі халқы түгіл өзұлтына түсініксіз бола бастады. Соның салдарынан бұл халықтар бірінің жазуын екіншісі оқи алмайтын халге душар болды. Терминологияны бір ізге түсіру жөнінде сөз көтерудің “қылмыс” санаған кездер жұрт жадында. Мұның бәрі ғылымды да, шындықты да белден басып, зорлықты ғана «тиімді» тәсіл деп қараған империялық саясаттың көрінісі болатын. Ғылымға, соның ішінде фольклортануға, діни әдебиетке жасалған қиянатты жою, түрік халықтарының фольклорлық қазынасы мен діни әдебиетін толық әрі жан- жақты зерттеу кезеңі туып отыр. Оның бір құрамдас бөлігі болып М. Көпейұлының артында қалдырған әдеби мұрасы жатады. Оның жалпы түркілік фольклормен, шығыстық сарындармен үндестігін жан-жақты саралап шығуымыз керек.

М. Көпейұлының туындыларындағы ежелгі мифтік түсініктермен үндестік өз алдына жеке зерттеу тақырыбы болса да, мақаламызда ол туралы өз ойымызды алға тартуды жөн деп таптық. Көптеген аспани (космогониялық) және тотемдік мифтерде тірінің өліге айналуының басты себебі қатты шаршағандық болып келеді. Мұндай құбылуды алғашқы жағдайға қайта оралу деп айтуға болмайды. Қатты шаршаған мифологиялық кейіпкер қозғалуға шамасы келмегендіктен тасқа айналып, тыныш табады. Мысалы, шаршап жатып, ұйықтап кеткен батыр жайындағы қазақ мифін алайық... Атақты ақынымыз С.Сейфуллин бұл мифті былайша баяндайды:

Болыпты баяғыда Жеке батыр...
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгіше ұйықтап жатыр.
Сол батыр бүгінгіше бір үлкен тау,
Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау.

“Ұйықтаған батыр” дейді таудың атын,
Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.
Батырдың қырыққа таяу келген жасы,
Денесі биік жота, таудай басы.
Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,
Киюлі баста жатыр дулығасы.

Аңызда айтылатын хабар, оқиға еш күмән туғызбайды, өйткені оның түп негізі - тарихи шындық. Бұл біріншіден. Екіншіден, аңыздың мазмұнын растайтын дерек ретінде келтіреді. Осындай ислам аңыздарын М. Көпейұлы дастандарынан молынан табуға болады [3,186 б]. Мәшһүр - Жүсіптің діни- аңыздар негізінде жазған романтикалық туындыларында исламға дейінгі, исламның туу дәуіріндегі адамдардың және XX ғасыр басындағы алаш азаматтарының дінге беріктігін, адамға тән нәзіктігін шынайы бейнелеумен қатар, шындық өмірде орын алуы мүлде мүмкін емес, оғаш оқиғаларды періштелер мен ғажайып күштерді, жан - жануарларды т.б. шеберлікпен шығарма композициясына енгізіп, алдына қойған шығармашылық мақсатына қол жеткізгеніне куә боламыз.

1. Антанова А. Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріндегі драма мәселесі // жинақта: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 150 жылдығына арналған “ Мәшһүр-Жүсіп мұрасы” республикалық ғылыми-конференция МАТЕРИАЛДАРЫ. 2005.

2. Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. - Алматы: “Білім”, 2000. -248 бет.

3. Әбілқасымова К., Тамаев А. Қазақ фольклористикасы (Мектеп мұғалімдері мен студенттерге арналған хрестоматия). Алматы: Білім, 2007. -240 бет.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы образцов фольклористики айтысов, пословиц и поговорок в произведениях М. Конеева, а также духовная связь с великими мыслителями турков среднего века как Ж. Баласагун, Махмут Кашгари и Ахмет Яссауи.

Summary

This article is about M.Kopey's works and their place in a folk literature. The author considers

M.Kopey's works connecting with works of the Turkish thinkers such as Zh. Balasugany, M. Kashkari, A. Iassauy.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ТОЙ САРЫНЫ МЕН ОНЫҢ БАЯНДАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шабан Айдоғду -

Сүлеймен Демирел университетінің оқытушысы

Эпикалық жырларда негізгі сюжеттен тыс элементтерде, яғни бейбіт тіршілікті бейнелеп, әлеуметтік топтың өкілдері шоғырланып көрінетін және жыршылардың бүге-шігесіне дейін көңіл бөліп суреттейтін эпизодтардың ең сүбелісі - той [1-202]. Той көбіне жыр басында дүниеге келген болашақ батырдың қуанышына жасалады. Мәселен «Оғызнамада» Оғыздың перзентті болғанында [2-131], «Манаста» Манастың туылуына және ат қоюлуына байланысты [3-157-174], Шора Батырда» Шораның [4-36-37], «Байбөрі Баласы Бәмсі Байрақ туралы жырда» Бәмсінің туылуына байланысты [5-35] т.б.; жырлардың ортасына қарай алғашқы қаһармандығын жасап есім-ат алуына байланысты «Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жырда» [5-13-14], «Байбөрі Баласы Бәмсі Байрақ туралы жырда» [5-36-37] т.б. және кейде осы оқиғаға байланысты және де қаһармандықпен үйленетін алғашқы жарымен үйленуге арналған той жасалады /Алпамыс, Қобыланды, Жаныш, Байыш/.

Сонымен қатар аталған жырлардағы тойға байланысты ортақ тәсіл көбіне жыр соңында орын алады. Мәселен, ұзақ жыл сапарда жүріп жеңіспен оралуына арнап «Оғызнама» [2-131], «Қазан Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырда», «Оғыз Қаңлы баласы Қан-Төрәлі жайындағы жырда» [5-83] және де жау қолында тұтқын болып аяғында оларды жеңіп еліне оралған батырдың ата-анасы, сүйген жары, баласы және елімен қайта табысу оқиғасына байланысты «Қазан Бектің баласы Ораз Бектің жауға қалай тұтқын болғаны туралы жырда» [5-66], «Оғыз Қазылық баласы Иекенк туралы жырда» [5-89], «Жаныш-Байыш», «Ер Табылды», «Баттал Гази» т.б. жасалады.

Кейде осы тоймен батыр елінде қалдырып кеткен қалыңдығымен қосылса «Алып Манашта» [6-415], «Алпамышта» [6-415], «Байбөрі Баласы Бәмсі Байрақ туралы жырда» [5-53-54], «Қобыланды», «Баттал Гази», «Бозұғлан, Ахметбек хәм Жүсіпбек жырында» [7-82], «Ашық Гарипте» [8-92] т.б. Кейде жау елінде батырдың ең қиналған, елінен ешкімнің көмекке келе алмаған кезінде батырға өлердей ғашық болып, оған қол ұшын беріп, оны құтқарған немесе оның құтылуына септігін тигізген, батырмен қосылып оның еліне келген қалыңдықпен қосылу қуанышына арналып та той жасалады.

Мәселен, «Байбөрі Баласы Бәмсі Байрақ туралы жырда» [9-89], «Қобыланды», «Жаныш, Байыш», «Баттал Гази» т.б.

Міне «Батырлар ерлігінің соңы көбіне осылай той думанмен аяқталады» [1-202]. Енді біз қарастыратын үш халықтың жырларына кеңірек тоқталар болсақ;

«Алпамыста» батыр Ұлтан құлды өлтіріп жазалаған батырдың әйелі Гүлбаршынмен қайтадан тойы

болмайды. Ал Қаркөзайымды батыр еліне алып келмегендіктен «Жаныш-Байыш» және «Баттал Газидегі» сияқты батырдың елінде онымен де тойы болмайды. Жырдың аяғында батырдың уәдесі бойынша Қаркөзайымға да барып тұратыны ескертіліп жыр аяқталады» [10-72].

«Қобыландыда» батыр Көбіктінің кегін алуға келген Ағанас пен Тоғанас деген батырларды Қарлығамен бірігіп жеңіп өлтіріп, соңынан Қарлыға өзінің інісі Біршымбайды да айламен қаза етеді. Біршымбай өлген соң бүкіл қыпшақ Қобыландыға қосылып он сегіз күн шауып Алшағыр ханның қаласын өздеріне қаратып, көп олжа қолға түсіріп елі Қараспан тауга алып келіп құтты жұрттарына қонады. Енді кезек батырдың тойына келеді. Барлық елі жиылып Қобыландыға некесін қиып Құртқаны жырларымыздағы ортақ дәстүр болған «отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап» қосады [10-139].

Ал «Қобыландыда» бір ерекшелік тұтқын болған кезінде батырға ғашық болып көмектескен және онымен бірге батырдың еліне келген Қарлығамен тойы басқа жырлардағыдай бірден болмайды. Батыр онымен сегіз жылдан кейін үйленеді. Және ол өте қызық болады. Көбіктінің жиені Шошай батыр кек алуға Қобыландының еліне келеді. Қобыланды мен Шошай дәстүр бойынша үлкен соғыстың алдында жекпе-жекке шыққанда Қарлыға өзімен сегіз жыл үйленбеген және бір рет те болса бір ауыз сөзге де келмеген батырдан кек алу үшін найзасымен қапыда оны қатты жарақаттайды. Шошаймен соғыс аяқталған соң батырдың ұлы Бөкенбай барып Құртқаны әкесіне алып келеді. Батыр Қарлығамен үйленуге шешеді. Кейін Қараманның елінде некесін қиярда айтқан сөзінде Қарлыға Батыр үшін елінен, әкесінен, інісінен баз кешкенін, бәрін батыр үшін қиғанын, бірақ батырдың өзін сегіз жыл далада қалдырып, бір рет те болса келіп жағдайын сұрамағанына ренжіп оны кек алу үшін жарақтанын айтады. Батыр болса Қарлығаға «өзінің ең жақыны әкесін қалай өлтіретініне кеңес берген және туган інісін өз қолымен өлтірген кісіге мен кіммін өзі. Қыпшақ қалай саған сенеді?» - деп жауап береді. Қарлыға батырдан кешірім сұрайды. Осыдан кейін екеуі табысады. Қараман олардың екеуінің некесін қиып қосады. Осылай басқа жырларда батырлар елдеріне оралғанда бірден жау елінен алып келген қалыңдықтарымен /Жаныш-Байыш, Баттал Гази/ той жасап қосылса «Қобыландыда» ол той сегіз жылдан кейін болады. Себебі де «өзінің еліне, ең жақын деген туыстарына опасыздық қылған кімге опалы болады» - деген қисынмен түсіндіріледі [10,140-153]. «Жаныш-Байыш» жырында да батырлар құлдарды жазалағаннан кейін елімен қосылып артынан тоқсан келін және тоқсан қызбен елін, жерін тастап келген Белқысты алуға аттанып кейін оны алып келеді. Барлық жұртты шақырып Байыш пен Белқыс тоқсан күндік үлкен той жасап қосылады. Батыр осылай уәдесінде тұрады [11,115] және жырда батырлардың жау елінен алып келген сүйіктісімен үйлену дәстүрі жалғастық табады. Олардың сапарға шақпастан бұрын тойлары болғандықтан еліндегі әйелдерімен қайтадан үйлену тойлары болмайды. «Ертабылды» жырында да батырдың еліне аман-есен оралуына арнап елі той жасау элементі орын алады [12-309]. Сапарға шықпастан бұрын тойы болғандықтан «Алпамыстағы» және «Жаныш-Байыштағы» сияқты елінде қалдырып кеткен әйелімен және де басқа жырлардағы сияқты батыр жау елінде тұтқынға түспегендіктен жау хан-бегінің қызымен үйлену тойы осы жырда кездеспейді.

«Баттал Гази жырында» батырдың бірнеше рет сапарға шығуы және бірнеше рет үйленуі эпизоды кездеседі. **Біріншісі**, қайзердің баласы алып қашқан алғашқы жары Зейнепті құтқаруға қайзердің еліне барып оны құтқарады және қайзердің кіші қызы Махпейрузды да қоса алыш елі Малатияға келеді. Жеті күн түні-күні той жасап батыр Махпейрузбен қосылады [13-106]. **Екіншісі**, Қайзердің бектерінен Тарионның елінде тұтқын болып, сонда өзіне ғашық болған Тарионның қызы Гүлендаммен бір жылдай бірге тұрып, кейін қайзерді өлтіріп еліне келгеннен кейін батыр оны ұмытпай, оның әкесі Тарионға хат жазып жасауымен бірге қызын жіберуін, әйтпесе келіп елін талқандайтынын айтады. Тарион хатты алғаннан кейін батырдан қатты қорқып қызын жасауымен бірге Батталға жібереді. Осылай батыр Гүлендамға берген уәдесін де орындайды. Жырда Гүлендаммен той болмайды /бұрын қосылғандықтан болса керек/. Гүлендаммен қосылған батырдың біраз уақыттан соң бір ұлы болады. Атын олар батырдың кетерде айтқанындай Бешир деп қояды [13-207]. **Үшіншісі**, Индия сапарында жүргенде қайзердің қалың қолы батырдың елін шауып қалыңдығы Фатиманы алып кетеді. Батыр еліне оралғаннан кейін бар жайды естіп қалыңдығы Фатиманы Қобыландының Құртқаны жау елінен құтқарғаны сияқты құтқарып еліне алып келеді. Малатия бегі Әмір Омар жеті күн той жасап қызын Батталға қосады. Осылай батыр сүйіктісіне қосылып мұратына жетеді [13-241]. Жаудың батырдың қалыңдығын тұтқындап еліне апаруы, кейін ол жайлы естіген батырдың барып қалыңдығын жау қолынан босатып алып еліне әкелуі жағынан «Баттал Гази» жыры мен «Қобыланды Батыр» жыры ұқсас болып келеді. **Төртіншісі**, батыр Қайзердің елінде тұтқынға түскенде салынған зынданнан құтылып, өзіне ғашық болған Қайзердің қызы Кетаюнды бірге алып еліне келгенде елі жаудың қоршауында болады. Батыр қайзердің және қытай патшасының қосылған қалың қолын ойсырата жеңіп осы соғыс үстінде Кетаюнды алмақ болған өзінің бәсекелесі қытай патшасы Қыравани Магрибиді де өлтіріп, халқымен қауышады. Батырға елі үлкен той жасап Кетаюнды қосады. Осылай батырдың сапарының нәтижесі жау елінен алып келген жарымен де қауышуымен аяқталады [13, 266].

Ал «Данишменд Гази» жырында батырдың тойы бір рет болады. Және оның жары да бас жауы қайзердің бектерінен Қайталдың қызы Гүлнүш Бану болады. Гүлнүш Бану түсінде батырдың өзін алып үйленетінін көріп, әкесіне қашып бара жатқан жолында оны батырдың жолдастары Артухи және Эфрумийе көріп, қолға түсіріп батырға әкеліп сыйға тартады. Ол кейіннен мұсылмандықты қабылдаған соң батыр онымен үйленеді. Жырда басқа жырлардағыдай батыр жау елінде тұтқынға түспегендіктен оның жау елінен оралуы және екінші рет

үйленуі тойы болмайды. Батырдың тойы ұдайы сапарда жүргендіктен сапар кезінде және де ол дәстүрлі жеті күн болады. Бір қызығы той дайындығы кеңірек суреттеліп тойға қанша сарбаздың қатысқаны және тойға қай малдардың қаншадан сойылғаны толық аталады. Жырда жүз елу жылқы сойылғаны да айтылады. Жырда жылқы сойылғандығының айтылып өтілуі өте қызық. Өйткені қазіргі таңда Түркияда жылқы союға қатты тиым салынған және көпшілік аталарымыздың жылқы етін жегеніне сенінкіремейді[14, 151-156]. Батырдың досы Артухидің тойында да жылқы сойылады[14, 86-87].

Міне қорыта келе «тұтастай алғанда, қаһармандық эпостағы той көрінісі әлеуметтік ортадан, елдің бейбіт тіршілігінен тыңдаушыға мағлұмат беретін жыр экспозициясы мен аяқталуының негізгі типтік белгісі. Мекен мен мезгіл тұтастығы /бір жерден, бір дәуірден бастап, сонымен аяқтау/ сияқты құбылыс мұнда да бар. Анығырақ айтсақ, той соның бір бөлшегі. Тоймен басталған оқиғанын тоймен аяқталуы- эпос үшін типтік жағдай. Халықтың аңсары ауған қоғамы батыр келгенде қайта орнайды. Той сол қоғамның басты белгісіне айналады. Сюжет идеалды жағдайдың қалпына келуімен тамамдалады» [1-205]. Бұл ерекшелік біз қарастыратын жоғарыда аталған жырларда да толығымен сақталады. Жырларда жырдың басында батырлардың туу құрметіне, кейін ілкі ерлігіне байланысты және алғашқы қалыңдығымен үйленгенде той жасалса, жырдың аяғында жау елінде ұзақ уақыт тұтқын болуына т.б. әр түрлі себеппен елінен алыста жүріп, ақыры жұртына аман оралған батырға елі тағы да той жасайды. Біз қарастыратын жырларда осы тойлар үш түрлі себеппен жасалады;

Біріншіден, елі осы тойды батырдың келуімен бұрынғы бейбіт, молшылық кезеңнің яғни батыр бардағы идеалды жағдайдың қайтадан орнайтынына қуанып жасайды/Ер табылды/.

Екіншіден, батырдың жау еліне аттанып кетуімен той жасап үлгермей елінде қалып қойған қалыңдығымен қосылуына байланысты жасалады

/Қобыланды-Құртқа, Баттал Гази-Фатима/.

Үшіншіден, батырлардың жау елінде тұтқын болып, басына іс түсіп, қиындық көрген көмекке зәру кездерінде оларға ғашық болып көмектескен және олар үшін елін, жерін, отбасын тастап келген жау қыздарымен қосылып үйленуіне арналып той жасалады. Жырларда олармен тойлары негізінен еліне келгенде бірден болса /«Жаныш-Байыш», «Баттал Гази»/, тек Қобыланды жырында ғана сегіз жылдан кейін болады. Қобыланды жыры осы жағынан басқа жырлардан бөлінеді.

1. **Шәкір Ыбыраев. Эпос әлемі. -Алматы, 1993**
2. **Мырзатай Жолдасбеков. Асыл Арналар. -Алматы, 1990**
3. **Манас - Бишкек, 1995**
4. **Бабалар сөзі. 45 том. -Астана, 2007**
5. **Қорқыт Ата Кітабы, -Алматы, 1986**
6. **Ozkul Cabanoglu, Turk DiXnyasi Epik Destan Gelenenegi, -Ankara, 2003**
7. **Бабалар сөзі, 47 том, -Астана, 2008**
8. **Metin Ekici. Dede Korkut Hikayeleri Tesiri He Te^ekkul Eden Halk Hikayeleri, -Ankara,**
9. **Muhtarrem Ergin. Dede Korkut kilabi. -Istanbul, 1995**
10. **Төрт Батыр. -Алматы, 1990**
11. **Жаныш-Байыш. -Бишкек, 2002**
12. **Шырдақбек. Эр Табылды. -Бишкек, 2002**
13. **Necati Demir. Mehmet Dursun Erdem. Battal Gazi Destani. -Ankara, 2006**
14. **Necati Demir. Danişmend-Name. Harvard Universitesi Yaymlar, 2002**

Түйін

Түркі халықтары эпикалық жырларында халықтық дәстүрлерден тойға ерекше назар аударылады. Жырдың басында батырдың туғанына, кейін ілкі батырлығын көрсетіп ат-атақ алуына және алғашқы жарымен үйленуіне ал жырдың аяғында болса ұзақ уақыт жау елінде сапарда жүрген батырдың еліне қайтып келуіне, болмаса елінде қалдырып кеткен қалыңдығы яки жау елінен өзімен бірге алып келген қалыңдығымен қосылуына арналып жасалады.

Резюме

В данной статье рассматриваются традиционные элементы эпических произведений, в частности элементы той /пир/ в тюркских эпосах. Тематика и жанровые особенности эпосов во многом зависят дополнительных и в то же время сюжетоброзующих элементов. Таким и является разное пиршество в структуре эпоса.

Типологически сравнивая тюркских эпических произведений автор статьи выдвигает свое видение к данной проблеме.

Summary.

The following article discusses the traditional elements of epic works, in particular elements of festivities and weddings in Turkic epics. Topic and genre features of epic depend on additional and at the same time plot forming

elements. By this work author shows different views on weddings in Turkic epics. Typologically comparing the Turkic epic works, author expresses his vision to the problem.

А.П.ЧЕХОВТЫҢ «ҚҰНДАҚТАУЛЫ АДАМ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ БЕЛИКОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ СИПАТТАРЫН ТАЛДАУ

Г.Ә. Шаңбаева -

доцент, Қытай Халық Республикасы Іле педагогикалық институты

Әлем әдебиетінде қысқа да нұсқа әңгіме жанрымен белгілі орыстың 19 ғасырда өмір сүрген көрнекті сыншыл реализм жазушысы Антон Павлович Чеховтың өмірі мен шығармашылығы Қытайдың жоғарғы оқу орындарының филология мамандығында оқитын студенттерге және басқада әдеби ортада етене таныс. Мен өзім әдебиетші педагог ретінде студенттерге А.П.Чеховтың әр кезеңде жазылған «Дон бойындағы жер иесінің хаты», «Жуан мен жіңішке», «Хамелеон», «Сахалин аралы», «Шағала», «Апалы-сіңлілі үшеу» сияқты т.б. шығармалары арқылы А.П.Чеховтың өмірі мен шығармашылығын таныстырып жасаған Патшалық Ресей дәуірінің қоғамдық-саяси жағдайын талдап-сараптап көрсетіп отырамын.

Жалпы Қытай елінде А.П.Чехов демократиялық, адамгершілік бағытты ұстанған сыншыл реалист жазушысы ретінде танылды. Оның бұл сипатын жазушының өз сөзімен айтқанда "Мен заманымыздың шолжандаған еркін адамдарына мүлде ұқсамаймын, құндақтаулы адамдарынан да емеспін, мен тек өнерді пір тұтатын жазушы ғана болсам деп армандаймын" - деген басты ұстанымымен өлшеуге болатын-ды. Жазушының осы өмірлік ұстанымы мен бұлжымас мұраты оны қазақы даналықпен айтқанда, атаның ұлы деңгейінен әлемдік дәрежедегі адамның ұлы мәртебесіне көтерген жоқ па?

А.П.Чеховтың өмірден өткеніне бір ғасырдан артық уақыт болсада, оның адамзаттың әдеби арасына қосқан үлесі сарқылар емес, айта уақыт өткен сайын жаңа бір қырынан көрініп, әр халықтың рухани қазынасына кәусар бұлақтай құйылып, өзінің өшпес рухын паш етіп келеді.

А.П.Чеховтың тұтас шығармашылыққа толы сәулелі ғұмырын біздің елдегі әдебиет танушылар кезеңге бөліп қарастырады, А.П.Чехов шығармашылығының алғашқы кезеңі, бұл 1880 жылдан 1890жылдар арасы, соңғы немесе жасампаздық кезеңі, бұл 1890 жылдан өмірінің аяғына дейінгі уақыт арасы. Осы соңғы кезең жазушының сарытабан шығармашылығының алтын дәуірі болып саналады. Бұл кезде ОИЫН жан сарайы терең тебіреністерге толы теңіздің ақбұйра толқынындай меруерт көбік шашып, **Ресей кшамының күрмеуі** күрделі, қатпары қалың қоғамдық-әлеуметтік ортасын өткір әзіл және әсерлі суреттеулерімен оқырман назарына ұсына білді. Әлем жұртшылығына жақсы таныс «Сахалин аралы» ***i.ine** «Құндақтаулы адам» сияқты өшпес туындылары осы дәуірдің жемістері еді. Біз осы шағын мақаламызда «Құндақтаулы адам» әңгімесіне және сондағы бас кейіпкер Беликовтың образын талдау арқылы сол уақыттағы қоғамдық-саяси жүйенің сипаттарын өзімізше пайымдап, баға беруді **максүт** түптік.

«Құндақтаулы адам» - оқырманды терең ойға жетелейтін, күрделі тақырыпқа құрылған әңгіме. Әңгімеде қоғамның керітартпа, мешеу салт-тәртібін көзінің қарашығындай қорғайтын, ал жаңаша көзқарасқа, жаңа идеялар мен өркениетке тыс-тырнағымен қарсы Беликовтың өмір көшірмесі, тағдыры мен қалауы әңгіме желісіне арқау болады. Бас кейіпкер Беликов шығармада белгілі бір мектепте грек тілінен сабақ беретін оқытушы болып суреттеледі. Алайда оның мінез-құлқы мен таным-түсінігі елден ерек, ғажап. Ол бейне бір қымталған қысқыш бақа немесе ұлу тәрізді, үнемі қораптың ішінде жүруді жаны сүйеді. Тіпті, жайдары жаз күндерінде де аяғына колеш, үстіне пальто киіп қолына күндік ұстап жүреді, қол сағаты мен пышағын дорбаға салып алып жанынан тастамайды, мүмкіндігінше бар жерін қымтап, тұмшалап жүруді ұнатады, пауескіде отырса есік-терезесін мықтап жауып, пердесін түсіріп отырады, жатарда да төсегін шымылдықпен тұмшалап басын бүркеп мазасы кетеді, әлденеден қорқып, әлденеден қауіптенеді. Қысқасы күнделікті өмірден барынша оқшауланып, болып жатқан қоғамдық өзгерістерден үрейленіп, өзін жасырын ұстауға жанын салады. Біз шығармаға басқа емес, адами тұрғыдан қарасақ, бастысы Беликов та қатардағы жай адамның

бірі, ол да анадан туған, Ол өмірге осылай тұмшаланған күйде келмеген, ешбір ана өз баласын осылай болса екен деп ойламайды, олай тәрбиелемейді де, қайта ерлікке, намысқойлыққа, мейірімділікке тәрбиелейтіні даусыз, олай болса, Беликов осындай күйге қалай кіріптар болды деген сұрақ туады? Жауап сол - сол кездегі қоғамдық-саяси орта мен қоғамдық қатаң тәртіп-түзім. Демек Беликов бір дәуірдің айнасындай қоғамдық сипат алатын кейіпкер. Жазушы оның жан-дүниесін, мінез-құлқын, бет-бейнесін суреттеу арқылы оқырманға сыртқы формадан гөрі ішкі мәнге басты назар салуды жөн санады, сол арқылы қоғамның қараңғы тұстарын ашып көрсетеді. Аталмыш шығарманы толықтай танып түсіну үшін шығарма жазылған кездегі қоғамдық жағдай туралы аз-кем тоқтала кетуде жөн болар, бұл әңгіме 1898 жылы жазылған, ол кез Патшалық Ресейдің қоғамдық, әлеуметтік және саяси жағдайы тығырыққа тіреліп, кактығыстар ұшығып, қоғамдық қатынастар мейілінше шиленісіп тұрған кез еді. Жалпы қоғам алдында не істеу керек, қалай бағыт алу тиіс деген аса жауапкершілігі мол, күрделі де маңызды сұрақ тұрған-ды. Қоғамда болып жатқан дүмпуі көп, толғақты мәселелердің қым-қуыттылығы сондай адамдар нені қолдап, неге қарсы келулері керектігін білмей сарсаңға түскен кезең еді бұл. Әлде бұрынғы сарпалданмен жүре беру керек пе, әлде жаңаша бір жол табу керек пе? Керек болса ол қандай жол және қалай жүру тиіс? Міне қоғамның дерті осы еді. Осындай дертті ортада Беликов не істеу керек? Ол сол баяғы қапаста қала ма, жоқ әлде санасы серпіліп жаңаша екпінге үн қоса ала ма? Міне осы мәселелер автор көзқарасының түп қазығы және басты мақсаты болып табылады, шығарманың да шиленісі шарықтап барып шешіледі.

Шығармадағы Беликов 1880-1890 жылдарда қалыптасқан Патшалық Ресей саяси үстемдігінің бірден бір символы. Ол өте орайшыл, күманқор, қоян жүрек қорқақ. Оның осы "Ғажайып адам" сипаты үрей мен оқшаулану ерекшелігіне ие. Беликовтың осындай психологиялық үрейі өзімен ғана шектелмейді, айналасындағы әр түрлі адамдарға, олардың қоғамдық қимылына, кісілік қатынасына да әсерін тигізіп жатады. Ол бейне патшаның көз-құлағы, жуандардың сілтер шоқпары, сакшылардың көзірі, жауыздықтың қайнары, түрменің түпсіз тереңі, жұқпалы дерт тәрізді қоғамдағы әр топтар мен әр түрлі жастағы, ер мен әйелдердің барлығына да қорқу сезімін тудырып отырады. Ол осы үрейі арқылы өзі паналап отырған рухани түрмеге барша адам баласын шақырып тұрғандай әсер етеді. Беликовтың бойындағы осынау қорқыныш пен үстемелеген үрей оның сана-сезімінен адам баласына ортақ құндылық болып саналатын махаббат пен достық сынды ізгі сезімдерді алыстатып жіберген. Осындай түйсікке ие кейіпкер осы қасиетті сезімдер аясындағы қоғамның алға дамуынан барынша бойын аулаққа салып, алаңдаумен жүреді. Беликовтың бойында бұдан басқада тоңмойындық, тәкапарлық, сыңар езулік және кері кеткендік қасиеттері бар. Бұл қасиеттер адам баласының ең нашар сипаттары болып табылады. Автор осы сипаттардың келеңсіздігін Беликовтың бейнесімен көрсету арқылы адамдар арасында осы сияқты адамдардың барынша азаю керектігін сөз етеді.

А.П.Чехов Беликовтың елден ерек ғажайып сипаты арқылы сол кездегі Патшалық Ресейдің тозығы жеткен саяси үстемдігін сынаумен бірге сол жүйеге қолдау көрсетіп отырған қоғамның тоңмойын топтарын мінейді. Әрі адамзаттың ең құнды байлығының бірі еркіндік пен оған қарсы мәнге ие тұмшаланудың арасындағы қарама-қарсылықты ашып көрсетіп адам үшін рухани және адами бостандықтың баға жетпес жарқын баса бағалап, адал да, ашық қоғамдық жүйенің қалыптасуын армандайды. Автор Беликовтың өлімі арқылы бұл топтағы адамдардың түбі бір күн құрдымға баратынын ескерткенімен саяси жүйенің әлі де тым ұзақ өзгерістерді басынан кешіруге тура келетіндігін де ескертеді. Жазушы осынау ерекше образ арқылы кез-келген қоғамда түрлі топтар арасында түрліше көзқарас пен пікір алауыздығының және қым-қуыт қайшылықтардың болатынын суреттесе, екінші қырынан қоғамда қайшылықтар белен алғанда азаматтардың тұмшаланып, оқшауланып жүрмей, сергек ойлылық танытып, белсене араласып дұрыс жол табуға ат салысуын талап етеді.

А.П.Чехов Беликовтың образын мектеп оқытушысына беруінің де зор мәні бар. Беликовты басқа мамандық иесіне телуге де болар еді, алайда оқытушының бала тәрбиесіндегі, болашақ дүниенің қалаптасуындағы орнын бағалай отырып осылай шешімге келген болуы мүмкін. Ұлт келешегі саналатын, елдің ертеңгі тірегі есептелінетін ұрпақ тәрбиесі от басынан тыс, мемлекет үшін де аса жауапкершілікті талап етері анық. Сондықтан аға ұрпақтың келесі ұрпақтан күтері де көп, талабы да ауыр. Олай болса Беликов секілді оқытушыдан қандай үміт күтуге болады, ол қандай қасиетімен жас ұрпақ жүрегіне жол таба алады? Ендеше қай кезеңде болмасын, қай елде болмасын оқытушының қоғам алдындағы, мемлекет алдындағы жауапкершілігі зор болмақ, Егер қоғам оқытушы алдындағы міндетін шынайы сезінсе, оқытушы да жас ұрпақ алдындағы парызын адал атқара білсе еліміз Беликов

сияқтылардан арылып, нағыз ұстаз деген атқа лайық өз заманының өжет адамдарын табар еді.

Резюме

В этой статье автор проанализировал общественно-политическую характеристику героя Беликова в рассказе А.П.Чехова «Человек в футляре»

Summary.

In this chapter the author has analysed social-political evaluation of hero Belikov in the story A.P.Chekov's «The man in a case»

АҚЫН ӨЛЕНДЕРНІҢ ПОЭТИКАСЫ

Ш.Ә.Рамазанова -

әл- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Ж.Бөдешұлының фольклорға бет бұруы кездейсоқтық та, күтпеген құбылыс та емес. Қазақ поэзиясында ауыз әдебиетінің алуан түрлі үлгілерін кәдеге жаратып, жыр жүгін артушылар да аз емес. Әйтсе де Жәркеннің жетістігі бай мұраны мысқалдап кіргізбей, батпандап байытуында, байырғы сөздердің сырын сақтай отырып, сынын жетілдіруінде, ұлттық табиғатын тап басып танытатын сыралғы сөздердің сыңарын тауып жарасымды жұптастыруында ғана емес, үзеңгілес ұғымдарды теңестіріп, тебістіріп тізгіп қақтыра білуінде.

Санамдағы бір тал қылын
тұтаттым Шақпағымен жарқ
еткізіп жақтым да

немесе:

Көлбеңдеген көлеңкемді қайық
қып Жүзіп өттім дариялар
үстіңнен

болмаса:

Бөріні қамап аузыма
Жүрегімді еттім жем
Тарының құйттай
қауызына
Тау сыйғызып кеттім
мен.

Иә, бұл Жәркен Бөдешұлының бүгінгі заманда жазған жырлары, ертегілер елінен, батырлар жырынан көшіп келген кәнігі кебенек киген жырлар емес, айдарынан ақ самал есіп келген тәуелсіздік тұсындағы тәуекел жырлары, ол бізге осынысымен қымбат, осынысымен ортақ. Бұл баяғы тұяғымен жер тарпып тұрған тұлпарлардың бір тал қылы ма, әлде ақын қиялындағы қанатты шалқұйрықтың, шабыт құйрығының «бір тал қылы» ма, әйтеуір бір тал қыл! Дұрысы әрине шақпақты жаққан соң ғана, бір тал қыл тұтанады ғой! Біздің пайымдауымызша, бір тал қыл - ақынның қиялы да, шақпақ - шындығы ғой. Шындықтың бір тал қылы тұтанғанда жан-жағымызды самаладай жап-жарық қылып жібермесіне кім кепіл? «Жарқ етіп жанған шақпақтай» жалт етіп түскен сәуледен жалтарып кетер жан болар ма, себебі бұл жай жарық емес, санадағы сәуленің жарығы болып тұр! Әлі жай ғана тұтата салып тұрған жоқ, көзіңді қарықтыратын етіп «жарқ еткізіп жағып тұр». Мәселе, Тайбұрыл ма, Шалқұйрық па, Шалқасқа ма, Құлагердің қылы ма, онда емес қой! Ақын ол жағын айтпайды, ол жайында сөз қозғамайды. Бәлкім тіпті жүрек қылы шығар?! Неде болса жарасып тұр! Басқа ұлттың өкілі өгей тұтса да, қазақ ақыны жазған екен: айқын аңғарылады «көркем тіл - әрбір көркем дүниенің өзі сыйпаттас, ол жиі айтылып күнбе-күн қолданыла бермейді» [1, 230].

Жәркен ақын да күнбе-күн бір тал қыл тұтатып, шақпағын жаға бермес, олай болса, ұмытылып бара жатқан ұлттық ұғымдарды ұтымды пайдалана білу, ұтқырлық қана емес, үнемділік үлгісі, үрдісті үлгіні ілгеріге ілестіру. Ауыз әдебиеті үлгісіндегі халық әндерінде «сырғанды қайық қылып өткіз мені» десе, Жәркен ақын: көлбеңдеген көлеңкесін қайық

қылады. Сырға да көлеңке де - жансыз құбылыс қой, дегенмен де, ақынның абыройы да сол жансызға жан бітіріп, қимыл-қозғалысқа көшіруінде емес пе? «Бұл әрине талант табиғатына, әркімнің өмірдің жымы мен жықпылын, сіледі суреттерін, тылсым сырларын қаншалықты терең білетіндігіне де байланысты»[2, 82].

Міне, көріп отырсыздар Жәркен ақын «көлеңкесін қайық қылып өтетіндей» кемелдікке, шеберлікке қол жеткізіп отыр. Қазақ поэзиясының арғы-бергі үлгілерін алып қарасақта көлеңке туралы жыр көп, Абайдың өзі де «көлеңке басын ұзартып» демей ме, ал Жәркеннің көлеңкесі олардың бірде-біріне ұқсамайтын қияндағы көлеңке. Ақын әлгі қияндағы көлеңкені қол созым жерге жеткізіп, қиялымен қайтып қайыққа айналдырады да, дариялардың үстінен жүзіп өтеді». Ақын жырларының басты ерекшелігі де халық ауыз әдебиеті үлгілерінен үріп ауызға салғандай талғамды, таңдаулы туынды жасай білуінде «Стиль жазушының барлық туындыларын түгел қамтиды. Жай қарағанда бір-біріне ұқсамайтын сықылды жазушының әр шығармаларын тереңірек зерттесек өзара жақындығын бірліктерін көреміз. Олар бір жазушының қаламынан туған туындылар ден сыбырлап тұрғандай. Өйткені стиль жазушының өзі» [3. 13]

Ақын жырларының бет-бейнесін айқындай алатын, төлқұжаты болып табылатын тұстары қазақтың қара өлеңінің қолына сиқырлы таяқ ұстатып қалтасына бір тал қыл салып, асқар-асқар таулар мен айдын шалқар көлдерден аман-есен өткізуінде, ой орамдарын орынды-орынсыз тықпалай бермей, жігін тауып жымдастырып, тілін тауып табыстыруында, жатсындырмай, жатырқатпай үйірдің үрейін кіргізіп, шындықтың шылбырын, талғам тізгінін ұстата білуінде. Бір сөзбен айтқанда «қазақтың қара өлеңіне күпі де кигізбей, шекпен де жаппай» қиял кейіпкеріне айналдыруында немесе қара өлеңді қиял-ғажайып әлемнің әміршісіне айналдыруында.

Жалпы Жәркен Бөдешұлы жырларында келісті кейіптеулер де, тосын теңеулер де, мазмұнды метафоралар да, сүйріктей символдар да табылады.

Жұлын, жүйке тұрған кезде
жұқармай Аңқиды екен адам миы
жұпардай.[4,40]

Теңеудің тегеурінділігі сол айналаңыздың бәрінен жұпар иісі аңқып шыға келеді. Жұпар болғанда да таңның, түстің, шықтың, шөптің, көктің жұпары болса бір сәрі-ау, жоқ бұл мидың жұпары, «адамның ардан артық жері бар ма деп Абай айтқандай, адам баласының мидан маңызды мүшесі болушы ма еді, о заманда, бұ заман мидың иісін сезіп, иіскеп көрген адам бар ма? Әрине жоқ! Сонда бұл не болғаны? «Нағыз поэзияның басты белгісі жалғандықтан жалтару, ақынның көңіл күйі мен сезімін суреттейтін қиял қарғыны болып табылады»[5, 259].

Иә, расында дәл солай! Қиял қарғыны, қарғыған қиял, көк пен жердің екі ортасын емін-еркін кезіп, жүген-құрық көрмеген қанатты қиял. «Жұпардай аңқыған мидан» тек осындай ауыздықпен алысқан аруақты қиял туады. Адамның миы жұпар аңқып тұрмаса, ол айналасындағы күллі дүниенің тылсым тіршіліктің жұпар иісін бағалай, саралай алар ма еді. Әрине жоқ. Өлең жазу бар да, өлеңді образ жасау тағы бар»[6, 352] яғни образды түрде ойламасақ адамның миы жұпар аңқуы екіталай ғой, олай болса, ақын адамның миының жұмыс істеп тұруының өзі де жұпар иісін шашу емес пе? Тағы да иіс! Бұл жолы адам емес, жылқының иісі!

Жылқының иісі
бұрқырап Табаққа
салған қазыдай.

Сөз құдіреті - қимыл әрекетке көшуінде ғана, қара желдей өсуінде теңнің жібін шешуінде, қара өзендей тасуында, қара таудан асуында яғни сәт сайын серпіліп, сәт сайын жаңғыруында, түн сайын түлеп, күн сайын көкті тіреуінде, қысқасы қысқа күнде қырық құбылуында. «Құбылған сөз - әсерлілік үстіне адам баласының танымын байытпақ, бір сөз бір нәрсені таныта, оны түрлендіре құбылту арқылы тіршіліктің сан алуан сырын тануға болады. Демек, троптың ең басты мәні таным тарапында» [6,352] Жәркен Бөдешұлы да сөзді құбылтып қана қоймайды, тыңнан түйін түйеді.

Ой - жауар бұлт,
Жарқ-жұрқ еткен сөз жасын.

Бұл метафораның жай ғана қарапайым түрі.Көрдіңізбе ақынның өзі айтса айтқандай «жасындай жарқылдап» тұрмаса сөз сөз бола ма? Төмен қарап түнеріп тұрған сөзден не

күтесіз, не де болса жарқылдап тұрған сөз жақсы емес пе? Бұл әрі-беріден кейін жыр толғағының сиқырлы, сүйкімді сәті. Сүйкімді сәттен гөрі, сиқырлы сәттен гөрі де, ащы толғағы деген дұрыс-ау! Жыр толғағы! Әлбетте қазақ поэзиясы бұлт атаулының қай-қайсысына кем де емес. Абайдың «көк ала бұлтынан» бастап, Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша бұлтына» дейінгі аралықта тіпті онан да бері де, әріде де бұлтқа теңеу, бұлтты теңеудің түрлері көп. Жауар бұлтта, жарқ-жұрқ еткен сөз жасын да орнымен, қиюласа қолданылып тұр. Енді бір өлеңінде ақын:

Жер көгерді
Мен қашан көгеремін?
Көгермей ішімде өлді көп өлеңім.

Өлең туралы толғанбаған ақын жоқ. Ақын омонимдес сөздер - арқылы «көгеру» сөзінің екі түрлі мағынасын ұсынып отыр, тура мағынасы әрине жердің көгеруі де, екінші «көгеру» ауыспалы мағынасы «көгермей ішімде өлді көп өлеңім». Өлең - бойға біткен баладай, ол да тоғыз ай тоғыз күн толғанда тууы мүмкін, әрине ең қиыны ішінде өлген бала ғой, ең қиыны, ең қорқыныштысы да өлі туу емес пе? Өкінішті- ақ!

М.Мақатаевтың «жапырағы арса-арса кәрі еменге, келер көктем білмеймін не береді?» деген жыр жолдарымен жапсарлас.

Көп кешікпей көктем де келер
енді Көгереді бәрі де көгереді.

Әрине, қара жердің көктеуі, көгеруі. Бұл - Мұқағали Мақатаев.

Жер көгерді,
Мен қашан көгеремін
Көгермей ішімде өлді көп
өлеңім.

Бұл - Жәркен Бөдеш. Көктем - біреу де, ақын - екеу. Әр ақын өзінше өрнектейді, бір ақын кәрі еменнің қамын ойлап қамықса, екінші ақын өр өлеңнің жайын ойлап жабығады. Аймағы бір болғанмен, айтары бөлек.

Поэзияның басты байламы да - бір-біріне ұқсамау ғой.

Қадыр Мырзалиев: Бір-біріне ұқсамасын ақындар,

Ақын түгіл ұқсамайды жақындар.
Ұқсай берсе бәрін қуып, халайық,
Тек біреуін қалдыруға хақың бар, -

Олай болса, Жәркен Бөдешұлы мен Мұқағали Мақатаев бір-біріне ұқсас ақындар емес, бірін-бірі толықтырушы «Жыр жүйріктерінің әр кезде, әр аймақта ғұмыр кешкеніне қарамастан олардың өлеңдеріндегі түрлі образдар жинақталып, тұтастық құрайды. Заманның келбеті де, адам бейнесі де бәріне ортақ сарындарды салыстыра саралаған кезде айқынырақ танылады» [7, 367].

Болардай қалай да бір керемет сын
Құбылып түсі өзгерді төңіректің
Салмағын көтере алмай майысты гүл -
Қанаты дымқыл тартқан көбелектің[8,
133].

Тағы да табиғат туралы жыр, тағы да көктем көрінісі, көк нөсер күткен көктем. Көктем емес-ау, көктемнің көк байрақтары - көбелек пен гүл. Өлеңде кенеттен күн райы нілдей бұзылып көк нөсердің лебі еседі. «Қалайда бір керемет сын болғалы тұр», бұл сын - кім үшін, не үшін? Алғашқы жолдағы табиғаттың тосын мінез танытуы мен бірге төңіректің де түсі өзгеріп шыға келеді. Ақын шендестіру тәсілі арқылы көбелек те, гүл де желмен бірге ұшып кетті демей, керісінше «салмағын көтере алмай майысты гүл» деуінде де заңдылық бар. Осының өзі адамдарды былай қойғанда, табиғат құбылыстарының арасында да қарама-қайшылық қана емес, үндестік барын аңғартпай ма?

Түсі өзгерген төңірек, салмағын көтере алмай майысқан гүл, қанаты дымқыл тартқан көбелек... Үшеуінің басын біріктіріп, біріне-бірін тәуелді етіп қойған, тіпті тағдырластырып, туыстастырып жіберген құбылыстың аты - көк нөсер, көк ала қанатты көктем. Өлеңдер ой жинақылығы, идеялық мазмұн, мақсат бірлігі байқалады.

Мәселе тіпті өлеңнің қысқалығы мен ұзындығында, яғни көлемінде емес, көрерінде, көрегенділігінде. Немесе:

Бауыры ақ теректің жалтырайды
Қойғандай ақ аюдың майын жағып.

Қазақ поэзиясында Төлеген Айбергеновтің «сен отырдың сазанның бауырындай

жарқылдап» немесе Есенғали Раушановтың «қара бауыр қасқалдағы» бары белгілі. Бірақ екеуі де жанды дүние - адам мен құс, әрі екеуі де қозғалыста, біреуі ән айтып отыр, екіншісі ұшып бара жатыр. Ал Жәркеннің ақ терегінің бауыры неге жалтырайды? Қимыл-қозғалыс жоқ. Бұл кәдімгі мамыражай мүлгіген тыныштықтағы ақ терек емес, нөсер алдындағы ақ терек. Әлсін-әлсін соққан жел, ақ теректің бауырын, ақ сазанның бауырындай «жалтырата» түседі. Қаралған қарап ақ теректің бауыры жалтырамайтыны белгілі ғой, бұл ақ нөсерге алдын ала дайындық. Қарап отырсаңыз барлығы ақ. Ақ нөсер. Ақ терек. Ақ бауыр. Ақ аю. Ақ май. Барлығы бір-бірімен үндесіп, үйлесіп, теңесіп, теңгеріліп тұрғандай «теңеу - екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі. Жасалу қалпына қарай теңеулердің сан түрлі болып келетіні байқалады. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің сипат белгісін түсін, дыбыс - үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге бір нәрседен басқа нәрсемен қимыл-қозғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі»[9, 210]. Қалай десек те «ақ теректің бауыры мен ақ аюдың майы! Бұрын-соңды болмаған бейнелеулер. Әлбетте ақ қайың, аққу туралы жырлар қазақ, орыс поэзиясында жеткілікті. Ал теректің, ақ теректің бауыры, бәлкім бірінші теңеліп отыр. Ақ нөсер келе жатқанда ақ терек түрленбей кім түрленеді, ақ терек сәнденбей, кім сәнденеді? Бұл Абайдың «күн - күйеу, жер - қалыңдық сағынысты» атты жолдарымен астарлас, тұспалдас, төркіндес жақын-жуық жолдар.

1. Назарбаев М. *Замани тудырған әдебиет*. -Алматы: Ғылым, 1997, -230 б.
2. Айтматов Ш. *Сөзстан. Бірінші кітап*, 1989. -82-б.
3. Жумалиев Қ, *Стиль өнер ерекшелігі*, -Алматы, 1966,-136.
4. Бөдешұлы Ж. *Бұрылыс. Сөздік-Словарь*, 2007, -294 б.
5. Қабдолов З. *Сөз өнері*. -Алматы: Қазақ университет 1992. -352 б.
6. Омарұлы Б. *Зар заман поэзиясы*. -Алматы: Білім, 2000. — 367 б.
7. Бөдешұлы Ж *Емендер түнде бүрлейді*. —Алматы: Ана тілі, 20(12). -303 б.
8. Ахметов З. *Өлең сөздің теориясы*. ~.Алматы, 1979. -210б.

Резюме

В статье исследуются художественные особенности поэтической системы Ж.Бодешулы. Кроме того дается сравнительный анализ поэтики Ж.Бодешулы и поэтики К.Мырзалиева, Ж.Лажиденова. Т.Айбергенова.

Summary.

In this article artistig particularities of poetig system of Zh.Bodeschuly are considered, comparative analysis of poetigs of Zh.Bodeschuly and K.Myrzaliev, Zb.Nazhmeclenov, T.Aibergenov is given.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

THE COMPONENTS OF COMMUNICATIVE COMPETENCE OF SENIOR STUDENTS AT SCHOOL. S. Baisultanova -

English teacher KazNPU named after A bay

In recent years the researchers have paid considerable attention to the problem related to the definition of “communicative competence”.

The structure of communicative competence is multifaceted. Therefore, the interpretation and definition of this concept depends on the position of the author and the context in which it operates. For example: According to D. Haymza, this concept combines grammar (rules of language), socio-linguistic (dialectal speech rules), discursive (rules of constructing meaning expressed) and strategic (rules of maintaining contact with the interlocutor) competence. [1.13]

J.Sheylz identifies the following components of communicative competence: linguistic, sociolinguistic, discursive, strategic, socio-cultural and social competence. Also the most detailed communicative competence describes L.F. Bachman including in it: linguistic, discursive, conversational, pragmatic (practical), sociolinguistic, strategic, and the mental competence. [2.24] However, the formation of the communicative competence of individuals is an urgent problem of pedagogy and the decision is important for every individual.

The purpose of this article is to disclose the essence of communicative components of the senior students at school as well as the identification of its components in general pedagogical features.

The objective involves the following tasks:

- Study the state of the problem of forming communicative competence of the individual.
- Reveal the essence of the category “communicative competence” and the pedagogical aspect of its formation in future teachers.
- The general pedagogical analyze of the personality traits of future teachers to the communicative competence.

The communicative competence problem of personality has a special place in the learning process, on the hand it is a social and includes cultural values, on the other hand individual because it is based on the individual’s communicative abilities and psychological events related to communication in the life of the individual. The dynamic aspect of the experience of the processes of socialization and individualization implemented in communication to ensure social development of human as well as the adequacy of its reactions to the situation of communication and their identity. In the communication it plays a special role mastery of social roles: organizer, participant and other sides of communication.

Analysis of contemporary psychological and pedagogical research indicates the presence of certain preconditions to address the issue of forming communicative competence of future teachers. The meaning of the term communicative competence considered in V.I.Baidenko, E.F.Zeer, I.A.Winter, O.E.Lebedev. L.M.Mitin, L.Peter, J.Raven etc. [3.56]

Researchers have identified the communicative competence as a system of internal resources required to build the communicative impact in a range of situations of interpersonal contacts. In their opinion one of the main criteria of formation of communicative competence is an individual reflection when a person is able to assess its position in accordance with the position and interests of partners. It is essential that a person had also established the ability to communicate with someone to analyze its message adequately to respond to them, skillfully using both verbal and non-verbal means of communication. A.B.Dobrovich considers the communicative competence as a constant readiness for contact. This is explained by scientists from the standpoint of consciousness and thinking. The human thinks and this means that he leaves in a dialogue mode while the human must always take into account the volatile situation in accordance with their

intuitive expectations of their partner. V.A.Kan Kalik and N.D.Nikandrov defined the communicative competence as an integral part of human existence which is presented in all human activities. They emphasize that the problem is that not all people see how can be achieved certain communicative acts of communication. They must have certain skills and abilities. Accordingly the process of learning should be pre-defined objective of the formation of communicative competence, personality and therefore must be determined by the methods and means of formation. The problem of communicative competence allocates in the work of teachers N.V.Gordovsakaya, L.M. Mitin, E.V.Prozorov, A.K.Mikhalskaya. The analysis of this work shows that communicative competence considered in relation to characteristics of the interaction of people, knowledge and skills as a personality and behavior, manifested in relationships with people, the communicative ability in connection. Thus communicative competence is the aim and result of the process professional training, mastery of knowledge in a particular area and the ability to exchange in collaboration to ensure that the subject of effective communication. All the explanations about the communicative components have been given in generally[4.4].

Now we have to think the meaning of communicative competence of the senior students at school so it is actual in modern educational system of Kazakhstan. In the work of Asadchyh V.U, “the process of forming communicative competence is considered that subjects of educational process are aimed at mastering the ability to analyze learners communicative situations to goal setting and planning communication activities to apply interpersonal and collective interaction perform an objective assessment of their own communicative activities and situations of communicative interaction intellectual and personal reflection”! 4.32].

The structure of the process of forming communicative competence school students presented motivation, trust, operationally controlling and regulating components in ways close relationship. The indicators of communicative competence of senior students at school are: mastering the skills of analysis, communicative situation, the methods of goal setting and planning of communicative activities; possession of different types of speech activities (listening, speaking, reading, writing), use the full expressive means of verbal expression, the skills of interpersonal and inter-collective interaction, skills correctly interpret received oral and written information (primary and secondary), capacity for objective assessment of their own communication activities and situations of communicative interaction through intellectual and personal reflection.

Under the communicative competence of senior students at school we can give the following definition. It is the ability to implement the speech activity which means the language is spoken correctly using the system language and speech standards and choose the communicative behavior in accordance with the objectives and the situation of communication within a particular sphere of activity. It is based on a set of knowledge, skills and abilities that allow to participate in verbal communication in their productive and receptive forms.

Consequently, communicative competence consists of the following components:

Cognitive - knowledge necessary for effective communication:

1. Linguistic knowledge which are considered as part of school programs in the discipline in English language and culture of speech: normative (standards for the use of English language in the speech: phonetic, lexical, morphological, syntactic etc.), communication (cognitive quality of a good speech); And also the structure of communication.

2. Knowledge of communication (communication - one of the activities and the elements of communication as one of the types of activity: motivation, focus, subject, mechanisms of speech activity, feedback mechanisms).

3. The aspects of behavior in communication (communication focus: teacher-student, student-student).

Activity - the ability to use linguistic knowledge, knowledge of communication, the aspects of behavior in communication into practice when there is exchange of information.

1. Use of linguistic knowledge into practice in four types of communication activities (speaking, writing, listening, reading). Following the rules of speech etiquette, be able to establish contact with the audience. Working on the composition of speech and logic of presentation, choose the expressive means of speeches, effectively start and finish the statement. Create and edit the text in different styles. Demonstrate creativity in communicative activity. To be able to understand and define the lexical meaning of words, to interpret the text of different styles and types of speech correctly.

2. Knowledge of communication in practice. Natural possession of feedback mechanisms (identification, reflection). During the interaction to remain positive with respect to all communicants. Understand the styles of interaction and change their behavior depending on the situation. Always exactly perceive any information (to be able not only read but understand the written, to be able to hear and not just listen) and respond (in the correct form), carrying a permanent self-control.

3. The aspect of behavior in communication. Compliance with the interaction as well as the ability to organize effective communication based on the basic ethical and pedagogical principles in the systems of teacher- student, student-student and teams of students.

Personal - personal qualities emerging in the vocational and social training at school that involved individual development.

1. Communicative inclination
2. The overall level of sociability
3. Motivation in communication as an essential component of activity, reflecting the installation of the individual.

4. Self control in communication.
5. Possession of feedback mechanisms (identification, reflection).
6. Typology of personality.
7. Style of interaction.
8. The organization and others.

In conclusion I would like to reiterate the importance of forming communicative competence of senior students at school because it is a part of personal competence. The article was an attempt to introduce the structure of this quality in briefly. Description of the structure is not accidental: according to it we can determine exactly what they need to diagnose each student individually.

It is also important to pay attention to the fact that the formation of communicative competence does not occur “suddenly”, it is impossible to implement even a single discipline. Communicative competence - it is an integral quality which requires skills in linguistic knowledge, knowledge of communication and the aspects of behavior in communication.

Nowadays all the lessons of English language are based on communicative methods. Also there are a lot of literatures and methodological recommendations for teachers that help them to work with the students at the lesson more interesting and easily. Such as: Prospects Upper-Intermediate, Rising Star Pre-FCE, Laser Fee and others[5.25].

Anyway modern teacher of English language has to organize training activities effectively (both individual and collective), relying on the knowledge and skills of students paying more attention to the unknown material.

1. *Milrud R.P Competence and foreign language education. - Taganrog: TGRU,2004.*
2. *Common European Framework of Reference for Languages: learning, teaching, assessment / Council of Europe, Cambridge: Cambridge University Press, 2000*
3. *Bachman L.F. Fundamental Considerations in language testing. Oxford University Press, 1990.*
4. *Асадчих В.Ю. Управление процессом формирования коммуникативной компетентности старшихклассников. - автореферат на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. - Курск,2009.*
5. *English Language Teaching Catalogue 2010 - www.macmillianenglish.com*

Түйін

Бұл мақалада автор жоғары сынып оқушыларының коммуникативтік құзіреттілік ролін және сол коммуникативтік құзіреттіліктің компоненттерін қарастырады.

Резюме

В данной статье автор рассматривает роль коммуникативной компетентности учащихся старших классов и ее основосоставляющих компонентов.

ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАНЫҢ СӨЙЛЕУ ФОРМАЛАРЫ

А.С Шыныбекова -

филол.ғыл.к., доцент,

*М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы,
«Тілдер» кафедрасының оқытушысы*

Әрбір адамның өз мақсаты бар: олар табысқа жету үшін ұмтылады, өздерінің мақсаттарына жету үшін қарым-қатынасқа түсе отырып қарсылықтарды да кедергілерді де келіспеушіліктерді де кездестіріп, оларды жеңуге тырысады. Дұрыс қойылған мақсат және оларды іске асыру жолдары мен жетістіктері, ақпарат алмасу сапасы - мақсатқа жетудің негізгі кілті. Адамдардың қойылған міндеттерді орындау барысында қызметінен қанағат алуда бірлесе қызмет жасау қабілеті әрекеттің себебін түсіндіріп, бағыттайтын және қадағалайтын ақпарат алмасу қабілегіне байланысты болып келеді. Коммуникация - бұл таңба және әрекет жүйелері арқылы оларды жасаушылар арасындағы ақпарат алмасу үрдісі. «Характер диалогового общения обусловлен действием ряда факторов, в числе которых особо выделяются: общий социальный опыт, общие фоновые знания коммуникантов, обстановка и ситуация общения, соотношение коммуникативных намерений партнеров» [1].

Драмада диалог мәтін құраушы категория ретінде қызмет ететін әдебиеттің арнайы түрі болғандықтан, кейіпкерлердің сөйлеу тіліне құрылатындықтан, шынайы өмірде де екі адамның әңгімесі (диалог) заңды түрде полилогқа көшеді. Және бұл - драматургиялық жанрдың бірден бір ерекшелігі болып табылады. Кері жағдайда бұл кейіпкердің жекелеген жұптарының бір сызықтық кезекке жасанды құрылған диалогтары болатын еді немесе екі әрекет етуші адамнан тұратын пьеса болатын еді, ол сөзсіз мүмкін, бірақ нақты өмірде жиі кездеспейді. Сондықтан да мәтінді құраушы категория ретінде диалогпен бірге полилогтың да қатысуы шындықты шынайы бейнелеу талаптары мен диалогты күрделендіруге негізделеді, нақты айтсақ, диалогтың полилогқа көшуі заңды және дұрыс.

Біздің ойымызша, диалог пен полилогты қарсы қою заңсыз болатын еді, өйткені олардың арасында ұқсамайтын белгілерге қарағанда ұқсас белгілер көп. Дұрысында, диалог пен полилог екі немесе одан да көп коммуниканттер қатысатын қатынас жанрлары ретінде бір адамның сөйлеуі ретіндегі монологқа тіпті ол тыңдаушыға арналса да, әдеби тілмен айтсақ, қарсы келеді. Мұнда диалогтық сөйлеу жалпы сөйлесу, өзінің ойымен бөлісу, эмоциясын сыртқа шығару (өтіп бара жатқан автомобиль басымыздан аяғымызға дейін жаңбырлы, лай суды шашқан жағдаяттағы біздің реакциямызды еске түсірейік: біз дәл осы жерде сөйлеу адресатының ізі баяғыда-ақ суып қалса да өзіміздің эмоциямызды вербалдаймыз) қажеттілігінен туындаған адамның сөйлеу қасиетін білдіретінін еске салып өтейік. Өзінің табиғаты жағынан диалогтық болатын диалог пен полилогта біздің сөйлеуіміз осы қасиетті жарқын көрсетеді. Мұнда сөйлеудің бұл формаларында адамның айту қажеттілігі ғана емес, сонымен бірге ақпарат алу, басқалардың ойын білу, оларға әсер ету қажеттіліктері де жүзеге асады.

Егер 'поли' компоненті терминде 'көп' дегенді білдірсе, онда 'диалог' терминіндегі 'диа' компоненті 'екі' дегенді білдірмейді. Сөйлеудің осы формаларының коммуниканттар санындағы ұқсастығы маңызды емес, мәселе екі немесе сөйлеудің одақ да көп қатысушысында. Диалог пен полилогтың принципиальді ұқсастығы, сөйлеуді жіберуші де оның адресаты да сөйлеу жағдаяты да сөйлеу актісі де бірдей қатынастың толық үрдісін білдіретіндігінде. Әңгіме барысында бір адам сөйлеушінің де тыңдаушының да рөлінде ойнайды: “количество говорящих (два или больше двух) не является дифференциальным признаком оппозиции “диалог - полилог”: элемент 'диа' (греч. - через) указывает на их общий признак - между ролей говорящих и слушающих в противовес монологу” [2]. Сондықтан да драмадағы диалог туралы сөз қозғай отырып, диалог сияқты жинақталған категориялы белгіге, нақты айтсақ: жағдаяттық байланыс, аяқ астынан пайда болу, біркелкі емес қасиеттерге ие сөйлеу формасы ретіндегі полилогты қарастыруға негіз бар. Шынында, диалогқа қарағанда полилогтың вариациялау мүмкіндігі, «ауысу амплитудасы» көп болып келеді. Бұл полилогтағы репликаның мазмұндық және формалық байланысы диалогқа

қарағанда еркін болатындығымен негізделеді. Полилогтың бұл қасиеті диалогқа қарсы салыстырылатын жинақталған белгіні көрсетпейді, керісінше, көркем шығармада жасалатын сөйлеу тілінің жанры немесе формасы ретінде диалог қасиетінің одан ары дамуын көрсетеді. Драмада полилогтың функционалдық жүктемесі диалог сияқты көп есе өседі.

Осылайша, М.О.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» классикалық трагедиясындағы төменде берілген полилогтың барлық репликаларын тауда жасырынған ғашық жастарды Еспембет бастаған найман руының жауынгерлері тауып алған кездегі жағдаят біріктіреді. Алдымен олар өлтірілген Есен батырдың денесін байқайды, содан соң Еңлікті көреді. Бұл жағдайда Кебек жасырынып калып, құтылуына да болатын еді, бірақ ол уәдесіне берік адам, өлімге өзі қарсы келеді.

Дауыс. Жау мұнда! Қант! Қант! (1)

Еспембет. Тоқта! Мынау Есен зой, өлтіріп кеткен екен зой... (2)

Дауыс. Ойбай, баурым ... (3)

Жомарт. Қанішер тобықты, қанқұйлы тобықты, қылған екен зой... (4)

Еспембет. Дозар ... Есен бұл күнге дейін найманның батыры болса, қазірде тобықтының жығылған жығасын қайта тұрғызған найманның бір шіріген жұмыртқасы. Жекпе-жекке шыққанда тапқаны зой. Жылаған көз жасымның садағасы. Бір ауыз сөз айтпастан өлексесін былай апкет. Мұны жайлап қашқан зой Кебек. (5)

Дауыс. Мына қатын біледі зой, айтқызу керек осыған! (6)

Дауыстар. Айт жаныңның барында. (7)

Еңлік. Мені ұстағаннан кейін оны да ұстадыңдар зой! (8)

Еспембет. Бұл күлгірсіп тұр. Ол қашса да ұзаған жоқ. Мына шатқалды аралап шық шапшаң! (9)

Кебек шыға келеді.

Дауыс. Ә, батыр, келдің бе ажал айдап? (10).

Кебек. Келдім. Мен Еңлігім өлген жерде өлем деген уәдем бар, сол үшін келдім. ... Ажалсыз қай найман барсың, көрініші менің көзіме! (Садағын кезене береді) (11).

Еспембет. Ат, мына мен бар. Найман құрып қалса көремін (12).

Еңлік. Сәулем, атпа! Тілеймін! Арғын, найманның қалған елі қарғамасын. Өлсек те жазықсыз өлейік (13) [3] [Әусзов -Еңлік-Кебек, 46-47 бет].

Бұл үзіндіде екі: Кебектің келуіне дейінгі және содан кейінгі бөлім анық көрінеді. Егер екі алғашқы репликалар (1,2) өзара кезекпен байланысты болса, 3-ші және 4-шілер екіншімен параллельді байланысып, Есеннің өлімі туралы хабарға жауап реакцияны көрсетеді. Еспембеттің репликасы (5) 3-ші және 4-ші репликаларға жауап реакциясы - өлген Есенге жоқтау болып табылады: ол оның мезгілінен бұрын қайтыс болғанына емес, Есен сияқты батырынан айрылған найман руының жеңілісіне қатты қайғырып, дәстүрлі жоқтауды күрт бөліп тастайды. Негізінен, алдыларында Есен батырдың денесі жатқанына көздері жеткен осы жағдаяттың әрбір қатысушылары бұған әрқалай әрекет етеді. Осылайша, белгісіз біреу дәстүрлі жоқтаудан бастайды (“Ойбай, баурым ...” (3); белгісіз біреуге қарағанда элеуметтік статусы, тұлғасы жоғары би ретінде пьесада Дауыс' сөзімен белгіленген Жомарт өлген адамға жоқтауды дәстүрлі, жатталған жылаудан емес, басқаша, өзінің сөзін нақты жағдаятқа икемдей, дәлірек айтсақ, қарсыласын кінәлаудан бастайды: “Қанішер тобықты, қанқұйлы тобықты, қылған екен зой ...” (4). Осы тарихи жағдайда найман руын басқарған Еспембет бидің бар көргендеріне реакциясы қарама-қарсы болып келеді: ол мұндай жағдайда тәртіпке сай атақты руласын жоқтап, жерлеуден аулақ, оны ақыл емес датталған (оның түсінігінде, ал ол болса- өз заманының типтік өкілі) намыс үшін кек алғысы келген ашу билеп алған. Оқиғаға әр түрлі үш реакцияның пайда болуы оларға сәйкес репликалардың кенеттен пайда болғанын дәлелдеп отыр.

Сәйкесінше 6-шы және 7-ші репликалар -Еспембеттің реплика-стимулына (5) жоқтауды тоқтату және Еңлікке қарап сөйлеу жауап болады. Олар да бір-бірімен байланыспаған, бұл біркелкісіздік полилогтың қасиеті екені туралы айтып отыр. Осыдан барып полилогтағы параллельді репликалардың рөлі анық көрінеді: параллельді бола отырып, олар жағдаятты жаңа қырлармен толықтырады, тұтастай байытады, нақты шындыққа тән көп дауыстылықты, полифонияны жасайды. Полилогтағы репликалардың біркелкілігінен драматург оның пьесадағы көрінісін қарапайым өмірге жақын етіп, көп қырлы, қарама-қайшы, күрделі өмірді салады. Сонымен қатар, осы полилогтағы әрбір тоғыз репликаның әрқайсысының өзінің белгіленген орны бар, ол автордың пьесаның әрбір сөзін нақты

ойланып жазатындығын көрсетеді.

Кебек келген соң әңгіменің тақырыбы да өзгереді, негізінен басқа полилог (10-13 реплик) өрбиді. Мұнда алғашқы екеулері тақырыптық жағынан себеп-салдарлық қатынастармен (10-шы 11-шіге стимул береді) өзара байланысқан, ал репликаның соңғы екеуі (11-ші және 12-ші) біріншімен (10) емес, 12-ші мен 13-шіге қатысты бастама болатын Кебектің жауап репликасымен (11) байланысты. Барлық осы репликалардың жағдаяттық байланысы бір полилогта бастамалық (11-ші) репликада жоқ болса да 12-ші және 13-ші репликалардың (Еспембет пен Еңлік) 'ат', 'атпа' сөздерімен беріледі. Олар Кебектің наймандарға арналған шақыруын жауап болып табылады. ("Ажалсыз қай найман барсың, көрінші менің көзіме!").

Келтірілген полилог содан соң Кебек батыр мен Еспембет бидің диалогына көшеді, одан кейін оны жаугершілікке дайындалған топқа қарай айтылған Еңліктің репликасы бөледі:

Еңлік. Ей, азаматтар' Өлтірерде үш тілек бар емес пе? Үш-ақ түрлі тілек айтді (1).

Дауыстар. Керегі жоқ, тыңдамаймыз (2).

Еспембет. **Тоқта! Айт, не тілегің бар?** (3) [4J [2, 47J.

Осы үзіндіде соңғы екі репликалар біріншісімен параллельді байланысқан және Еңліктің реплика- стимулына (1) жауап ретінде екі қарама-қайшы жауап реакцияларды туғызады, бұл жоғарыда айтылған «ауысу амилитудасының» көптігі, диалогпен салыстырғанда сөйлеу формасы ретіндегі полилогқа тән өзара репликалардың мазмұндық және формалық байланысының аздығы туралы тезисті нақтылап отыр.

Жалпы айтсақ, кез-келген драматургиялық шығарманың тілі сөйлеу тілінің әр түрлі формалары: диалог, полилог, монологтың әдемі ауысуынан құрылады. Ғылыми әдебиетте М.О.Әуезовтың жоғарыда айтылған трагедиясындағы билердің таласы, диалог-таластың оның шарықтау шегі болғаны, туралы ой қалыптасқан: "жай баяндаулардан өзгеше етіп, шығарманың оқиға динамикасын еш босаңсытпайтын диалог-тартысқа құрып, шығарманың бүтіндей архитектоникасына желі тартып, образдар жүйесін әсем мүсіндеп отырады" [5].

1. **Иманғалиева Г.С. Типология диалога (на материале кзхского и русского языков). Автореф. канд. дисс. - Алматы, 1999.-15.**

2. **Лингвистический энциклопедический словарь / Гл.ред. В.Н.Ярцева. - 2-е изд., дополненное М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. - 709.-381.**

3. **Әуезов М. О. Жалпы театр өнері мен қазақ театры // Шығармалар: Он екі томдық. - Алматы: Жазушы, 1969. - 11-том. - 33-57., [Әуезов -Еңлік-Кебек, 46-47 бет].**

4. **Әуезов М. О. Жалпы театр өнері мен қазақ театры // Шығармалар: Он екі томдық. - Алматы: Жазушы, 1969. -11-том. - 33-57 [Әуезов -Еңлік-Кебек, [2, 47 бет].**

5. **Ахетов М.Қ. М.Әуезов драматургиясындағы шешендік дәстүр: филол.ғылымдарының канд.дисс.: 10.02.02 - Алматы, 2002. - 140. -109.**

Резюме

В статье рассматривается роль и функции драматургического полилога

Summary

Role and function of dramaturgy polyglot is considered in this article.

¹ Pertev Naifi Boratav. "Az Gittik Uz Gittik". Ankara, 1969. s.-120

² Wolfram Eberhard und Pertev Naili Boratav. Typen Turkischer Volksmarchen. Wiesbaden, 1953

¹¹ Umay Giinay. "Elazig Masallari". Ankara, 1993

¹² Naki Tezel. "Turk Masallari". Ankara, 1997

¹⁷ Ali Berat Alptekin. "Taşeli Masallari". Ankara 2002